



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2008

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед М., *төраға*
Досжан А., *төрағаның орынбасары*
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.
Аяған Б.
Әбусейітова М.
Әйтімова Б.
Әлімбай Н.
Әуезов М.
Базылхан Н.
Байпақов К.
Биекенов К.
Бурханов К.
Ертісбаев Е.
Кенжеғозин М.
Қасқабасов С.
Нысанбаев Ә.
Өмірбеков Б.
Салғара Қ.
Сариева Р.
Сейдімбек А.
Сұлтанов Қ.
Таймағамбетов Ж.
Тұяқбаева Б.
Хұсайынов К.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Батырлар жыры

46 ТОМ



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Қирабаев С.,
Алпысбаева Қ., Әлібеков Т.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:
филология ғылымдарының кандидаттары:

Алпысбаева Қ. (*жауапты шығарушы*), Қосан С., Тастанов Қ.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2008.
Т. 46: Батырлар жыры. — 2008. — 512 бет.

ISBN 9965-35-528-2

«Бабалар сөзі» сериясының 46-томына «Қарасай — Қазі» эпосының екі нұсқасы, «Төрехан батыр» жырының екі варианты, «Бөген батыр» атты батырлық жырлары енді. Жырдың сюжеті ноғайлы кезеңінің тарихи оқиғаларын баяндайтын қазақ аңыздарына құрылған.

Б $\frac{4702250205}{00(05) - 07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-528-2 (т. 46)

© Әдебиет және өнер институты, 2008

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2008

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған қырық алты томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының он төрт томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталған серияның 46-томы батырлар жырына арналды.

Бұл томға «Қарасай—Қази», «Төрехан», «Бөген батыр» тәрізді қазақтың қаһармандық эпостары еніп отыр. Бұған дейін «Қарасай—Қази» жырының 10-нан аса нұсқасы екі томға жинақталып баспа бетін көргені мәлім (41,42-томдар). Кезекті басылымға жырдың алғашқы жинақтарға енбеген таңдаулы үлгілері ретінде маңғыстаулық жыршы Қобылаш Бекмағамбетов пен аралдық ақын Нұртуған Кенжеғұлұлының варианттары ұсынылды. Осы томға «Төрехан» эпосының атақты халық ақыны Нұрпейіс Байғанин жырлаған және фольклоршы Бисен Сариманов ел аузынан жазып алған белгісіз жыраудың нұсқасы да еніп отыр.

Сондай-ақ жинаққа көне қазақ-ноғай тарихи аңыздарының сарынымен шығарылған «Бөген батыр» эпосының екі нұсқасы кірді. Бұл екі нұсқаның жыршысы белгісіз. Өзара аздаған сюжеттік айырмашылықтарымен қатар, кейіпкерлердің есімдері де біраз өзгеріске түскен. Жырда Алтын орда, ноғай хандығы тұсындағы тарихи тұлғалар мен аталған мемлекеттердің аумағындағы Орал, Атырау, Ақтөбе өңірлерінің ежелгі жер-су аттары (Жириен — көл, Елект.б.) ұшырасуына қарап, әдеттегідей, бұл эпостың қазақтың батыс өлкесінде қалыптасып, дамыған жыраулық мектеп өкілдері шығарып, таратуы өбден мүмкін деп санаймыз. «Бөген батыр» жырында қазақ эпосындағы ғажайып туу; батырға лайық ат таңдау; қалыңдық үшін күрес; әйелдердің күндестігі т.б. тұрақты мотивтер орын алған. Кітапқа енген «Қарасай—Қази» эпосының Қобылаш нұсқасы, «Төрехан» жырының Б.Сариманов варианты және «Бөген батырдың» белгісіз ақын жырлаған екінші нұсқасы бұрын жарияланбаған.

Аталған эпостардың сюжеттік арқауы—XI—XVII ғасыр аралығындағы ноғай-қазақ ұлыстарының басынан өткен тарихи оқиғалар, бұрынғы Жошы хан ордасы біржола күйреп, ыдыраған кезеңнің дүрбелеңі. Сөйтсе де, қаһармандық эпостың мазмұны нақты тарихи оқиғаларымен үйлесе бермейтіні анық. Себебі, қазақ эпосы қашанда дала жыршыларының бірнеше ұрпақ өкілдерінің қиял елегінен өткен, көптеген жыр мәтіндері көне фольклорлық, мифтік сарындармен толығып, жаңғыра түскен.

Томға ұсынылып отырған жыр мәтіндері ӘӨИ Қолжазба қоры мен ОҒК сирек қорында сақтаулы түпнұсқалары бойынша әзірленді.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, қырық алтыншы том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 32 б.т.



МƏТИНДЕР





Қарасай — Қазі

(Қобылаш Бекмағамбетов нұсқасы)

- Ноғайлының елінде
Талай ерлер өтулі.
Астана, елдің қамы үшін
Дұшпанға қарсы бекінді.
Батырлар шыққан айбарлы,
Айбатына қарасаң,
Арыстан тұлға секілді.
Мінгендері тұлпар ат
Жал-құйрығы күмістей,
10 Төгілген алтын кекілді.
Халыққа сөзі өтімді
Аш-арығын тойғызып,
Қол астына жинаған
Мүгедек, әлсіз, жетімді
Едіге батыр, Нұрадын.
Ер серігі тұлпары
Мың аршын көкке секірді.
Дұшпанына қарленсе,
Тартқан садақ жебесін
20 Жеті қырдан өтірді.
Ерлердің мінген тұлпары
Көтерілсе, көкке ұшар
Лашын сұңқар секілді.
Өзен-дария кездессе,
Өте шығар, бұрылмас,
Іздемес өткел-көпірді.
Ноғайлының ерлерін
Халқым, айтып берейін,
Бұйығып тыңда кепімді.

- 30 Ата-тегін қозғауға,
Ұзаққа кетіп созбауға,
Аудардым соған бетімді.
Ноғайлының елінде,
Атамыз Алаш жерінде
Бір азырақ бастайын,
Қозғалсын әруақ көрінде.
Бес қаруын асынып,
Кіреуке сауыт жамылып,
Дулығасы басында,
- 40 Тұла бойы көк жасыл
Оранған ерлер темірге.
Осы айтылған ерлердің
Түп атасы — Шөлқайып
Жеті пірден бата алған,
«Әумин» деп қол жайып.
Шөлді кезген Қайыпқа
Кездесті сұлу зайыпқа.
Перінің қызы қосылып,
Болды жұптылы лайық.
- 50 Одан туған кім десең,
Білдірейін білмесең,
Бабай Түкті Шашты Әзиз
Кел осыған тұралық.
Қырық мың үйлі ноғайлы
Әулие батыр шыққасын,
Ел болыпты құралып.
Ескіден қалған құралық
Қанша айта келгенмен
Ең абзалы-үш арман,
- 60 Жемісін сөздің бұралық.
Бабай Түкті Шашты Әзиз
Одан туған кім десең,
Ала тайлы Аңшыбай.
Ерегескен дұшпанын
Табанға салып жаншыды-ай.
Ашуы ердің тарқамас,
Көк сүңгісін шаншымай.
Сүйген жарын айтайын,

- Перінің қызы — Құралай.
- 70 Көңілім — теңіз, сөз — кеме,
Жаманы құрысын жан деме,
Қоспағы құрысын мал деме,
Жолдас болсаң жаманмен,
Көңіліңе салар әр неме.
Жақсыдан жаман ұл туса,
Жоғалар, орны бар деме.
Жақсыдан туған кім десең,
Әруақты Едіге.
Едіге ұлы Нұрадын
- 80 Тарқатпай жатқан құралын,
Ағызған судың бұлағын.
Қарсыласқан дұшпанның
Сөндірген панар, шырағын.
Шын қаһары келгенде,
Жалаңаш қолмен ұстаған
Айдаһар абжор жыланын.
Өтірік емес бұл сөзім,
Сөз есі періден сұрадым.
Қасиетті пір де өткен
- 90 Бұйрығыменен Құданың.
Отыз ұлды Мұса хан,
Жасынан Мамай хан болған.
Өлерінде ер Мұса
Ер Сайынды шақырып,
Сонда Мұса сөйледі:
— Құрдасым, Сайын, сен едің,
Тапсырам саған аманат,
Болар қабыл дегенім.
Сен ақылға кең едің,
- 100 Артымда Орақ жас қалды,
«Жақсыдан қалған тұяқ» деп,
Сен қолтығынан демегін.
Орақ балам ер жетсе,
Ноғайлыға қамқоршы,
Дұшпанның бұзар көгенін.
Едіге атам бөлесі
Әліптиін қаралар

- Ол — періден өнген ұрпақтар.
Аяғы сылтық, көзі жоқ
- 110 Шәудір шалдың қызы бар.
Қолыңа түссе келінің,
Екі арыстан ұл туар.
Орағыма алып бер,
Өзіне жұпты тең еді.
Батыр аңқау, ер көдек
Айтқаныңды тыңдамас,
Алдап-сулап қолыңа ал.
Батыр Орақ баламның
Ақылы есер, кем еді.
- 120 Аманатын тапсырып,
Мұса батыр өледі.
Ер жеткесін ер Орақ,
Атасы Сайын келеді.
Сонда Сайын сөйледі:
— Қарағым, балам, ер жеттің,
Қаптаған қалың жауың бар,
Жан-жағыңа көзің сал.
Елден сұлу таңдасаң,
Мен құсаған қартыңды
- 130 Талаптансаң әр іске,
Ер бақыты ашылар.
Орақ пен Сайын қосылып,
Келеді елді аралап.
Кездеседі талай қыз,
Батырға бәрі жарамады.
Мұсаның досы ер Сайын
Батырға сұлу таппады,
Досының ісін ақтады.
«Қарашаш қыз сұлу» деп,
- 140 Көпірте Сайын мақтады.
Жалпақ жатқан көп елдің
Бәрін шықты аралап.
Бір жерлерге келгенде,
Байдың қызы кілең мас,
Астына мінген тірөнтас.
Аяғы сылтық, көзі жоқ

- Бір қыз келді жалаң бас.
Ол қызға көзін салғанда,
Жек көрінді батырға
- 150 Дұшпанындай алдырмас.
Назарын қызға салмады,
Ит тигендей арам ас.
Назарын батыр салмады,
Жаңағы сұлу қыздардың
Ізінен Орақ қалмады.
«Бұл қалайша болды» деп,
Шақырып алып ер Сайын,
Жұбатып сөзбен алдады:
— Шырағым, әкең ер Мұса
- 160 Тапсырған қызы сол еді.
Арғы тегі періден,
Ақсақ, соқыр, нашар деп,
Батырым, бұдан жеріме.
Тірлігінде ер Мұса:
«Екі алып қосылса,
Ер туар деп арыстан,
Қашар деп дұшпан алыстан,
Қарашаш келін, Орақ» деп,
Екеуіңді теліген.
- 170 Сенің әкең ер Мұса
Қияметтік дос еді
Айрылмастай менімен.
Бұл тілекті бермесең,
Батыр Орақ, айтайын,
Жарым жасым кеміген.
Мақұл десең, Орағым,
Шәудір шалды табамыз
Балық аулап күнелткен
Қара теңіз көлінен.
- 180 Әліптейін қара дейді
Таныссаң арғы тегімен.
Сылтық қызда әруақ бар,
Несебі тиген қара тас
Темірдей балқып еріген.
Сонда Орақ сөйледі:

- Әкемнің досы ер Сайын,
Ақсақ, соқыр, мүгедек
Қарасаң маған тең бе еді?!
Байдың қызы кілең мас,
190 Астына мінген тірәнтас.
Ақсақ қызды мақтадың
Адым жерге жүре алмас.
Оқ жыландай сұлудың
Біреуін алып бермедің.
Қатарымнан кем болсам,
Жақсы болар өлгенім.
Қайтпас батыр ер болып,
Дұшпанға қылыш сермедім.
Бұрылуға шамам жоқ,
200 Қысылғаннан терледім.
«Атаңнан қалған өсиет» деп,
Өтірік сөзбен өңдедің.
Мүгедек, соқыр алғанда,
Үйді өзім тігем бе?
Қалай әзіл айтармын
Нағашылы-жиенге.
Сыпатты сұлу бойыма
Жеңсіз қамқа кием бе?
Қатар құрбым жиналып,
210 «Не» деп жауап берермін
Мүгедек соқыр дегенге.
Қажетіме жарамас
Ит тигендей арам ас.
Сонда Сайын сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Қарағым Орақ, құлақ сал,
Алдыңда тұрған қартың көп.
Бір бұтағың мың болар,
Құнарлы жерге тұқым сеп.
220 Аяғы сылтық соқырдың
Тумалас түбі — ата тек.
Тыңдасаң, балам, осыны ал,
Мал шетіне қоя сал,
Арам астай көрсең жек.

- Көктің нұры төгілсе,
 Мәуелі жеміс көгермек.
 Атаңнан қалған бұл өсиет
 Айтылған емес басына.
 Шәудір шалды табамыз
- 230 Балық аулап күнелткен,
 Аралда жатқан қосына.
 Мендегі арман осы еді:
 Қарашаш, Орақ қосылса,
 Болмас едім қарыздар
 Хан Мұсадай досыма.
 Шәудір шалға барғанда,
 Қарағым, балам, қолын сүй,
 Амандасып басыңды иі.
- 240 Айбаты күшті қарт еді,
 Едіге батыр, Нұрадын
 Солардан соңғы арты еді,
 Қорқып кетпей есің жый.
 Жинауға дүние қызбаған,
 Шамалы шығар жағдай-күй.
 Мың дұшпаннан қайтпаған,
 Жалған сөзді айтпаған,
 Сөйлесе тақ-тақ тілге би.
 Дәу періні табуға
 Орақ пен Сайын келеді.
- 250 Келе жатқан қос қара
 Алыстан Шәудір көреді.
 Едіге, Мұса, Нұрадын
 Ар жағы туыс бөле еді.

Әлқисса, Шәудір мен Сайын қарсы келіп, құшақтасып көрісіп, балдырған жас бала Орақ батырға назар аударды. Сонда Сайын былай деді:

— Кешегі сенің әкең Әліптейін қара Едіге батырмен бөле еді, соның баласы Нұрадын, одан хан Мұса, соның баласы Орақ деген осы. Сол уақыттарда Шәудір шал: — Жақсыдан қалған ұрпағым, көзалдымда шырағым, — деп, Орақты басып құшақтап сүйе берді. Бір мезгілде мауқын басып, Сайын мен Орақты «қонақ болың» деп үйіне ертіп алып барды. Қамыстан тоқыған

төсегіне «жоғарылаң, төрлең» деп отырғызып, қонағасым мынау деп бекіре, жайын, шоқыр деп қазан толтыра ас сала берді. Қарашаш қазан басында аяғын сылти басып, тамақ жабдығына кірісе бастады. Тамақ жеп болғасын, қонақтар далаға шығып, келген жай-жапсарларын сөйлесті. Сонда Сайын құрдасы Мұса ханның тапсырған аманатын айта салды.

- Сол уақытта Шәудір шал
Естіп жағдай хабарды,
Иілген белі түзеліп,
Нұрланды батыр ажары.
— Ризамын бөleme,
Көңілде кірім тазарды.
- 260 Артымда қалған бір тұяқ
Қарашаш еді жалғызым.
Бұл қызымда әруақ бар,
Көтерілсе, көкке ұшады.
Иран менен Бағдаттың
Күні бүгінге дейін
Аралап қайтады базарды.
Оң болар, сірә, сапарым,
Орақ балам, айтайын,
Қасиетті атаң хан Мұса
- 270 «Шәудір шалға барсам» деп,
Аударған екен назарды.
Қанеки, балам, бері кел,
Берейін бата, қолың жай.
Мың дұшпаным келсе де,
Әл бермесің, алыссаң,
Боларсың алып қажырлы.
Сөйдеді де Шәудір шал,
Ауын алып қолына,
Жүріп кетті теңізге.
- 280 Жымиып қартың күледі:
— Екеуіне қарасам,
Лайықты жұптыдай
Бірге туған егіз бе?
Мен келермін қазір, — деп,
Қонағыңды жайлай бер,

- Қарашаш балам, айтқаным,
 Көргенсіз қыз дегізбе.
 Далаға шықты Қарашаш,
 Сыпатына қарасаң,
 290 Қайтпас қайсар батырдай.
 Ата жауын жаулаған
 Қасиетті Шәудір шал
 Жасынан қызын баулыған.
 Сылти басқан табаны
 Бір бағыттан аумаған.
 Түзге отыра шыққанда,
 Артынан шықты қонақтар,
 Етегін қағып, тез қайтты.
 Отырған жерін қарасаң,
 300 Топырақ жанып лаулаған.
 Көргесін қыздан қасиет,
 Кемітіп жүрген ер Орақ
 Тұла бойын тер басып,
 Ұялып батыр жаураған.
 Қайта оралып Шәудір шал,
 Сөйлейді сонда қартыңыз:
 — Жалғыз қызым сен едің,
 Отырсың отау шыққалы.
 Тартылған көзі бұлақтай
 310 Құлазып қалар артымыз.
 Ағайын-тума бізде жоқ,
 Әзірше жүрген жалқымыз.
 Ақ батамды бергенім,
 Орақ батыр, Қарашаш,
 Сапарыңыз оң болғай,
 Хан ордаға тартыңыз.
 Қайырымды ел, — дейді, —
 Назарыңды салып жүр.
 Ал, балдарым, жүре бер,
 320 Мен қалайын, — деді, — аралда.
 Қысылған жерде, балдарым,
 Қамқоршы болғай бір Алла.
 Орақ балам, айтайын,
 Төкаппар болып аспалап,

- Салмашы көзіңді арамға!
Бізден енді көп сәлем
Ноғайлы жатқан байтақ ел,
Құдамдалы жаранға.
Күнелтермін осы жерде,
330 Жасы жеткен қарт едім.
Саған намыс, ар болар,
Қыз, күйеуге барам ба?
Орақ балам, батырсың,
Ерлігіңде шегің жоқ.
Болмас дәулет қоранда,
Екі ұлың, бір қызың
Болады екен, шырағым.
Одан көпті бермеді,
Өлшеп бергені несі екен,
340 Алланың өзі сараң ба?
Өзіңдей батыр ер болар
Түсімде көрген шын болса,
Қарасай, Қазі балаң да.
Ер Сайын шексіз көңілді,
Айтқанына көндірді
Орақ батыр еріңді.
Алтын сарай ордаға
Түсірді келіп келінді.
Сонда Сайын сөйледі:
350 — Еткеніміз ем болды,
Сындырмас дұшпан белімді.
Дұшпаным қашар алысқа,
Екі арыстан ұл туса.
Хан менен бектер жиналып,
Көбейер досың төрінде.
Айлардан айлар өткенде,
Екі жыл мөлшер жеткенде,
Қарашаш айтты батырға:
— Ұсташы менің белімді,
360 Мысырдың қара тасына
Аңсам ауып мен жүрмін,
Дүниеге келер арыстан
Бір белгісі көрінді.

- Батыр Орақ сол жерде
Мысырға сапар шегеді.
Әкелді Мысыр тастарын,
Сол уақытта Қарашаш
Ауызға салып тастарды,
Қашыр-құшыр шайнады.
- 370 Болатын болды осы тас
Дертке дұға пайдалы.
Жалғыз көзі сұлудың
Шам-шырақтай жайнады.
— Мысырдың қара тасына
Қанды, білем, жерігім,
Ризамын, Орағым,
Жан жолдасым серігім.
Еткеніміз ем болар,
Мен жиені едім перінің.
- 380 Сол уақыттары Қарашаш
Жалғыз көзі панардай,
Бөксе жағы самардай.
Қарасай, Қази, Ақ Қибат
Үш перзент көрді батырдан,
Бұған халқым нанар ма-ай?!
Ер құмардан шыға ма,
Барған адам ер екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Жолдың өте қиыны
- 390 Жалған емес, шын екен.
Ат бауырлап шаба алмас,
Орғал-орғал құм екен.
Құмнан өтіп қарасам,
Терең батпақ сор екен.
Сорға жалғас тас өткіл
Жалғыз аяқ жол екен.
Сордан өтіп қарасам,
Шалқып жатқан көл екен.
Көлге жалғас қазулы
- 400 Алты қатар ор екен.
Қазған ордың ар жағы
Айналасы айшылық,

- Көлденеңі күншілік
Он екі ханның елі екен.
Он екі ханның бастығы
Қарасанның ұлы екен.
Дәрбент деген қаласы
Әр қаладан зор екен.
Баратқанда жолымда
410 Қырық көмірші тап болды,
Одан әрі бармадым.
Қолыма белгі алған соң,
Не қылсаңда, ер Әділ,
Ендігісін өзің біл.
Сонда Әділ сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Орақтың Қази баласы
Асыл ердің данасы.
Өз басына бермесе,
420 Не болады жігіттің
Атасы мен бабасы?
Атаң Орақ болса да,
Туыпсың жаман шамасы.
Сенің айдап жүргенің
Қаңғырып жүрген көмірші.
Батыр болсаң сен, — деді,
Қызылбастың елінен
Бір қызды алып келмедің.
Келмегенсін қыз алып,
430 Кімдер сені ер десін!
Қыз түспесе қолыңа,
Бір батырын өңгеріп,
Қолын байлап құл қылып,
Құлақ мұрын кескілеп,
Денесінің сау жерін
Найзаменен тескілеп,
Құлағын кесіп күнтитып,
Мұрнын кесіп тымпитып,
Алып неге келмедің?
440 Айырып беттен пердесін,
Дұшпаның қалсын түңіліп,

- Міне туған ер десін!
Сонда Қази сөйлейді:
— Қайдан білдің кемімді,
Көрмейсің бе теңінді?
Қате айтып сөзіңді,
Қалдырып тұрсың көңілді.
Ата тегің кім еді,
Тегіңде ерлік жоқ еді.
- 450 Сен қайдан таптың ерлікті,
Бересің кімге кемдікті?!
Менің атам — Едіге
Ата жауын жаулаған.
Әруақты туған Едіге
Ерегескен ханды өлтірген,
Басын кескен деп еді.
Сенің атаң — Мұханбет,
Төре едің тегіңде,
Тегіңде ерлік жоқ еді.
- 460 Бір перзент үшін зарланып,
Сенің атаң сол еді.
Осы жерде мен қазір
Шұбар атқа мінейін,
Шұбалаңдап желейін.
Атың болса, батыр-ай,
Мінші Әділ атыңа-ай,
Өлшеуіңді көрейін.
Осыны айтып ер Қази,
Шұбар атқа мінеді,
- 470 Шұбалаңдап желеді.
Орақтың туын алады,
Оттай қаулап жанады.
Таласып тұрған тар жолға
Қолды бастап барады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Әскерін айдап келеді,
Зордан құлап барады.
Сол уақытта ер Әділ
Таудан құлап барады,
- 480 Жолды байқап қарады.

- Жолдың қиын екенін
Көзі көріп қанады.
Жан ашитын болмаса,
Жалғыздықтың жаманы.
Жалғыздық түсіп басына,
Тұра алмады табаны.
Қарасай, Қази досына
Келіп сөйлей береді:
— Қарасай, Қази ер едің,
490 Менің досым сен едің.
Екі досым болмаса,
Жоқ еді менің сенерім.
Қиын жолды көргесін,
Қайғыланды жүрегім.
Қайғыланбай не қылсын,
Алды-артыма таяу жоқ,
Менде аға-іні жоқ,
Жанашырға кем едім.
Екі досым ат салып,
500 Алып шығар деп едім.
Енді жауға кіреміз,
Ат құйрығын өреміз.
Екі досым, сендерге
Көңілімді айтып білдірдім,
Өздерің ойлап білерсіз.
Сонда Қази сөйлейді:
— Әділ досым сен едің,
Сенің досың мен едім.
Қарасай жауда қалғанда,
510 Сені алармын деп едім.
Бұрынғы көңілім сол еді,
Бұл көңілді біл, — деді.
«Кем тудың, — деп, — атадан,
Тиімсіз қатты сөйледің.
Қинап салдың көңіліме,
Талабыңнан көрерсің,
Өз обалың өзіңе,
Жүре бер, Әділ, жөніңе.
«Орақ» деп жауға тиерміз,

- 520 Шұбыртып айдап жүрерміз.
Қарындастың ары үшін,
Қара ноғай қамы үшін
Жауда қалсаң, Әділім,
Сонда іздеп шабармын.
Ер Әділ сонда сөйлейді:
— Өлерімді білгенмін,
Мен атадан туғасын,
Беліме жарақ бұғанмын.
Жалғыздық маған келгеннен
- 530 Жалғыз болып жүргенмін,
Қайратыма сенгенмін.
Онан дағы жақсы еді
Жауға барып өлгенім —
Деді дағы ер Әділ,
Ызаланып долданып,
Алтын туын қолға алып,
Көп әскерге қарамай,
Әділ шауып жөнелді.
Қази көріп шапқанын,
- 540 Атына мініп алады.
Баратқан шауып Әділге
«Тұр» деп айқай салады.
Қуып келіп соңынан:
— Әділ, қайда барасың,
Жолға неге шабасың?
Жол менікі шабатын,
Менен қалай аласың?
«Аламын» деп тұрғанда
Қас бөлеге қаласың.
- 550 Менен бұрын жол алмақ,
Қала бұзып қала алмақ,
Келе ме, Әділ, қолыңнан?
Аулақ кет, Әділ, жолымнан.
Жолымды бер, Әділ, өзіме,
Ере бер, Әділ, соңымнан.

Соңында Әділ сөйлейді:
— Шапқан Әділ тұра ма,

- Атының басын бұра ма?
Өзі болған жігіттің
560 Ата тегін сұрама?
Қаза жетпей өле ме,
Қорлыққа Әділ көне ме?
Жол менікі дегенге
Жолын Әділ бере ме?
— Жолымды қорқып бере алман,
Қорлығыңа көне алман.
Қорқып берер мен емес,
Қорқып беріп жолымды,
Жаманға болман келемеш,
570 Сенен қорқар мен емес.
Мықты болсаң, тартып ал,
Жолымды саған бере алман, —
Деді дағы ер Әділ,
Қайырылмады жолынан.
Алтын туын көтеріп,
Тастамады қолынан.
«Ұрысайын, — деп, — бір жерден,
Қази шықты алдынан.
Атайын, — деп, — бір жерден,
580 Суырып алды оғынан.
Екеуі жолға таласып,
Салуға қару таянды,
Достығын бұлар бұзады.
Таласып жолда тұрғанын
Қарасай батыр көреді.
Бұл ақылға кең еді,
«Өзім барсам, болмас» деп,
Қоянаққа келеді,
Келіп сөйлей береді:
590 — Ау, Қоянақ бабам-ай,
Көпті көрген данам-ай,
Қази менен Әділдің
Табан жолға таласып,
Ұрысайын деп тұрғанын
Тапсырамын саған-ай.
Екеуі екі көзім-ай,

- Менің де өтпес сөзім-ай.
«Інісіне Қарасай
Болысуға келді» деп,
600 Досымның келер көңіліне-ай.
Көпті көрген ер едің,
Сен ақылға кең едің,
Тату қылып жібер, — деп,
Тапсырып тұрған мен едім.
Қоянақ қартың келеді,
Келіп сөйлей береді:
— Қырымның ханы бас Әділ,
Қырық мың қолға бас Әділ,
Досыңменен, шырағым,
610 Болып жүрме қас, Әділ!
Асыл туған Әділім,
Әр жерге жетіп дабылың,
Ешкім нәрсе ете алмас
Алланың берген бағына.
Қырық мың әскер қол еді,
Қол бастаған сен едің.
Жол менікі дегенің
Сенікі де жөн еді.
Жөн де болса досыңа
620 Жолыңды, Әділ, бер, — деді.
Басыңа қиын іс түссе,
Пайдасы тиер ер, — деді.
Әділді сөзбен тоқтатты,
Қазиға жетіп келеді,
Келе сөйлей береді:
— Орақтың ұлы ер Қази,
Жолын берді, сыйлады,
Тұрмаймысың ер Қази?!
Арғы атаңды сұрасам,
630 Баба Түкті Шашты Әзиз
Әулие шайқы пір еді.
Одан туған Едіге
Керемет-ті ер еді.
Сенің атаң қанды Орақ
Едіге ердің ұлы еді.

- Қарсы келген хандарды
 Тай құлындай талпынтып,
 Басын кескен деп еді.
 Атаң Орақ болған соң,
 640 Жол менікі дегенің
 Сенікі де жөн еді.
 Жолыңды алдың, шырағым,
 Жолың болсын оң, — деді.
 Ашуды тастап, көрісіп,
 Досыңменен тату бол.
 Қызылбастың жауына,
 Тас өткелдің аузына
 Қолыңды бастап жүр, — деді.

Әлқисса, Қоянақ қарт батырды жарастырды, дос қылды. Енді қырық мың әскер жалғыз аяқ тас өткелге симайтын болды. Әскерді үшке бөлді. Он төрт мың әскерге бас болып Қарасай, Қазі тас өткелден өтіп, бұл кетті. Он үш мың әскерге бас болып ер Әділ тас өткелден өтіп, бұл кетті. Он үш мың қолға бас болып Айсадан туған Ахмет қалды. Ал енді Ахмет батыр жалғыз аяқ тар жолға түстеуге жүрексініп, кейінгі әскерге толғап тұрғанға ұқсайды.

- Ахмет тұрып сөйлейді,
 650 Сөйлегенде бүй деді:
 — Қол бастаған Қоянақ,
 Құлайық таудан қиялап.
 Жалғыз аяқ тар жолдан
 Әскерімді түсірмей,
 Қайтуға тұрмын ой ойлап.
 Осы жерге келгенде,
 Әскерің болды үш бөлек.
 Ақылдасып қайтуға,
 Болатын істі айтуға
 660 Өзіңдей бізге ер керек.
 Жау қамаса тар жолға,
 Бұзып жарып шығуға
 Сонда бізге күш керек.
 Он төрт мың қолға бас болып

- Қарасай, Қази ер кетті.
Әскерін қойдай шұбыртып,
Өткелден аман бұл кетті.
Он үш мың қолға бас болып,
Содан соң Әділ бұл кетті.
- 670 Айқын сордың ішінде
Жалғыз аяқ жол кетті.
Жалғыз аяқ сор жолға
Қызылбас жауды қамаса,
Бұзып жарып шыға алмай,
Біз қалармыз бейнетке.
Қарасай, Қази ер еді,
Едіге ердің сүйегі
Кескілеспей басылмас.
Найзағай бұлттың сойы еді,
- 680 Жұмай, сірә, ашылмас.
Орақ пенен Мамайдың
Қарасай, Қази ұлы еді
Дұшпан жаудан қайта алмас.
Шаттанысып келеді,
Толса да ,сірә, төгілмес.
Найзағай бұлттың сойы еді,
Қысқа көшіп қайта алмас.
Қызылбастың жауынан
«Жеңілем» деп айта алмас.
- 690 Ашуланып шапса қалаға,
Соңынан кеткен Әділдің
Қамауда қолы қалады.
Қамаса қолын сор жолға,
Шыға алмас қолы далаға.
Осы сапар ер Әділ
Асылық айтып келеді.
Осы айтқаным болмасын,
Әділ жауда қалмасын.
Қарасай, Қази қос батыр
- 700 Қызылбасқа барған соң,
Бір қаланы алған соң,
Қызылбастың әскері
Тауға қарай салмасын.

- Жалғыз аяқ тар жолды
Бізден бұрын алмасын.
Қырымнан келген көп әскер
Қамауда сөйтіп қалмасын.
Осы жерден қайтайық,
Болатын істі айтайық.
- 710 Бұрын барып тар жолдың
Аузын алып байқайық.
Тауға жылдам баралы,
Тау басынан қаралы.
Қызылбас көрінер күн болса,
Осы жерде іс болар.
Аламанды алдырмай,
Біреуін жауға қалдырмай,
Аман алып шығалы.
Бәріңе айтқан кеңесім:
- 720 Баспалық жаудың жебесін,
Қол бастаған Қоянақ
Қартым, қалай көресің?
Мақұл десең, Қоянақ,
Кейін қарай жүресің.
Сонда қартың сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Қоянақ қартың мен едім,
Көпті көрген нең едім.
Бұл сөзіңді, Ахмет,
- 730 Мен де тәуір көремін.
Мақұл да болса, батыр-ай,
Бір қайырылмай артыңа-ай,
Кейін қарай қайтқаның
Ылайық па атыңа-ай?
Қарасай, Қазі, жас Әділ
Жан жолдасың емес пе,
Хабар алмай солардан
Барасың кейін қайтып-ай.
Бір хабарын алсайшы,
- 740 Шырағым, бүгін жатып-ай.
Ахмет сонда сөйледі,
Сөйлегенде не деді:

- Ау, Қоянақ қартым-ай,
Амандық ерге артық-ай.
Түспелік, — деп, — сор жолға
Айтып тұрған ақыл-ай.
Жау қамаса сор жолға-ай,
Сорға түсіп қырылар
Ізіңе ерген халқың-ай,
750 Әскерің қалар тұтылып.
Боз тұлпармен, Қойеке,
Кетерсің өзің құтылып.
Өзің аман шығарсың,
Әскеріңді қырарсың.
Ізіңе ерген әскердің
Обалына қаларсың.
Қартым, ойлап қарашы-ай,
Осы ақылымды аларсың.
Ахмет ақыл айтады,
760 Ақылмен алдын байлады.
Қоянақ қартың түсініп,
Бұ да кейін қайтады.
Қарасай, Қази — қос батыр
Қазбан деген қаланы
Шулатып жесір алады,
Алды малға толады.
Қызылбастың көп қолы
Тауға қарай салады.
Айсаның ұлы Ахмет
770 Әулие десең болмай ма,
Айтқанындай болады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Екі әскер таласып,
Үш күн ұрыс салады.
Айсаның ұлы Ахмет
Қызылбасты қиратып,
Жолды тартып алады.
Сол уақытта Ахмет
Және бір толғап қарады:
780 — Қоянақ қартым, көрдің бе,
Енді маған сендің бе?

- Қызылбас жауы қайтадан
Қамағанын көрдің бе?
Көз жіберіп қарасам,
Мына жаудың көбіне
Қорқайын деді көзім-ай.
Жолға түсіп жөн тартып,
Жүре берің өзіңіз.
Ағайынды бесеуміз,
- 790 Жаудың алдын кеселік,
Тоқтатайын өзім-ай.
Шамам келсе зорланып,
Әскерімді түсірмей,
Көп ұятқа қалмайық,
Төрт арыстан інім-ай,
Қайрат салып бүгін-ай.
Әскеріңді алдырсаң,
Бізге болар өлім-ай.
Осылай деп Ахмет,
- 800 Көпке толғап қарады.
Қартайса да Қоянақ,
Жауды көріп тұрмады,
Боз тұлпарды булады.
Үзеңгісін ұзартып,
Тебінгісін қысқартып,
Көп қызылбас ізінен
Қойдай шулап қалмады.
Айсаның ұлы Ахмет
Алабас атты қамшылап,
- 810 Айнала қолды қорғады.
Осы күні батырлар
Бір құмардан шығады.
Жалғыз жарым болмаса,
Көп әскерді түсірмей,
Таудан аман шығады.
Ахметті түсірмей,
Қызылбас шулап қалады.
Ахмет шығып кеткен соң,
Жолдың аузын жабады.
- 820 Биіктігі қырық аршын

- Басына қала салады.
 «Келгені қайдан шығар» деп,
 Жаудың қылған амалы.
 «Ішінде қалған көп әскер
 Осы жолдан бір шығар,
 Ер де болса қырсығар.
 Бұзып жарып шығам деп,
 Бізбенен тағы ұрысар.
 Сол уақытта қамалық,
 830 Таспенен ұрып сабалық.
 Қол бастаған батырын
 Қамап ұстап алалық.
 Осы жолдан шығармай,
 Әскерін қамап қырайық».
 Көп қызылбас кеңесіп,
 Ақыл айла табады,
 Жолды мықтап жабады.
 Жалғыз аяқ тар жолды
 Қызылбас алып қалады.

Әлқисса, Қызылбастар жолдың аузын алып жата берсін. Қарасай, Қази Қазбан деген қаланы алып, алты күндей сол жақта болды. Ал енді Әділден хабар естіңіз. Әділдің әскері жалғыз аяқ тар жолда шұбырып келе жатқанда, Қарасанның көп әскері келіп жолдың екі жағын алып қалады. Жалғыз аяқ тар жолдың екі жағы сор еді. Есіл ер жазылып ұрыс сала алмай, Әділ атынан түсіп, жаумен атыса берді.

- 840 Қарасай, Қази — қос батыр
 Қазбан деген қалада
 Алты күндей болады.
 Қала бұзып, хан алып,
 Алды малға толады.
 Қызылбаспенен ұрысып,
 Ахмет шығып кетеді.
 Қамауда қалған ер Әділ
 Жауға не амал етеді?
 Жолдан шығып бұрылса,

- 850 Сорға түсіп кетеді.
Қызылбас жауы көп екен,
Өзіне мәлім жер екен.
Батпақ сордың үстіне
Қаратаспен бастырып
Қиялап салған жол екен.
Жеті жерден ту алып,
Әділді көріп қуанып,
Шығар аузын бекітіп,
Қызылбастар тұр екен.
- 860 Келе жатып ер Әділ
Аңдып тұрған алдында
Көп әскерді көреді.
«Жайсыз жерге келдім, — деп, —
Не болса да көндім» деп,
Қарсы жүріп келеді.
Атқа мініп ұрысатын
Ашық жері жоқ еді.
Ашық жерін қызылбас
Бұрын алып тұр еді.
- 870 Бұрылса түсіп кететін
Екі жағы сор еді,
Бір жағы терең көл еді.
Көлге жалғыз салдырған
Алты қатар ор еді.
Жүретін жерін жау алып,
Енді амалы құрыды.
Түсе қалып атынан,
Табанын жауға тіреді.
Жеті жасқа келгеннен
- 880 Жете туған ер еді.
Ер Сүлеймен дейтұғын
Жан жолдасы бар еді.
Екі жерден оқ атып,
Қиратып жауды тұр еді.
Кіші бесін болғанда,
Атысып жаумен тұрғанда,
Ер Сүлеймен оққа ұшып,
Шейіт болып өледі.

- 890 Ер Сүлеймен өлсе де,
Атыса берді бір өзі.
Қасындағы көп әскер
Енді өлерін біледі.
Тұрған жері батпақ сор,
Әскер жаман жүреді.
Күн кеш болып барады,
Қызылбас жауы қамады.
Әділдің қолын шығармай,
Жолдың аузын алады.
Ер Әділдің басына
- 900 Ақыр заман туады.
Ұрысып тұрған Әділдің
Сары жайы сынады.
Сол уақытта ер Әділ
Бармағын тістеп жылады.
Атайын десе оғы жоқ,
Енді не амал қылады.
Ендігі тапқан амалы —
Тұлпарға мініп алады.
Алмасын Әділ сермеді,
910 Жауды көзі көрмеді.
Жалғыз өзі ұрысып,
Әскерін жауға бермеді.
Жазылып ұрыс салғанда,
Жауға болар ер ме еді?
Таусылатын жау емес,
Толып жатыр өлгені.
Қабат-қабат әскерге
Әділ шауып келеді.
Кейін қарай шығуға
- 920 Терең батпақ сор еді,
Бір жағы терең көл еді.
Көлге жалғас қазылған
Алты қатар ор еді.
Ескен желден құбылып,
Жан базары құрылды.
Әділдің ұрысқан жерінде
Көп қызылбас қырылды.

- Жалғыз аяқ тар жолдан
Ұрысып жүріп бұрылды.
930 Астындағы тұлпардың
Сүрініп кетіп аяғы,
Тайып кетіп тұяғы,
Батып сорға жығылды.
Батпақ сордың ішінде
Боз тұлпардың күшімен
Шығамын деп ұрынды.
Шыққан сайын түседі,
Бауырлап сорды кешеді.
Соныменен жүргенде
940 Болдырды тұлпар деседі.
Бауырын жазып шаба алмай,
Жазылып ұрыс сала алмай,
Діңкесі ердің құрыды.
Күн батуға таянды,
Аты қалды жарамай.
Қас қарайып, күн батты,
Алды болды қараңғы.
Атына басып қамшыны,
Тұлпарын шауып қарады,
950 Атынан көңілі қалады.
Әділ мінген Қызыл ат
Айуан қылды көп ұят,
Шабысынан танады.
Келіспеді бұл сапар
Ер Әділдің талабы.
Сол уақыттар болғанда,
Тарығып Әділ жылады:
— Арманы күшті ерлердің
Бармағын тістеп өлгені.
960 Асу-асу бел жүрсем,
Алты айшылық жол жүрсем,
Белгісіз тұлпар мінгенім.
Атадан бірге тумаса,
Жақын деп жатқа сенгенім.
Тұлпар атым болдырды,
Атты кімнен сұрармын.

- Жалғыздық түсті басыма,
Кімнен көмек тілермін.
Туысқан аға, інім жоқ,
970 Енді кімге сенермін.
Құдай жалғыз жаратты,
Бұған қылар амал жоқ.
Қарасай, Қази болмаса,
Жан ашитын маған жоқ.
Ар-намысты тастайын,
Енді аяққа баспайын.
Екі досым болмаса,
Жалғыз туған қасқамын.
Аламанды алдырып,
980 Басымды алып қашпайын.
Іздеп тұлпар мінейін,
Қолыма қайтып келейін,
Қамаған жауды көрейін.
Қамалып жүрген әскердің
Жолын ашып берейін.
Бере алмасам алдымнан
Өзім ұрысып өлейін —
Деді дағы, ер Өділ
Атына қамшы басады,
990 Ат болдырып шаршады.
Төңірегін Өділдің
Қызылбас жауы қамады.
Адасқанын біледі,
Өділ жылап тұр еді,
Жылағанда не деді:
— Заманым менің оңбады,
Басыма бақыт қонбады.
Тұлпарымнан әл кетті,
Адастырып жолымнан,
1000 Қараңғы түннің ішінде
Айдап келіп көрсетті
Алты қатар қандекті.
Астындағы тұлпарды
«Шуу, жануар, қарғы» деп,
Қамшы басып қарғытты.

- Жануар тұлпар Қызыл ат,
Жал-құйрығы ұзын ат
Алты қатар қәндектен
Оқ жыландай болып ат!
1010 Қарғып өтіп шыға алмай,
Қала берме қәндекте.
Тұлпар атым сен едің,
Сенің иең мен едім.
Алты қатар қәндектен
Атым сені қарғытсам,
Бола ма екен себебің? —
Деді дағы, ер Әділ
Атына қамшы басады.
Болдырып жүрген жануар
Адымын қысқа жазады.
1020 Алты қатар қәндектен
Бір-бірлеп қарғып барады.
Бірінші орға жетеді,
Одан аман өтеді.
Екінші орға жетеді,
Бұдан да аман өтеді.
Үшінші орға келеді,
Бұдан да аман өтеді.
Төртінші орға жетеді,
Мұнан да аман кетеді.
1030 Бесінші орға келеді,
Мұнан да қарғып өтеді.
Алтыншы орға келгенде,
Қарғыта және бергенде
Астындағы тұлпардың
Сүрініп кетіп аяғы,
Орға түсіп жығылды.
Өмілдірік үзіліп,
Әділ орға құлады.
Әділді тастап Қызыл ат,
1040 Талпынып зорға шығады.
Қол бастаған ер Әділ
Жалғыз өзі шырқырап,
Орға түсіп қалады.

- Түскенін ешкім білмеді,
Қарасай, Қази көрмеді.
Енді мұны қандектен
Кім шығарып алады.
Әділ түсіп қалған соң,
Әділдің қолын қызылбас
- 1050 Қамап тұрып қырады.
Бір парасын бұлардың
Өлтірмей ұстап алады.
Қарасай, Қази батырлар
Қазбан деген қалада
Алты күндей болған соң,
Қала бұзып, қан төгіп,
Алды малға толған соң,
Дәрбент деген зор қала
Әуелі салған қала екен.
- 1060 Дәрбентте әскер көп екен,
Қаласы мықты зор екен.
Әділге аман қосылсақ,
Алармыз деп келеді,
Әділдің орға түскенін
Қарасай, Қази білмеді.
Тас өткелге келгенде,
Әділге ерген әскердің
Қырылғанын көреді.
Жоқ болғанын Әділдің
Екі досы біледі.
- 1070 Досын жоқтап ер Қази,
Қарасайға сөйледі:
— Білдің бе, Құдай ұрғанын,
Дұшпанның көңлі тынғанын?
Хабар алмай досымнан,
Қырымды Құдай алғанын,
Досымның белі сынғанын.
Шұбар атқа мінейін
Шұбарлаңдап желейін.
Жауда қалған досымның
- 1080 Өлі-тірісін білейін.
Өлмесем тауып алайын,

- Досымды іздеп алмасам,
Таңда мақшар күнінде
Жүзін нағып көрейін?
Қырымға қайтып барғанда,
Шешесі сұрап тұрғанда,
Не деп жауап берейін.
Өлді деп күдер үзбейін,
Жауап бер, аға, іздейін.
- 1090 Аман болсам келермін,
Қазам жетсе өлермін.
Жазатайым іс болса,
Ахиретте көрермін.
Қарасай сонда сөйлейді:
— Ау, Қазижан, туғаным,
Сен едің менің қорғаным.
Сені жалғыз жіберсем,
Көңіліме симай арманым.
Алдыңда биік жауың бар,
- 1100 Қырғанменен таусылмас.
Көрмеген жауың тағы бар,
Қаратауға баралы,
Жау қамалын бұзалы.
Құдай берсе тілекті,
Жауда қалған досыңды
Сонан соң іздеп қаралы, —
Деді дағы, Қарасай
Қызылды ұстап жібермей,
Қаратаудың бауырында
- 1110 Қол жөнелтіп барады.
Үш күншілік жол еді,
Тынбай жүріп келеді.
Намаздыгер шағында
Тау қарасын көреді,
Қарасай сонда сөйлейді:
— Ау, Қазижан, қарағым,
Алайық таудың бұлағын,
Суға қанып алған соң,
Бұзалық жаудың қамалын.
- 1120 Жатқан жауды көрдің бе,

- Табан жауды қамалап,
«Осы жолдан шығар» деп,
Жатқанын аңдып білдің бе?
Жау екен мықты, қауіпті,
Жолдың аузын жауыпты.
Жалғыз аяқ тар жолды
Бізден бұрын алыпты.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қаланы мықтап салыпты.
- 1130 Қас қарайып күн батсын,
Қаласына жау жатсын.
Қызылбасты алқымдап
Шығайын деп келеді.
Тау басына жақындап
Қиятасқа келеді.
Астындағы шұбардың
Болаттай еді тұяғы,
Тұяғы тастан таймады.
Қызыл қанға боялды
- 1140 Ақ найзаның қияғы.
Қызылбасқа түсірмей,
Ізіне ерген әскердің
Алдын қорғап шабады.
Қылыш сермеп, оқ атып,
Қарағай найза қолында
Қызыл атты ойнатып,
Маңдайы жаудан аумады.
Көп қызылбас жабысып
Қарғадай шулап қалмады.
- 1150 Осы күнгі соғыста
Қалмақтың бағы болмады.
Болады дейін неғылып
Қара құрттай жабылып,
Қарасайдың қолына
Тағы айқасты айналып.
Шықты қолды айырып
О да есеп, бұ да есеп.
Аламанын алдырмай,
Зордан шықты торығып.

- 1160 Тауға шығып алғасын,
Қас қарайып күн батсын,
Қаласына жау жатсын,
Қызылбасқа тигенде,
Қызығымызға тау батсын.
Екі жақтан тиелік,
Қарсыласқан дұшпанды
Тау-төбе қылып үйелік.
Қарағым, Қазиді, ұмытпа,
Біз аруаққа жүрміз сүйеніп.
- 1170 «Орақ» деп ұран салалық,
«Ұмытпа, — деп ед, — атаңды
Қарашаш шешем аналық.
Қазидіжан, көзсіз батырсын,
Кетпеген бойдан балалық.
Орақ деген даусымыз
Қаратауды жарсын-ай.
Қаладағы әскердің
Құлағына барсын-ай.
«Қарасай, Қазиді келді деп,
Екі жақтан тиді» деп,
- 1180 Дұшпаның қалсын сасып-ай.
Осы сөзді айтқанда
Қарасайдай батырдың
Көрінді айбар үнінен.
Қашып кетер қызылбас
Сай-салаға түнімен.
Қазиді, ойлап қараңыз,
Осы ақылым дұрыс па?
Мақұл көрсең, қарағым,
Батыс пенен шығыстан
- 1190 Айқайлап ұран саламыз.
Таң атқанша бұл жерді
Ұрыспай тартып аламыз.
Әділді тауып біз қайтсақ,
Бойға түскен көп таңба
Жазылар еді жарамыз.
Қайнар бұлақ басына
Екі батыр құлады,

- Суға қанып алады.
Күн батқасын тиюге
1200 Екі батыр кеңесіп,
Әскерін алды үлесіп,
Қаруын алды бөлісіп.
- Сонда Қази толғады:
— Қарасай аға, сенімен
Екі айырылар күн болды,
Екі талай жер болды.
Жауға жалғыз тимеген,
Жау айласын білмеген
Қазі інің мен едім.
- 1210 Екеуміз бірге жүргенде,
Жау алармыз деп едім.
Сапарымыз оң болғай,
Болсын сенің дегенің.
Таласуға жайым жоқ,
Сен айлакер батыр, ер едің.
Қарасай аға, көкешім,
Есебін тауып қарасам,
Жолсыз жерден өтесің.
- 1220 Екеуміз қатар жүргенде
Дұшпанның бұздық қамалын.
Екі айырылар күн болды,
Бұған бар ма амалым?!
Құлағың салып жүре көр,
Қазыым қайда дегейсің,
Қысылған жерде демейсің.
Мен қалатын күн болса,
Шақырармын аға, — деп,
Сонда, аға, келгейсің.
Әруағыңа қарасам,
- 1230 Қол жеткізсіз дөңдейсің.
Сапарың, аға, оң болсын,
Пірлерің болып қамқоршы,
Дұшпаныңды жеңгейсің.
Сен қалатын күн болса,
«Бауырым» деп ат қойсаң,

- Қайда да болса табармын,
Айырып жаудан алармын.
Шақыруға, аға, ар етпе,
Бір көруге зар етпе, —
- 1240 Деді дағы, екеуі
Екі айырылып алады.
Қас қарайып күн батты,
Қаласына жау жатты.
«Ал, Қазижан, қамдан» деп,
Қарасай батыр тіл қатты.
— Аман бол енді, Қазим,
Батырсың қайсар сымбатты, —
Деді дағы, екеуі
Екі айырылып алады.
- 1250 Күн шығыстан Қарасай,
Күн батыстан ер Қазим
«Орақ» деп ұран салады.
Орақ деген дауысы
Қаратасты жарады.
Қаладағы әскердің
Құлағына барады.
«Қарасай, Қазим келді деп,
Екі жақтан тиді деп,
Қоймайды енді бізді» деп,
- 1260 Қашып болды түнімен
Паналап сай мен саланы.
Рахымсыз дұшпандар
Жұртқа тастап кетіпті
Мүгедек әлсіз баланы,
Бас сауғалап қаңғырған
Құлазыған даланы.
Сәтіне түсіп оң болды
Қарасайдай батырдың
Жасаған айла-амалы.
- 1270 Иесіз тастап кетеді
Лаулаған қызылбас
«Қарасай, Қазим келеді» деп,
Еңбекпен салған қаланы.
Қарасайдай батырды

- Әулие десе болмай ма?
 Айтқанындай болады,
 Таң атқанша Қарасай
 Айқайлаған ұранмен
 Ұрыспай тартып алады.
- 1280 Таң атқасын батырлар
 Қолына жасыл ту алды.
 Екі батыр қосылып,
 Бір-бірін көріп қуанды.
 Дем алдырып батырлар
 Тұлпарларын суарды.
 Биікке шықса Қарасай,
 Көз жіберіп қараса,
 Қалаға қайтқан көп әскер
 Көрді байтақ тұманды.
- 1290 Таң атқасын қызылбас
 Көбейіп, басы құралды.
 Қаптаған қалың топ болып,
 Сан жеткісіз көп болып,
 Қызылбас салды ұранды.
 Қарасай сонда сөйледі:
 — Қазижан, енді қамдан, — деп,
 Қаптай шабар қызылбас,
 Шықпайтын шығар жекпе-жек.
 Қозғалды батыр тұра алмай,
- 1300 Қаптаған қойдан шұбалған,
 Тоқсан жерден ту алған.
 Күннің көзі тұтылды
 Ат тұяғы тұманнан.
- Қарасай тағы толғады:
 — Қазижан, енді бері кел,
 Мына жаудың көптігі
 Қорқытып тұр көзімді.
 Бұл жеңілер жау емес,
 Бір көргеннен сезілді.
- 1310 Әскерімізді алдырсақ,
 Бізге болар өлім-ді.
 Тоқсан мың екен қызылбас,

- Үш ретке бөлінді.
 Қазижан, алдын бастай бер,
 Қорғайын қолдың артын-ай.
 Бұл дұшпандар екен айлакер,
 Қолыңды бастап жүре бер.
 Көрейін өзім соғысып,
 Салмағы артта көбейер.
- 1320 Тосқауыл жасап біздерге,
 Садақпен атып жебелер.
 Артыңда өзім болайын,
 «Орақ» деп ұран шақырсам,
 Қызылбастар көп өлер.
 Жекпе-жекке шыққаны
 «Ар-намысым» деп өлер.
 Қылыш сермеп, оқ атсам,
 Алаулаған қызылбас
 Өздері қашып жөнелер.
- 1330 Қарасай қолдың артында,
 Алдына шықты ер Қазиді,
 Қолды бастап келеді.
 Қарсыласқан дұшпанға
 Әскерін жауға бермеді.
 Қылышын Қазиді сермеді,
 Жауды көзі көрмеді.
 Көк найзасы қолында,
 Жоғары қарай өрледі.
 Астындағы Шұбар ат
- 1340 Болаттай еді тұяғы.
 Қатаң тастақ жерлерді
 Саз балшықтай иледі.
 Қаптай шапқан қызылбас
 Қызыл-жасыл туларын
 Желбіретіп байлады.
 Жай тасындай қайнады,
 Жауар бұлттай ойнады.
 Қазиді мінген Шұбар ат
 Табаны тастан таймады.
- 1350 Қарсыласқан дұшпанын
 Бұл сапарда ер Қазиді

Жеңбей, сірә, қоймады.
 Бермеді жауға әскерді
 Қарасай батыр айлалы.
 Қызылбас жауы көбейіп,
 Қарасайдың үстіне
 Үш қайтара айдады.
 Қанша дұшпан келсе де,
 Жеңбей батыр қоймады.

- 1360 Қазі тұрып толғады-ай:
 — Қош айтысып мен тұрмын,
 Қарасай аға, саған-ай.
 Жауда қалған досыңды
 Іздейін деп тұрмын мен,
 Жауап бер, аға, маған-ай.
 Қарасай сонда сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Ау, Қазижан, қарағым,
 Белге асынған жарағым
- 1370 Сенің досың болғанда,
 Менің досым емес пе?!
 Сенен нағып қалайын,
 Елге не деп барамын?!
 Не де болса, шырағым,
 Сенімен бірге боламын.
 Қызыл атқа мінейін,
 Шұбалаңдап желейін.
 Құдай дескен досымды
 Сенімен іздеп көрейін.
- 1380 Жолдас болып қасыңа,
 Қызығыңды көрейін.
 Өлген жерде жүрейін,
 Тілекті бірге тілейін.
 Бауырым едің туысқан,
 Өткіздің қолды қуыстан.
 Қайырылар ма екен қызылбас
 Бізбенен бірге ұрысқан.
 Қайтып барып тағы да,
 Өткізейік қылыштан.

- 1390 Досың еді ер Әділ
Көкірегін таясқан,
Бар ма жан одан аясқан?
Тірі болса шабармыз,
Орнында тұрса жер, аспан.
Ау, Қазижан, қарағым,
Үйірінен адасқан
Әділді тауып біз алсақ,
Сонда бізге жарасқан.
Қарасай айтып осыны,
- 1400 Інісіне қарады.
Екі батыр ер досын
Іздеп кетіп барады.
Қызыл-жасыл туларын
Қолдарына алады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қайта түсіп барады.
Тауды тастап қызылбас
Қайтқан екен қалаға,
Қалаға келіп шабады.
- 1410 Қызылбастың ішінен
Әділ досын қарады.
«Әділ досым қайда?» деп,
Қарасай, Қази — қос батыр
Ұстап алып сұрады,
«Тауып бер» деп қарады.
Енді батыр тиеді,
Кіріп-шығып жүреді.
Оңы менен солына
Қарулары жарқылдап,
- 1420 Тебінгісі салпылдап,
Қырып-жойып жүреді,
Қызылбасты алқымдап.
Жау жартыға таянды,
Досын іздеп екеуі
Басын салды ортаға.
Ерде ойы болғасын,
Бұлар жаудан қорқа ма?
Қызылбасқа шабады,

- Әділ досын қарады.
1430 Қара тұман шаң болып,
Шаң аралас қан болып,
Жауда Әділ ер қалды.
Қази менен Қарасай
Қызыл қанға боялды.
Алты күнгі соғыста
Аспан менен жер жанды.
Әділ досын таба алмай,
Қайда екенін біле алмай,
Қызылбастың біреуін
- 1440 Ұстап алып сұрады.
Қызылбасты танымай,
— Әділмісің сен? — деді.
Қорыққаннан қызылбас
— Әділ досың мен, — деді.
— Әділ болсаң, досым-ай,
Кел артыма мін, — деді.
Мінгестіріп Қарасай
Алып шығып қараса,
Қызылбастың адамы.
- 1450 Мұрнын кесіп шұнтыйтты,
Құлағын кесіп құнтыйтты.
«Өлер жерің осы» деп,
Басын кесіп бұлтыйтты.
Әділ досын екеулеп
Алты күндей іздеді.
«Табылар, — деп, — бір жерден»,
Күдерін олар үзбеді.
Екі тұлпар жануар
Сүйегі қызып ойнады,
- 1460 Секіреді қояндай.
Соғыс қылды алты күн
Екі батыр аянбай.
Таусылатын жау емес,
Жау жартыға таянды-ай.
Алты күнгі соғыста
Қарасай болды жаралы-ай.
Ауық-ауық қан құсып,

- Шыбын жаннан кешеді.
 Тұрған екен таба алмай,
 1470 «Шырағым, Қази, қайда?» деп,
 Қызылбастан найза жеп.
 Найзасына таянып,
 Жарасынан қан ағып,
 Тұрған екен шақырып,
 «Сүйеп шық, — деп, — ағанды».
 Төңірегі қызылбас
 Тұрған екен қамалап.
 «Қайда кетті ағам? — деп, —
 Қызылбастан жапа» деп,
 1480 Қарасай тұрған зарланып.
 Зарланып тұрған ағасын
 Сонда Қази көреді.
 Шұбар атты қамшылап,
 Көзінің жасы тамшылап,
 «Бауырым» деп шабады-ай.
 Жетіп келді қасына
 Ойлады батыр осыны:
 — Жауынгер деп қарасам,
 Асыл ердің сүйегі
 1490 Шығарар ма екен осылай.
 Жанына тиіп қайрасам,
 Найзағай бұлттың сойы еді,
 Ашуланып түнерсем,
 Жараға себеп етер ме.
 Қолтығынан сүйесем,
 Бір жағынан демесем,
 Тау басына жетер ме.
 Ашуын қайрап келтірсе,
 Кезеніп батыр кетер ме, —
 1500 Деді дағы, ер Қази
 Қасына жетіп келеді.
 Қан құсып тұрған ағасын
 Қази сонда көреді.
 Жараны Қази көргесін,
 Көзінің жасын төгеді.
 — Нағылып тұрсың, аға, — деп,

- Қызылбастан жара жеп, —
Келіп сөйлей береді:
— Нағылып тұрсың, Қарасай,
- 1510 Батып тұр ма жаныңа-ай
Жаудың салған жарасы-ай?
Жауға сырын алдырмас,
Бітпесе ердің қазасы-ай.
Азда болса көп болар
Сабырсыз ердің жарасы-ай.
Мұнша неге кем болдың,
Екеуміз де, Қарасай,
Бір кісінің баласы-ай.
Осындайда ашылар
- 1520 Жақсы менен жаманның
Екеуінің арасы-ай.
Атадан бірге тусақ та,
Туыпсың жаман шамасы-ай,
Қылыш тисе морт етіп,
Айтушы еді анам-ай,
Ана сыншы балаға-ай.
Атадан бірге туса да,
Бәрі бірдей бола ма?
Атамыз Орақ ер еді.
- 1530 «Қарасай адам болмас» деп,
Атамыз солай деп еді.
«Қазижан жауға барғанда,
Бұзар деп еді жебені» .
Қарасайды туғанда,
Кем болатын себебі:
«Мысырдың қара тасына
Жерік болдым деп еді.
Сол себептен Қарасай
Кем болып туған деп» еді.
- 1540 Қарасай сонда сөйлейді:
— Айналайын, қарағым,
Менімен ісің болмасын.
Мені қорғап жүргенде,
Өзің түсіп қаларсың.

- Жауда қалған ағаңды
Ахиретте табарсың.
Қарасай, Қазі ер еді,
Жолынан үміт үзеді.
Үміт үзбей не қылсын,
1550 Жарасы мықты жүдетті.
Жарасы мықты болғансын,
Сүйеп жүрді інісі,
Сүйеніп жүрді ағасы,
Мықты көрді жарасын.
Әсіресе бір жара
Келді құртып шамасын.
Жараны мықты көреді,
Қайғыны мықтап шегеді.
Ағасының жарасын,
1560 Қуатының кеткенін
Жараны көріп біледі.
Келіп басын сүйеді,
Қолтығынан демеді.
Осындайда болмаса,
Жақынды неге тілейді?
Туысқанның себебі
Тарықса тиер көмегі.
Туғаны жоқ жалғыздың
Жауда қалар сүйегі.
1570 Қарасайды қалдырмай,
Қазі сүйеп келеді,
Жараны көзі көреді.
Қаны судай ағады,
Қанын сүртіп алады.
Ағасын сүйеп жетектеп,
Жаудан шықты амалдап.
Ағасын алып аяндап,
Айдын көлге құлады.
Ағасының жарасын
1580 Көлде жатып бағады.
Ақ дөрісін аюдың
Жарасына жағады.
Он күн бағып ағасын,

Жарасын жазып алады.
 Енді қайтып бара алмай,
 Досын іздеп таба алмай,
 Арманда болып екеуі,
 Қайтып кетіп барады.
 Әділ досы шырқырап
 1590 Баяғы орда қалады.

Әлқисса, ал, енді Қарасай жаралы болып, інісін жаудан алып шығады. Әділге қайта бара алмай қайтады. Енді қызылбастар ұрыс басылғасын, ұрыс болған жерде қандай адам өлді, қандай зат қалды деп іздеп жүрсе, қараңғы орда жатқан бір баланы көреді. Ұстайын деп барған қызылбасты ұрып өлтіреді.

Әділдің түскен орына
 Көп қызылбас келеді.
 Қараңғы орды жап-жарық
 Қылып жатқан Әділді
 Олжа теріп жүргенде
 Көп қызылбас көреді.
 Осы келген қызылбас
 Бұл соғыста жоқ еді.
 Әділді қырған қызылбас
 1600 Қарасанның қолы еді.
 Қарасан деген батыры
 Бәрінен де зор еді.
 Үш бөліп үш жерден
 Соғыс салды деп еді.
 Көп олжаға тап болып,
 Қызылбас олжа тереді.
 Олжа теріп жүргенде,
 Көп қызылбас келеді,
 Жас Әділді көреді,
 1610 Таласып орға түседі.
 Бірінен-бірі қызғанып,
 Мен ұстаймын деседі.
 Сол уақытта Ер Әділ
 Қызылбастың үстіне
 Топырақты шашады.

- Қолына түссе, жібермей,
 Жолбарыстай басады.
 Ұстай алмай қызылбас,
 Ордан шыға қашады.
- 1620 Оң келгенін оң ұрып,
 Сол келгенін сол ұрып,
 Терең ордың ішінде
 Жауменен ұрыс салады.
 Әділді ұстап ала алмай,
 Қасына жақын бара алмай,
 Қызылбас жаман сасады,
 Ордан шыға қашады,
 Далаға шығып тұрады.
 Жүгіріп жүріп ер Әділ
- 1630 Қолына кесек алады.
 Қамап жүрген жауына
 Жіберіп келіп қалады.
 Бірінің көзін шығарып,
 Біреуінің басын жарады.
 Ұстай алмай қызылбас,
 Бір бөлеге қалады.
 Көп қызылбас кеңесіп,
 Ақыл айла табады.
 Қолдарына қызылбас
- 1640 Бір-бір белді алады.
 Топырақты құлатып,
 Төбесінен құяды.
 Топырақпен бастырып,
 Әділді ұстап алады.
 Мықтылығын білгенсін,
 Екі қолын қайырып,
 Сірлеп құрсау салады.
 Қолөткіл салып темірден,
 Шынжыр тағып мойнына,
- 1650 Ордан алып шығады.
 Қолға түскен ер Әділ
 Екі қолы сірлеулі,
 Енді не амал қылады?
 Қолға түсіп қор болып,

- Көзі жайнап тұрады.
 Қамап тұрған қызылбас:
 — «Жөніңді айтсаң жіберем.
 Жіберейік, бейшара,
 Бұл не деген жер еді,
 1660 Әрбір жерден зор еді.
 Ер әулие Едіге
 Бұл келмеген жер еді.
 Едіге ұлы Нұрадын
 Бұл келмеген жер еді.
 Ақ Сұлтаны халықтың
 Бұл келмеген жер еді.
 Он екі ханның елі еді,
 Әр патша да зор еді.
 Аттанып келген жеріме
 1670 Қол бастаған кім еді,
 Айтшы болыс жөніңді?
 Сонда Әділ сөйлейді,
 Сөйлегенде бұй дейді:
 — Қамап тұрған қызылбас,
 Қолыңа түсті біздің бас.
 Аяқ-қолымды босат, — деп, —
 Жібер, — деп саған жалынбас.
 Аты-жөнімді сұрасаң,
 Менің атым — ер Әділ,
 1680 Қорқып атын жасырмас.
 Қорыққаным бола ма,
 Жалынбаймын саған-ай.
 Қырық мың әскер қолменен,
 Жалғыз аяқ жолменен,
 Үш бөлініп, үш жерден
 Тиісіп едік қалаңа-ай.
 Алдыңғы тиген көп әскер
 Қарасай, Қази — қос батыр
 Шапқан шығар қалаң-ай.
 1690 Екінші әскер мен едім
 Жалғыз аяқ соруыңа
 Түскенімде қырылдым.
 Ортаға алдың қамалап,

- Қамап қырдың бәрін де.
Қолымды қорғап тұрғанда,
Ортасынан сарт етіп,
Садағым екі бөлінді.
Тұлпарым орға жығылып,
Өмілдірік үзіліп,
1700 Еріменен сыпырылып,
Сыпырылып мен түстім.
Қараңғы ордың ішінде
Таба алмадым жөнімді.
Қыдырып жүріп қызылбас
Мені көріп жұмылдың.
Ұстаймын деп тұрғанда
Талайыңды өлтірдім,
Ұстаймын деп жүгірдің.
Ақыл тауып тағы да,
1710 Қазған ордың ішіне
Топырақты суырдың.
Көрсетпедің көзімді,
Есітпедің сөзімді.
Топырақпен бастырып,
Ұстап алдың өзімді.
Атаңа нәлет қызылбас,
Білгенің болса аянба,
Мен де саған бір күні
Көрсетермін көрінді,
1720 Жеткізермін өлімді,
Босатса Құдай қолымды.
Менің де жөнім сұрасаң,
Мен Қырымның ханы едім,
Қол бастаған ер едім.
Қызылбасты қиратып,
Жесірін қойдан шулатып,
Шауып алсам деп едім.
Тұлпарым орға жығылып,
Болмады қабыл дегенім.
1730 Өлсем өліп кетермін,
Егер өліп кетпесем,
Білгенімді етермін,

- Түбіңе ақыр жетермін.
Қызылбас ханы сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Қол бастаған ер болсаң,
Әділ деген сен болсаң,
Мойныңа қамыт ілейін,
Алты арбаны жегейін,
1740 Толтырып тасты тиейін.
Мақтанғанын батырдың
Күшін сөйтіп көрейін.
Әділ болсаң сен, — деді,
Жазаңды сөйтіп берейін.
Осыны айтып қызылбас,
Байлап қолын әкелді
Қазбан деген қалаға.
Қалаға Әділ келгенсін,
Мойнына қамыт іледі,
1750 Алты арбаны жегеді.
Алты арбаның үстіне
Толтырып тасты төгеді.
Алты арбаның үстіне
Бір қызылбас мінеді.
Арбаға қосқан өгіздей
Шыбықтан айдап жөнеді.
Қарасай бұзған қаланы
Әділ жегіп түзеді.
Айдап жүрген қызылбас
1760 Қолына алды бір шыбық,
Елге болды бір қызық.
Арбаға тасты артады,
Алты арбаны ер Әділ
Өгіздей өрге тартады.
Керленіп Әділ тартқанда,
Үзіледі арқаны.
Арқаны қиып арқасын,
1770 Жанына қатты батады.
Қасына жақын келуге
Қызылбастар қорқады.
Бұрынғыдай Әділге

- Еркелейтін ел қайда,
Алты арбаны сүйретіп,
Жолға түсіп жортады.
Қарасай бұзған қаланы
Әділге жегіп арбаны,
Қызылбас түзеп қаласын,
1780 Алты айда салып алады.
Қаласын салып алғасын,
Және бір қастық қылады.
Тісімен тезек тергізіп,
Қыдыртып қойды даланы.
Тісімен тезек тереді,
Көп қорлықтар көреді.
Бір қызылбас ізінде
Тергізіп тезек жүреді.
Бұл қаланың тезегін
1790 Кеште алып келеді.
Өліп-талып келгенде,
Және бір азап береді.
Мұндай азап-қорлықты
Көремін деген ойда жоқ,
Басына түссе көнеді.
Және бір жерге айдады,
Бір азапты ойлады.
Табанына тас тағып,
Саналап мықты байлады.
1800 Күндіз-түні азапта,
Әділдің соры қайнады.
Қимылдайтын дәрмен жоқ,
Екі көзі жайнады.
Бұ да қылған қастығы,
Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
Қуалап ұстар қолы жоқ,
Жамбастап жатып келгенін,
Қолына түскен баланы
1810 Қашыр-шұқыр шайнады.
Алма деген бір жеміс
Ол кеш пенен бұл кешке

- Жарым алма жейтіні.
 Қадірін білген жақсылар
 Ардақтаған біреудің
 Шырағы ғой дейді-міс.
 Қадірін білмес жамандар
 Жарты алмаға тойды ма,
 Бір жаман ғой дейді-міс.
- 1820 Әділ жүрді азапта,
 Тыным көрмей жазы-қыс.
 Қырым жақтан келсейші,
 Ұшып жүрген қара құс.

Әлқисса, Әділ азаппенен есі кетіп, есеңгіреп жата берсін. Ендігі хабарды елге қайтқан батырлардан естиік.

- Ахмет батыр, Қоянақ
 Тас өткелдің аузында
 Кездескен жауды аямады.
 Қарасай, Қази, жас Әділ
 Жауда қалды солар деп,
 Көпті көрген қарт батыр
- 1830 Аш бүйірін таянды.
 Ахметтің ойында
 Алдынан келсе шабарман,
 «Қиратып жауды қайттық» деп,
 Өтірік сөзбен боямақ.
 Жауда қалды ер Әділ
 Анасы баққан аялап.
 «Елге не деп барам деп,
 Бір мезгілде қарт батыр
 Ұйқыдан шошып оянады:
- 1840 — Ахмет батыр, не дейміз,
 Елге барсақ осыдан, —
 Деп сөйледі Қоянақ.
 Ойлап қарап осыны,
 Сен едің батыр қолбасым,
 Қалай барып көрерміз
 Ер Әділдің ордасын?
 «Әскер қашан келер» деп,

- Бәйбикеш ханым, Ілия
Еңіреген жетім қас мұңды
1850 Жолды күткен болмасын.
Жұбаталық сөзбенен,
Бізден көңіл қалмасын.
Осыларды ойыңа ал,
Ахмет сардар батырым.
Қырымға жақын барғасын,
Уәйімменен мен келем
Қарасай, Қазі, жас Әділ
Қызылбас жақта қалғасын.
Ілия, ханша ол сұрар
1860 «Қайда, — деп, — батыр жолдасың?»
Сонда Ахмет толғады:
— Тірлікте пендеге
Маңдайға жазған болмағы.
Асылық етті ер Әділ,
Көре алмас келіп қалаға
Қырымдағы орданы.
Асылық қылған пенденің
Бейнетке душар болмағы.
Көңілге келді бір қиял
1870 Ілия шығар алдымнан,
Қырымға жақын бармалы.
Осы айтқаны мақұл ма,
Қоянақ, өзің ақыл бер.
Ноғайлының сен едің
Көпті көрген тарланы.
Үш күндік жолға кідіріп,
Алыстан елді барлалы.
Көкірек қайғы, көңіл шер,
Қызылбастың қолында
1880 Байлаулы қалды талай ер.
Бас аман-сау біз қайттық.
Мұны естіген ноғайлы
Біздерді қалай батыр дер.
Тастан қайтты болатым,
Қарасай, Қазі, жас Әділ
Қызылбаста қалғасын,

- Кесілді құйрық, қанатым.
Осылар еді ойласам
Халқыма қамқор кемеңгер.
- 1890 Кездесе қалса Ілия,
Әділ аман, біз аман,
Басқа бөтен демендер.
Осыларды ойласам,
Алдым зындан ор болып,
Солқылдайды қара жер.
Қарасай, Қази, жас Әділ,
Сіздерді іздеп оралып,
Қызылбасқа бара алман.
Бұл тірлікте жүргенде,
- 1900 Жауда қалған үш батыр
Көзіме қашан көрінер.
Көп әскерлер, тоқтаңыз,
Осы жерге қоналық.
Үштен бірі біз едік,
Абыройдан қайттық тоналып.
Ел көрерлік бетім жоқ,
Жүрмесін халық жерініп.
Өркім тапсын өз жолын,
Таралық ертең бөлініп.
- 1910 Ойлап енді қарасаң,
Қызылбастың елінен
Батырлар қайттық жеңіліп.
Қоянақ, Серік, Ахмет,
Басымыздан бақ тайып,
Бұрынғыдан кемідік.
Дұшпандарым марқайып,
Арланғаннан досымыз
Өлетін шығар демігіп.
Сол күні жатып дем алды,
Елге қарай жүруге
- 1920 Әскерлер тағы жиналды.
Жал-құйрығы өрулі,
Тұлпарлар тұрды керіліп.
Елге қарай беттеді,
Осқырып жерді тебініп.

- Бір мезгілдер болғанда,
Күн алты айға толғанда
Қырымның алтын сарайы,
Әділ ханның ордасы
Төбесі тұрды көрініп.
- 1930 Ордада тұрып Ілия
Көп әскерді көргесін,
Түтіндей тұман шаң көрді,
Қаптаған әскер жан көрді.
Қол бастаған батырлар
Алыстан айбар көрінген
Дулыға қалқан шеңберлі.
Қаптаған қалың әскердің
Ілия шықты-ай алдынан
Бозжорға атпен көлденең.
- 1940 Сонда Ілия сөйледі:
— Ахмет батыр сен едің,
Қызылбасқа кетерде
Қоштасып кеткен елменен.
Арыстан батыр өзіңсің
Дұшпанды жеңіп дендеген.
Ордаға соқпай кетуің
Ойлап енді қарасам,
Көңіліме жөн демен.
Батырдан сауға, жөніңді айт,
- 1950 Әділ көкем аман ба?
Қызылбас елі қатерлі
Барса келмес жер деген.
Әскері аман, көкем жоқ,
Кеудеден шыбын жан кетіп,
Араласып қалды ма
Келістірген жерменен.
Жалғызым аман болса игі еді,
Сіздерге нағып ермеген.
Сонда Ахмет толғады:
- 1960 — Әділ аман, біз қайттық,
Әділ патша болғасын,
Қалмады жауым жеңбеген.
Бақыт құсы басында,

- Қорықпа енді, Илияжан.
 Қараңғы түнде жарық шам
 Шам-шырағы сөнбеген.
 Қарасай, Қази, жас Әділ
 Кейінгі жақта келатыр,
 Ыңырсыған мал айдап.
- 1970 Алтын мен күміс тең деген,
 Бәйбікеш ханым, Илияны
 Ахмет батыр сол жерде
 Өтірік сөзбен өндеген.
 Өтірік сөзбен жұбатып,
 Ахмет кетіп қалғасын,
 Жылап қалды қос мұңлы
 Боз төбенің басында.
 Арадан бір күн өткесін,
 Қайғылы көңіл сенбеген.
- 1980 Бірнеше күн күтсе де,
 Ыңырсыған мал айдап
 Қарасай, Қази, жас Әділ
 Бұл бағыттан келмеген.
 Бәйбікеш ана, Илия қыз
 Қайғымен зарлап еңіреген.
 Көзін салса алысқа,
 Көрінеді қос қара.
 Назары төмен қайғылы
 Астындағы тұлпары,
- 1990 Адымын шабан сермеген.
 Әруағы қашып бойынан,
 Қарасай, Қази — қос батыр
 Келе жатқан қайғы пердемен.
 Сонда Илия сөйледі:
 — Келе жатқан қос қара —
 Қарасай, Қази екеуі.
 Жалғызым Әділ жоқ екен,
 Бәйбікеш анам, көр деген, —
 Деді дағы, қос мұңлы
- 2000 Орнынан тұрады.
 Қайғылы болған сорлының
 Селт еткендей құлағы.

- Қарасай менен Қазига
Айдады «шүү» деп құланы.
Сонда Илия сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қарасай, Қазиге батырдың
Өздері аман келеатыр.
Жауда қалған сықылды
- 2010 Аламан әскер құралы.
Осы сөзді айтты да,
Қайғылы-мұңлы жылады.
Біздерге түскен сықылды
Ашылмас күннің тұманы.
Батырлардың алдынан
Екі мұңлы шығады.
«Қарасай, Қазиге сауға» деп,
Қайғымен мойнын бұрады.
«Әділ көкем қайда?» деп,
- 2020 Кідірмей Илия сұрады.
Қарасай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жылама, енді, Илияжан,
Әділ аман келеатыр.
Бір өзіне бағынды
Қызылбас бүткіл мұсылман.
Астына алтын тақ мінді
Әділ аман, қарағым,
Зор аймаққа болды хан.
- 2030 Ер Әділдің бақытына
Көрген халық таң қалған.
Әділмін деп ақырса,
Қызылбас, қалмақ сандалған.
Аңдысатын бір-бірін
Құтылды халық жанжалдан.
Ер Әділдің қолында
Семсер, қылыш, найзасы.
Әділ аман, біз аман,
Патша болып, хан болып
- 2040 Тигізген көпке пайдасын.
Қазынаға толтырар

- Алтын сарай қоймасын.
 Осы айтылған сөзімді
 Бір Алла өзі есіткей.
 Ілия менен Бәйбикеш,
 Келіп қалар ер Әділ
 Артымыздан кешікпей.
 Туған жерге не жетсін,
 Алтын сарай бесіктей.
- 2050 Сонда Қази толғады,
 Бұл айтқан сөзге болмады:
 — Шын сөйлесе батырдың
 Сонда асыл болмағы.
 Қарасай, жалған сөйлейсің
 Әділ аман келе атса,
 Әскерің қайда қолдағы?
 Мүсәпір болған сорлыны
 Неге алдайсың сөзбенен?
 Екі көзі төрт болып,
- 2060 Қайғылы көңіл дерт болып,
 Мұңайып тұрған жолдағы.
 Жалған сөзбен жұбатып,
 Ұмыттың ба, Қарасай,
 Бір жаратқан Алланы.
 Жауда қалды ер Әділ,
 Біз де қайттық жаралы.
 Қызылбас жақта ер Әділ
 Қырымның патша тарланы.
 Әділ қалды қорлықта,
- 2070 Бойымыздан кетер ме
 Қайғының ауыр салмағы?
 Батырсынған ерлердің
 Тістеуменен қайтты бармағы.
 Жағалай қазған оры бар,
 Жебедей мықты торы бар,
 Бекініс мықты қорғаны.
 Көп қайғыдан пайда жоқ,
 Күдер үзіп жүре бер.
 Әділ қалды, біз келдік,
- 2080 Білгеніңді ете бер.

- Күйгенменен күймек жоқ,
Қаза жетпей өлмек жоқ,
Батып жерге кірмек жоқ.
Бір Құданың ісіне,
Құдіреттің күшіне
Бәйбикеш, Ілия, жылама.
Аман болса бұл басым,
Қан қақсатып хандарын,
Шырқыратып жандарын,
2090 Салармын азу тісіме.
Қайғылы мұндай күн туды,
Ажал келсе бір күні,
Артқа тастап кетерміз
Дөреже, бақыт, жер, суды.
Ер Әділдей батыр жоқ,
Он мың дұшпан қаптаған,
Ат тындырмай жетті күн,
Жалғыз өзі ұрысулы.
Бір жағы батпақ сор болып,
2100 Екі жағы ор болып,
Қатерлі қауіп жері көп.
Қаптай шабар дала емес,
Жалғыз аяқ жолы бар,
Шұбырған әскер біріндер.
Әуелден жазмыш осылай
Салса, пенде, амал жоқ.
Екі мұңлы бейшара
Жер бауырлап құлады,
Құдайға «ал» деп жылады.
2110 Оныменен алсын ба,
Таусылмаса уақыты.
Сол күні жатты дәм татпай,
Бар тапқаны зарлайды,
Төбелеп ұрып маңдайды.
«Әділ жауда қалды» деп,
Бәйбикеш, Ілия зарлайды.
Екеуі жылап жатқалы
Дем алып, дәм су татпады.
Жалғыздық түсіп басына,

- 2120 Ойлағаны жалғызы.
Қозғалғанмен тұра алмай,
Кеудесінен басулы
Қайғының ауыр батпаны.
Көзін ашпай жылаумен,
Алты күн болды жатқалы.
Алты күннен өтеді,
Жеті күнге жетеді.
Қасыңдағы қызына,
«Тұр, шырағым, жатпа! деп,
- 2130 Жалбарынып көрейін,
Бір жаратқан Аққа деп.
Біз барайық айналып
Ессіз қалған таққа деп.
Жауда қалған жалғызды
Жаратқан өзің сақта» деп,
Сорлы ана жылады.
«Ақ шалмалы пірадар,
Қысылған жерде біздерге
Қолдауышың жоқ па деп.
- 2140 Өділ жалғыз ұлымды
Бергенің бе шынымен
Қызылбас атқан оққа» деп.
— Түрегел қызым, түрегел,
Алла ісіне көне бер.
Кімге еркелеп жатырсың,
Кім есіркеп шақырсын?
Қызына келіп аймалап,
Шырағым, тұр, — деп қаймалап.
Тұрғызатын адам жоқ,
- 2150 Саған түгіл маған жоқ.
Бір Құдайдың ісіне,
Құдіреттің күшіне
Салса пенде амал жоқ.
Аға түгіл іні жоқ,
Енді бізге тыным жоқ.
Алты күн жаттық дәм татпай,
Ажалдан бұрын өлмек жоқ.
Ордамызға кірелік,

- Ақ ісіне көнелік.
2160 Ессіз қалған дүниені
Өзіміз ішіп, киелік.
Жатқаныменен келе ме,
Тілегенменен бере ме,
Тұр, шырағым, тұр! — деді.
Жылап жатқан Ілияның
«Шырағым, тұр» дегені
Құлағына келеді.
Түрегеліп Ілия қыз
Шешесіне ереді.
- 2170 Ессіз қалған ордаға
Екі мұңлы кіреді.
Құдіреттің ісіне,
Сырын шашпай кісіге,
Екі мұңлы көнеді.
Омар менен Оспанның
Тілегін Құдай береді.
«Әділ жауда қалды» деп,
Қуанып, ойнап, күледі.
Ілия менен дүниеге
- 2180 Екі құл билеп жүреді.
Екі құлдың кеңесін
Екі мұңлы біледі.
Құлдар бұлай болғасын,
Сарғайып Ілия жүреді.
Басында ерік барында
Құл басын Ілия қорлады.
Ардақтаған Ілияны
Аламыз деп ойлады.
Бір-біріне қимады,
- 2190 Екі құлдың әлден-ақ,
Әлден-ақ басы симады.
Көздері жаман аларды,
Көңілі жаман қарайды.
Бір күндері екеуі
Ілияға таласып,
Төбелесті салады.
Ерегескен екі құл

- Бірін-бірі өлтіріп,
Ілияны алмақ болады.
- 2200 Айлардан айлар өтеді,
Күндерден күндер өтеді,
Пенде болған Әділдің
Ес-ақылы кетеді.
Сүйретіп арба мойнына,
Жас сорғалап қойнына,
Күш-қуаты кетеді.
Бірге туған бауыр жоқ,
Жеке туған ер еді.
Алты арбасы мойнында,
- 2210 Күні-түні азапта.
Бұрынғы қайрат күш қалды,
Бұрынғы дәурен күн қалды,
Сахара сайран шың қалды.
— Қимылдарға әлім жоқ,
Айналмас бақыт шын қалды.
Ақ сүт берген анашым
Тумалас Ілия мұң қалды.
Әскерім ерген он үш мың,
Бұл қызылбас қан ішер
Бір емес миллион мыңды алды.
- 2220 Мүгедек пенде мен болдым,
Білерге жағдай халім жоқ.
Қырымнан келген қырық мың
Менен басқа кім қалды.
Осына айтып ер Әділ,
Өз-өзінен жынданды.
Мүшесінен әл кетті,
Тек шықпаған жан қалды.
Ар-намысты тіл қалды,
Қайғылы ашу, зар қалды.
- 2230 Амалы құрып Әділдің,
Есі кетіп сандалды.
Пірлері түсіп есіне,
Сол күні жатып зарлады:
— Жаратқан жалғыз Құдайым,

- Бір өзіңе жылайын.
Қысылғанда, пірлерім,
Сіздерден жәрдем сұрайын.
Сонда Әділ сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
- 2240 — Кешегі бір күндерде
Ғайып ерен жеті пір,
Маған қайырың тимеді.
Анамның айтқан бір сөзі
Жаңа түсті есіме
Ақылы айтқан үйдегі.
Ұмытып кетіп пірімді,
Астымдағы тұлпарым
Әлденеше сүрінді.
Көңілді шайтан биледі,
- 2250 Пірлерім, өзің жәрдем бер.
Қырымда Әділ хан едім,
Басымда бақыт құсым жоқ.
Ардақтаулы Әділің
Алты арбаны сүйреді.
Ғайып ерен жеті пір,
Жеті пірдің ішінде
Ақ шалмалы пірадар,
Піріміз едің, жәрдем ет,
Сізден мәдет сұрайын?!
- 2260 Пірлерім жәрдем бермесе,
Енді не амал қылайын?
Сүйрегенім алты арба
Босанып қалай шығайын?
Қолөткіл бар қолымда
Оны нағып бұзайын.
Анамның айтқан бір сөзі
Жаңа түсті есіме.
«Ғайып ерен жеті пір,
Жеті пірдің ішінде
- 2270 Ақ шалмалы пірадар,
Шарапатты пірің» деп
Айтып еді анамыз.
Анамның сөзі шын болса,

- Ақ шалмалы пірадар,
Пірімсіз, саған жалындым.
Анамның айтқан бір сөзі
Жаңа түсті есіме-ай,
Кетті қуат күшім-ай.
Жазым етіп мойныма,
2280 Тезек теріп кетілді
Ақ меруерттей тісім-ай.
Ең болмаса, пірлерім,
Бір енсеңші түсіме-ай.
Көніп жүрмін, қайтейін,
Құдіреттің ісіне-ай.
Табан етім жарылды,
Заманым менің тарылды-ай.
Қолға түсіп қор болып,
Басымнан бақыт арылды-ай.
2290 Әділ ғаріп балаңыз,
Пірлерім, саған жалындым.
Жер жүзінде бар болсаң,
Есіткейсің зарымды.
Ақ шалмалы пірадар
Ер Әділдің пірі еді,
Керемет-ті зор еді.
Анасының тапсырған,
Айтқан пірі сол еді.
Есі кетіп Әділдің,
2300 Ойына түспей жүр еді.
Жылаған даусы баланың
Ғайып ерен пірлердің
Құлағына келеді.
Қысылғанын Әділдің
Енді пірі біледі.
Мейманының шөлінде
Жылап жүрген Әділдің
Қара құс болып пірлері,
Пірлері ұшып жөнеді.
2310 Қанаты күміс, мойны мыс
Мысалы болды қара құс.
Керемет-ті ер болсаң,

- Қара құстай болып ұш.
Бір Құданың пәрмені
Қанаты ұшып талмайды,
Жерге түсіп қонбайды.
Қара құс болған пір еді,
Әділге ұшып келеді.
Жылап жүрген ер Әділ
- 2320 Қара құсты көреді,
Көре сөйлей береді:
— Аспанменен тіркескен,
Бұлттарменен күрескен,
Адыра қалғыр қара тау,
Болып тұрсың маған жау.
Бір қара құс үстімнен
Қалықтап ұшып келеді.
Қасыма келіп қонсайшы,
Тілегім қабыл болсаңшы.
- 2330 Ұшып келген қара құс
Менің пірім болсаңшы.
Қасыма келер күн болса,
Төс қалтамнан еңкейіп
Алар едім қаламды-ай.
Тісімменен Қырымға
Жазар едім сәлемді-ай,
Осыған себеп болсаңшы.
Өздері іздеп келеді,
Пірінен жәрдем болады,
- 2340 Көңілі нұрға толады.
Төс қалтадан еңкейіп,
Қағаз, қалам алады.
Тісіменен тістейді,
Ерніменен күштейді.
Әділ байғұс амалдап
Қырымға сәлем жазады.
Әуелі бастан жазады
Қарындасы Ілияны,
Ақ сүт берген анасын.
- 2350 Бәрі де жатыр жазылып
Тіспенен жазған қағазға,

- Қар бойындай хат болды.
 «Әділдің хабар барар» деп,
 Болып жатыр дәмелі.
 Пірінен жәрдем болғасын,
 Нұрланды батыр әдемі.
 Бүтін емес, жартымын,
 Қарасай, Қазидосым-ай,
 Бір іздемей Әділді
- 2360 Достықтың жөні осы ма-ай?
 Жылағанда көл болды
 Көзден аққан жасым-ай.
 Қарасай, Қазидосым,
 Сендерді «дос» деп кім айтар,
 Осындайда көрініп,
 Бір келмедің қасыма-ай?!
 Екі досым сен едің,
 Сенің досың мен едім.
 Орға түсіп қалғанда
- 2370 Екі досым ат салып,
 Алып шығар деп едім.
 «Досым жауда қалды» деп,
 Бір қайырылып келмедің.
 Қолға түсіп, қор болып,
 Алты арбаны сүйретіп,
 Өгіздей өрге тартқанда,
 Қысылғаннан терледім.
 Қазбан деген қаланы
 Талқандап кеткен сендерсің,
- 2380 Алты арбаны сүйретіп,
 Сол болды барып көргенім.
 Күні-түні азапта
 Әділ досың мен болсам,
 Кеудемде шыбын жаным бар,
 Сүйретілген сұлдемін,
 Таусылып дөмім өлмедім.
 Жазады дейді маңдайға
 Рахат пенен бейнеттің
 Көретінін пенденің.
- 2390 Пірлерім түсіп ойыма,

- Күш жиналып бойыма,
«Адасқан ойды жөндейдім.
Қарасай, Қазидостарым
Артымнан іздеп келер» деп,
Қос батыр еді сенгенім.
Әділ досың қорлаулы,
Жарым жасым кемүлі.
Қамыт іліп мойныма,
Жас сорғалап қойныма,
2400 Кесілмеген сау жер жоқ,
Әділді аман қойды ма,
Алты арба жегулі
Күн батқасын қызылбас.
Қарасай, Қазидостарым,
Қалай көңілім бұзылмас.
Таспенен ұрып қан қылад,
Өне бойда сау жер жоқ.
Жеті мүше төнімде
Аман қалған көз-құлақ.
2410 Пірімнен жәрдем сұрадым,
Сіздерден күдер үзгесін.
Бір түн жатып зар жылап,
Ақыл естен айрылып,
Байлаулы марал аңғылдай,
Қызылбастың балдары
Тас жітіріп шаң қылды-ай.
Азап беріп қызылбас,
Қарасай бұзған қаланы
Алты арба жегіп мойныма,
Соны маған салдырды-ай.
2420 Тісіммен тезек тергізіп,
Бар азапты көргізіп,
Көрсетті қорлық қалдырмай.
Шыбықтап айдап жүргізді,
Бір қызылбас мінгізді.
Қалада күнде жүремін,
Тісіммен тезек теремін.
Ақ сүт берген ананы,
Қарындасым Ілияны,

- 2430 Қарасай, Қази достарым,
Сендерді қашан көремін.
Алты арбаны сүйретіп,
Күн батқасын келемін.
Ол кеш пенен бұл кешке
Жарым алма жегенім.
Басқа Құдай салғасын,
Амалым жоқ, көнемін.
Оныменен тұрмайды,
Және бір жерге айдайды.
Алып барып бір жерге
- 2440 Сыналап тасқа байлайды.
Таң атқанша Әділдің
Сүйтіп соры қайнайды.
Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
Басыма шығып ойнайды.
Қуалап ұстар қолым жоқ,
Екі көзім жайнайды.
Қарасай, Қази достарым,
Сендер түссең есіме,
- 2450 Ой теңізін бойлаймын.
Қимылдауға әлім жоқ,
Өлімтігі жарамсыз
Итке тастар қойдаймын.
Келмесең де, достарым,
Сендерден үміт үзбедім.
Алды-артымда таяу жоқ,
Қайта оралу сапарды
Жатпай-тұрмай ізденің.
Қарасай, Қази батыр-ай,
- 2460 Елге барып жатыр-ай.
Бір іздемей жатқаның
Лайық па атыңа-ай?!
Қызылбастың қолында
Алты арбаны сүйретіп,
Өгіздей тартып мен жүрмін.
Қарасай, Қази досым-ай,
Мұңымды жаздым осылай.

- Және дұғай көп сөлем
Қырық сан Қырым еліме-ай,
2470 Құрбы-құрдас теңіме-ай!
Жететұғын күн қайда
Туып-өскен жеріме-ай?!
Алаулаған қызылбас
Айтсам түспес тіліме-ай.
Қарасай, Қази жан достым,
Екі досым қосылса,
Кісеннен қолым босанса,
Жетермін жаудың түбіне-ай.
Осы күнде, достарым,
2480 Қызылбас аузы бірлеулі,
Күнде мені тергеулі.
Қимылдауға әлім жоқ,
Екі қолым серлеулі.
Мойныма шынжыр тағулы,
Дұшпандық қылып қызылбас
Басыма отты жағулы.
Көрген азап қорлықтан
Көзімнің жасы ағулы,
Бір қызылбас бағулы.
2490 Аяғыма тас қағып,
Астыма өртеп от жағып,
Шыдайын бұған мен нағып?!
Басқа түссе амал жоқ,
Сыналап тасқа байлаулы.
Тек жаным бар өлмеген,
Досының жайын білмеген,
Екі досым, сендерге
Менің көңілім қалулы.
Қызылбастың қолында
2500 Жүз мыңдаған батыр бар,
Күнбе-күн күтіп бағулы.
Қарасай, Қази достарым,
Екеуіңнен қорқулы.
Бұрын-соңды дұшпаннан
Жоқ екен жері жеңілген.
Атағын айтса Орақтың,

- Алаулаған қызылбас
Үмітін үзеді өмірден.
«Қарасай, Қази — қос батыр»
2510 Қайта айналып соғар» деп,
Он екі бірдей қалаға
Қорған салды темірден.
Қолға түссең, достарым,
Сендер үшін зындан бар.
«Тірілей тұзақ оты» деп,
Күндіз-түні от жағып,
Қыздырып жатыр көмірмен.
«Қарасай менен Қазиды
Сол зынданға салсам деп,
2520 Денесі ісіп семірген».
Және дұғай көп сәлем
Ақ сүт берген анама-ай,
Алдымдағы кәбем-ай.
Жылама, ана, жылама,
Аман-сау жүр балаң-ай.
Көп жылаудан пайда жоқ,
Көзіңнің жасы далаға-ай.
Ақ сүтіңді кеше көр,
Болайын сенен садаға-ай.
2530 Жарқырар күнім бар ма екен
Қайғылы тұман түтіннен.
Пірлерім жәрдем бергенсін,
Қызылбас жауы күтінген.
Ақ сүт берген анашым,
Мен көретін бейнетті
Көргендей айттың түсіңмен.
Ақ төсіңді аймалап,
Дәм тататын күн бар ма,
Балаша еміп төсіңнен?!
2540 Бір толтырсам аузымды
Емшектен аққан сүтіңнен.
Азаппен жүрмін тірлікте,
Бұған да, анам, шүкір дең.
Дұғайлы және көп сәлем
Қарындасым Илияға.

- Тас емшекті еміскен,
Тар төсекте тебіскен.
Қарағым, көкең мен едім
Айырылған бақыт жемістен.
- 2550 Ілияжан, сенсің бауырым,
Қарағым, қалқам, жылама!
Мен бейнеттің көрдім дауылын.
Шынжыр тағып мойныма,
Қол-аяғым таңулы,
Мен бейнеттің тарттым ауырын.
Ілияжаным, жылама,
Аман болсам, барармын.
«Қырымның патша ханы» деп,
Әр жерден кеткен дабылым.
- 2560 Тісім болып хат, қалам,
Сіздерге сәлем жолдаған.
Бірге туған нашарым,
Тілеңіз тілек Алладан.
Тісімменен тістедім,
Ернімменен ептедім,
Барармын аман, жылама,
Көзіңнің жасын төкпегін.
Және де дұғай көп сәлем
Айтар сөзім көп дедім.
- 2570 Қарасай, Қази — достарым,
Осы сәлем барғасын,
Бір іздер, — деп ойлаймын.
Қарасай, Қази достарым,
Сендер едің сенерім.
Өкпелемей қайтемін
Ақыреттік досым болғасын.
Досым десең Әділді,
Бұл азапта қоймасын.
Осы сәлем барғасын,
- 2580 «Тірі екен» деп ойласын.
Ақташа ханнан бата алсын,
Қолынан бұйрық хат алсын.
Қырымнан әскер шықпаса,
Екі досым сау болса,

- Дос екені шын болса,
Осы сәлем барғасын,
Екі досым жатпасын.
Досының ісін ақтаса,
Әскер алып Қырымнан,
2590 Қызылбасқа аттансын.
Қырымнан әскер ермесе,
Өздері атын баптасын.
Екі тұлпар ат алып,
Азғана азық зат алып,
Екі досым келгенше,
Тәуекелге бел байлап,
Қорлыққа көніп жаталық.
Азықтарын салатын
Жібектен тіксін қалтасын.
2600 Тұлпарға елден жем алсын,
Терлегенде дем алсын.
Мен сорлыда туған жоқ,
Қарасай, Қазі болмаса,
Мені еске кім алсын?!
Және дұғай көп сәлем
Қырық мың сан Қырымға.
Аттанған екен көп әскер
Қарасам бізден бұрын да.
Достарым, аман келгейсіз,
2610 Әділ досың азапта.
Қыл бұрау салады саныма
Мұндай азап қорлыққа
Қиын ғой шыдап тұруға.
Қолға түсіп қор болған
Ойласам жалғыз мен емес,
Арғы атамыз Едіге,
Нұрадын батыр, Орақ ер
Көріпті бейнет бұрын да.
Және дұғай көп сәлем
2620 Он екі баулы өзбекке
Байтақ жатқан жеріне.
Сағынышты сәлем-ді
Айтылып жатқан еліме.

- Қайта оралар күн бар ма
Сахара дала дөңіме.
Осы сәлем барғасын,
Сіз де келің көмекке.
Байлаулы қолым босанса,
Алаулаған қызылбас
- 2630 Екі досым қосылса,
Табаныма салармын,
Асықпа, дұшпан, сені ме!
Бойымнан сыпат сән кетіп,
Тұла бойдан әл кетіп,
Қарасай, Қазидостарым,
Адам деп мені еске алмас,
Алаулаған қызылбас
Есептеп жүр ғой өліге.
- 2640 Және дұғай көп сәлем
Үш аналы қазаққа.
Әулие батыр көп деген
Өніп-өсіп көктеген,
Естіліп жатыр құлаққа.
Қарасай, Қазидостарым,
Мені қойма азапқа.
Ордада қалған екі құл
Омар менен Оспансың.
Ілия менен анамды
Көрсетіп қорлық жылатпа.
- 2650 Аман барсам осыдан,
Ақ шалмалы пірлерім
Шапағатын тигізсе,
Аман-сау елге қосылам.
Ілия менен анама
Жылатып жәбер көрсетсең,
Омар менен Оспан құл,
Тірілей терің соярмын,
Екі көзінді оярмын.
- 2660 Аман барсам осыдан,
Омар менен Оспаннан
Көп қорлықты көрулі
Ілия менен анашым,

- Сағынып жоқтар баласын
Кеткесін бақыт басынан.
Мен зарланып жатып түс көрдім,
Қайғылы жағдай іс көрдім.
Қара жылан ысқырып,
Айналып шықпайды қасынан.
Омар мен Оспан залымдар
- 2670 Бәйбікештей анамның
Шыбықтап ұрып жүр екен
Сүйретіп бұрым шашынан.
Ақ сүт берген анашым,
Қарындасым Ілияжан,
Сендер еске түскенде,
Қайғырып қатты шошынам.
Дұғайлы сәлем жазғаным
Омар менен Оспанға.
Осы түсім шын болса,
- 2680 Тірі жүрсем қоймаспын
Кетсең де ұшып аспанға.
Осы сәлем барғасын,
Қарасай, Қазі қос батыр,
Қияметтік дос батыр
Оқып көріп ойлансын,
Қорлықтан алып шығармай,
Әділді жауға тастар ма?
Арғы атаңды сұрасам,
Әулие Шайқы пір еді.
- 2690 Қанша дұшпан болса да,
Оқ тигізбей бойыңа,
Сыртыңнан қамдап жүр еді.
Қарасай, Қазі достарым,
Қорқып жаудан жасқанба!
Пірлерім қуат бергесін,
Пірлерімді білсін, — деп,
Сіздерге жазған хаттарым.
Енді маған қызылбас
Көрсетпес дүние жарықты,
- 2700 Көңіліме аян анық-ты.
Батырлар, жылдам аттаның!

- «Хат кетті, — деп, — еліне,
Арба айдаушы қызылбас
Патшаға барып айтса да,
Алмаспын бірін мойныма.
Өлгенше ішке сақтадым,
Ақ шалмалы піріміз.
Қар бойындай сәлемді
Қырымға алып жүріңіз.
- 2710 Оң жамбасым құрыған
Сынығы түсіп орнына,
Біткендей болды қапталым.
Осы хаттан білерсің
Көңілдің қайғы қатпарын.
Жарты алма жегенім,
Тойып ішер тамақ жоқ,
Қураған сүйек жақтарым.
Жеті жыл көрдім қорлықты,
Сүйреткенім алты арба,
- 2720 Мойныма қамыт орнықты.
Ақыл-естен айрылып,
Ойлап ақыл таппадым.
Басымнан бақыт ауған күн,
Дұшпанның бастым қақпанын.
Адасқан ойым түзеліп,
«Пайдасы тиер екен» деп,
Пірлерім, сені жоқтадым.
Аманат енді өзіңе,
Ақ шалмалы пірадар,
- 2730 Қырымға жазған хатты алың.
Қара құс болған піріміз
Торыққан жерде жетіскен.
Үмітім болып өмірден,
Нұрланып көңілім тоқтадым.
Ғайып ерен жеті пір,
Біздей мұңлы ұлыңа
Назарыңды салып жүр.
Жеті пірдің ішінде
Ақ шалмалы пірадар
Керемет-ті пір еді.

- 2740 Қанаты күміс, мойны мыс,
 Мысалы болып қара құс,
 Бізден сәлем Қырымға,
 Басқа жерге бұрылма.
 Қар бойындай қағазды
 Жылдамырақ алып ұш.
 Илия менен анамның
 Ордасына барып түс.
 Бұл қара құс пір еді,
 Әділдің жазған сәлемін
- 2750 Қырымға алып жөнелді.
 Қасындағы қызылбас
 Таң қаларлық іс болды.
 Әділге келген пірлері
 Көрер көзге құс болды.
 Ойланып көзбен көреді,
 Пенде болған ер Әділ
 Тісімен тезек тереді.
 Күн батқасын қызылбас,
 Шыбықтап айдап жөнелді.
- 2760 Әділді қойып бір жерге,
 Ханына жетіп келеді.
 «Қырымға сәлем кетті» деп,
 Хабарын айтып жөнелді.
 «Жазған енді сәлемі
 Қар бойындай қағаз» деп
 Басқа бөтен демеді.
 Тау басында шоқыдай
 Ер Әділге бақташы
 Қызылбас екен денелі.
- 2770 «Жаздырдың, — деп, — неге хат?»
 Бұйрық беріп хандары,
 Соғып жатыр дүрені.
 Көп соққаны жегесін,
 Бұзылды дәудің реңі.
 Жиналып келген жеңдеттер
 Шоқпарменен ұрғанда,
 Далдұл болды білегі.
 Арба айдаушы қызылбас

- Азаппенен өлді.
2780 Тұтқын болған Әділге
Осы өлген қызылбас
Қорлық беріп жүр еді.
Бір дұшпаны өлгенсін,
Пеңде болған Әділдің
Нұрланады реңі.
Қызылбас ханы долданып,
Ер Әділге келеді:
— Қалай, патша, халың? — деп.
— Мен тезекші құлыңмын,
2790 Сен алдымдағы ханым, — деп,
Мысқылдап Әділ күледі.
Сонда қызылбас ханы сөйледі:
— Өлтір, — деді, — залымды,
Түбімізге жететін
Дұшпанымыз табылды.
Кесіп алың бастарын,
Қайраулы қылыш, жанулы!
Ер Әділдің сол жерде
Қол-аяғы таңылды.
2800 Кессе, қылыш өтпеді,
Найза салса, теспеді.
Қызыл шоққа тастады,
Лаулаған қызыл жалынды
Көрмеген қорлық болмады.
Ер Әділдің қысылып,
Заманасы тарылды.
Сонда Әділ сөйледі:
— Қанша азап көрсем де,
Ризамын бәріңе.
2810 Пірлеріне жалынды:
— Қорға, — деп, — шыбын жанымды.
Асықпа, — деді, — қызылбас,
Көп ұзатпай осыдан
Алармын деді арымды.
Әскер келсе артымнан,
Талқандармын тағыңды.
Қалаңды өртеп, күл қылып,

- Жел қаңбақтай ұшырсам
Басыңдағы бағынды.
- 2820 Байлаудан қолым босанса,
Екі көзіңді ояр ем,
Ту сыртыңнан сояр ем.
Бас сүйегің қауғадай
Айырсам бастан жағыңды.
Осы айтылған тілегім
Болатын шығар қабыл-ды.
Енді өзіңе қазармын,
Асықпа, лахат қабырды.
Сөйдеді де ер Әділ,
- 2830 Пірлеріне жалынды.
Сол уақытта қызылбас
Шапса, қылыш кеспеді,
Атса, мылтық өтпеді.
Көк найзасы теспеді,
Қызылбас қалмай жабылды:
— Зынданға сүйреп кет, — деді.
Қызылбастар жабылып,
Көп болды сабап тепкені.
Сол уақытта патшасы:
— Қанжарменен кескілеп,
- 2840 Суырып ал, — деді, — өкпені.
Қанжар салып қараса,
Тәніне тіпті өтпеді.
Ызаланды дұшпандар:
— Әлі алдыңда азабың
Таусылмас, бала, көп, — деді.
Отын-тезек тасысын,
Біреуі айтты сол жерде
Арбаға мұны жек, — деді.
Азап көрді осылай
- 2850 Пенде болған жас Әділ.
Қыс күні өтті басынан
Жетті жаздың көктемі.
Алты ай сонда болыпты
Қырымға сәлем кеткелі.
Қызылбас ханы арланды,

- Жауар бұлттай торланды.
— Төрт аяғы матаулы —
Деп сөйледі қызылбас. —
Қолда тұрған дұшпанға
2860 Қалай әлім жетпеді?!
Алдымда қандай бейнет бар,
Басымыздан бақ тайып,
Тұр ма дәурен өткелі?!
Суға салса батпады,
Бұрынғыдай ер Әділ
Мүсәпір болып жатпады.
Қызылбастың тамағын
Берсе де батыр татпады.
Қызылбастар қорлаулы
2870 Астына жайып тікенек
Тесілсін деп қапталы.
Аунай кетеді ер Әділ,
Жамбасына батпады.
Беретін күнде тамағы —
Нанның күйік қатқаны.
Үш ай тоқсан болыпты
Ер Әділге арнаулы
Лаулап көмір жаққалы.
Өлмегенсін бәріне
2880 Осы болды Әділді
Жалын өртке атқаны.
Өлтіру үшін Әділге
Қанша әлек болса да,
Басқа айла таппады.
Отқа салса, күймеді,
Шоқпарменен басқа ұрып,
Береді қорлық қас қылып,
Найзаменен түйреді.
Ер Әділдің жойылды
2890 Қолға түсіп қор болып,
Салтанаты үйдегі.
«Бұл болмайтын дұшпан» деп,
Ақылдасып қызылбас,
Әділге енді тимеді.

- Ақылдасып қызылбас,
«Алмас» деген зындан бар
Соған жауып тастауға
Батырды соған сүйреді.
Үстінде тұлдыр киім жоқ,
2900 Жеті жылғы сілімтір
Ер Әділдің кигені.
— Алмас зындан ішінде
Жата бер, — деді, — батырым,
Сенетін болсаң күшіңе.
Мазақтап күлді қызылбас:
— Саған жайлы үй, — деді.
Осыны айтып қызылбас,
Жапты зындан қақпағын.
Бұдан басқа қызылбас
2910 Айла-ақыл таппады.
«Қарауыл болып Әділге
Бұзып шығып кетер» деп,
Үш мың әскер сақтады,
«Алмас зындан берік» деп.
Талай ерлер түсулі,
Ішінде сүйек, өлік көп.
Ішінде жатып ер Әділ,
Құраған адам сүйегін
Бір жерге бәрін үйеді,
2920 «Өзіме жолдас, серік» деп.
Осылайша дұшпандар
Зынданның аузын жабады.
Тапқан айла-амалы
«Құтылдық, — деп, — тажалдан,
Алдағы қауіп ажалдан»
Жан-жаққа бәрі тарады.
Екі көзі төрт болып,
Амалы жоқ Әділдің
Жалғыз өзі қалады.

Әлқисса, «Алмас» зынданда ер Әділ жата берсін, ендігі хабарды Қырымнан естілік.

- 2930 Қырымға кеткен қара құс
Қанаты күміс, мойны мыс.
Аман жетсе бұл сәлем,
Орындалар бар жұмыс.
Ер Әділдің анасы
Жел жағының панасы.
Өлі-тірі хабар жоқ,
Сол түні жатып зарлайды
Қызылбаста қалғасын
Әділ жалғыз баласы:
- 2940 — Жалғызым аман келмесе,
Қалай болар артымыз?
Жалғызым қолдан кеткенсін,
Бүтін емес, жартымыз.
Жан-жағыма қарасам,
Бұрынғы орда қалам жоқ.
Мен зарланбай қайтейін,
Қолымда Әділ балам жоқ.
Ел-халықтан айрылған
Біз бір жетім-жалқымыз
- 2950 Қоралы қойдың ішінде
Сорлының жалғыз тоқтысын
Қасқыр тартып жегендей.
Көп ішінде шаншылып
Бізге тиді қамшыңыз.
Көз ұйқыға кеткенше,
Жалғзын айтып жоқтайтын
Үйреншікті салтымыз.
Ғайып ерен жеті пір,
Ақ шалмалы пірадар,
- 2960 Қасиетің бар болса,
Қайғыдан жақсы өлім бер,
Бейнеттен сөйтіп аршыңыз.
Ойлап енді қарасам,
Көп қайғыдан пайда жоқ,
Жарық дүние бізге жоқ,
Бұл тілегім дұп-дұрыс.
Осыны айтып Бәйбикеш,
Қайғымен ұйықтап қалады.

- 2970 Ұйықтап жатып көрді түс,
 Қанаты күміс, мойны мыс
 Ордасына кіріпті
 Бір керемет сұңқар құс.
 Қуарған бақтар гүлденіп,
 Бұл қалайша білмедік
 Иісі жұпар аңқыған
 Пісіп тұрған бар жеміс.
 Жығылған орда түзелген
 Перінің үйі сықылды.
 Алтын шайған бәріне,
 2980 Салтанатты теп-тегіс.
 Ордаға дұшпан кіре алмас,
 Қақпа аузында бар екен
 Айбары күшті жолбарыс.
 Бір дыбыс келді құлаққа
 «Жоғалғаның табылып,
 Бақытың қонды басыңа,
 Қайғылы-мұңды болмаңыз.
 Түрегел, — деді, — орныңнан
 Издегенің ордада,
 2990 Бәріміз қазір сондамыз».
 Сол уақыттары Бәйбикеш
 Ұйқыдан шошып оянды-ай.
 Қан жүгіріп бетіне:
 «Бердің бе, — деп, — тілекті,
 Жасаған Жаппар бір Алла-ай.
 Шырағым, қызым, түрегел» деп,
 Ұмтыла берген кезінде,
 Жығылды сорлы тұра алмай.
 Сол уақыттары Ілия қыз
 3000 Ұйқыдан көзін ашады.
 Қуанғандай «түсім» деп,
 Көңілі судай тасады:
 — Ақ шалмалы бір адам
 Үйге кірді нұрланып,
 Қолында ұзын асасы.
 «Оң болсын, — деп, — тілегің,
 Қуанар, — деді, — жүрегің.

- Қолыңды жай, қызым» деп,
Сақалын сипап ақ тілек
3010 Біздерге бата жасады.
Сол мезгілдер, анашым,
Көктің нұры төгілді,
Үстімізге сіркіреп.
Есіз қалған ордамыз
Қарасам Иран бағындай,
Жалғызым Әділ табылғай.
Жиылған ойын-күлкі көп,
Қисайған орда жөнделіп.
Күні-түні зарлауым —
3020 Ойласам тек пенделік.
Патшаның үйі сықылды
Жиналған дүние-мүлкі көп.
Алтын айдар басымда,
Әділім жалғыз қасымда,
Алтын таққа мініппін.
Дұшпаныма айбарлы
Отырмын келіп күркіреп.
Ұмтылғанда дұшпанға
Қарасай, Қазі — қос батыр
3030 Қашып бәрі дүркіреп.
Түсіме кіріп жүр екен
Ақ шалмалы бір кісі,
Көкемнің пірі сол екен.
Қолына берді түйіншек,
«Бақ сарайдың кілті» деп.
Екі мұңды түс көріп,
«Менің түсім жақсы» деп,
Бірімен-бірі таласты.
Жақсы ырым қалайды,
3040 Өздерінше бал ашты.
Түсінде көрген салтанат
Ойласа, қазір бірі жоқ,
Жан-жағына қарады.
— Түсіміз көрген қиял ғой,
Ойласам, қазір жел, — деді.
Жеті жыл болды Әділ жоқ,

- Аман жүрсе Әділім
Іздеп неге келмеді.
Өлі-тірі хабар жоқ,
3050 Жалғызым жаудан өлгені.
Жыласақ та күні-түн,
Біздерге тілек бермеді.
Ең болмаса сүйегін
Көрмедім жатқан көрдегі.
Жалғызым үйден кеткесін,
Салтанаты бұзылып,
Жоқ болды үйдің өрнегі.
«Тірілей ғайып» болды деп,
Екі мұңды бейшара
3060 Зарлауменен шөлдеді.
От басында отырып
Бәйбікеш пенен Ілия,
Таң атқанша еңіреді.
Қырымға сәлем әкелген
Ақ шалмалы пірадар
Жалғызын естіп келгені.
Бірталай мезгіл өтіпті
Қарақұс болып келгелі,
Қолтығынан хатты алып,
3070 Таң сәрі мезгілде
Жабықтан келіп бергені.
— Жыламаң, — деді, — жетімдер,
Қағазды ашып көр, — деді.
Ілия менен ананың
Көзі түсіп бұл қызға,
Нұрланып кетті төңірегі.
Хатты ашып оқыды
Ілия ханым зерделі.
Сонда Ілия сөйледі:
3080 — Қуана бер, анашым,
Жауда қалған ақ көкем
Тұр ғой ертең келгелі. —
Деді дағы, Ілия қыз
Орнынан тұрады.
Қос батырға жүруге

- Дайындады құланы.
Хан Орақтың ордасы
Арасы шалғай жер еді.
Жануар құла тұлпарың
- 3090 Ақ бөкендей желеді.
Кейбір жері шөл дала,
Кейбір жерін қарасаң,
Адырлы жусан дөң еді.
Хан Орақтың ордасы,
Қарасай, Қазі — қос батыр[ды],
Қарашаштай ананы
Алыстан Ілия көреді.
Атын түсіп жетелеп,
Қасиетті орда деп,
— Біздердей мұңды нашарға
- 3100 Қамқоршы болып қорға, — деп,
Иіліп сәлем береді.
Қар бойындай қағазды
Қарасайға береді.
Қарасай деген бұл батыр
Қайсар батыр төре еді.
Сол уақыттары Қарасай
Асыл ердің баласы-ай,
Ішіндегі сәлемді
Үнсіз оқып көреді.
- 3110 Қарасай сонда сөйледі:
— Қазі, Қибат, Қарашаш,
Қуанышты хабар бар,
Жүрегің қалай жарылмас.
Айналайын, Қазижан,
Біздерге сәлем арнаған
Басқа бөтен демеді.
Бұл хабарға қарасам,
Қолөткіл бар қолында,
Шынжыр тағып мойнына,
- 3120 Әділге деген керулі
Қызылбастың көгені.
Жарты алма сықылды
Хабарына қарасам,

- Ер Әділдің жегені.
Қазижаным, әзірлен,
Тұтқында жатқан Әділді
Құтқарайық азаптан.
Бізден болар себебі
3130 Біз екеуміз бармасақ,
Жан ашыры кем еді.
Кешегі бір күндерде
«Басыма қиын іс түссе,
Қарасай, Қази жан достым
Алып шығар» деп еді.
Мен Ақташа ханға барайын,
Бұл көпті көрген көне еді.
Батасы қабыл қашаннан
Ақсүйек таза төре еді.
Бұл сапарға жорығым —
3140 Ер Әділді құтқару,
Сұрасам әскер береді.
Сөйдеді де Қарасай,
Үйден шыға жөнеді.
Ақташа ханға баруға
Ешкі тұяқ Қызыл ат
Тұлпарға ерді салады.
Орақтан қалған жасыл ту
Желбіретіп алады.
Ел сұлтаны төреге
3150 Салып жетіп барады.
Амандасып, көрісіп,
Ақташа ханды көреді.
«Әділден келген сәлем» деп,
Қарасай батыр береді.
Қар бойындай қағазға
Көз жүгіртіп шығады.
Тірілігін біліп Әділдің,
Нұрланды патша реңі.
Сонда патша сөйледі:
3160 — Оң болғай, — деді, — Қарасай,
Жүретін алыс сапарың.
Бабай Түкті Шашты Әзиз,

- Әруақты атаң Едіге,
Өзіңнің әкең Орақ ер
Әруағы қонсын басыңа
Қасиетті атаның.
Қолыңды жай, шырағым,
Қызылбасқа барасың,
Оқ дарымас бойыңа
- 3170 Шапағатын көрерсің
Осы берген батаның.
Жасым жетіп бұл күнде,
Ағарды шаш пен сақалым.
Қарасай, Қазі қарағым,
Тыңдамас халық айтқанды,
Кешегі сапар дұшпаннан
Жеңіліп халық қайтқан-ды.
Қайдан білсін Әділім,
Бұрынғы дәуір бізде жоқ
- 3180 Ел сұлтаны Ақташа
Деп айтылған атағым.
Жалғызды алып келгенше,
Қарасай, Қазі батырлар,
Аман елге келгей, — деп,
Тілекші болып жатамын.
Елден жиып әскер ал,
Байтақ жатқан Қырымға
Өзің барып бұйым сал.
Кем дегенде он бес мың
- 3190 Болсын әскер қатарың.
Ақташа ханнан бата алып,
Қарасай батыр жөнелді.
Қырымды түгел аралап,
Осы еді батырың
Назарын салып көргені.
Астындағы Қызыл ат
Ақ көбік болып терледі.
Қанша елге келсе де,
Аттануға дұшпанға
- 3200 Жүретін емес өлсе де.
Тауы қайтып бөрінен,

- Қайтты батыр теңселе.
«Қызылбастың сапары
Қазулы жатқан көр, — деді.
Жеті басты айдаһар
Барғаны қайтып келмейтін
Естіліп жатқан хабар бар,
Бізді жалмап жер, — деді.
Айдаһар демей не дейміз,
3210 Қырық мың әскер Қырымнан
Кешегі кеткен сапарда
Жиырма мың болды өлгені.
Ажалы жетпей дұшпаннан
Он мың еді келгені».
Уайым айтып көп халық
Батырға әскер ермеді.
Ашуланып, долданып,
Алмас қылыш қолға алып,
3220 «Қанша батыр болсақ та, —
Деп ойлады Қарасай, —
Абыройлы елге болмадық».
«Қарашаш ана, Қазидең» деп,
Қарасай батыр келгені
Сол уақыттары толғанып,
Ақ жаулығын қолға алып,
— Орақ батыр, Мамайдай
Елге қамқор болмадық.
Қарасай, Қазидең қарағым,
Кел екеуің аттаның,
3230 Жатпаңыз үйде қорланып, —
Деді дағы, Қарашаш
Балдарына сөйледі:
— Едігедей атаңның
Анасы еді Құралай.
Перінің қызы анаңыз
Ол «балам» деп ораған
Бар еді үйде жөргегі.
Жеті атаңнан бері қарай
Жоғалтпастай мұра деп,
1240 Сол еді көзім көргені.

- Қарасай менен Қазига,
Екеуіне кигізді
«Едіге атаң исі» деп.
Мысалы сауыт сықылды
Алтын шайған өрнегі,
Сарғыш тартқан көйлегі.
— Жалаңаш жаумен соғысып,
Балам енді көр, — деді.
Бұл үйден шықпас мұра еді,
3250 Едіге атаң, Нұрадын,
Одан бергі хан Мұса,
Өзіңнің әкең Орақ ер,
Содан енді бері қарай
Сақтаулы үйде тұр еді.
Қарасай, Қазиге балдарым,
Сендерге әскер ермеді,
Сол себепті анаңның
Сендерге енді бергені.
Қызылбаспенен соғыссаң,
3260 Әруақ қысып бойыңды,
Тұла бойың терлейді.
Ұстайын десе қалың жау
Сені балам көрмейді.
Осылай деп Қарашаш,
Балдарға берді батасын.
Деді: — Балам, жатпағын,
Байлаулы тұлпар аттарың.
Қару-жарақ бөрі сай,
Кідірмей қазір аттаның.
3270 Жібектен тіккен қалта бар,
Түюлі азық заттарың.
Жеті атаңнан жеті асыл
Түюлі жатқан бұйым бар,
Сарыжаға тартар оқты алың.
Әділдің еріп қасына,
Олжалы қайтсын қапталың.
Жиырма күннің ішінде
Әділді алып келем, — деп,

- Бәйбикеш пенен Ілияға
3280 Барып балам мақтаның.
- Сонда Қази сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Сапарымыз оң болар,
Атадан қалған мұраны
Үстімізге жамылдық
Көрінбей жатқан үйдегі.
Қарашаштай анамның
Осы болды қарасам,
Тарыққан жерде есіркеп,
3290 Біздерге пайдаң тигені.
Ақ сүт берген анашым,
Ақылға көміл данасың.
Жек көрмейді анасы
Өзінің туған баласын.
«Ер жетсін, — деп, — сәбиім,
Алтын бесік тербетіп,
Ақ бетінен сүйгені.
Кешегі барған соғыста
Алты күндей қан кешу.
3300 Жабылып бәрі атса да,
Дұшпанның оғы тимеді.
Шағылып тауып дұшпаннан
Әділ досым тұтқында
Алты арбаны сүйреді.
Құдайласқан досымды
Құтқарайын азаптан.
Қабырғам қаусап, күйреді
Аман болсам келермін,
Қазам жетсе өлермін.
3310 Шешесіне ер Қази:
— Анашым, беттен сүй, — деді. —
Деді дағы, батырлар
Тұлпарына мінеді,
Сауыт-сайман киеді.
Сылти басып Қарашаш,
Қарасай менен Қазидың

Бетінен кезек сүйеді.
 — Қарасай, Қазі балдарым,
 Оң болған, — деп, — сапарың,
 3320 Қарашаш ана күледі.
 Әділге аман қосылу —
 Осы сапар оң болса,
 Қарасай, Қазі тілегі.
 Қарашаш, Қибат батырлар
 Қырымға қарай жүреді.
 Ертең сәске болғанда,
 Бәйбикеш ханым Илияның
 Ордасына келеді.

Әлқисса, Қарасай, Қазі, Қарашаш, Ақ Қибат, Бәйбикеш, Илия бір-бірімен көрісіп, жамырасып, мұңдасып, мұңын айтқасын, екі батыр қызылбасқа шеру жол жүріп, ер Әділді азаптан құтқарып, елге алып қайту сапарына аттанады.

Қарасай, Қазі — қос батыр
 3330 Орақтың ұлы еді.
 Қанша дұшпан келсе де,
 Жаудан қайтпас жүрегі.
 Хан Әділдің үйіне
 Қарашаш, Қибат, батырлар
 Сол күні жатып түнеді.
 «Оң болғай, — деп, — жолымыз»,
 Таң атқасын батырлар
 Тұлпарына мінеді.
 Жануар тұлпар қызыл ат
 3340 Жер тебініп аршындап,
 Қанатын жайып шұлғиды.
 Сулығын шайнап қаршылдап,
 Ұмтылды тұлпар өлеңдеп.
 «Қызылбас жатқан алыс жол
 Қашан барып көрем» деп,
 Қарасай сонда сөйледі:
 — Астымда тұлпар Қызыл ат
 Олжалы болар сапарда
 Тап осылай ұмтылад,

- 3350 Тұлпарда түрлі өнер көп.
«Аман бол, — деді, — аналар,
Әділді ертіп қасыма,
Жиырма күнде келем» деп.
— Оң болғай, — деп, — сапарың,
Қарашаш сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қарасай, Қази қарағым,
Орақтың туын қолға алып,
Беліңе ілдің жарағын.
- 3360 Әділге деген сапарың
Оң болғай басқан қадамың.
Ертең сәске болғанда,
Ақ шалмалы ақ сақал,
Балдарым, саған айтайын,
Кездесетін адамың.
Қолтығынан түйіншек
Алып, балам, ұсынар
«Дәм татың, — деп, — мынадан,
Татқайсың сонда тағамын.
- 3370 Осы айтқаным шын болса,
Қылаң тұлпар мінгені
Көрсетпес сізге ажарын.
Бет әлпеті сүрмелі
Ол — Құралай пері анаңыз.
Тарыққасын ұрпағы,
Түсіне күнде кіргені.
«Қол ұшымды берсем» деп,
Жолыңды күтіп жүргені.
Ұмтыл, балам, дегенде,
- 3380 Көздеріңді жұм, — деді.
Алты айшылық сапарың
Болады алты күн, — деді.
Өсиетін тыңдап ананың
Батырлар атқа «шүү» деді.
Қарасай, Қази тұлпары
Ұшқан құстай гуледі.
Екі тұлпар жануар
Табаны жерге тимеді.

- Тұяғы тиген жерлерді
3390 Саз балшықтай иледі.
Екпіні күшті дауылдай,
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге үйгені.
Ертең сәске болғанда,
Оң болды ердің талабы,
Ілгері басқан қадамы.
Кездесе кетті алдынан
Қарашаш айтқан адамы.
Ақ шатыры күмістен,
3400 Жолын күтіп жүр екен
Келгендей сыйлы қонағы.
— Шөлдесеңіз, ұлдарым,
Қасыма келіп жақындап,
Емші, — деді, — маманы.
Бет әлпетін көрсетпей,
Қырын қарап жабады.
Белінде деңмерт белбеу бар
Алтын шайған тоғалы.
Қолындағы түйіншек
3410 «Келің, балам, дәм тат» деп,
Ұсынған осы тағамы.
Қарасай, Қазі ұмтылып:
«Пісмілла, анам!» — деп,
Тілдеріне жағады.
«Көптен қалған нәрсе еді,
Шырағым, — деді, — шамалы.
Ал, балдарым, жүрің» деп,
Түйіншегін жабады.
Астындағы тұлпарлар
3420 Жұлдыздай болып ағады.
Батырлар мінген тұлпардың
Тимеді жерге табаны.
Ананың болды дегені
Бір жылғы азық болғандай
Тіліне сүйкеп жегені.
— Осы, балам, шын, — деді,
Көзіңді көне жұм, — деді.

- Ер серігі тұлпарлар
Ұшқан құстай гуледі.
- 3430 Алты айшылық сапарға
Алты күнде келгені
Қарасай, Қази батырдың
Мінген пырақ тұлпары.
Тұтқында жатыр ер Әділ
Қырымның патша сұлтаны.
Батырлардың кигені
Былғары қоныш саптама,
Жеті қабат ұлтаны.
Қарасай айтты: — Дем алып,
- 3440 Кешке қарай шабалық.
Көз ұйқыға кеткесін,
Қызылбасты құрталық.
Қалың қамыс нуы бар,
Жағалай жатқан суы бар.
Бұл жерлерде бар шығар
Айдаһар, жылан, қабаны.
Күн батқанша дем алып,
Түнге қарай шабалы.
Жасы үлкен мен едім,
- 3450 Менің інім сен едің,
Сыйлаған жақсы ағаны.
Мінгеніміз тұлпар ат,
Қолтығыңда қос қанат,
Қайтпас болат тағалы.
Бұл сөздерді есітіп,
Інісі Қази батырдың
Ашылмады қабағы.
Соныменен батырлар
Тау жағалай шабады.
- 3460 Өздеріне мәлім жер
Жалғыз аяқ тар жолды
Көп кешікпей табады.

Сонда Қази сөйледі:
— Қарасай батыр, сен өзің
Туған ағам болсаң да,

- Батыр емес қорқақсың,
Түнге қарай шабам, — деп,
Болып тұрсың шамалы.
Ел ұрысы қарақшы,
3470 Түнге қарай жортатын
Ол адамның қорқақ жаманы.
Батыр болсаң, Қарасай,
Бұл ақылың істелмес.
Күн батқасын қызылбас
Біздерге енді күш бермес,
Жолдың аузын жабады.
Қарасай аға, сен өзің
Өнемейін түн дейсің.
Сен батыр емес, нашарсың,
3480 Өз мініңді білмейсің.
Батыр болсаң, Қарасай,
Күндіз неге тимейсің? —
Деді дағы, ер Қазиді
Шұбар атқа мінеді.
Орақтың туын қолға алып,
Шұбалаңдап желеді.
Тас өткелдің аузына
Салып жетіп келеді.
Қырық нарменен сүйреткен
3490 Қақпақ тасы бар екен.
Алаулаған дұшпанның
Тапқан айла-амалы —
Жолдың аузын жабады.
Қақпақ тасты көргенде,
Сонда Қазиді сөйледі:
— Жалғыз аяқ тесік жол,
Ерлерге мүшкіл кесір жол.
Аударайын қақпақты,
Кетпесе әруақ бойымнан.
3500 «Өте алмас, — деп, — бұл жолдан,
Біздерге бола қойылған.
Осыны айтып ер Қазиді,
Келген беті енді еді.
Тұла бойда міні жоқ,

- Арыстан пішін шекелі,
Болмас сөздің бөтені.
Ұмтылғанда қарленіп,
Жайылды ердің етегі.
Жұлып алып қақпақты
- 3510 Айналдырып басынан,
Жітіргенде алыстық
Жүз аршын жерге кетеді.
Қарасай, Қази — қос батыр
«Орақ» деп ұран шақырып,
Жолды бұзып өтеді.
Дербент деген қала екен —
Қызылбас қорған мекені.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қырық аршын қала салынған
- 3520 Бұл шәһардың шеті еді.
Қарасай, Қази — қос батыр
«Орақ» деп ұран салғанда,
Қалада жатқан қызылбас
«Күтқар енді Алла» деп,
Дербентке қашып кетеді.
Екі батыр қосылып,
«Орақ» деп ұран салады.
Орақ деген дауысы
Айшылық жолды алады.
- 3530 Күркіреген дауысы
Күншілік жерді алады.
Екі тұлпар жануар
Тимеді жерге табаны.
Тас-талқан болып бұзылды
Қызылбастың қамалы.
Қарсы келген көп дұшпан
Түйдек-түйдек қырылды.
Таңғажайып іс болды,
Өлшеулі дәмі таусылып,
- 3540 Жеткендей болды ажалы.
Қызылбасқа тап болды
Өлімнің қармақ базары.
Екі күнгі соғыста

- Қарасай, Қазі — қос батыр
Тірілей қолға түскенін
«Тауып бер, — деп, — Әділді»,
Ұстап алып сабады.
Бір қызылбас көлденең:
«Батырлар, тағам татың» деп,
3550 Ұсынған қолда табағы.
- Қызылбас сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қарасай, Қазі — қос батыр,
Алдыңда қауіп ажал бар,
Жан қоймайтын тажал бар.
Осы болды батырға
Қызылбас айтқан хабары.
Әшке деген батыр бар
Кеудесі темір, басы тас,
3560 Орта жері шаңдыр бас.
Кіршіктері найзадай,
Салбырап жатқан қабағы.
Он бір өгіз, қырық қой
Бір күнде жейтін тамағы,
Бес қаруын асынған.
Пайдам тиер, өлтірме,
Білгенімді жасырман.
Атан түйе беліндей
Көтерген қолға садағы.
3570 Қарасын дәудің баласы
Арыстан дейтін батыр бар.
Оқ дарытпас төніне,
Кездесерсіз батырдың
Күш бермес үлкен нәніне.
Әлің жетпес алыспа,
Бұл — тажалдың үлкен жаманы.
Осы хабарды айтты да,
Ғайып болды көзінен
Қызылбастың адамы.
3580 Қарасай, Қазі — қос батыр
Қызылбастың ішінен

- Әділ досын қарады.
Көк найзасы қолында,
Қылышпенен шабады.
Күн батқасын батырлар
Тұлпарларын қаңтарып,
Жатып демін алады.
Ертең сәске болғанда,
Тарылды жердің танабы.
- 3590 Қарасай, Қази — қос батыр
Жан-жаққа көзін салады.
Тау тұмсығы шоқыдай
Қозғалады қос қара.
Таң қаларлық масқара
Арыстан батыр, Әшке.
Қарасай сонда толғады:
— Айналайын, Қазижан,
Қызылбастың елінің
Жіберген осы қонағы.
- 3600 Келе жатқан екі дәу
Кеудесі темір, басы тас
Есіткен хабар манағы.
Айтып ауыз жұмғанша,
Жетіп келді қызылбас,
Жер қайысқан қолменен.
Әшке батыр ақырды
Қарт бурадай шабынып,
Қарасайдай балаға:
— Жекпе-жекке кел, — деген,
- 3610 Кәне, батыр, бол, — деген.
Әуелгі кезек менікі,
Жасым үлкен ағамын,
Осы болар жол деген.
Сонда Әшке сөйледі:
— Тегімізді сұрасаң,
Қызылбас жатқан ел едік.
Өкінбедік өткенге,
Бұрынғы келген сапарың
Мұның қалай демедік.
- 3620 Кездесе қалса ноғайлы,

Кескілеп етін жеп едік.
Қаңғырып келген қос жетім,
Басың сауға, аман қайт,
Ат қаруың біздікі,
Арғы атаң сенің Едіге
Өлі әруақты жеп едік.
Алыссаң, әлің келмейді,
Біз сан жеткісіз көп едік.
Қарасай бала, сен сөйле,
3630 Айтқаныңа көнелік.
Осы болды, шырағым,
Бізден кеңес төрелік.
Ойлағаның оң болмас,
Қалған бәрі көнеріп.
Жер астынан жік шығып,
Тамырыңды қияйын,
Жетіскен болсаң көгеріп.

Қарасай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
3640 — Арғы атам менің — Едіге,
Өзімнің әкем — Орақ ер
Ата жауын жаулаған.
Мен сол ерлердің тұқымы
Бір бағыттан аумаған.
Батырсың ба, қызылбас,
Алдыңда тұр, асықпа,
Ажалдың қақпан көгені.
Менің әкем ер Орақ
Сендей сасық дәуелердің
3650 Басын кесті деп еді.
Қаласын өртеп, күл қылып,
Батыр, ханын құл қылып,
Өлерінде ер Орақ
Қаласын шапсын деп еді.
Бір арманы осы еді,
Әкенің болар дегені.
Әшке батыр, өзірлен,
Қаһарланып ұмтылсам,

- Сендей дұшпан өледі.
3660 Олжа беріп ат-тоңды
Сыйламан сендей немені.
Әшке батыр, көзіңді аш,
Алдыңдағы қос жетім
Жан алғыштың өзі еді.
Сөйдеді де Қарасай,
Батырға берді кезегін.
Сол уақыттары Әшке
Ашуланып қарленді,
Айдаһардай зәрленді.
- 3670 Бірінші кезек жолды алды,
Жауар бұлттай торланды.
Қос жетімнің сөзіне
Өлердей жаман арланды.
Піл көтермес шоқпарды
Сонда батыр қолға алды.
Қарасай батыр сол жерде
Қасқайып қарап тұрады.
«Қор қылма, — деп, — дұшпанға,
Алладан пәрмен сұрады.
- 3680 Сол уақыттары қара дәу:
— Өлер жерің осы, — деп,
Шоқпарменен ұрады.
Жылдамдығы соншама,
Қызылбастың батыры
Садағын кезеп тартады.
Қарасайдай батырдың
Дал-дүл болды қалқаны.
Ат артына сүйрету
Қолында ұзын арқаны.
- 3690 Қарасайдай батырдың
Басын кесіп алуға
Рахымсыз бұл дұшпан
Оңтайлады балтаны.
Қарасайға жібермей,
Көрінбейді көзіне,
Желкеден біреу тартады.
Әшке деген батырдың

- Әр жерге кеткен атағы.
Шоқпарменен ұрғанда,
3700 Сол уақыттары Қарасай
Ақыл-естен айрылып,
Ат жалын күшып жатады.
Жануар тұлпар Қызыл ат
Тізеден жерге батады.
Есін жинап Қарасай,
Көзін ашып қараса,
Қызылбас тұрған алқынып,
Сілтеуге қылыш талпынып.
Сол уақытта Қарасай:
3710 — Кезегімді бер, — деді,
Әлін білмес сасық құл,
Қайратымды көр, — деді.
Деді дағы Қарасай,
Әруағы тасып өрледі.
— Жаның кетсін жаһаннан
Обалың жоқ, өл, — деді.
Сыбағаңды берейін,
Берегірек кел, — деді.
Деді дағы Қарасай,
3720 Оғын салып кіріске,
«Дәл кіндіктің тұсы» деп,
Тартты батыр жебені.
Батырдан өтіп сұр жебе
Аударды барып төбені.
Тау тұмсығы шоқыдай
Аударылып атынан
Әшке батыр өледі.
Бір батыры өлгесін,
Ортаға шықты атпенен
3730 Қарасын ұлы Арыстан.
Ер Қазифа ақырды:
— Жақында, — деп, — алыстан
Қызылбас, қалмақ, ноғайға
Батырлығым танылды.
Ат-тоныңды шешіп бер,
Алармын қазір жаныңды.

- Көп сөйлесіп таныспан,
Сырласар досың көк сүңгі.
Қынаптағы қылышпен
- 3740 Жаның кетер жаһаннан
Болсаң да, батыр, данышпан.
Жарасын патша әкеміз!
Ноғайлының хандарын,
Шырқыратып хандарын,
Табанға салып жанышқан.
Сендей есер-жарымды
Тай-құлындай бауыздап,
Ел-халқыңды талқандап,
Аударсам еді қоныстан.
- 3750 Осыны айтып ісінді
Дәу перідей пішінді.
Қаңғырған сендей жетімге
Көрсетермін күшімді.
Шоқпарменен ұрғанда,
Бас сүйегің ұн болар,
Сындырсам азу тісіңді.
Айбарын төкті қарленіп
Қарасын ұлы Арыстан.
- Сонда Қазі сөйледі,
3760 Сөйлегенде бүй деді:
— Асықпа, батыр Арыстан,
Көрсетермін көріңді,
Жеткізермін өлімді.
Қонысынан аудару
Қолыңнан келмес, сасық құл,
Қырымда жатқан елімді.
Тапқанша Әділ досымды
Талқандармын жеріңді.
Анықтап қара, қызылбас,
- 3770 Жан алғышың мен болам.
Өзірлеп қойдым алдыңа
Жататын қабір-көріңді.
Құтылмассың сен бүгін
Қарт бурадай шабынып,

- Көбігіңді шашсаң да,
Білгеніңді аяма,
Қапыда кеттім дерсің сен,
Жүрексініп жасқанба.
Алдымда тұрған қызылбас,
3780 Құтылмассың қашсаң да.
Бірінші кезек сенікі,
Әзірлен енді, батырым,
Ұрысыңды бастарға.
Сөйдеді де ер Қази,
Қасқайып қарап тұрады.
«Әлін білмес неме» деп,
Салармын найза жебелеп.
Айрылар еттен сүйегің,
Мен жітірсем аспанға.
3790 Сол уақыттары болғанда,
Арыстан батыр толғанды,
Көк найзасын қолға алды.
«Абыройым үстем болғай» деп,
Ілгері қарай қозғалды.
Бірінші кезек жолды алды,
Найзағай ойнап көзінен,
Жауар бұлттай торланды.
Шауып өтіп тұсынан,
Шоқпарменен бір салды.
3800 Арыстандай батырдың
Қайрат күші артады.
Тұла бойдан әл кетіп,
Қази батыр қорқады.
Соққысы қатты болғасын,
Сүрініп барып түзелді
Қазидің мінген тұлпары.
Көзін ашып қараса,
Ортасынан бөлінген
Қолындағы қалқаны.
3810 Әшке батыр өлгенсін,
Қызылбас ері Арыстан
Өлтіруге Қазиды
Бар айласын істеген.

- Шоқпарменен ұрғанда,
Ұмтылып еді күшпенен.
Сынса да қорған қалқаны,
Қази аттан түспеген.
Қазидың келіп қасына:
— Өлмей қалдың, сен, қалай,
3820 Тигенде шоқпар басыңа?
Арыстан батыр ақырды,
Басыңды көтер, бері қара,
Ер кезегі үш деген.
Әшке дәудің жолына
Құрбандық қылып шалам, — деп,
Атыңнан қазір түс деген.
Алыссаң, әлің келмейді,
Жеті мүшең қираған,
Енді сені сыйламан.
- 3830 Назар салып қарасам,
Кетті ме бойдан қайратым.
Бір ұрғаннан жақпадым
Айбарым күшті ер едім.
Адам емес перісің,
Қорқып менен ықпадың.
Арыстан батыр толғанды,
Қара басын қорғауға
Қалқанын батыр қолға алды.
Қызылбас батыр арланып,
3840 Өзіне-өзіне өкпелі.
— Келіспеді сапарым,
Бойымда қайрат көп, — деді.
Арғы тегім — ақсүйек
Белгілі ата-тек, — деді.
Орақ, Мамай дегенің
Адам емес, пері ме?
Алдымда тұрған балаға
Қалай өлім жетпеді?!
Жын пері демей не дейін,
3850 Мың кісіге бір өзім
Айтулы ердің өзі едім.
Қарасындай патшаның

- Жарық сәуле көзі едім.
Өшке дәуден айрылып,
Басымыздан бақ тайып,
Кеміген шығар беделім.
Қази батыр қайратты,
Айдаһардай айбатты.
Әлім келмес алыссам,
3860 Бет алды қатты, сеземін.
Арыстан сонда ақырды:
— Қази батыр, жолыңды ал,
Келеді, — деді, — кезегің.
Қази сонда толғады,
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды.
Көп оғының ішінен
Суырып алған сұр жебе
Көп оғына жол салды.
3870 Садағын алып қолына,
«Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы» деп,
Әруағына сиынып,
Тартты батыр жебені.
Қақ жүректен шаншылды,
Қазидың болды дегені.
Қызылбас аттан құлады,
Он бес қойдың терісі
Басына киген тұмағы.
3880 «Асқар таудай күшім» деп,
Өзіне сенген неме еді.
Сол уақыттары болғанда,
Екі батыр өлгесін,
Қызылбас салды ұранды.
Жүз мың екен әскері,
Көбейіп басы құлады.
Қарасай, Қази — қос батыр
Қайтпады жаудан жүрегі,
Маңдайын жауға тіреді.
3890 Күн шығыстан Қарасай,
Күн батыстан ер Қази

- Екі жақтан кіреді.
Батырлар салды ұрысты,
Жау-жарағы бәрі сай
Сілтеді жауға қылышты.
Ұрысса да неше күн,
Батырлар әлі тынысты.
Қылыш сермеп, оқ атып,
Кездескен жауды құлатып,
3900 Ілгері қарай жылысты.
Қарасай, Қази — қос батыр
Ер Әділді іздеді.
«Табылар, — деп, — қай жерден,
Тіміскелеп қарады
Қараңғы зындан бұрышты.
Қарасай менен Қазиды
Тірілей ұстап алуға
Бірнеше күн соғысып,
Қызылбастар тырысты.
- 3910 Алты күнгі соғыста
Қара тұман түн болып,
Қылыш сермеп оқ ату.
Кездескенін аямай,
Найзаменен құлату.
Танымады бір-бірін,
Жақын-жуық туысты.
Бір ұрттам суға зар болып,
Қайғы-қасірет у ішті.
«Қарасай менен Қазига
- 3920 Бағындық» деп батырлар,
Алаулаған қызылбас
Қару-жарақ бәрі жоқ,
Қол көтеріп тұрысты.
Бағынғасын қызылбас,
Батырлар сонда тұрысты.
Қызылбасты көндіріп,
Тоқтатты ерлер ұрысты.
Қынабына салады
Қанжар менен қылышты.
- 3930 Бағынғасын ант беріп,

- Қази сонда толғады:
— Қарасай аға, құлақ сал,
Қызылбас жауы жеңілді
Тұр ғой мұны көз көріп.
Әділ достан хабар жоқ,
Өлі-тірісін сезбедік.
Басымыздан бақ тайып,
Кетті ме заман өзгеріп.
Табылмады ер Әділ,
3940 Алты күндей іздедік.
Әділді тауып алалық
Өлді деп күдер үзбелік.
Қайда барсақ жол ашық,
Батыр, ханын өлтіріп,
Ел басшысын тіздедік.
Әділді тауып алайын,
Қарасай аға, екеуміз
Жауға болар біз бе едік?
Бір күн жатып дем алып,
3950 Батырлар қалды тыңайып.
Іздегенмен неше күн
Таба алмады Әділді.
Батырлар тұрды мұңайып,
Қарасай айтты сол жерде:
— Қарағым, Қази, бері кел,
Тау басына шығайық.
Әділді тауып қайтпасақ,
Құр алақан, бауырым,
Болмас деп тұрмын лайық.
3960 Керемет-ті аталар,
Әділді тауып бізге бер,
Табуға жоғын іздеңдер,
Кел өлөруақты сынайық.
Әділ досын таба алмай,
Екі батыр тарықты.
Өлі-тірісін сезе алмай,
Күдерін үзіп жалықты.
Келе жатса қос батыр,
Алыстан көрді жарықты.

- 3970 «Бұл қалай?» деп таң қалып,
Қасына жетіп барыпты.
Сәлем беріп үңілсе,
Отырған жылап бір әйел.
Қорлық көрген дұшпаннан
Жақ сүйегі сорайған,
Көп азап көрген арық-ты.
Қарасай, Қази ойланды,
Күні кеше халыққа
Тегін олжа бергенде,
- 3980 Көзге түспей қалыпты.
Жылаған әйел түрегеліп,
Батырға өзін танытты:
— Екі батыр, қарағым,
Он сегіздей жыл болған
Қарасын батыр қызылбас
Шауып қайтқан сол кезде
Біздің шәһар халықты.
Екі батыр, ала кет,
Ноғайлы еді тегіміз,
- 3990 Өтірік емес анық-ты.
Жиырма жыл көрдім азапты,
Ноғайлы болсаң, балдарым,
Шам-шырағым жаныпты.
Ұмытып кетпей есіңе ал,
Дұшпанды жеңген батырлар,
Біздердей мүшкіл қаріп-ті.
Қарасай, Қази балдарым,
Батырлығың танылды.
Ар жағында он қала,
- 4000 Бер жағында он қала,
Ортасында бір қала,
Қарауыл қала сол қала
Нән де дұшпан сонда екен.
Көз жіберіп қарасам,
Тас талқан болып жаныпты.
Қарасай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Он сегіз жылдан бері қарай

- 4010 Пенде болған дұшпанға
Алдымда тұрған анамыз
Іздегенім ер Өділ —
Қырымның ханы, сұлтаны,
Хабарың бар ма есіткен,
Бізге айтып қарашы?!
Пенде болған мүсәпір,
Ақ сүт берген шешедей
Өлгенше сізді бағамыз.
Бағуыма көнбесең,
Апарайын еліңе,
- 4020 Болса бала-шағаңыз.
Бізге, ана, шыныңды айт,
Жеті басты жалмауыз
Кездесе де алдымнан
Қылышпенен шабамыз.
Бой бермеспін дұшпанға,
Арғы атам Едіге,
Одан туған Нұрадын,
Сермеген жауға құралын.
Өзімнің әкем хан Орақ
- 4030 Қиыншылық кездесе,
Қолдаушы еді бабамыз.
Сол уақыттары болғанда,
Қаріп кемпір сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әруақты ердің тұқымы,
Екі балам, таныстың.
Жолың болар бізбенен,
Өділің аман, шырағым.
Сүйіншіңді бере бер,
- 4040 «Қырымнан әскер келер» деп,
Күдерін сізден үзбеген.
Алмас зындан ішінде
Адам таппас құпия
Табарсың, балам, досыңды,
Өділің сонда іздеген.
Анау жатқан қара жол
Қорқынышты, мықты бол!

- Табарсың алмас зынданды
Бұрылмай барсаң ізбенен.
4050 Алғыс айтты Қарасай:
— Рахмет, ана, — деп.
Көмектестіңіз тар жерде
Болармыз сізге бала деп.
Қол ұшын берді тар жерде
Пенде болған анамыз.
Ел сұлтаны болғандай
Ақылға кең дана деп.
Қарасай, Қази қуанып,
Әділ досын тапқанға
4060 Толғана мойын бұрады.
— Батаңды бер, қәріп, деп,
Кемпірден бата сұрады .
— Балдарым, қолың жайың, — деп,
Берер батам дайын, — деп.
Күндіз күнің нұрланар,
Түнде жарық айың, — деп.
Сол уақыттары батырлар
«Әумин» деп қол жайды,
Көңілі нұрға толады.
4070 Іздегені табылып,
Болмады ердің алаңы.
«Сау бол» деп мойнын бұрғанда,
Көрмеді қәріп ананы.
Ғайып болды көзінен
Қаріп кемпір манағы.
«Сілтеген бағыт осы» деп,
Қарасай, Қази — қос батыр
Қара жолменен шабады.
Табылар, — деп, — ер Әділ,
4080 Қос батырдың ашылды
Қайғылы тұрған қабағы.
Қарасай, Қази қуанды
«Әділің аман тірі» деп
Естілгесін хабары.
Әділдің жатқан зынданын
Көп кешікпей табады.

- Бастырулы қақпағын
Қази батыр сол жерде
Ашуменен жұлып алады.
- 4090 Жұлдызы туып оңынан,
Оң болды ердің талабы.
— Тірімісің Әділ? — деп,
Жоқ болғасын дыбысы
Белінде қанжар, қылышы
Қарасай айқай салады.
Ішіне жарық түссе де,
Онда да дыбыс болмады.
Ызаланып сол жерде
Қарасай батыр толғады:
- 4100 — Миллион дұшпан қырсам да,
Басыма бақыт қонбады.
Бір өзің үшін қан төктім,
Қылыш сермеп, оқ атып,
Тізеден қан кешсем де,
Әділім аман болмады.
Тірі болсаң, жан досым,
Тірлігіңді білдірмей,
Жатырсың, досым, нағылып?
Лебізіңді естиін,
- 4110 Келіп тұрмын сағынып.
Әуелгі келген сапарда
Сені іздеп табам, — деп,
Он жерімнен оқ тиіп,
Қайтып едік шабылып.
Екінші сенен хат алып,
Тірлігіңді білгесін,
Шыдап нағып жаталық,
Келіп тұрмыз сабылып.
Қызылбастың елдерін
- 4120 Күл талқан қылып қираттық.
Алаулаған қызылбас
Пенде болды бағынып.
Іздеп келген досың бар,
Қозғалсайшы орныңнан,
Жатырсың, досым, нағылып?!

- Сонда Әділ сөйледі:
— Қарасай, Қази достарым,
Қолөткіл бар қолымда
Шынжыр таққан мойныма,
4130 Көтертпейді бастарым.
Шығарыңыз зынданнан,
Мойныма таққан тасты алың.
Бұл зынданда қауіп бар,
Шығар жолы қиын-ды.
Үзілмес арқан тауып сал,
Тәуекелге бастадым.
Көзімнің алды іріңдеп,
Көрсетпейді аяқ жол.
Жеті жылдан бері қарай
4140 Қиысқан баста шаштарым.
Тісімменен тістейін,
Иегімменен күштейін,
Қанеки, арқан тастағын.
Аман шықсам зынданнан,
Айтармын сөздің астарын,
Тірлікке ортақ жаным бар.
Қарасай, Қази батырлар,
Астана, халық аман ба,
Ел қамқоры достарым?!
4150 Қарасай, Қази сол кезде
Шылбырға шылбыр жалғады.
Қарасай менен Қазидың
Жанына қатты батады
Ел сұлтаны Әділдің
Зынданға түсіп қалғаны.
Шығарғанша Әділді,
Тастамады аузынан
«Досым аман болғай» деп,
Бір жаратқан Алланы.
4160 Тастаған шылбыр дәл барды
Ер Әділдің тісіне,
Бұрылып қауға аумады.
Қайраттанды ер Әділ
Қызылбаспен соғысқан

- Мысалы болып саудағы.
Сол уақыттары ер Өділ
Келген арқан шылбырды
Салды азу тісіне.
— Тартың — деді, — достарым,
- 4170 Үзілмес деді арқаның.
Қайта түсіп кетпейін
Қараңғы зындан ішіне.
Екі батыр саумалап
Ер Өділді шығарды.
Шығармасын нағылып,
Іздеген досын сағынып.
Қарасай менен Қазидың
Жан шыдар ма күшіне.
Зынданнан шығып алғасын,
- 4180 Қосылысып үш батыр
Амандасты көрісіп.
Пенде болған ер Өділ
Алғыр сұңқар қыраны.
Елі-халқы, байтағын,
Анасы менен Ілияны
Мұңайып Өділ сұрады.
Қолымда бар қолөткіл
Бұзасыңыз қала, — деп,
Талықсып батыр құлады.
- 4190 Сол уақыттары ер Қазиді
Әлсіреген досының
Аузына сусын бергенде,
Орнынан Өділ тұрады.
Бұзайын, — деп, — кісенді,
Қылыш салып кеседі.
Қылыштың жүзі қайырылды,
Қандай мықты десе де.
Сол уақыттары Қарасай
«Бұзайын, — деп, — кісенді»,
- 4200 Қолыменен бұрады.
Өділ сонда қарленді,
«Тоқта, — деді, — достарым»,
«Я, пірім» деп ұмтылды,

- Таусылып ердің шыдамы.
Алмас кісен қолдағы
Быт-шыт болып сынады.
Кісеннен қолы босанып,
Сол уақыттары ер Әділ
Қарасай, Қази досымен
4210 Құшақтасып сүйісті,
Төсіне-төсі тиісті.
Мауқын басып батырлар,
Ойланды елге қайтуды.
Сонда Қази сөйледі:
— Елге жылдам жүрелік,
Жолымыз шалғай құм, — деді.
Белес-белес белі бар,
Адырлы биік шың, — деді.
Жиырма күнде келем, — деп,
4220 Уәде бердік ханымға
Өтірік емес, шын, — деді.
Екеуімізге бір тұлпар
Әділ досым, қанеки,
Кел артыма мін, — деді.
Сонда Әділ сөйледі
Сөйлегенде бүй деді:
— Ат артына мінгендей
Сатып алған құл емен.
Ашуланып ер Әділ
4230 Тұлпарына мінбеді.
Ат артына мінгендей
Мені, досым, кім дедің?
Батыр болсаң, ер Қази,
Жеті қабат қорғанда
Байлауы тұрған атым бар,
Әкеліп соны бер, — деді.
Соңына еріп жүргендей
Мен қорлыққа көнер ер ме едім?
Досынан Қази сөз естіп,
4240 Ұялып батыр қысылды.
Астындағы Шұбарды
Жеті қабат қорғанға

- «Шуу» деп батыр ұшырды.
Кездесе дұшпан қорғанда
Көк найзаны зулатып,
Талайға салды қысымды.
Қызыл атты бермеуге
Кездесті қырық күзетші.
Қанша дұшпан келсе де,
4250 Қылыш сермеп, оқ атып,
Талайын аттан құлатып,
Мазақ қылып ер Қази,
Шала жансар тастады
Шырқыратып, жылатып,
Біреуін көзге ілмеді.
Тұлпарды алып қорғаннан,
Жетелеп батыр келеді.
Қазидың келіп тұрғанын
Қарасай, Әділ білмеді.
4260 Қырымның ханы, жан досым,
Тұлпарың — мынау, мін, — деді.
Сонда Әділ қараса,
Ер-тұрманы сары алтын
Сулығын шайнап Қызыл ат,
Бес қаруы ілулі,
Тұла бойы бәрі алтын.
Риза болып Қазифа,
Сонда Әділ күледі.
«Бағымды, Алла, ашқай», — деп,
4270 Тұлпарға Әділ мінеді.





Қарасай — Қази

(*Нұртуған Кенжеғұллы нұсқасы*)

Уа, жыр сүйер жамағат!

Орақ батыр Азау қаласын жалғыз барып, жаулап, аман-сау олжалы оралған соң, Мамай да, әкесі Мұса ханның көзін көрген қариялар мен жан аямас достары да, тіпті, бүкіл ноғайлының хан тұқымын қадірлейтіндері де зор қуанышқа бөленді.

Мамайдың айтуымен, тарап кеткен ноғайлы халқына хабаршы жіберіліп, бір ай өткен соң Бозтөбенің белінде ұлан-асыр той болып, ағайын қайта табысты. Орақ пен Мамайдың қайтадан беделі артып, еліне иелік етті. Бұлардың көзінде қалмақтар тұрмақ, орыс мемлекетінің князьдері де бата алмады. Тіпті, ноғайлылардың бірнеше дүркін шапқыншылығынан кейін Русь бұларға алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Бұл кезең ноғайлы елінің дәуірлеген кезі еді.

Алайда бұл тегеурінді елдің ішінде бүлік түсті. «Дән ұшықсыз, ел бұзықсыз болмайды» дегендей, бүлік тудырған Мұса ханның тоқалынан туған Ысмайыл болатын. Баяғы әкесін бүкіл ноғайлы халқы ақ жауып арулап жерлеп жатқанда, еншісіне өзі сұрап алған Сарала атты қуалап жүріп, жердің жарығына атпен бірге түсіп кеткен Ысмайыл аман қалған-ды.

Сол кездің өзінде-ақ әкесі Мұсаның бүкіл артында қалған дүние-мал мен хан тағы өзіме тиіс еді деп, өзегін өрт шалған Ысмайыл зұлымдығынан қайтпады. Ағайынның арасына сұрқиялық пен залымдық отын жағып, бірін-біріне айдап сала берген соң, халық оны «Әнжі Ысмайыл» деп атайтын. Бұрыннан да «Тобаяқ» деген лақап аты бар-тын. Бір қыстың қарлы боранында жылқымен бірге ығып кетіп, бірнеше күн далада қалған оның екі аяғының бастарын үсік шалып, башпайлары ағып кет-

кен еді. Содан кейін-ақ онсыз да жексұрын көрінетін оны жұрт тобаяқ атандырған.

Бұл жылдары Мұсадан қалған балалардың арасында Орақ пен Мамай және Жаңбыршының екі баласы Телағыс пен Күніке зор беделге ие болған. «Едіге тұқымында бұл төртеуіне тең келер ешкім жоқ» дейтін ноғайлы халқы. Бұлардың тұсында қалмақ жерінде Әйеуке деген әрі хан, әрі батыр адам болып еді. Бұл төртеуі осы Әйеукенің қаласын шаппаққа бел байлаған. Бес қаруын сайланып, қажетінше қол алып аттанған бұларға Ысмайыл атқосшы болып барды. Жауға мінер жарамды аты болмай, ол елдегі жирен сақал Қарағұл дегеннің Теңбілкөгін «майын беремін» деп сұрап мінген.

Сол сапар Орақ, Мамай, Телағыс, Күніке Әйеукенің қамалын талқандап, өзін өлтіріп, ауыр олжамен оралған болатын. Әнжі Ысмайыл Әйеукенің Қадаубас қара деген атын «сарқыт» деп сұрап алып еді. Жорықтан келген соң, Қарағұлдың атын етінен арылтып қайтып берген. Жирен сақал:— Сенде қала берсін, екеуіміз дос болайық. Сол достығымыздың арасында бір ат жүрмей ме?!— деген. Бірақ Әнжі:— Қажеті жоқ, — деп алмай қойды. Қадаубас қара тақымына тиген соң, арық атты алып кейін Қарағұлдың өтілін өткізгісі келмеді. Ысмайылдың өз есебі бар-тын. «Хан тағына таласып жүріп, қайдағы бір құлға қарыздар болып қайтемін» деп ойлады.

Әнжі әнжілігін жасап, бір жағынан дәулетін шашып халықты үгіттеуін, екінші жағынан бәйбішеден туылған Орақ пен Мамайды Мұсаның ағасы Жаңбыршының балалары Телағыс пен Күнікеге айдап салуын тоқтатпады. Араларында қанды кек болатындай жағдайға апарды. Телағыс пен Күнікедей қос нар Орақ пен Мамайға өкпелеп, енді көрместей болып, Қондыкердің еліне көшіп кетті.

Көп ұзамай, Әнжі амалын тауып Орақ пен Мамайдың ажалына жетіп тынады. Баяғы «дүние-малымды шашсам да, әкемнің орнына хан болмай қоймаймын» деген арманына да жетті. Мұсаның Орақ, Мамайдан басқа балаларының ішінде хан тағына лайық ешқайсысы жоқ еді. Сондықтан ноғайлының бір арысы лемерлердің қолдауымен Әнжі таққа отырды. Бірақ оның хандық дәуірі ұзаққа бармады. Дегенмен өзі ел билеген 111 күн ішінде халықты да, Едіге тұқымын да дүрліктіріп бітті.

Хан болған күннен бастап, Өнжіні құрметпен қонаққа шақырушылар көп болды. Өзі де елді аралап, үстемдік орната бастады. Әйеукенің Қадаубас қара атынан басқа ұнамды көлік болмады. Ол ұдайы мініске жарамды. Баяғы жирен сақал Қарағұлдың аты көңіліне қайта орала берді. Сымбатты да, жүрісі жайлы тұлпарды өзі шаршатқаны болмаса, таққа мінген адамның тақымына лайық еді жануар.

Енді Өнжі «сол атты берсін» деп Жирен сақалға бір жасауыл жіберді. Ол жасауылға: — Ханға айта бар, кезінде ал дегенімде менсінген жоқ еді. Енді оның неменесіне қызыға қалды?! Жалғыз атымды бере алмаймын. Дос болудан қашқан өзі» деп, оны бос қайтарды. Өнжі ашуға мінді.

Өзі хан болған соң, Өнжі жасауылдарға басшы етіп баяғы әкесі Мұса «өз балам» деп асырап алған Мәтрөшкі деген құлдың баласын тағайындаған-ды. Оның аты Жаббас еді. Сол Жаббасты жұмсады. Оған: — Жирен сақалға айт, Теңбілкөкті берсін. Егер қолымен бермесе, еріксіз аламын да, өзіне аяусыз жаза қолданамын! Мені ашуландырмасын! — деп қатаң тапсырды.

Тегі құл болғанымен, өзін Мұса ханның немересімін деп есептейтін Жаббас Қарағұлдың үйінің сыртына келіп, атынан түспей, сес көрсете айқайлап, «Шықшы, шық!» деп тұр:

- Хабарлас деймін, бермен шық!
 Жирен сақал үйде ме?!
 Ысмайыл хан жіберді,
 Қардар емес ол дүниеге.
 Ханға керек Теңбілкөк,
 Дәлел айтып сөйлеме!
 Беремін деп басында
 Айтып едің сен неге?!
 Хан болып еді, енді бермейсің,
 10 Айт, мұныңның жөні не?!
 Жалған сөйлеп, Қарағұл,
 Кімді алдайсың сен неме?!
 Жүрсе де, егер, хан болмай,
 Бабасы оның Едіге!
 Көнбесең, қазір көресің,
 Жеңіл тисе көңіліңе.
 Хан екенін білдіріп,

- Көрсетер халық көзіне!
Танисың ба, Қарағұл,
20 Жасауыл болған Жаббасты?!
Мен адам емеспін әншейін,
Дұрыстап қара, албасты!
Хан сайлады ашсын деп
Елдегі жалған-расты.
«Берем» дегенсің атыңды
Мен білемін уағдаңды.
Атты ала алмай жасауыл,
Сарайға қайтып бос барды.
Сонан соң хан жіберді
30 Мен сықылды қошқарды!
Алмай атты кетпеймін,
Бұл мен әкімнің қосқаны!
Екі сөйлеп ұялмай,
Сен болдың ханның қысқаны.
Сен бүйткенде, не қылмайды
Сыртта жүрген дұшпаны?!
Тек сенімен болады,
Қоя тұрып басқаны.
Ала ғой, — деп, — атыңды,
40 Төре кезінде жалындың.
Хан болған соң бермейсің,
Уәдеңнен жаңылдың.
Айтқаныңды ұмытып,
Түлен түртіп қағындың!
Көп кідірме, Қарағұл,
Атыңды алып жүресің!
Осы тұрғанда ізімнен
Қалмай бірге ересің!
Малың менен жаныңның
50 Еркін ханға бересің!
Шығармайсың үніңді,
Ашпайсың аузың, тіл тартып!
Атыңды алып жүресің,
Жасырмайсың жалтартып!
Қалдырмаймын өзімнен,
Келмеймін екі мен қайтып!

- Ау, тыңдамайсың сөзімді,
 Жатқызбаймын шалқайтып!
 Дәлел айтып сөйлеме,
 60 Қылмысыңды зорайтып!
 Кешке дейін тұрам ба
 Мен сөзімді құр айтып!

Сонда жасауыл Жаббас құлдың сөзіне шыдамай, Жирен сақал Қарағұл далаға атып шығып, сөйлей жөнеледі:

- Мәтрөшкі қара құл,
 Баламысың, Жаббасым?!
 Бермеймін ханға атымды,
 Қалай қылып аласың?!
 «Қарға шақырар өз атын»
 «Құл» дегенің өз басың.
 Құл да болсам мықтымын,
 70 Сыйлап жүрген қожасын!
 Азар беріп жіберсем,
 Шағынып кімге барасың?!
 Сәлем де ханға, ат түгіл,
 Ұстасын ондап жығасын!
 Аманат жаным сау тұрса,
 Жыртқызармын жағасын!
 Төгермін шайқап кешікпей,
 Өлі толмай жатқан сабасын!
 Орақ, Мамай халқынан
 80 Өлі-ақ алар «сыбағасын!»
 Тайсалдырмай айтып бар
 Сөздің осы расын!
 Дұрысын егер айтпасаң,
 Жасауыл қалай боласың?!
 Рас, бермек болғанмын
 Теңбілкөкті ханға да.
 Менсінбей мені жіберген,
 Шын ниетпен барғанда.
 Шындықтың жүгі ауыр-ды,
 90 «Құл» деген сөзге арланба.
 Сенімен жалғыз мен емес,

- Бәрі құл адам жалғанда!
Жаулы өскен шығар құлағың
Мұсаға құл болғанға.
Сөйтіп, жүріп текті құл,
Құлдығыңа қорланба!
Кешегі анау күндерде,
Жүретін едің сен малда.
Іс басына құл тұрып,
Келе алмас енді бұл маңға!
- 100 Мен айтайын, сен тыңда,
Неге ат берем дедім мен ханға?!
Түгел еді Едіге,
Төрт ағам түгел жүргенде.
Сол бабама арнағам
Мен «ат берем» дегенде.
Қайран басым, қайтейін,
Зұлымдығын білдім бе?!
Төбеден жайды түсіру
Қашаннан-ақ жүр екен
- 110 Ысмайылдың кеулінде.
Төртеуге қолым жете алмай,
Інісі ғой, — деп, — Ысмайыл,
Көшпек болғам жөніне.
Інісімен дос болсам,
Таныр деп ем асылзат
Бұл төртеуі мені де.
Олардың бәрін жоқ қылып,
Келді ме менің теңіме?!
Өзіммен бірдей адамға
- 120 Ат бермеймін бұл күнде.
Ысмайылға айта бар,
Хандығын қылсын жөніне!
Едігені алдың ауызға,
Садаға болсын сұмырай
Әруақтардың тегіне!
Туғанын күндеп айырып,
Тең болған ханның менімен!
Жолдасы ылғи құл-құтан
Жау ала ма сенімен?!

- 130 Екі асыл ақсұңқар
Қондыкерге хан болды,
Өкпелеп көшкен жөнімен.
Немере жерден қан төкті
Сонда да Әнжі сөзімен.
Телағыс, Күніке айтқаным,
Елден кетті екеуі
Осы иттің бүлігінен.
Артық туған Мамайға
Нақақтан ант ішкізді,
- 140 Болған жоқ оның өзінен.
Абайсыз өлді ер Орақ
Анасының сөзін тыңдамай,
«Жақын ғой» деген кеуілмен.
Енді айбынарлық адам жоқ,
Ел билейді қандай пейілімен?!
Хан екен деп қайбыртып,
Айрылман Теңбілкөгімнен.
Бағана бермей қалған соң,
Жіберіпті сені де.
- 150 Аямасын айтыпты,
Қолынан келсе мені де.
Ысмайыл ханға айта бар,
Ер саламын көгіме!
«Мал-жанның еркін бер!» деген,
Ерегісіп сөзіне.
«Хан тұтынып барма!» деп,
Хабар берем Еділдің
Төмені менен өріне.
Жасырмаймын сырымды
- 160 Дұшпандық еттім көріне!
Толғанбайдың күйеуімін,
Жиен едім Мүсілімге.
Сау тұрғанда Мүсекем,
Ысмайыл келмес шеніме!
Келе қойса шеніме,
Шашар мұның хандығын!
«Жасауылмын, таны!» деп,
Құлдың да қара паңдығын!

- Сөзін айтып кешегі
170 Орақ, Мамай төренің,
Ашпа, сен, ашу сандығын!
Өзімдей болған сен құлдың
Ұрайын ба жандығын?!
Біреуі — тоқал, бірі — құл
Жүргізбек бұлар жарлығын.
Келтірмей қойып кеңеске,
Өңшең жақсы барлығын.
Елге барып ертерек,
Айтайын мұның қорлығын.
- 180 Сұлтанай мен Ахмет
Қылсын тоғыз тондығын!
Жирен сақал мұны айтып,
«Шығар, — деді қатынға, —
Теңбілкөк аттың жабдығын!»
Әйелі де тездетіп
Келтірді істі ебіне.
Жирен сақал мұны айтып,
Мініп алды көгіне.
Бермейтінін білген соң,
- 190 Жаббас та кетті жөніне.
«Ханға барып біржола
Мықтаймын, — деп, — сені де!»
«Хандығыңнан айырып,
Қоярмын!» — деп, бұл кетті
Ноғайлының билеріне.
Екі құл мықтап алжасты,
Шайтан кіріп кеуілдеріне.
Жаббас кетіп барады,
Түскендей қалың тұманға.
- 200 Жирен сақал бара жатыр
Еріксіз атты бергенше,
«Жақсы, — деп, — алған бұдан да».
Бір-біріне кеюмен
Аралары ұзады.
Жасауылдікі дұрыс қой,
Намысына қызады.
Мұныкі де мақұл ғой,

- «Еріксіз алам!» деген соң,
Қалай шыдап тұрады?!
210 Екеуіне де кінә жоқ,
Өзелде жазған болады.
Бірақ жалған намыстар
Осындайдан қозады.
Болмашыдан от тастап,
Елді шайтан бұзады.
Келе жатыр бұл Жаббас
«Көрдім ғой, — деп, — қорлықты».
Ісініп барған көкірегі
Атты ала алмай торықты.
- 220 Зорлықпен тартып алуға
Келмеді әлі, қорықты.
Қайдағыны айтып Қарағұл
Қорлады және ұлықты.
Бұның да тегін қазбалап,
Көрсетті ғой азарды.
Атты ала алмай бос қайтып,
Төмендегі назары.
Келе жатып елдегі
Достарға берді хабарды.
- 230 «Ордаға қалмай келсін, — деп,
Ойлас үшін амалды!
Ертең сәске болғанда,
Жирен сақал аулына
Саламыз, — деп, — зауалды!»
Хан қасында қайымды ер:
«Тарттырам, — деп, — төубанды!»
Осыны ойлап Жаббасың
Бара берсін ханына.
Азарланып, қабарып
- 240 Жүрегі симай қабына
Бұл хабарды есітіп,
Атқа мінер адамдар
Ханға барды жабыла.
Хан да отыр буырқанып,
Қара құл тиіп шамына.

Қадірсіз жанда дос та жоқ,
Құл-құтан, ылғи шаруа.

- Ендігі сөзді тыңдаңдар,
Жирен сақал Қарағұлдан —
250 Көк аттың иесі манағы.
Арғы атасы құл еді,
Қожасы ноғай табаны.
Ноғайлының бұл күні
Болған-ды ол қадірлі
Бас көтерер адамы.
Мүсілімдей мырзаның
Бар еді елде туғаны.
Бұл соның құлы еді,
Құл да болса жазалы.
- 260 Сақидың бірі еді ол
Қайнап тұрған қазаны.
Жақсылығы болмаса
Халыққа қалай жағады?!
Елдегі төуір, жақсылар —
Бәрі де мұның жараны.
Ноғайлыны қозғады,
«Өтті, — деп, — Әнжі азары!
Мәтрөшкі құлдың баласы
Кетірді, — деп, — мазаны».
- 270 Атаның ұлы Ахметке
Әуелі мұңын шағады.
Сұлтанай деген би бар-ды,
Басында тұрған базары.
Бұл үшеуі бас қосып,
Аралап елді барады.
Жирен сақал Қарағұлдың
Оңғарылды талабы.
Қалдырмады ноғай барған
Бұхара менен Оралды.
- 280 Әнжің хан деп бармайтын,
Тіпті күтіп алмайтын
Бірталай халық құралды.
Жинап алып халықты,

Қолға ұстады Құранды.
Ақылдасып хан қойды
Мүсілім деген адамды.
Бірауыздан айтылды
Сары ноғай ұраны.

- Хан тұтынып Әнжіні
- 290 Шамалы халық қалыпты.
Әкімдері, достары
Жиналып бәрі барыпты
«Жириен сақал Қарағұл
Қорлады, — деп, — хандықты.
Біреуің — тоқал, бірің — құл
Нағыласың, — деді, — жарлықты?!»
Қалай айтты бұл сөзді,
Бұл не деген сұмдық-ты?!
Жаббас мұны айтқанда,
- 300 Ысмайыл ханың тұншықты.
Алтын тақтың үстінде
Күңіреніп сөз қозғайды.
Ойлағанын Жаббастың
Хан мақұлдар болмайды.
Айтылған сөзбен ісі жоқ,
Әр нәрсені ойлайды.
Екі көзден жас ағып,
Бір кезде ханың толғайды:
— Білген екен Қарағұл,
- 310 Біткен екен жалғаным!
Қанын жүктеп туыстың,
Құрысын хан болғаным!
Таққа мініп, хан болып,
Бітті деп жүрсем арманым
Басыма бүгін тиді ме
Едіге дәстүр бұзғаным.
Жолымнан олар кеткен соң,
Қане, дүние-мүлік пен
Үйірлеп малды жиғаным?!
- 320 Менде айбат, қайрат жоқ,
Қорқытып елді жинадым.

- Не бітірдім хан болып,
Айырылып елден сандалдым?!
Халімнің мүшкіл болғанын
Енді ғана ойға алдым.
Қарағұлдай кәріптің
Ақылына таң қалдым.
Заманым қайым екенін
Айтқанынан аңғардым.
- 330 Не бітірдім, көнеки,
Құртқан соң өзім қорғаным?!
Таққа міну арман-ды,
Ес біліп, дүние қуғаннан.
Жалғыз өзім қалыппын
Мен бұл күнде Мұсадан.
Халық қайда барар еді,
Кетпесе кие ордадан?!
Қара бұлты тұрғанда
Орақ сынды торлаған?!
- 340 Алтын тақта отырса,
Қазынадай хан Мамай
Қару ғып ақыл сайлаған?!
Айдаһардай ысқырып,
Күніке жатса алапта
Көрінгенді шайнаған.
Телағыстай мұзбалақ
Бұғы, марал көтеріп,
Мауқын басып ойнаған.
Отырса солар ордада,
- 350 Бітпес пе еді арманы
Халқымның мына ойлаған?!
Олардың күндеп, көре алмай,
Қадірін ердің біле алмай,
Бармағым енді шайналған.
Елге иелік ете алмай,
Құлға жауап бере алмай,
Жалғыз басым сандалған.
Бұл халықтың ішінде
Текті тұқым мен едім,
- 360 Туғанымды күндедім.

- Көр болғыр көзді шел қаптап,
Намысты жүрдім тек таптап,
Жақсылық ойға келмедім.
Қадірін туыс білгенде,
Бұндай сөз есітер мен бе едім?!
Түнімді жарық қылатын
Айналамдағы шырақтарды
Өз қолыммен сөндірдім.
«Шамшырақ елге болам» деп,
370 Өзімді-өзім сендірдім.
Қорғаным болған қалқанды
«Керегі жоқ» деп сындырдым.
Ұйытқы болған мәйекті
Бір сөзбенен бүлдірдім.
Тоқпақ жалды тарланды
Үйірінен бездірдім.
Қолдағы қос сұңқарды
Үркітіп дүние кездірдім.
Алтын тақтың иелері —
380 Ел билеген ерлерді
Кеңестен күдер үздірдім.
Тұнығымды лайлап,
Сөйтіп, өзім хан болдым.
Хан болғаным құрысын,
Тек әйтеуір жан болдым.
Халқымның басын қоса алмай,
Қатарымнан кем болдым.
Беделім жоқ ешкімге,
Қарағұлмен тең болдым.
390 Өз бағымды мәуелі
От жіберіп, күл қылдым.
Нағыл дейсің, сен Жаббас,
Хандықты енді тұл қылдым.
«Қылған ісім пайда» деп,
Айла жасап мен жүрдім.
Залал екен ойласам,
Иттігімді бүгін білдім.
Қапыда өткен қалпал іс
Орнына келмес «аһ» ұрса.

- 400 Бермес пе еді құл атын
Тауда тарлан ақырса?!
Құсмұрын қара шоқыда
Ақсұңқар құс шаңқ етіп,
Жалғыз тұрып шақырса?!
Енді адыра қалған Еділде
Екі түрнек түлер ме?!
«Томағамды сыпыр» деп,
Ұшарын қолдан тілер ме?!
Сонда биялайдан бау тартып,
- 410 Қара лашын жем жер ме?!
Табылған ақыл — айтылған
Қарағұлдың кеңесі.
Жауап таппай ханыңның
Кетіп отыр есесі.
Нағыл дейсің, Жаббасым,
Жасауылға болған бас?!
Жүзіміз кеңес қылсақ та,
Бұған жауап табылмас.
Асқар, асқар, асқар тау
- 420 Бауыры болар толған тас.
Шыңы болар шаншылған
Бұдыры жоқ жым-жылас.
Сүңгідей сүйір ұшына
Таранып сұңқар қона алмас.
Қонғанменен лаждап,
Қайқайып қайта ұша алмас.
Жол тауып барған жолаушы
Одан қайтып түсе алмас.
Өрісін малдың өрт алса,
- 430 Ел еркіндеп көше алмас.
Тартылса суы көлдердің,
Көгілдірін ерітіп,
Қулар қонып-ұша алмас.
Қапыда өткен дүние-ай,
Енді Әнжінің тілін кісі алмас!
Осыны айтып Ысмайыл,
«Болады, — деп, — қате сөл жерде,
Ерлерді жоқтап жылады.

- Ойында тіпті болмады,
 440 «Енді ноғай келмес деп,
 Билікті маған бермес» деп,
 Жер бауырлап құлады.
 Ханы мұны айтқан соң,
 Қызметтегі адамдар
 Бет-бетімен тарады.
 Мұнан былай халықты
 Мүсілім болды сұраған.
 Хан Мамайда бала жоқ,
 Тұяқ қалмады тарланнан.
- 450 Алшағырдың баласы
 Қалу да қашып, жоғалған.
 Қарасай, Қази үлкені
 Орақтан қалған баладан.
 Шет жерде жатыр оқуда,
 Хабар жоқ әлі олардан.

Орақ өлгенде, Қарасай мен Қази екеуі жас қалып еді. Орақ өлген күні, оның айы-күні жетіп отырған әйелі тағы да толғатып, ер балалы болған-ды. Атын Айдынды-Имаш қойған. Орақты жерлеп болған соң, халық әрі-бері ойласып, жиналып келіп, қатынға: — Сен осы халыққа өзің хан бол! — деген. Орақтың әйелі ақылды жан еді. Қара жамылып отырып ел басқару халықты қансыратумен бірдей болар. Оның үстіне «қатын басқарған ел оңбайды» деген, мен хан болып нағылайын. Мына мырза ағаны қойыңыздар, — деп еді.

Қанша айтқанмен, халық әйелдің айтқанынан шыға алмай, Әнжі Ысмайылды хан қойған. Әнжінің көктен тілеген арманы осылайша орындалған. «Әйел ақылсыз, бақа құйрықсыз» деген осы екен ғой. Ысмайылдың әнжілігін, осылардың тұқымын құртып жүргенін біле тұрып, бұл қатынға не көрінген?! Билікті өзіне берсек, әйелдің мұны хан қойдырғаны несі?!» деп ренжіп, тарқап еді ел.

Әйел басқаша ойлаған: «Егер Әнжі ауылда бос жүрсе, Қарасай мен Қазиды да жастай өлтірер. Бұл екі баланы нағашысының қолына оқуға жіберіп, елден кетірейін. Әкесінің түбіне жеткен бұл залым енді балаларының кемеліне келгенін көріп, тыныш отыра алмас. Бір күні болмаса бір күні бұлардың да түбіне

жетіп тынар. Елге иелік ете алмаса, халық бір жағына шығар. Оған дейін балаларым де ержетер» деп шешкен. Қангерман деген қалада әйелдің төркіні бар еді. Өнжі хан тағына отырған соң, әйел екі баланы нағашысына апарып тастады. Бұл екеуі әр түрлі елдің тілін, ғылымды он екі жыл оқыды.

Ауылда қалған Айдынды-Имаш он екіге толды. Батыр аталарына ұқсап, жастайынан қару-жараққа үйір болды. Нағыз батыр тұлғалы, қайтпас қайсар, жаужүрек боп өсіп келе жатты. Заманында арғы атасы Нұрадын қол саржаның оғын тастап өткізген қайратты туған ер еді. Он екі жасқа келген Айдынды-Имаш та тасқа оқ атып, жебесін қадалтып жүрді.

Өнжі тақтан түскенмен, әкесі Мұсаның бір бөлек қараша еліне басшылық жасап, әңгімеге араласып, тыныш жүрген. Өнжінің айтқанын қылатын осы шағын ауыл адамдары баланың да айтқанын екі етпейтін. Себебі, олар: «Осы бала ағаларына аман қосыла қойса, Мүсілімнен тақты алар. Тақты алса, бізді бір мұратқа жеткізер осы болар» деп ойлайтын.

Арада жылдар өткен сайын Өнжі баяғы өз маңдайына өзі төбелегенін есінен шығарып, басқаша қиялға кетіп жүретін. «Бұл бала елдің тағына отырса, менің өміріме қауіп төнер. Ел бұған мен хан болғандағы көрген азарын айтса, ажалым осы баладан болар. Сондықтан ағалары келмей тұрғанда, бір-біріне басын қоспай, осы баланы өлтірейін» деген ойдан арыла алмай жүрген Өнжі баяғы әккілігіне тағы басты.

Сөйтіп, Айдынды-Имашты оңашаға апарып, азғырып жаттыр.

Айдынды-Имаш жас бала
 Ақсұңқар құстай таранған.
 Он екіде жасы бар,
 Қараты асқан қанадан.
 460 Салмақты ауыр бөсі бар,
 Тұрмысы абзал жаралған.
 Тақтан түсіп Ысмайыл,
 Тайдырған бағын бұл жалған.
 Тек қарашасы қалып әкенің
 Сопа басы қуарған.
 Бір күні осы Ысмайыл
 Айдынды-Имаш баланы

- «Мында кел!» деп шақырған.
Оңашаға апарып,
470 Ақыл айтып балаға,
Қамқоршысы бола қалған.
Жақсылар, құлақ салыңдар,
Сонда Әнжінің сөзі толғаған:
— Не ойлап жүрсің, Имашжан?
Айтайын саған ақылды,
Салып отыр құлағың.
Орақ, Мамай өлген соң,
Айтуымен шешеннің
Таққа міндім, қарағым.
- 480 Хан болғаным құрысын,
Қоса алмай басын халықтың,
Аз ғана күнге шыдадым.
Үш жарым ай хан болып,
Сандалып, басым дал болып,
Өркімнен кеңес сұрадым,
Қорғаным қолдан кеткен соң,
Болмады тақта тұрағым.
«Тоқалдан туды» деп менсінбей,
Қайрылмай кетті бір жүрген
- 490 Қаншама жолдас, ноғайлым.
Енді маған пайтақ жоқ,
Өзімді-өзім сынадым.
Үміт күтер бар халқың
Бұл елде жалғыз сен едің,
Шырағым, бірақ жас болдың.
Болғанменен жасың жас,
Бұл халыққа паш болдың!
Мен қарап жүрмей қағынып,
Өр түрлі атақ тағылып,
- 500 Халықпенен қас болдым.
Қастығымның себебі:
Құлдығына қарамай,
Жаббасты да бас қылдым.
Атамның айтқан сөзімен
Мәтрөшкінің баласының
Сөйтіп кеулін қош қылдым.

- Сол ісімді жек көріп,
Сары ноғай бөлініп,
Хан сайлады Мүсілімдей —
510 Үрімнен келген қашқынын.
Қарасай, Қазі екі ағаң
Қангерманда оқыған.
Алтын тақтан айрылып,
Мен ағаңмын отырған.
Бұл күндерде көз салсам,
Қайдағы жаман құтырған.
Мамайдан қалған жақсылық
Бұл халыққа ұмытылған.
Кешегі атаң ер Орақ
520 Ноғайлыны қорғаған
Болып еді тас қорған.
Үш баласың, шырағым,
Қалған перзент батырдан.
Ағаларыңа барып кел,
Жүрсе ертіп алып кел,
Ақылым айтып жатырған.
Мен барғанмен келмейді,
«Елге кел!» деп оларды
Хат жазып талай шақырғам.
530 Сенің шешең әдейі
Қангермандағы нағашыңа,
Олардың көзін асырған.
Ешнәрсені ойламай,
Балалардың бақытын
Бастарынан қашырған.
Отаннан жақсы кеткен соң,
Ықпалы тайып елімнің,
Би шықты енді қатыннан.
Ықпал таймай қайтеді,
540 Жесір қатын, жетім ұл
Дәулетті шашып сапырған.
Алдыр, — деп ем, — балаңды,
Бағылан болған бөйбіше
«Үйімнен кет!» деп ақырған.
Үшеуің қос басыңды,

- Жараспайды оларға да
Жат елде босқа қаңғырған.
Ел тізгінін алыңдар
Шырағым, пайда қыласың
550 Тап осы айтылған ақылдан!
Үшеуің қос басыңды,
Осы күнде бірігіп,
Мұрасын бер, — деп, — атамның?!
Сұрасаң халықтан көрініп.
Кететұғын адам жоқ,
Бұл ноғайда бөлініп.
«Мүсілім жаман хан болды,
Тек әншейін жан болды», —
Деп Мамайды іздейді
560 Бұл күнде халық егіліп.
Ер Орақты жоқтайды,
Дұшпанын талай қашырған
Сұр бұлттайын түнеріп.
«Ол екеуі кеткен соң,
Жер тарылып барады, — деп, —
Дұшпан алып шегеріп».
Шырағым, жылдам талап қыл,
Атадан қалған пайтағың
Тұрғанда кетпей көнеріп.
570 Қайта айналып бақ келіп,
Біреуіңе тақ беріп,
Алсаңдар елді игеріп.
Сонда арман қалмас еді
Осыны кетсем мен көріп.
Айдынды-Имаш, осы еді
Менің саған айтпағым,
Жүрген соң елім теңселіп.
Тыңдасаң жылдам алып кел
Қарасай, Қази қасқырды!
580 Жеті атадан біз едік
Ел басқарған дәстүрлі.
Тоқалдан туды деп менсінбей,
Көңілімнің содан пәстігі.
Үшеуіңді көрсем бір жерден,

- Көңілімнің болар қоштығы.
Ағаларың ержетті
Болмаса тек жастығы.
Ықпал бізде тұрсын ба
Төмен етек, қысқа ақыл
590 Отанның болса бастығы?!
Керіледі тіл алмай,
Ойынан қалмай баяғы
Ер Орақтың тұсында
Сөйлеген еркін мастығы.
Үндемей сөзін көтерем,
Қам көңілді адам ғой,
Болсын, — деп, — соның қоштығы.
Жаңа талап бір ерсің,
Шырағым, өзің білерсің,
600 Түсінсең ағаң достығы.
Бұл сөзден соң Ысмайылды
Айдынды-Имаш дос көрді.
Балалықтың салдарынан
Ақылын оның қош көрді.
Аңғырттық және сәбилік
Ақылына сап ескерді.
«Барамын, — деп, — ағама!»
Әнжіге қолын үш берді.
Үйіне келіп мұнан соң,
610 «Барамын, — деп, — ағама!»
Анасына күш қылды.
«Жібермеймін» деп еді,
«Кетемін, — деп, — лағып!»
Көзінен шашты ұшқынды.
Жібермесе кетеді
Жасынан тентек жетелі,
Ананың жаны ышқынды.
Не қыларын біле алмай,
«Барма» деген тілді алмай,
620 Қапелімде іс қылды.
«Жүремін» деп ат ерлеп,
Бір қошты алып қасына
Қара нарға қос артты.

- Ағайын, қоңсы, ноғайға
Бара жатып қош айтты.
Айдынды-Имаш жас бала
Кеуіліндегі мақсатын:
— Тілектес болып тұрыңдар
Мен келгенше, ағайын!
- 630 Талабымды оңғарса,
Жаратқан Жаппар Құдайым.
Екі ағама бас қоссам,
Кетер еді сендердің
Кеуліндегі уайым.
Қарашасы атамның,
Үміт үзбе біздерден,
Келтірсін Алла ыңғайын!
Жақсыларың шыдаңдар,
Жамандарың ұзаңдар,
- 640 Келген соң көрем сыңайын.
Талабым жүрсе жөнделіп,
Ноғайлы тағын аламын.
Тақ бермейтін кім, қане,
Басына зауал саламын!
Мен арнайы сондықтан
Қангерман деген қалаға
Қос ағамды іздеп барамын.
Әуресімен ойынның
Он екі жасқа келіппін.
- 650 Осы азғантай ғұмырда
Жақсы-жаман көріппін.
Атадан жастай жетім қап,
Қатарымнан кеміппін.
Атам мінген алтын тақ
Басқаларға беріппін.
Жастығым шығар бұл менің,
Көрінгенге сеніппін.
Қаңғалап жүр көп ноғай,
Жетім қалған далада
- 660 Лағындай еліктің.
Сондықтан да, ағайын,
Ағалармен бас қосып,

- Тақ алуға жерікпін!
Қош болып тұр, тумалар,
Неге керек көп сөйлеп,
Белі талды көліктің!
Осыны айтып жас бала,
Атының басын бұрды енді.
Қасындағы қос артқан
670 Қосшысына «жүр!» деді.
Жасына жетпей жас бала
Адамдықты көздеді.
Халқының қамы ойлантып,
Екі ағасын іздеді.
Жұртты құртқан сұм Әнжі
Не ойлады кім білді?!
Мақұлдап сөзін баланың,
Безеп жатыр қу тілді.
Алтын тақтан тағы ойы бар ма,
680 Салып жатыр сұңқылды.
Айдынды-Имаш жас бөрі
Қаттау киген деніне.
Тақымға қысып көк сүңгі,
Байлаған алмас беліне.
Қорамсақтағы сұр жебе
Қырықтан асар кемінде.
Он екіде жасы бар,
Жас та болса басы бар,
Қайсарлық ата-тегінде.
690 Ойына тек келгені:
«Алтын тақты алмастай,
Бір адамнан кеммін бе?!»
Күн-түн қатып жол жүрді
Қангерманның еліне.
Келгенінде бұл жолдың
Қара Еділ деген жеріне
Қосшыға қосып түсіртті,
Бір ой түсіп кеуліне.
Сол жерге қосын тіккізіп,
700 Жатсын бала үйінде.
Енді әңгіме тыңдаңдар

Ысмайыл Өнжі жөнінде.
Түсіндіріп айтайын,
Келтіріп сөзді ебіне.

Бала төрт күн жол жүріп, Қара Еділ деген теңіздің бір басына келді. Ауылда жүргенде үлкендерден «Қара Еділдің бұл басын Қангерман деген қала мен бұлардың ауылының дәл орта тұсы» дегенді еститін. Бұл екі орта болса, енді қалаға дейін тағы төрт күншілік жол бар.

Қара Еділге келген соң, баланың кеуіліне бір ой түсіп еді. «Менің жасым кіші болғанмен, жолым үлкен. Үлкен шаңырақтың, алтын тақты орданың иесімін. Екі ағамды іздеп, сәлем берем деп ауылдан шықтым. Жолдың ортасына келдім. Осы араға қос тіккізіп алып, жалғыз өзім қалайын. Қасымдағы қосшымды екі ағама жіберейін. Мені сағынған болса, інілерін көремін десе өздері келсін. Келмесе, мен де осы жерден елге қайтайын. Егер екеуі келсе, осы жерден елге барып халыққа қамқор болармыз. Ағаларым келмесе, онда менімен де, елмен де, атадан қалған мұраға иелік етіп, халықтың қамын ойлаумен де істері болмағаны» деп ойлады Айдынды-Имаш. Сөйтіп, қасындағы қосшысын екі ағасына жіберіп, қосты тіккізіп алып, бала жалғыз өзі қалды.

Енді ауылда қалған Өнжі тырнағына қарап, баланың жалғыз қалғанын біліп отыр еді. Өзі баяғы хан болғандағы достарынан елде қалғаны жалғыз Жаббас-тын. Бұл хандықтан айырылғалы, екеуі де елге жеккөрінішті болып жүрген. Неше түрлі ойдың шырмауында қалған Ысмайыл Жаббасты шақырып алды. Ананы-мынаны сөз етіп отырып, ақырында, «Кешегі бала кеткелі сен не ойлап жүрсің?» деп сұрамақ болды.

Сондағы Ысмайылдың айтқаны:

— Сені бүгін мен, Жаббас,
Көрейін деп шақырдым.
Не ойлап жүрсің бұл күнде,
Қайратты туған батырым?
710 Кеше мен хан болғанда,
Билігін бергем халқымның.
Қолыңа билік тиген соң,
Тыным таппай шарқ ұрдың.

- Бетіңе жанды қаратпай,
Аюдайын ақырдың.
Әуелі Құдай, екінші
Сен едің менің жақыным.
Бұл күндерде елдегі
Біреуі болдың пақырдың.
- 720 Кешегі кеткен жас бала
Не ойлап кетті білдің бе,
Не айтады ақылың?
Қанеки, сөйле, Жаббасым,
Айтсайшы істің мақұлын.
Не ойлап жүрсің бұл күнде,
Не келіп жүр кеуліңе?!
Айдынды-Имаш бас қосса
Екі асыл тек бөріңе,
Не істейді үшеуі,
- 730 Ойландың ба, тегіңді?
Ойластыққа шақырдым
Бүгін жердің кеңінде.
Досым бар ма, Жаббасым,
Сенен басқа менің де?
Сен де мырза баласы
Қарасам байқап, тегіңе.
Қаламады халық бізді,
«Билік беріп болмас» деп,
Келтірді олар ебіне.
- 740 Егер келсе үшеуі,
Алтын тақты береді
Сол үшеудің біріне.
Сосын олар сенеді
Мына жатқан халықтың
Айтатұғын кебіне.
Қанеки, сөйле, Жаббасым,
Сосын мен де айтамын
Орайлап сенің сөзіңе.
Сонда Жаббас сөйледі
- 750 Ызасы симай қанаға:
— Қапелімде қиналдым,
Не айт дейсің, хан аға?

- Ойлайтындай ел қамын
 Достығым жоқ ноғайға.
 Қаламап еді халық бізді,
 Шыдамай қорлық, азарға.
 Дұшпандық еткен адамға
 Жақсылық қылып болар ма?!
 Бұл халықтың ішінде
- 760 Сізден артық дос бар ма?!
 Тілек тілеп жүрмін мен
 Кешегі жас балаға.
 Үмітім көп болып жүр,
 Деп, сірә, тақты ала ма?!
 Едіге тұқым тақ мінсе,
 Санға кіріп мен дағы,
 Ойлаймын бағым жана ма?
 Кіреукелі алтын тақ
 Қарасай, Қази, Имаштың
- 770 Біреуі айтпай-ақ мінер деп.
 Дәмелімін, хан аға,
 Маған да мансап берер деп.
 Ақылың болса айта бер,
 Ойыма да келмейді
 Кеуіліме тиер деп.
 Күмөнім бар сонда да
 Сіз істеген көп нәрсе
 Жобасын олар білер деп.
 Сонда Ысмайыл түңіліп,
- 780 Басын қозғап шайқады.
 Бір майдан шайқап отырып,
 Жаббасқа жауап қайтарды:
 — Сен енді, Жаббас шырағым,
 Құлақ сал менің кебіме.
 Ағасымен бас қосып,
 Келеді ол ноғай еліне,
 Кіреукелі алтын тақ
 Сөз жоқ олар мінеріне.
 Күмөнім жоқ тағы да,
- 790 Мына жатқан халықтың
 Оларға не деріне.

- «Сол екеуін өлтір!» дер,
Келмесін басқа қаперіңе.
Өлтіреді сонан соң
Сені менен мені де.
Кімді де болса өлтіреді,
Тигізген зәбір көріне.
Туғаннан менің жұмысым
Бәбикеш тұқым жаулаған.
- 800 Шығармадым мырзаны
Әңгіме, жанжал қауғадан.
Ендігі өмір қызығы —
Лаждап басты сауғалаған.
Сонда да болса бұл тақтан
Есебі келсе құр қалмаған.
Амалдап жүріп, әйтеуір,
Бұрын да солай болғам.
Реті келсе жетпегірді
Көзін жойып тезірек,
- 810 Ағаларына қоспаған!
Айдынды-Имаш ажалы
Сенен болады деп айтады,
Айырсам жұлдыз аспаннан.
Қанеки, Жаббас, бас тартшы,
Қисық десең бұл жобамнан!
Ысмайыл мұны айтқанда,
Шалқып отырған Жаббастың
Пәс болып қалды назары.
Айтарға сөз таба алмай,
- 820 Бұзылып кетті ажары.
Ысмайыл айтқан соң,
Сонау бір өткен күндерде
Бұл тұқым берген азарды.
Ойлаған ойы өзгеріп,
Таба алмай басқа амалды.
Сөзінен кейін Әнжінің
Жүрегі қайта қабарды.
— Бұндай жерде бір амал
Сіздей аға табар-ды.
- 830 Қандай шешім айтсаң да,

Жаббас інің құп алды, —
Деді Жаббас бүрісіп,
Жарқанаттай боп қалды.

Сонда Ысмайыл: — Егер менің сиқырлы тырнағым алдамаса, кешегі кеткен бала ерлігіне мас болып, Қара Еділде қос тіккізіп, жалғыз өзі жатқан шығар. Қасындағы қосшысын екі ағасына жіберді. Кейін олардан жермен қашсаң, тұтыларсың, сумен қашсаң, құтыларсың. Сондықтан мынау отырған қоңсы ауылдан қырық адам берейін. Астыңа кеме мін. Теңіздің басынан айналмай, түнде тұсынан өтіп кет. Іждаһат қылып қатты жүрсең, бір түнде өтіп боласың. Таң білінген уақытта Қара Еділдің жарының астына қайықты байла!

Осыны айтып Ысмайыл бір тоқтады да, қайтадан сөзін жалғастырды. — Күн шыққан уақытта қарасаң, басаттың өзің қайық жасырған тұсында жайылып жүрген көп ат болады. Біреуін ұстап мініп, тұсауын мойнына салып, Қара Еділдің жарының астын жағалап арқа-шығысқа қарай жүре бер. Көп ұзамай көрінеді. Сен барғанда бала жалғыз өзі саржасын қарынан өткізіп, етпетінен түсіп ұйықтап жатады. Қорықпай, жүгіріп бар да ұйықтап жатса, «екі ағаң келіп қалды!» деп қатты айқайла. Өмірінде көрмеген екі ағасы келе жатыр деген соң, баланың тұлабойы балқып кетіп: «Аға, сүйіншіге саржамды аласың ба, әлде жанымды аласың ба? Екі ағамның жолына аярым жоқ. Қалағаныңды ал!» дер. Сонда: «Шырағым, жаныңды не қылайын саржаңды бере ғой де». Саржасын беріп, киініп өуре боп жүгенде, шапшаңдатып атып сал. Баланың ажалы сенен. Бұл айдан анық. Өзің өліп қалып жүрме. Мен білерде біздің тұқымның бойы балқып тұрғанда өзінің қаруы өтпесе, басқа басқа қару өтпейтін еді. «Бүгін бесінші күн» дегенде, мен тырнағыма қараймын. Егер осы жолы өлтіріп қайтпасаң, кейін я сенің ажалың, я менің ажалым сол баладан болады!» деп Әнжі Жаббастың зәресін алып, қоя берді.

Жаббас жаңағы айтқанының бәрін істеді. Қасына берген қырық адам таң білінген уақытта Қара Еділдің жарының астынан бір-ақ шықты. Адамды ілестіріп, түнімен қырып-жойып, боқтап-балағатап жүріп, ескекші, көмекші адамды қайықтың басына тастап, аржағындағы басатты жағалап, жайылып жүрген аттың біреуін ұстап мініп алды. Тұсауын мойнына са-

лып, жағалап баланың қосына жақындады. Байқап қараса, бала қоста жалғыз өзі жатыр екен. Саржасын қарынан өткізіп алып, төсегінде етпетінен түсіп жатыр.

Жаббас баланың ұйықтап жатқанын көрген соң, «үстіне міне түссем бе екен?» деп тұрды да, ойынан шошып кетті. «Бұған шамам келе ме, келмей ме? Тұрған соң өзімді өлтіруі де мүмкін ғой» деп, анадай жерге қайтып барып, атын тапырлатып шауып келіп: «Екі ағаң келіп қалды! Сүйінші!» деп тұрған кезі:

- Не қылғаның, шырағым,
Осыншама жатқаның?!
Келе жатқанда екі ағаң,
Мұнша неге ұйықтадың?!
Мен де келдім артыңнан,
Іле-шала шыққанмын.
840 Анығын біліп ағаңның,
Хабар бере шапқанмын.
Сүйіншіңді алмаққа,
Күзетіп жолды баққанмын.
Сүйінші, шырақ, сүйінші!
Жақсылық сөз айтқаным.
Сүйінші сұрай мен келдім,
Басыңды көтер, шырағым.
Жолын бер, — деп, — мырзаның!
Құдайдан мен де сұрадым.
850 Түнделетіп жол жүрдім,
Білген соң жердің жырағын.
Сүйінші сенен алмаққа,
Арқаңмен адам болмаққа,
Күндіз-түні жол жүрдім,
Жастыққа тимей құлағым.
Сүйінші, шырақ, сүйінші!
Сүйінші сұрап келіп тұр
Мырза-ау, мына қонағың.
Салауатпен киініп,
860 Ағаңа сырттан көрінші.
Не бересің, Иманжан,
Қарасай келеді, сүйінші!
Қазиы бар қасында,

- Тағы да бер сүйінші?!
 Сен — ұядағы балапан,
 Сақилық қыл, өзіңше!
 Адамның аты шығады,
 Сақилығы білінсе.
 Халық мақтар, әй, мырзам,
 870 Артықтығың көрінсе!
 Арғы атаң Едіге —
 Ноғайлының болған намысы!
 Төрт тарапқа жайылған
 Мырзалықтан дабысы.
 Ұйықтап жатқан жас бала
 Түрегелді аблыға.
 «Сүйінші!» деген бір айқай,
 Шыққаннан соң барлыға.
 Шырт ұйқыдан тұрған соң,
 880 Бір отырып, бір тұрды,
 Ешнәрсеге түсінбей.
 Бұл құбылыс көрінді
 Өңі менен түсіндей.
 «Екі ағаң келеді» деген соң,
 Тұла-бойы балқыды-ай.
 Алақайлап қуанады,
 Ой сақтамай артына-ай.
 Қойып сөзге ықылас,
 Жауап айтты тартынбай:
 890 — Ағаеке, сізге қашаннан
 Менің жайым мәлім-ді.
 Елге барсам есен-сау,
 Алып берем арыңды.
 Ойға алғаныңды болғызып,
 Жаздырамын қарыңды.
 Сүйіншіге аяман
 Қолымдағы барымды.
 Осы тұрғанда мен сізге
 Білмеймін не ұсынарымды?!
 900 Әзірше, ең болмаса,
 Аламысың садағымды.
 Өмірімде көрмеген

- Екі ағам үшін аяман
Кеудемде шыбын-жанымды!
Сонда Жаббас айтады:
— Осыныңды ұмытпа,
Атадан артық қайратты ер!
Елге барып тақ мінсең,
Ішімнен тарқат шемен-шер.
- 910 Он екі жасқа келгенде,
Сен болдың нағыз кемеңгер!
Өміріңді сұрап мен жүрмін,
Бірақ, ілгергіні кім білер?!
Айта көрме «жан ал» деп,
Естіген жұрт күліп жүрер.
Қарасай, Қазі келгенде,
«Сүйіншіге не берді?» дер.
Бостан босқа тұрмайын,
Құр алақан болмайын,
- 920 Мырзалық қылсаң, саржаң бер.
Одан да олжа алармын,
Көрсетіп оған мақтармын,
Қорамсақты қоса шешіп бер!
Албыраған жас бала
Жаббас құлға сенеді.
«Олай болса, аға» деп,
Жабықтан құл Жаббасқа
Саржаны алып береді.
Киінем деп Айдынды-Имаш
- 930 Қалбалақтап жүргенде,
Шапшандатып құл Жаббас
Саржаны тартып кереді.
Қас-қағымда баланы
Атып келіп жібереді.
Жақыннан атқан сұр жебе
Жас балаға енеді.
Қос өкпеден оқ өтіп,
Төсегінің үстіне
Жүгініп бала шөгеді.
- 940 Сонда ғана жас мырза
Жіберген Жаббас немені

- Ысмайыл екенін біледі.
 «Атаңа нәлет, залым!» деп,
 Қос-қолдап жерді тіреді.
 Айдынды-Имаш, әйтпесе,
 Нұрадындей ер еді.
 Бітіріп ісін болған соң,
 Алды-артына қарамай,
 Атаңа лағнет бұл Жаббас
- 950 Теңізге қарай жөнелді.
 Мініп алып кемеге,
 Елге жүре береді.
- Имаштан хабар барған соң,
 Қарасай, Қази екеуі
 Екі атқа мінеді.
 Қай озғаны қарамай,
 Көремін деп інісін,
 Аттың басын жібереді.
 Шақырым Жаббас кеткенде,
- 960 Қарасай бұрын келеді.
 Келсе інісін бүктүскен
 Қарасай сонда көреді.
 Бір сұмдықтың болғанын
 Айтқызбай-ақ біледі.
 «Ой, бауырымдап!» інісін
 Құшақтап жасын төгеді.
 «Ағажан...» деп аржағын
 Айта алмай бала тұншығып,
 Құшағына кіреді.
- 970 Қос өкпеден оқ өтіп,
 Бала отыр демін ала алмай.
 Жаңа ғана атыпты,
 Денесі тұр өзір қанамай.
 «Қайдан келген бәле?!» деп,
 Үйге кіріп қарады-ай.
 Үш кірді де, үш шықты,
 Еш дерегін таба алмай.
 Әнжінің ісі екенін
 Қарасай іштей сезеді.

- 980 Оқтың түрі қолайсыз,
Бірақ бала тірі еді.
«Мұны қылған қу Өнжі
Өмірінде оңбас! деп.
Бала адам болмас» деп,
Бауырдан күдер үзеді.
Жерден таппай ешнәрсе,
Теңіз жаққа қарады.
Су бетінде көрді ол
Бір қалқыған қараны.
- 990 «Жау осымен келген» деп,
Жағаға таман барады.
Төрт қырлаған жебені
Қорамсақтан алады.
Ашуланып Қарасай,
Қайқайта тартып шіреніп,
Жіберіп келіп қалады.
Қайықтың қаңқа тақтайы
Екі атқанда сынады.
Басына түсіп былалай,
- 1000 Қырық бір кісі шулады.
Быт-шыт болып қайығы,
Суға кетіп қырылады.
Өнжі айтқан Жаббасқа
«Бесінші күн келеді деп,
Тәңірден жазған ажалы».
Кеме екенін білген соң,
Шулап кісі өлген соң,
Қосқа мойын бұрады.
Үйге кіріп Қарасай,
- 1010 Інісін құшып жылады.
Бауырына жаны ашып,
Іші оттай жанады.
Еркі кетіп басынан
Жылап тұрып толғады:
— Қарағым, саған не болды
Қарауыл, сақшы қалдырмай?!
Алып шығып ауылдан,
Шыңдауыл болса салдырмай?!

- Не қылғаның, бауырым,
1020 Алыстан хабар алдырып-ай?!
Әнжі қу, сен-ақ құрттың-ау,
Отымды тыныш жандырмай!
Далаға шығып қарадым,
Көз жетер жерден, шырағым,
Көре алмадым жанды да.
Жерден таппай ешнәрсе,
Суға көзім салдым да
Бір кемеңі уаттым
Қаңқасын тесіп жардым да.
- 1030 Нақақтан-нақақ сен үшін
Жаласына қалдым ба?!
Қос өкпеңнен оқ өтіп,
Сен отырсың бүгіліп.
Қайырғанда сен үшін,
Қабырғам барады сөгіліп!
Екі қолың жебеде,
Көзіңнің жасы төгіліп,
Жайнап отыр қос жанар,
Өзиз жаннан түңіліп.
- 1040 Сау болғанда, қарағым,
«Қарасай ағам келді» деп,
Шықпас па едің жүгіріп!
Сөйлетпеді-ау дем бөліп,
Көктей өткен қырлы оқ.
Мәні-жайын айтатын,
Тым болмаса тіл де жоқ.
Болғанмын ба, Құдай-ау,
Қызығыңды мен көріп?!
Әнжі қу өтпей жалғаннан,
- 1050 Бәйбішенің баласы
Талабың жүрмес жөнделіп!
Жауқазын гүлін жаңа ашқан
Бір мүшелі жасың бар.
Жапанда жалғыз қалғандай,
Кіммен болған бөсің бар?!
Абайласаң болмас па еді,
Тумадан шыққан қасың бар?!

- Баулынбай жатып не еткенің,
Тұғырдан ұшып жас сұңқар?!
1060 Ұшқын атқан қос жанар
Шамшырақтай жайнаған.
Мәжелің жоқ сөйлеуге,
Қыжылдап ішің қайнаған.
Сендей бала туар ма,
Он екі жасқа келгенде,
Әр қиялды ойлаған?!
Енді білген шығарсың,
Әнжі сені алдаған.
Ары бармас басқаның,
1070 Сол шығар залым алыстан
Алдыңды орап сайраған?!
Едігенің ұрпағын
Құртпай, сірә, қоймаған.
Алдап ойын баласын,
Не қылғаны, оңбаған?!
Құртқанменен біздерді,
Басыңа рахат қонбаған!
Қолдан келер нәрсе жоқ,
Болмаса шипа Алладан!
1080 Қарасай мұны айтқанда,
Айдынды-Имаш қозғалған.
Көкірегі сырылдап,
Екі иіннен дем алған.
Түкіріп тастап қара қан,
Қаны келіп орамнан.
Қысқа болды өмірі,
Бала еді абзал жаралған.
Қос бүйірін таянып,
«Арманда қалған ағам!» деп,
1090 Бөлініп демі толғаған:
— Ағеке, көрдім жүзіңді
Дем таусылып тұрғанда,
Сен де көрдің ініңді.
Амалым бар ма Құдайға,
Тырнағына ажалдың
Шықпастай болып ілінді?!

- Айта алмадым арманды,
 Көріп тұрсың түрімді.
 Атып кетті Жаббас құл,
 1100 Сіздерге берсін жүрімді.
 Алып-ұшқан шағымда,
 Сыйлап кетті өлімді.
 Ақылсыз, аусар білмеппін
 Жау шыққанын жақыннан!
 Балапан едім жас түлек,
 Ұяда тұрып талпынған.
 Тауда тұрып таранып,
 Ұшқанда көкке шарқ ұрған!
 Таудан аққан бұлақ ем,
 1110 Жаббас байлап сағамды,
 Су аяғы тартылған.
 Құл сөзіне мас болып,
 Ет-жүрегім елжіреп,
 Қорғасындай балқығам.
 «Келатыр ағаң!» дегенде,
 Тасып кетті кеуілім
 Көк теңіздей шалқыған.
 Шығып едім ауылдан,
 Екеуіңді көрмекке.
 1120 Өмір-бақи сіздермен
 Бас қосып бірге жүрмекке.
 Қарамайды екен Құдайым
 Қылған талап еңбекке.
 Атамыздың көп дұшпан
 Қарсыласып тұрғанда,
 Ұрысқа бірге кірмекке.
 Қиялай қиқу болғанда,
 Қызмет қылып сендерге
 Алдарыңда өлмекке!
 1130 Ойлаған ойым көп еді,
 Жазбаған екен көрмекке.
 Көре алмай барам анамды,
 Арманым көп Қүдіретке!
 Айтып еді анамыз
 «Екі ағаң барма! деп.

- Қатарыңмен, теңіңмен
Ауылда жүріп ойна! деп.
Дұшпаның көп, досың аз,
Ақылыңды жина! деп.
- 1140 Өздері келер өлмесе,
Өйтіп тентек болма!» деп.
Жаным аға, не пайда
Ынтық болдым көрерге?!
Жаңа біліп отырмын
Өзімнен кетті қателік,
Ол күнім қайтып келер ме?!
Құл сөзіне мас боп ем,
«Келатыр ағаң» дегенде.
Қос өкпеден оқ өтіп,
- 1150 Жан алқымға келгенде,
Риза болдым бұған да,
Қараңды сенің көргенде.
Болмағанда сатқындық,
Асылар едім мойныңа
Құстай ұшып мен барып!
Тұрмас па едім алдыңда,
Екі бетім қызарып.
Тартылған суы айдындай,
Жүзім қалды қуарып.
- 1160 Жайнаған бақта қызыл гүл
Жапырағы қурады,
Раушанын күн алып.
Айтарсың сәлем анама,
Қазідайын ағама!
Қателік кетіп өзімнен,
Сәл ертерек сұм ажал
Қолын салды жағама.
Риза бол бөрің де
Мынау пәни жалғанда.
- 1170 Он екі жасқа келгенде,
Айдынды-Имаш мен болдым.
Айбатынан ел қорыққан
Қайраты артық ер болдым.
Құлықтан туған құлынның

- Ат боларын білмедім!
 Мұсадан туған баланың
 Жат боларын білмедім!
 Құлдан туған Жаббастың
 Жау боларын білмедім!
 1180 Алдап, егер, соқпаса,
 Жаудан өлер ер ме едім?!
 «Сүйіншілеп» келген соң,
 Аша бердім қойнымды.
 Қуанғаннан, жан аға,
 Ұсына бердім мойнымды.
 Мен көтеріп отырмын
 Құдайымның салғанын.
 Енді сезіп отырмын
 Әнжінің ылаң қылғанын.
 1190 Білейін қайдан, ағаке,
 Жау боларын туманың?!
 Құлдан туған Жаббастың
 Артымнан шығып қуғанын.
 Сезгенімде ертерек,
 Шыбын жаным сау күнде
 Бермес пе едім жазасын?!
 Атаңа лағнет заңғардың
 Жеткізбес пе едім қазасын?!
 Балалықпен біле алмай,
 1200 «Барма!» деген тілді алмай,
 Ішімде барады арманым!
 Сазайын жаудың бере алмай,
 Қазийымды да көре алмай,
 Тістеулі барады бармағым!
 Көре алмай кетіп барамын
 Анамның ақ дидарын!
 Қош болып тұр, ағалар,
 Қалмады енді мәдарым!
 Не қылайын көп сөйлеп,
 1210 Барымды айтып болғанмын.

Бала осыны айтқанда, Қарасай шыдай алмай: — Имашжанымай, болғалы тұрған бала екенсің ғой! деп, оқты суырып алды.

Оқпен бірге баланың да жаны шығып кетті. Бала жан тәсілім болған кезде, атқосшысы мен Қазидеген ағасы да жетіп еді. Екеуі құшақтасып көрісіп, жылап кешке дейін отырды. Кеш болған соң баланы сол араға жерледі. Елге жеткізе алмайтын болды.

Баланы сол арада қойып, уәделесіп атқа мінді. Қай бұрын барғаны Әнжіні өлтіретін боп келісті. «Бұл уәдені орындамай, аттан түспейміз!» десті. Екеуі ауылға қарай шауып ала жөнелді. Екі күннен кейін Қарасайдың аты жүрмей қалып, Қазидеген ауылға бұрын жетті.

Ауылдағы Әнжі тырнағына қарап, бұлардың келе жатқанын біліп отыр еді. Қазидеген ауылға жақындағанда, ол Қадаубас қара атқа мініп шығына қашты. Қазидеген қуды. Құтыла алмайтын болған соң, Әнжі елдің шетіндегі бір жалғыз қыстауға келді. Қазидеген қаракөрім бұрын келіп үйге кіріп кетті. Артынан Қазидеген да жетіп, Әнжінің атының қасына атын байлады. Содан кейін қылышын суырып алып, үйге кіріп барды. Үйге кірсе Әнжі жоқ. Бір қатын тары қуырып отыр.

— Бұл үйге Әнжі келді ме? деп еді, қатын: — Көргенім жоқ, — деді. Үйді, даланы қарап ешнәрсе таба алмай, ол үйге қайтып келіп: — Жаңа ғана осы үйге еркек кіріп еді ғой! Қайда ол? Айт! Жерге кіріп кетті ме?! Шыныңды айтпасаң, шауып тастаймын! деп, қылышын көтере берді. Әнжі бұдан келіп, тары қуырып отырған қатынды қылышпен екі бөліп пешке тығып жіберіп, сол қатынның жаулығын тартып, көйлегін киіп, қолына былғауышын алып отыра қалған-ды. Қазидеген «жаулығын түмшалай тартқаны несі» деп сезіктенді де: — Сен Әнжі емессің бе?! — деп айқайын сала ұмтылды.

Енді шауып тастайтынын білген Әнжі Қазидеген қорқып кетіп, аяғын құшақтап жылай берді:

— Аман-есен жүрсің бе,
Айналайын, Қазидеген?!
Аяғыңа жығылып,
Қылайын саған тағызым.
Мойыныма қойып өлтірсейші,
Не болды менің жазығым?
Қолыммен қылған ісім жоқ,
Кінәсі не бауырдың?

- Тек жаманат арқалап,
1220 Астында жүрмін ауырдың.
Не қыларым біле алмай,
Айбатыңа қарсы тұра алмай,
Шырағым, саған жалындым.
Астыңдағы Аққұс ат,
Аяғын қадам басқан-ды.
Айбатты туған түрің бар,
Содан ағаң жасқанды.
Қуанушы едім ішімнен
Келер-ау, — деп, — екі інім,
1230 Күйрететін дұшпанды.
Түріңді көріп шошынып,
Ол ойым менің бос қалды.
Кейігендей кейпің бар,
Көрген адам сасқандай.
Мүз көбеден сөгіліп,
Су кемерден асқандай.
Не жазығым бар еді,
Сен қуып, мен қашқандай?!
Айтарымды мен айттым,
1240 Шаба бер енді жасқанбай.
Не қылсаң да өзің біл,
Жазықты болған қасқанды-ай.
Тұғырына қонған еліңнің
Екі ақсұңқар төресің.
Қаршыға боп ілмекке
Ізімнен қуып келесің.
Алмасың бар қолыңда,
Ашулансаң бөлесің.
Арғы атаң Едіге
1250 Пақырға қылған демесін.
Сол асылдан қалған сынықсың,
Ақ, қараны айырып,
Ашып бірақ көресің.
Өлтірем десең өзің біл,
Туғаныңмын сонда да,
Өз қолыңнан көмесің.
Сенің әкең ер Орақ

- Қаңтарда қара бурадай
Ақырып тісін қайраған.
1260 Баласы құрысын атаға
Сендей ұқсап тумаған.
Келбетіңе қарасам,
Қазанның қара бұлтындай
Найзағайы ойнаған.
Сен тұқымсың, шырағым,
Едігедей мырзадан.
Сырымды саған айтайын
Сөйлемеймін жалғаннан.
«Хан болам» деп туғалы
1270 Арылмадым арманнан.
Жазғырып бөрін жазықсыз,
Айырылып қалдым қорғаннан.
Тоз-тоз болды ноғайлы,
Қақпанға түсіп мен құрған.
Телағыс, Күніке екі нар
Асып кетті Боғдыдан.
Ант ішкізіп нақақтан,
Мамайға қастық мен қылғам.
Менің салған бүлігім
1280 Орақтың басын алдырған.
Тұзаққа түспей тек қана,
Алшағырдың баласы
Қалу да қашты «құр-құрдан».
Менен болып жаласы,
Жаббастан болып жазасы,
Айдынды-Имаш жас бала
Қыршынынан қырқылған.
Бейарман кетті, не пайда
Өлгеннен соң қыңқылдан?!
1290 Бақ іздеген ар ма екен,
Ескерусіз қалғаннан?!
Хан болып, тақ мінуді
Мақсат тұттым салғаннан.
Осының бөрі болған іс,
Ойдағы жүрген арманнан.
Себебі менен болғанмен,

- Мұның бәрі Алладан.
 Қара басын қайттап,
 Шынын айтты бұл ағаң.
- 1300 Қиын екен, Қазижан,
 Өзіңнен кіші балаға
 Қол қусырып зарлаған.
 Құтылғың келсе, тез өлтір,
 Мұсадан туған жаманнан.
 Өлтірсең де адам жоқ
 Алатұғын қолыңнан.
 Хақ жазуы осылай,
 Өлтірген жоқпын қолымнан.
 Алдыңда келіп жылап тұр
- 1310 Жазықты болған сорлы ағаң.
 «Қияметтік істі кешірген,
 Мырза» дейді бабаңды.
 Не қылсаң өзің білесің,
 Істеген ісім жаман-ды.
 Өз қолыңнан өлтіріп,
 «Ағам өлді менің» деп,
 Бересің қалай хабарды?!
 Өлген келмейді орнына,
 Өлтіргенмен бұл жарде
- 1320 Мен сықылды арамды.
 Жақсылық еткен азамат
 Жұмаққа ертең барар-ды.
 Жан деген шіркін тәтті екен,
 Қайтсем жаным қалар-ды?!
 Бір Аллаға тапсырып,
 Ағаң сөзін доғарды.

Әнжі осылай деп жылап-еңіреп, Қазидың аяғын құшқан күйі жалына берді. Көзінің жасы көл болды. Қазиді оны аяп кетті. «Қой, қанша жауыз дегенмен әкемнің ағасы ғой. Өз қолымен өлтірген жоқ. Барлық зұлымдығын мойнына алды. Ата-бабаның аруағын ортаға салды. Бұл кісіні өлтіргенмен, өлгендер қайта тірілмес. Алланың жазуы солай болған шығар. Қан орнына туыс адамның қанын алсақ, қателігін мойындаған адамды өлтіре берсек, ертеңіміз не болмақ? Өлтіре салу қиын 11-310

болмас. Бірақ ертең ел бетіне қалай қараймыз. Өз ағасын өзі өлтірді демей ме? Қанын мойныма жүктемейін. Құдайдан өзі тапсын!» деген ой келді оған.

Сонан соң аяғын босатып алды да: — Бір жолға арам да болса қаныңды кештім. Тұр орныңнан! Сұрт көз жасыңды! «Сіз» деп сыйлауға тұрмайтын адамсыз. Бірақ амал не?! О дүниеге барғанда тозақ отына күйерсіз, тумай туа шөккір, қақпас! Бабамның аруағынан садақа кет!» деп сыртқа атып шықты.

Сол кезде Қарасай да келіп аттан түсіп жатыр екен. Бұны көрген бойдан: «Не қылдың? Өлтірдің бе Әнжіні, жоқ па? деп, дүрсе қоя берді. Қазі ағасына тура қарап: — Жоқ. Бір жолға кештім. Әкемнің ағасын қалай өлтіремін? — деді.

Қарасай ашудан жарыла жаздады. — Қас жаман әкесін өлтіріп, шешесін зына қылған адаммен дос болады!» деген екен. Саған соның кері келіп тұрған жоқ па?» Онда өзім өлтіремін! деп үйге қарай адымдай басып келе жатты.

Қылышын сығымдай ұстап жақындай бергенде, Қазі екі босағаға керілген күйі: — Аға, сізге айтар бірауыз сөзім бар. Атам Едігені жұрт мырза дейді екен. Пайда болсын, өзіне залал болсын, әйтеуір, аузынан шыққан сөзін қайтып алмапты. Мен уәде беріп ем. Мені атамның жолынан тайдырмаңызшы?! — деді.

Қарасай інісінің көзіне тесіле қараған бойы бір сәт ойланып тұрып қалды. «Бір көріп бауырыма басуды армандап жүрген Айдынды-Имаштан өлідей айрылдым. Енді Қазидан қалай тірідей айрылам?» деп іштей күйзелді. Сонан соң: — Бердім тілегіңді, — деді де, сылқ етіп отыра кетті.

Қазі да сабасына түсе бастаған ағасына: — Мен Әнжіге бір-екі шарт қоямын. Соған келіссе өлтірмей-ақ қояйық, — деді. Сөйтті де, Әнжіні шақырды. Ол сыртқа шыққанда, әлі де ашуы басыла қоймаған Қарасай күліп жібере жаздап орнынан тұрып кетті де, теріс айналды. Үстінде әйелдің көйлегі, басында жаулығы, қолында былғауышы бар Әнжінің түрі, шынында, адам күлерлік еді.

Қазі оған қарап қабағын түйе сөйледі. — Осы жерде өлуге қайлысыз ба, әлде, осы түріңізбен ауыл-ауылды аралап, әркімнің тарысын қуырып, келісін түюге қайлысыз ба? деп сұрады. Әнжі біресе Қазіға, біресе Қарасай жаққа жалтақтаған күйі: — Осылай тары қуырып жүре берейінші, — деді, жалы-

нышты дауыспен. — Онда алдыма түс! — деді де, Қази Қадаубас қара атты жетегіне алып, Әнжіні жаяу айдады. Қарасай алдында озыңқырап отырды.

Бұлар елге келсе, Мүсілімді хан қойған ел өз шаруасымен айналысып кеткен. Әнжіні әкесі Мұсаның бір бөлек қараша еліне әкеліп: — Енді тыныш жүріп, осы ауылдың келісін түй, тарысын қуыр. Егер жөніде жүре алмасаң, бөрібір ажалдан қашып құтыла алмайсың! — деп тастап кетті.

Қарасай мен Қази өз ауылдарына келіп, анасына жылап көрісті. Он екі жылдан бері балаларын көрмеген, оның үстіне Айдынды-Имаштай кенжесінен айрылған жесір әйелдің қайғысы қабырғасын қақыратып, қан құстырды. Аңыраған ананы жұбатар амал таппай Қарасай мен Қази да, ағайын туыстар да естерінен танды. Бір сәтте анасының шашы ағарып кеткенін көрген қос жетімнің көз жасынан басқаға әлдері келмеді. Әкесі Орақтың кезіндегі дәуреннен айрылған бұларға ешкім көз қырын салмады. Үй шаруасына көмектесіп, селбесіп жүріп жатты.

Әкесінің қарашасында қалған Әнжі де әйел киімін тастайын десе, Қарасай мен Қазидан қорқып, тастамайын десе, балашағаның мазағына ұшырап, әр үйдің келісін түйіп жүріп жатты. Бірақ уақыт өткен сайын, жаны қылыш үстінде тұрған сәтті ұмыта бастады. «Мен қашанғы қатын болып жүре беремін. Уақыт өткен соң өздері келіп, мені мына құлдық өмірден құтқарар деп едім. Олар олай жасамады. Қази мен Қарасайды құртпасам, түбінде мен олардан құтыла алмайды екенмін» деген пікірге келіп, тағы бір жауыздық ойлады. Енді Әнжіден сөйлейік.

1330 Киімін әйелдердің Әнжі киіп,
 Жүрген-ді тары қуырып, келі түйіп.
 Хан қылып Мүсілімді бүкіл ноғай,
 Әнжінің жүрді бұған іші күйіп.
 Мүсілім хан болған соң қарап жүрмей,
 Мұсаның қоңсыларын кеткен бөліп.
 Шеттетіп ноғайлыдан қалдырмақшы,
 Әнжі де бұл жағдайды отыр біліп.
 Сондықтан Әнжі ойлап бір сұмдықты,
 Жайлады көкірегін жаман желік.

- Кетейік түсіндіріп осы жайтты,
 Өріден тарихты айтып келіп.
 Қарасай Қазименен тағы айтамыз,
 1340 Қайғылы еді інісіне ажал жетіп.
 Екеуі әрі жарлы, әрі жетім,
 Жүр еді қол пайдамен тек күнелтіп.
 Халықтың қадырменді адамдары
 Кеткен-ді осылайша тентіретіп.
 Орақтан қалған байлық болмаған соң,
 Амал не жүрді солай тірлік етіп.
 Ер Орақ хан Мамайдың ағасы еді,
 Мәскеуге қас болғаны қалас еді.
 Іс қылып тірісінде әділ Мамай,
 1350 Сонысы өмірінше оғаш еді.
 Батырхан, палуан Сұлтан Қырымдағы
 Бұларға Орақ, Мамай нағашы еді.
 Өлтірген осы екеуін Мамай өзі
 Жала емес, сол оқиға сарас еді.
 Бұл күнде Қырым халқын билеп тұрған
 Жасарал палуан Сұлтан баласы еді.
 Қараған Жасаралға барлық Қырым,
 Патша боп алтын тақтан алған орын.
 Ықпалы Жасаралдың бұл күнде зор,
 1360 Қырымның бар халқына артқан қолын.
 Жасарал бір жасында қалып еді,
 Құрғанда Мамай әкеге ажал торын.
 Жоқтаусыз екі батыр кетіп еді,
 Ала алмай Қырым халқы мұнан кегін.
 «Қорлыққа бұл екеуін сол салар» деп,
 Ойлады келтірмекке Әнжі ебін.
 Әнжінің кеулі ауған хат жазбаққа
 Жібермек Жасаралға Қырым жаққа.
 Өзінің арманына жету үшін
 1370 Қазі мен Қарасайды құртқызбаққа.
 «Тез жазып жіберейін бар жағдайды
 Қос жетім ұшырасын аласатқа.
 Бар сырын дұшпанына паш қылайын,
 Зәру деп киер киім, мінер атқа.
 Өкеңнің кегін алмай осынша жыл,

- Бқпалың жүріп тұрғанда қалма ұятқа.
 Көрсетті бұл екеуі маған азар
 Жақын деп күнәмді өтіп, салмай назар.
 Білмейтін бұрын-соңды хабарды естіп,
 1380 Кегіне әкесінің қалай шыдар.
 Қазі мен Қарасай өлтірем деп,
 Шыдамай, ноғайлының шырқын бұзар.
 Бұл хабар тиісімен Жасаралым,
 Аунақшып төсегінде қаны қызар.
 Жаратқан жәрдем берсін, тездетейін
 Осы ойым бір шамаға келген шығар.
 Жасарал шауып алса Ноғайлыны,
 Басыма сонда менің бақыт қонар.
 Бұл халық бұлан-талай күйге ұшырап,
 1390 Қазіргі қасіретімнің орны толар.
 Жақсылық жақсылыққа қайтарылып,
 Хан тағы басқаға емес, маған қалар.

Отырған бұл үйдегі үлкен-кішің,
 Өлеңмен айтып өттім, сөзге түсін.
 Келтірер халық басына үлкен зауал,
 Залымдық ойлайтұғын жалғыз кісің.
 Доғарып домбыраны, әңгімемен
 Айтайын түсіндіріп ендігісін.

Қырым хандығындағы Қарахан деген кісінің палуан Сұлтан және Батырхан деген балалары Мамай ханға жиен болатын. Бұрын айтылғандай, Әнжі азғырып, Мамайға сол екі жиенін өлтіртіп еді. Сол өлетін кезде біреуі он алтыда, он екі жаста болатын. Он алты жасар палуан Сұлтаннан Жасарал деген бір жасар бала қалған-ды. Қырым патшасы болып тұрған сол еді.

Әнжінің Мамайды азғырғанын, сөйтіп, оның әкесін өлтірткенін және қандай залым екенін Жасарал сырттай білетін. Бірақ оның шын аты Ысмайыл екенінен хабардар емес-ті. Өйткені, Әнжінің шын есімі ел арасында айтыла бермейтін. Ал Қырымдағылар тіпті білмейтін.

Сондықтан бұны жақсы білетін Әнжі хатты Ысмайыл деп жазды. Жасаралдың әкесіне қатысты оқиғаны бастан-аяқ тәптіштеп, әсіресе Мамай мен Орақты барынша қанішер етіп

көрсетіп, олардан туған балаларды да «ертең солардың жолын қуады» дей келіп, хат соңында: «Бүкіл Қырымға хан болып отырып, соған мәз болып жүріп, әкеңнің кегін алуды да ұмыттың. Намысы бар адам әлдеқашан қанға-қан алареді. Сенің олай етпегенің не арсыз надандығыңнан, не түкке тұрғысыз жамандығыңнан! Хан болғаның кімге керек, егер қыршын кеткен әкеңнің әруағын сыйламасаң?! Мұнда жүріп жаман нағашың мен арланып, намыс отына түсіп жүрмін. Сен әскер жинап келер болсаң, мен де көмегімді аямаспын. Қарасай мен Қазидың тірі жүргенін, бұл жақтағылардың шалқақтағанын көріп жүріп, шыдар емеспін. Бұл екеуінің қанын ішпесең, мен риза болмаймын. Әкеңнің әруағына тапсырдым!» деп жазды.

Әнжі хатты күнде қатынап жатқан керуеншілердің бірінен беріп жіберді. Ол бір күні Жасаралға да жетті. Қырым хандығындағылар мына жақтағы ноғайлылардай емес ауызбірлікті, әскері көп ел болатын. Хат қолына тиген соң, жас хан оқып көріп, зығырданы қайнады. «Бұрын естімесем де, ол жақта да жанашыр нағашыларым бар екен ғой» деп риза болды. Сөйтіп, жорыққа дайындалды. Бірнеше күннен соң қырық мыңдай әскермен жолға шығып та үлгірді.

Жер қайысқан қолдың хабары жетпей тұра ма, Жасаралдың келе жатқаны жайлы сыпсың ноғайлы даласына да жетті. Ерсілі-қарсылы жүріп жатқан жолаушылар бұл хабарды Қарасайдың аулына да жеткізді. Енді онсыз да бөлініп-бөлініп кеткен ел арасында өсек-аяң, әр түрлі әңгімелер тарай бастады. «Қашан болсын ноғайлыны шабатын Едігеден тарағандардың жауы болады. Солардың кесапатынан-ақ құтыла алмадық-ау. Құдай осы тұқымды құртып тынбады ғой!» деген сөздер бір күні Қарасайдың құлағына шалынады.

Қарасай мен Қазидың намысына тиген сөздер көп еді. Бұлар екеуі ойласып, бұл жағдайды анасына айтпақ болды. Сөйтіп, қарт анасына келіп: — Бұндай сөздерді есітіп тірі жүргенше, келе жатқан жаудың алдынан шығып, шамамыз келсе қайтарайық. Шамамыз келмесе, «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» дегендей далада өлейік. Біз үшін халық қырылмасын. Оларға керегі біз ғой. Бізге ат тауып беретін, маңдайымыздан сипап ақылын айтатын кім бар бұл елде? Ата көрген, әке көрген дос бар ма? — деп, қамығып тұрған кезі:

- От басында отырған,
 1400 Көпті көрген қарт анам,
 Абыржып келді алдыңа
 Қарасай, Қази қос балаң.
 Жасарал келеді аттанып,
 Елге тиді хабар да.
 Ел әңгіме айтып жүр,
 Мәнісі оның мынада:
 «Біз нақақтан бұл жауға
 Қалдық» дейді жалаға.
 Едіге тұқымы құрымай,
 1410 Тыныштық жоқ ноғайға.
 Құлағымнан сарсылып,
 Қайғылы болдым соғанда-ай.
 Ақылым айран, дал болды,
 Мінуге көлік таба алмай.
 Ер кеуілді аты бар
 Арғы текті заты бар,
 Сілте маған адамды-ай...
 Ноғайлыда жақсы кім,
 Қадір білер жалынса?!
 1420 Екеуміз де кетеміз,
 Егер көлік табылса.
 Жаяу да болсам кетемін,
 Еркі Хақтың не қылса!
 Қанеки, ана, жөн сілте
 Сен өз ақылың барынша!
 Қадір білер ер бар ма,
 Қанеки, сілте, ей, ана?!
 Сөз есітіп жүргенше,
 Өлгенім жақсы далада.
 1430 Уақыты бітсе шыбын жан
 Үйде отырсам қала ма?!
 Егер ажал болмаса,
 «Жалаңаш жауға шап!» деген,
 Ажалым жетпей ала ма?!
 Айтып тұрмын Қазига
 «Ие бол! — деп, — ауылда,
 Қатын менен балаға».

- Тұлпар ат, көне, кімде бар
Айтшы маған, жан ана?!
1440 Жастай жетім қалыппын,
Халық танымай атадан.
Арғы атам Едіге
Елге ардақты атанған.
Бұл күнде кеміп жүдедім
Көзімді салсам қатардан.
Жұрттың сөзін есітіп,
Өртеніп ішім тұтанған.
Қанеки, ана, жөн сілте,
Дос бар ма қалған атамнан?!
1450 Сонда анасы айтады:
— Сапарыңды оң қылсын,
Жүремін десең, шырағым!
Құдайдың өзі сақтайды
Киіктің жетім лағын.
Жұрттың сөзін есітті
Менің де үйде құлағым.
Қази қалсын ауылда,
Дұрыс екен бұларың.
Аты бар адам сілтейін,
1460 Келтірсе беріп орайын.
Бермесе жаяу жүре бер,
Оған не амал қылайын?!
Құдайдың өзі сақтайды,
Қайтып келме ауылға,
Қылма ешбір уайым.
Балам, несін сұрайсың,
Кеше анау күндерде
Ноғайға еді қорған біз.
Қос батыр аман тұрғанда,
1470 Мәскеуге де хандық құрғанбыз.
Күнде жиын, күнде той
Болушы еді ордамыз.
Ықпал жүріп тұрғанда,
Талаймен дос болғанбыз.
Хан, қара демей қатарға
Жақсыны талай алғанбыз.

- Арқасымен атаңның
Халыққа еркін ер қылып,
Асылды талай қойғанбыз.
- 1480 Дос тұтынып талайды,
Бағылан сырбаз сойғанбыз.
Бастан бақыт тайған соң,
Бөрінен босқа қалғанбыз.
Баста бақыт барында,
Дос емесі бар ма еді
Бұл ноғайдың бізбенен?!
Табылушы еді ол күнде
Отбасынан іздеген.
Бастан бақыт кеткен соң,
1490 «Қуатың қалай, жеңгем?» деп,
Біреуі де келмеген.
Іс көрмей халық айналмас,
Қорықса, сыйлайды ел деген.
Солай деп айта келсек те,
Адамның күні елменен.
Жас кезінен бастап-ақ,
Атаңды көрген көзбенен.
Қандай заман туса да,
Күдерін бізден үзбеген.
- 1500 Басына қиын іс түссе,
Бұл халықты бірлеген.
«Елде тиер кесірі» деп,
Алжасқан сөзді жөндеген.
Қолында тұлпар аты бар,
Атағы шыққан Көкдөнен.
Тәуекел етіп соған бар,
Бір адам сол көзденген.
Ел ағасы бұл күнде
Сұлтанай атты би деген.
- 1510 Жетім еді Сұлтанай
Сен сықылды жасында,
Тарлық пен кемдік, зөбірлік
Көп келіп еді басына.
«Ақылы зерек адам» деп,
Халық билеген дана атаң

- Көп ертіп еді қасына.
 Барсаң, балам, басып айт!
 Өтіліңді өткізе айт!
 Омыраулап талап қыл,
 1520 «Кеміспін» деп жасыма!
 Өмірің болса көрерсің,
 Не жақсылық-жамандық
 Тұрмайды адам басында.
 Осылай деп сөз айтты
 Баласына анасы.
 Ерлеп мінді астына
 Бір топыршы аласы.
 Бір мезгілдік жер екен
 Екі ауылдың арасы.
 1530 Ұлы сәске болғанда,
 Ана ауыл деп сілтеді
 Малшылардан сұраса-ай.
 «Би ұйқыдан тұрады-ау» деп,
 Жақындап үйдің сыртына,
 «Хабарлас!» қылды Қарасай.

Қарасай Қараүлектей қарт анасының айтуымен, таң сарғайып келе жатқанда астына жаман тұғыр мініп ауылынан шығып, ұлы сәске кезінде жолда кездескен малшыларға жолығып, бидің үйін сілтетіп алды. Бидің үйінің сыртына жақын келіп: «Хабарлас!» деп қатты айқайлады. Үйден бір қызметкер шықты. Қарасай одан: — Би үйде ме? Би үйде болса, аттан түспеймін. Өз атым — Қарасай. Орақтың баласымын. Би жылдам шықсын далаға! Жолығатын асығыс жұмысым бар! — деді.

Қызметкер үйге барып биге: — Далада бір адам аттан түспей тұр. Атым — Қарасай, Орақтың баласымын. Би жылдам шықсын дейді, — деді. Би сол уақытта орнынан атып тұрып, жалаңаяғына кеуішін сұға салып, киімін иығына жамылып, сыртқа шықты. Бір жеңін үйде киіп, бір жеңін жолшыбай келе жатып киді.

Бидің соншалықты ықылас көрсетіп келе жатқаны — Едігені ол уақытта «әулие» деп тіл тигізбейтін еді. Оның үстіне көзін көрген достың баласы болған соң, сол досының әруағын

құрметтегені болатын. Бидің шын ықыласпен келе жатқанын біліп, бала аттан түсіп, тізгінін ұстап тұрды. Сол асыға басқан күйінде би келіп сәлемдесіп, баланың қолынан алды. Көрісіп қол алысып болған соң, бала бидің атын сұрап толғай жөнелді:

- Ассалаума ғалейкум,
Аманбысыз, би-еке?!
Асығыс келіп мен тұрмын,
Құлағың сал кебіме.
- 1540 Әнжінің еріп тіліне,
Іс қылған Мамай жиеніне.
Аттанып келеді Жасарал
Әкесінің кегіне.
Есітуім, сан жетпейді
Әскерінің көбіне.
Адамның бар ма арманы
Қарсы шықса атойлап,
Келген жауға көріне.
Батыр батыр бола ма,
- 1550 Ойына келсе өлімі?!
Бүлдірер деп қорқамын,
Құмырсқадай көп әскер
Келіп қалса еліме.
Алдынан жаудың шығуға
Кем болды көлік ініңе.
Қапаланып қайғырдым
Ат пенен тонның кеміне.
Ақылың асқан би едің,
Айтшы бұның жөні не?!
- 1560 Алдынан жаудың шығуға,
Көкдөнен атты маған бер,
Көмегің болсын еліңе!
Қолыңмен сүйіп бір жібер,
Сенсең, егер, би аға,
Еңкейген жетім ініңе!
Зор туады екен басыңа,
Ел ішінде болсаң ер.
Қырық мың жығын жау келсе,
Бейқұт елді бүлдірер.

- 1570 Менің бүйтіп жүргенімді
Қайдан білсін ноғайлы,
«Қарасай, Қази жаман!» дер.
Алдынан жаудың шығуға,
Көкдөнен атты маған бер!
Жау хабарын есітіп,
Жата алмай жүрмін қысылып.
Атыңды сұрай мен келдім,
Басымды тұрмын ұсынып.
Айтатұғын не сөз бар,
- 1580 Біліп тұрсыз түсініп.
Мен ақсұңқардың орнында
Баулыңбай қалған түлекпін,
Көрсейші құсыңды ұшырып?!
Бермесең де атыңды,
Етпеймін, аға, кішілік.
Жаяу да болсам кетемін,
Отырамын ба өлем деп,
Жесе де жау пісіріп.
Жауға мініп баруға
- 1590 Көкдөнен еді асығым.
Сұрай келдім атыңды,
Беремісің, асылым?!
Берер-ау деп ойладым,
Жақсы еді тек-нәсілің.
«Атым пәлен болды» деп,
Сөз айтпа маған қашырып!
Беретұғын пұлым жоқ,
Бағасын айтпа асырып!
Ойлай берсе кім білмейді
- 1600 Пайдасын жеке басының.
Жоқ екенін білемін
Көкдөнен аттың бәсінің.
Бәсін беріп мін десең,
Жете ме түгі шашымның.
Атыңды берсең, би аға,
Бұл жалғанның жүзінде
Болмас ед ұмыт осының.
Атыңды сұрай келіп тұр

- Мынау жетім қалған жас інің,
1610 Есітуім, келе жатыр
Жасарал «елді шабам деп.
Қырық мың жыл қырғын болса да,
Әкемнің кегін алам!» деп.
Мен де жүрмін бұл күнде,
Астыма тұлпар ат мінсем,
Жаудың бабын табам деп.
Ол да өзімдей адам ғой,
Өлтіреді қалай деп?!
Келіп тұрмын, би аға,
1620 Бұрынғының жолы-ай деп.
Әкемменен шын болса,
Дос болғаның «Құдай» деп.
Келіп тұрмын, би аға,
Бұрынғының жолы-ай деп.
Әкемменен шын болса,
Дос болғаның «Құдай» деп,
Сілтеуімен анамның.
Аспан мен көктей арасы
Жақсы менен жаманның.
1630 Құлағымды тоздырды
Айтқан сөзі ноғайдың.
«Кеудесіне кірмес деп,
Анам айтты, — бір тайдың».
Келіп тұрмын сонан соң,
Бастағаны бар шығар
Жасаған Жаппар Құдайдың!

Бидің сөзі:

- Аман-есен жүрсің бе,
Құстан туған құмайым?!
Талабыңды оңғарып,
1640 Жеткергей дағы Құдайым!
Алдынан жаудың шығуға
Беліңді бусаң мұңайым
«Мінуге көлік болмас» деп,
Ойыңа алма уайым!

- Неге көлік табылмасын,
Осының бәрі ағайын?!
Бар деген шығар бәйбіше
«Мен де бар деп тұлпар ат».
Аяймын ба мен сенен
- 1650 Қолымда болса асылзат?
Сырымды білген кімде-кім
Көкдөнен атты демес зат.
Патша болсын, бек болсын
Сұрамай мінер жақын-жат.
Әттең, тұлпар болғанда,
Оны бермей дұшпанға
Қыламын ба сені мат.
Сендей тұқым қайда бар
Жеті атадан рабат?!
- 1660 Қолдағыны аяған
Сендей текдар тұқымнан —
Құдай алдында зор ұят.
Дұрыс болған бәйбішенің
«Бар, — дегені, — ағаң».
Қолымда тұлпар ат болса,
Бермеймін қалай саған да?!
Төрт тұлпар ат бар еді
Тауарлықтың жұртында.
«Жа» таңбалы Қаракер,
- 1670 Алтын күйрық Ақшұбар —
Есітуім Шорада.
Тіл жалмаған Күрең ат
Телағыстың қолында
Бұл үшеуі соларда.
Әкеңменен жау болып,
Кетіп еді олар да.
Менде бірі — Көкдөнен,
Бір мал еді жарамды.
Нағыз тұлпар сол еді
- 1680 Мінуге саған қолайлы.
Мінгеннің жолы болатын
Қашаннан маған сыралғы.
Сұлу туған жануар

- Қайратты ерге кез келіп,
 Тарқатпады құмарды.
 Дос баласы сен болсаң,
 Атаңды көрген мен болсам,
 Не берсем де тұрар-ды.
 Қолымда болса Көкдөнен
 1690 Тек сендей сұңқар алар-ды.
 Кетсең де мініп сұрамай,
 Қолыңды кім қағар-ды?!
 Ат болса неге бермейін,
 Тұқымына тарланның.
 Арманы бар ма жалғанда
 Ізінде сендей тұқым қалғанның?!
 Сұрай келген досына
 Қолқасын берсе аямай,
 Қызығы дағы жалғанның.
 1700 Жамандатып ат өліп,
 Үш күн болды, шырағым,
 Мен дәл үстінде тұрмын арманның!

«Ат өліп қалды» деген уақытта баланың назары пәс болып, жер шұқып көзіне жас келіп отыра кетті. Бала отырып қалған соң, би басын қайттап үйге кетіп қала алмады. Балаға рахымы түсіп қайта толғады:

- Ат өлді деп, асылзат,
 Төмен қарап мұңайма.
 Келген болсаң арнайы,
 Ат табылар мінерлік
 Байтақ жатқан ноғайда.
 Дүнияға келсе алармын
 Бедел салып сұрамай.
 1710 Сатпаса қолқа салармын,
 Бермейді маған ол қалай?
 Сені жаяу жібермен,
 Әйтеуір, төрем, қалайда.
 Қолымнан баққан Көкдөнен
 Керек еді маған да.
 Аламын деп келген соң,

- Қиын шығар саған да.
Сендей тұқым қайда бар
Жеті атадан таланды?!
1720 «Айтқанынан қайтады» деп,
Ойлама мына ағанды.
Тарлық пенен кемдіктің
Жасымнан көрдім талайын.
Шын талпынсаң талапқа,
Жеткереді Құдайым.
Мінуге жауға жарамды
Ат болса сатып алармын.
Өзімнің дүнием жетпесе,
Тумама салық салармын.
- 1730 Қайғырып, төрем, мұңайма,
Мінетін көлік табармын.
Дүниеме бермесе,
«Дос болам» деп сұрармын.
Бұл сөзіме бермесе,
Басымды тауға ұрармын.
Ат өлгелі әр жерден
Мен де атты сұрадым.
Мына байтақ ноғайда
Үш кісіде үш ат бар,
1740 Есітіп тұр құлағым.
Үш кісіде үш ат бар
Жабу, жеммен баптаған.
Бірақ өзім көргем жоқ,
Көрген адам мақтаған.
Жауға мінген адам жоқ,
Бірақ жер, суменен шаппаған.
Көкдөнен қолда тұрғанда,
Назарым салып оларға
Жерім жоқ еді тоқтаған.
- 1750 Сүйегі тұлпар ат да емес,
Бұл күндегі жылқыдан
Шыны тұлпар шықпаған.
Жақсы шығар сонда да
Иелері сатпай, сақтаған.
«Жабу, жемнің күшімен, —

- Дейді, — босқа бақпаған».
 Бір сапарға жарарлық,
 Сүйектері әдемі
 Қосауыздай оқтаған.
- 1760 Жіліктері шыныққан,
 Анасынан туғалы
 Жері жоқ жерден оттаған.
 Аттың иесі мыналар,
 Сүйектерін олардың
 Ойланып ағаң парықтаған:
 Үшеуі де дығалдар
 Артықпын деген халықтан.
 Сірә, жақсыға жағдай өтеді,
 Сақтасын Алла ақымақтан.
- 1770 Ахмет деген біреуі —
 Әрі батыр, әрі бек,
 Кеуілінде ерлік көп.
 Осы жаудың хабарын
 Үйде отырып есітіп:
 «Менен батыр, кім ер?! деп,
 Жақын келсе шегіме,
 Сонан соң атқа мінем деп,
 Елге тисе зөбірі,
 Сонда-ақ оны көрем деп,
- 1780 Жазасын жаудың берем» деп,
 Көз тігіп отыр елеңдеп.
 Салторы деген аты бар,
 Кішмішпенен тұр жемдеп.
 Мерекеге қосқанда,
 Ертеңгі шапқан шабыстан
 Тыйылмайды төмендеп.
 Байраққа қосса, жұрт шулайды:
 «Салторы жалғыз келер!» деп.
 Айтқандай жалғыз келеді,
- 1790 Келіп тұрып және де
 Ұрынады елеңдеп.
 «Сат» десе Ахмет сатпайды,
 Кеуілімде жоқ және де
 Сұрағанға берер деп.

- Мұқтар деген біреу бар —
Қатты мәзәжіп, кеулі тар.
Дәулеті асқан бай адам,
Мінезі оның төкаппар.
1800 Қолында баққан аты бар,
Атының аты — Ақайдар.
Қайратын көзім көрген жоқ,
Көп мақтайды ноғайлар.
Сәтімен туған жануар
Көрген адам айнарлар.
Сүмбідей болып жараған,
Мақпалдай түгі құбылар.
Иесі қатты бір адам,
Ойламаймын мен оған
Адам деп, сірә, сөз қонар.
1810 Сұрағанмен бермейді,
«Сат» десе және сатпайды,
Оған ағаң не қылар?!
Қипатша деген біреу бар
Ат бағып тұрған тағы да.
Өзі нағыз саудагер,
Мәскеудің біледі байын да.
Қызыл ат деген аты бар
Қондыкердің жұртынан
Сатып алған тайында.
1820 Теңгеріп жүрген ойы бар
Бір ердің жиған малына.
Қарасаң көзің тоймайды
Маралдай екі санына.
Адамның құлқы кетеді
Ақ бөкендей таңына.
Байлауда тұрып іші пысып,
Ортекедей ойнаған.
Ұшқын шашып жан-жаққа
Шамдай көзі жайнаған.
1830 «Қандай малдан туды?» деп,
Таңырқанар ойлаған.
Бастырықты жабумен
Жазы-қысы жабылған.

- Аққудай мойны иіліп,
Қаңтарылады жалынан.
Байраққа қосса, басқа ат
Көрінбей қалар шаңынан.
Бұған теңдес ат болмас
Озған жүйрік табыннан.
- 1840 Байлық қуған адам еді,
Сатса сатар осы, — деп,
Кетпей тұр менің ойымнан.
Осыны айтып Сұлтанай,
— Үйге кір, қане, кел! — деді.
Алдырайын атымды,
Жылдамырақ мін! — деді.
Себеппенен келген соң,
Таныс бол жеңгеңмен — деді.
Жылдамдатып ас асып,
- 1850 Төрені тездеп жайлады.
Бір сағаттың ішінде
Ас үлгіртіп қазанда,
Самаурыны қайнады.
Сойғызып бағылан сырбазды,
Өзі жүріп жүгіріп,
Жылдамдатып болғызды.
Ерлетіп тарлан жорғаны
Жігітіне қойғызды.
Мінгізді атқа төрені,
- 1860 Асығып асын болғызып.
Алдына түсті төренің,
Ол күні жолға қонғызып.
Ертең сәске болғанда,
Қипатшаның үйіне
Аттың басын бұрғызып,
«Хабарлас!» деді Сұлтанай,
Келе жатқанда күн қызып.

Сұлтанай Қарасайды ертіп, Қипатшаның аулына келді. «Хабарлас!» деген айқайға үйден Қипатша шықты. Аман-есен айтысып болған соң, жұмысының түрін айтып, бидің Қипатшаға толғап тұрғаны:

- Аманбысың, Қипатша?
Жұмыста жүрмін мен қатты.
- 1870 Издеп келдім өзіндей
Жұмысым бар азаматты.
Саудагер үйден табылып,
Әзірге мені қуантты.
Ат сабылтып келгенде,
Оңғарғай Құдай талапты.
Жұмысым түр ойымда,
Билігі оның өзінде.
Сұрамай әзір айтпаймын,
Келген соң айтпай қайтпаймын,
- 1880 Есітерсің кезінде.
Қипатша, қане, не дейсің?
Мен қарап тұрмын өзіңе.
Қипатша сонда айтады:
— Ассалаума ғалейкум,
Жүріпсің, биім, жол болсын!
Арнайы шыққан ауылдан
Талабыңыз оң болсын!
Адам айтса ғана түсінер,
Іштегіні кім білсін.
- 1890 Түстеніп бірақ кетерсің,
Арнайы үйге келгесін.
Жолыңыз болсын, қанеки,
Халық үстіндегі биіміз.
Түстенем десең аттан түс,
Мынау тұрған үйіміз.
Түстендіріп жайлауға,
Жоқ демейміз күйіміз.
Асығыс болса жұмысың,
Онда өзіңіз біліңіз.
- 1900 Қанеки, онда, ей, аға,
Бола берсін жолыңыз.
Келіпсің іздеп ініңнің
Шамалаймын өз басын.
Басымнан артық затым жоқ,
Аға қолқа салғасын.
Сұрай келсең, аларсың

- Мал түгіл, тіккен ордасын.
 Қызыл ат қалса астымда,
 Келтірер Құдай ыңғайын.
- 1910 Мен көрмеген қай бала
 Қасыңдағы жолдасың?!
 Ат үстінен сөйлесіп,
 Ісіміз ұят болмасын.
 Түспеймін десең өзің біл,
 Би аға, көңіл қалмасын.
 Түсем десең атыңнан,
 Шақырайын, бала байласын.
 Жаңалап салып төсекті,
 Үйдің ішін жайласын.
- 1920 Би жүргенде қысылып,
 Біз сықылды шаруа
 Қалай қылады пайдасын?!
 Ауырлығы қонақтың
 Келгенге болад қорғасын.
 Өзілменен, би аға,
 Ат үстінде көп тұрдың,
 Бізге де ұят болмасын!

Қипатша осылай деген соң, Сұлтанай оған жанындағы Қарасайды таныстырып және келген шаруасының асығыс екенін айтып тұрғаны:

- Танымасаң баланы,
 Таныстырайын ағасы.
- 1930 Мұның аты Қарасай —
 Ер Орақтың баласы.
 Арғы атасы Едіге
 Атаққа шыққан бір басы,
 Болмаған ешкім наласы.
 Есітіп жаудың хабарын,
 Шығыпты соған бармаққа.
 Келген екен бұл маған
 Көкдөнен атты алмаққа.
 Келген соң есітіп өлгенін,
- 1940 Менен де жаман мұңайды.

- Мұңайған соң жас бала,
 Ауызымнан шығып еді,
 «Ат табам, — деп, — қалайда!»
 «Ат сатып алып берем, — деп, —
 Тап келсе егер талайға».
 Досы үшін азамат
 Қолдағы малды аяй ма?!
 Аузымнан шыққан сөзімді
 Екі ететін мен емес.
- 1950 Ат ұстаған адамдар
 Олар да менен кем емес.
 Ат алып берем осыған,
 Келмесе де орныға.
 Тәуекел етіп мен тұрмын,
 Алғасын соң жұмыс мойынға.
 Халықтың іс болған соң,
 Малымды салып ойынға.
 Не де болса, тәуекел,
 Сиынып тұрмын Құдайға.
- 1960 Қырық мың жығын жау келсе
 Байтақ жатқан ноғайға,
 Бірлігі жоқ қашанда
 Біздің елге оңай ма?!
 Түстеніп саған жатуға
 Сонан соң, інім, болар ма?!
 Халқымның, елдің қамы үшін
 Кірісіп жүрмін амалға.
 Жайшылықта отырсың,
 Жылқы жатыр Шағанда.
- 1970 Пұлы қымбат Қызыл ат
 Құр ойнайды қораңда.
 Жауға оны мінуге
 Сені мен бізге жазбаған
 Ондайды Алла таланға.
 Ертең елге жау келсе,
 Атың түгіл еріксіз
 Қатының мен балаң да!
 Одан дағы, шырағым,
 Жақсыға сатып пұлын ал,

- 1980 Айтамын ақыл саған да.
Мінгізейік осыған,
Дұғалы ердің тұқымы еді,
Жалғыз шапқан қамалға.
Бәсін айт та, пұлын ал,
Ағаңа сатып одан да.
Орынына оның баға бер
Бір жақсы тұқым тағы ал да.
«Қысылып келген екен» деп,
Саудасын айтпа тысқары.
- 1990 Сат дегенде сатпаған —
Адамның осы дұшпаны.
Айтпаса бәсін малының
Қанадан адам тасқаны.
Жаманға барсаң қысылып,
Аядай болар аспаны.
Саған келдім мен арнап
Бітірер, — деп, — жұмысты,
Ағаңның емес сасқаны.
Сенен шықсам біржола,
Жұмыстаймын басқаны.
- 2000 Жасарал келеді бұзуға
Ноғайлының байтақ қамалын.
Қатын менен баланың
Біз тартамыз обалын.
«Халыққа қорған» деп айтпайды
Біз сықылды адамын.
Осы сөзді ойланып,
Іздеп жүрмін амалын.
Сартшыламай бәсін айт,
- 2010 Малға келсе аламын.
Не дейсің, көне, шырағым,
Ат табам деп төреге
Алып едім міндетке?!
Айтарымды мен айттым,
Енді ағаңды сөйлетпе.
Көкдөнен өлді, шын тұлпар
Жаралған жанды өлмекке.
Бір биенің құлыны

- Сырты түкті, іші боқ
 2020 Сатпаймын, — деп, — атымды,
 Ағаңның көңлін кірлетпе.
 Бітір менің шаруамды,
 Енді мені терлетпе.
 Алдына түсіп мен жүрмін,
 Аға деп келген еңбекке.
 Ат іздетіп, Қипатша,
 Жайықты енді өрлетпе.
 Қырық аруана нарымды ал,
 Кеміс десең тағы да ал.
- 2030 Немесе ылғи қазына ал,
 Мен дайынмын төлемекке.
 Жайың қалай, шырағым,
 Қызыл ат бермекке?!
- Қипатша сонда сөйледі:
 — Өзіміздің төре ме еді
 Қарасай деген бұл әлі?!
 Қайырлы болсын қадамы,
 Оңғарылсын талабы,
 Ашыла берсін таланы.
- 2040 Жаудан неге тайынсын
 Арғы атасы жүдәлі.
 Өз әкесі ер Орақ
 Жалғыз бұзған қаланы.
 Жауға тисе жасқанбас
 Едіге — ұлы ұраны!
 Сізден бұрып, биеке,
 Тиіп тұр жаудың хабары.
 Есіткелі бұл жауды
 Әркім келіп бір сұрап,
- 2050 Алып тұр, аға, мазаны.
 Бәсін айтпай бола ма,
 Келген соң арнап арнайы.
 Он сан жатқан ноғайдың,
 «Атыңды сат, — деп, — саудагер,
 Саудаласты талайы.
 Өзімнен төмен «ат сат» деп,

- Өтіп тұр, аға, азары!
Қызыл аттың басында
Осы күні базары.
- 2060 Жөн саудасын айтамын,
Қиналып келген екен деп,
Тысқары айтпаймын мен әрі.
Ат сатпасқа бола ма,
Арнайы «сат» деп келген соң
Халықтың сіздей адамы.
Өзің көрген Қызыл ат
Жазы-қысы бағылған.
Тоғызға келіп толып тұр,
Жері жоқ әлі арыған.
- 2070 Ләблiде сергіп ойнайды,
Қаңтарылады жалынан.
Тоғыз жасқа келгенше,
Бұзылған жоқ сауыры
Құлындағы формынан.
Қызыл атты, би аға,
Бағып тұрмын қолымнан.
Суыққа түгі тоңған жоқ,
Бастырықты жабудан.
Күнге түгі күймеген,
2080 Масатыдай құбылған.
Сүмбiдей болып жарап тұр,
Жаңа да тойға шабылған.
Қаншама шауып қинасаң,
Тер шықпайды сауырдан.
Шын сырымды айтайын,
Арнап келсең ауылдан.
«Сат» деген соң сатамын,
Қауіп қылып және дабылдан.
Ат сатпасқа бола ма
- 2090 Жаңа талап жас түлек
Ерген екен соңыңнан?!
Өзің көрген Қызыл ат
Атасы айуан, тілсіз мал,
Бәсін айт деп, биеке,
Қапелiмде қылдың дал.

- Сатып алған бөсімді
Әуелі сізге айтайын,
Бұл сөзіме құлақ сал.
Сатып алдым тайында
- 2100 Қондыкердің жұртынан.
Алты жүз санап пұл бердім
Тай тұяқ құйған алтыннан.
Тоғыз жағалы тон бердім
Сарала ылғи құлпыдан.
Тоғызға келіп толып тұр,
Бұл күнде бәсі артылған.
Қиялай қиқу болғанда,
Жылқы озған жоқ артынан.
«Шуһ!» дегеннен озады,
- 2110 Шапқан сайын шалқыған.
Сұрасаң жөні бір басқа,
Ардақты бисің халқыңнан.
Сатпаймын деп айтуға
Сөзіңе бойым балқыған.
Ел қамы үшін жүріпсің,
Сұңқарды ертіп талпынған.
Аламын десең, би аға,
Қырық аруана нар керек
Қоспағы жоқ тартынған.
- 2120 Жіп шықпасын арқаудан,
Болсын және бөріне
Кілең жібек артылған.
Жау келе жатыр екен деп,
Кеміс бөске сатпаймын,
Жүрейін аулақ у-шудан.
«Атын қорқып сатты» деп,
Сөз болады сыртымнан.
Шын алсаңыз лажым жоқ,
«Аттың бөсін айт» дедің,
- 2130 Кемімеймін осымнан.
Бөтен айтар сөзім жоқ,
Осы бөске сатамын
Қызылды озған қиқудан!
Қипатша мұны айтқанда,

- Би тұрмады тоқталып.
 Күлімсіреп сөйледі,
 «Сатам» дегенге шаттанып:
 — Ауылға ертең ерте бар,
 Мен тұрайын шақталып.
- 2140 Мұрындық жоқ, бұйда жоқ,
 Саудагер бар ноқта алып.
 Қасыңа адам ертіп бар,
 Дүнияны өзің ал,
 Көзіңмен көріп ақтарып.
 Атыңды қымбат демеймін,
 Төре кетсе болады
 Арнайы келген мақтанып.
 Жібереің қонақты,
 Бүгін бастан атқарып.
- 2150 Дәулетім саған жетеді,
 Жайылсын артқа ат қалып.
 Құтты болсын айтайық,
 Өзің барып, Қипатша,
 Қанеки, шықшы атты алып?!
 Айтқан бәсін берген соң,
 Тұра алмады енді кідіріп.
 Айтқан бәске сатса да,
 Жұр, білем, іштен күйініп.
 Шарбағына барғанша,
- 2160 Көзі түсті бұлардың,
 Екі-үш кетті сүрініп.
 Қайғырғанын би біліп,
 — Шырағым, жылдам әкел! — деп,
 Айқайлады ол күліп.
 Жетелеп шықты Қипатша
 Қызыл атты қорадан.
 Бастырықты жабулы,
 Белін құрмен ораған.
 Құлағын тігіп Қырымға,
- 2170 Бір мал екен қараған.
 Екі көздің жанары
 Көрінед жарық шырадан.
 Көтеріп басын қараса,

Назары түскен қиядан.
Алдын орап ойнайды,
«Тек-тек!» деп келеді Қипатша
Шылбырын ұстап сағадан.
Аттан түсіп Сұлтанай,
Жабуын көрсе сыпырып,
2180 Кіңдігінен жараған.
Сүмбідей болып қатпыты,
Ат ойына ұнаған.
Шамаға соқты бедені,
Сұлтанай іштен сынаған.

Сұлтанай сонда сөйледі:
— Атыңнан түс, Қарасай!
Еріңді сал Қызылға,
Мінуіңе жараса-ай!
Бағуы келген мал екен,
2190 Бір сапарға мойымас,
Күн-түн шауып илесе-ай,
Бірақ Көкдөнендей мал қайда?!
Жүзікше жоқ аяқта
Тасқа шапса таймайтын,
Кере қарыс тұрасы.
Туымды бұл да мал екен,
Болдыра қоймас шамасы!
Төре түсті атынан
«Мінемін де кетем, — деп, —
2200 Би, өзіңе ұнаса?!»
Ерін салды Сұлтанай
Қызыл атқа төренің.
Үш жабуы бар екен,
Қанжығаға бөктерді
Жеңілірек керегін.
Қипатша алып шылаудан,
«Биисим Алла!» деп Сұлтанай,
Аттандырды төрені
Қолымен ұстап білегін.
2210 Қипатша мен Сұлтанай
Құтты болсын айтыпты:

- Жеті атадан келе жатқан
 Абыройлы төре едің!
 Құтты болсын Қызыл ат,
 Талабың қайтпай, шырағым,
 Бола берсін дегенің!
 Сапарыңды оң қылсын,
 Тілектес мына көп елің!
 Қипатша тағы айтады:
- 2220 — Құтты болсын, төрежан,
 Астыңдағы Қызыл ат!
 Иесіне барды, арман жоқ,
 Шынжыратай асылзат!
 Сенің атың болып тұр
 Малым еді бір қымбат.
 «Өзім өлмей сатпан» деп,
 Келетін еді ойыма
 Тұрғанда жаным аманат.
 Ойлаған ойым болмады,
- 2230 Құдіреттің ісі шалт.
 Қызыл ат қолға келгелі
 Жүріп еді инабат.
 Сапарыңды оңғарғай,
 Сау болып, төрем, саламат!
 Бағып едім тайында,
 «Артық, — деп, — атың» би де отыр,
 Көргендер айтты: «Тұлпар!» деп.
 Мақтайтын еді мұны да
 «Ат емес, нағыз сұңқар!» деп.
- 2240 Неше рет қостым жиынға,
 Келетін қара үзіп тек.
 Сатып тұрмын атымды
 Артық туған бағыңа.
 Амалым жоқ еліме
 Жау келе жатыр тағы да.
 Қадірін білмес бір жаман
 «Сат!» деп тиер арыма.
 Тұрғаным жоқ, биеке,
 Қызығып сенің нарыңа.
- 2250 Амалсыз саттым арымды,

Сіз айтқан соң базына.
Жау жоқ болса Қызылды
Сексен нарға бермес ем,
Бастырып бермең қазына!
Төре атқа мінген соң,
Қипатша менен Сұлтанай
Қарасайға қош айтты.
Жолға түсіп кеткенше,
«Құтты болсын!» үш айтты.

- 2260 Қош айтысып бұлармен
Төре де енді жөн тартты.
Дүниясын беріп аямай,
Би де ісін ұқсатты.
Елден аулақ шыққан соң,
Көңілі тасып Қарасай,
Жүргізіп атын сұрапты.
Тақымын қысып «шух!» десе,
Жылыстайды пырақтай.
Денесі сергек жануар
- 2270 Жарға ойнаған лақтай
Барған сайын қуанып,
Атты төре ұнатты.
Жүрген сайын Қызылдың
Өнеріне құмартты.
Кигені төре торқа еді,
Асынғаны болат-ты.
Жаңа талап жас батыр
Жауға қылды талапты.
«Тәуекел» етіп келеді,
- 2280 Ауызға алып бір Хақты.
Астындағы тұлпарды
Байқауменен келеді.
Сыпсындаған аяңы
Желістен жылдам өнеді.
Бара-бара сыпыртып,
Қарсақ жүріс жүреді.
«Бүлкілінен басқа аттың
Артық-ау» деп біледі.

- 2290 Бұған кеулі шаттанып,
Шын сыдыртып көреді.
Сыдырысы Қызылдың
Шабыстан жылдам дер еді.
Шоқытып еді біраз жер,
Дізгінін керіп гуледі.
Құмарланып Қарасай,
Қызылға тағы «шух!» деді.
«Шух!» дегенде атылып,
Ылди жерден қарғытып,
Басқандай, мысалы, төбені.
- 2300 Ойына келді бидің дөненін
«Мұнан да артық!» дегені.
Рас екен, Қипатша
«Атым тұлпар» деп еді.
Көңілі толып Қарасай,
Атқа кәміл сенеді.
Сол уақытта шамасы
Жау менен елдің арасы
Үш күншілік жер еді.
Келе жатқан батырдың
- 2310 Бет алысы, әйтеуір,
Жау бағыты дер еді.
Шағанның сырты сары дала,
Қысы-жазы ығысқан
Мал семіртер бел еді.
Отыз ауыл ноғайлы
Осынау сары далада
Елден шеттеп жүр еді.
Сол тұсқа жетіп Қарасай,
Ол күні дүзде түнеді.
- 2320 Ертең сәске болғанда,
Бір көшкен елге келеді
Жылқысын айдап шаңдатқан,
Шұбыртып қойын маңыратқан.
Қуалап сиыр мөңіретіп,
Түйелерін боздатқан.
Кідіртпей тартып көштерін,
Жас баласын жылатқан.

- Бұл үріккен көш екен
Жазылып түйе жүк артқан.
- 2330 Шапасы елдің түрі бар
Шағанға қарай жөн тартқан.
Қара жорға атының
Омырауынан тер аққан.
Ақ күміс болған сақалы
Кеуде түсін мол жапқан.
Кездейсоқ келіп Қарасай,
Жөн сұрады бір қарттан.
Отыз ауыл мал баққан
Ноғайлыда тама еді.
- 2340 Отыз ауыл дегенмен,
Үш жүз үйдей бар еді.
Бөлінген елді бастаған,
Үлгі көрген нұсқадан
Көпті көрген кәрі еді.
Бұл күндері қарт болған
Қалила деген шал еді.
Заманында тіл білген,
Талайлармен бір жүрген
Артық туған жан еді.
- 2350 Жау іздеген жас түлек
Осы қартқа кез келеді.
Сәлем берді дәстүрмен
Келе жатқан бұрынғыдан.
Тер шығыпты ақ көбік
Қарт астындағы жорғадан.
Омырауы ашылып,
Шалғайы кеткен шашылып.
Алтынды кемер белбеуі
Мықынын басып тұрмаған.
- 2360 Қартқа сәлем берген соң,
«Жол болсын, балам!» деген соң,
Қарасай қартқа толғаған:
— Қара тер болып жорғаңыз,
Ақ көбікке шомылған.
Елің көшіп жөңкіліп,
Малдарың қатты қуылған.

- Жаудан үркіп көшкендей,
 Жау төбенді тескендей,
 Жандарың қатты шығынған.
- 2370 Жоқ па еді елде ерлерің
 Түңілген шыбын жанынан?!
 Қанеки, ата, жөніңді айт,
 Боласыз қайсы рудан?!

Жасарал елінен аттанып шығып, жобалы жердің шамасына келген соң, «Бұрынғы Мамайдың қарамағындағы жер ғой» деп, жан-жағына баршы салдырған-ды. Сол уақытта оның келген тұсы Қаройдық деген жер екен. Сол Қаройдықты жайлап, қыстап жүрген ноғайлының отыз ауылдай тама деген руы бартын. Бұл отыз ауылдың басшысы Қалила қарт осы кісі болатын.

Жасаралдың салған баршысы Қалила қарттың аулын тауып барған екен. Сосын Жасарал Қалила қарттың ауылынан үш жүз жылқы соғым алған. «Жаулығымыздың алды осы. Еліңдегі биіңе, ханыңа, батырыңа сәлем айт!» деп көшірген екен. Сол үркіп көшіп келе жатқан Қалила қартқа Қарасай кез келіп еді. Енді шалдың балаға қайтарған жауабы:

- Астыңда тұлпар атың бар
 Мінген ерге лайық.
 «Жаудан қашып жүрсің» деп,
 Көріп тұрсың мұны айып.
 Әуелі айтып жөнімді,
 Сонан соң сенен, ау, балам,
- 2380 Мән-жайыңды сұрайық.
 Жеті атадан мекенім —
 Мына жатқан Ақжайық.
 Жағалай жатқан жайланып,
 Соның бірі бұл халық.
 Көптің бірі — шаруа,
 Шеттен жүріп мал баққан.
 Едіге мырза бұл жерде
 Төрт атадан ел баққан,
 Бұл жерде елді орнатқан.
- 2390 Одан бұрын көп дұшпан

- Қатын-бала шулатқан.
Мазасын елдің қашырған,
Жау келіп күнде қалмақтан.
Одан бергі хан Мамай
Шағанның бойын жайлатқан.
Батыр Орақ ағасы
Дұшпанға тұлпар ойнатқан.
Телағыс, Күніке — екі нар
Көп көпірге оқ атқан.
- 2400 Бұл күнде ноғай иесіз,
Айырылып қалып пайтақтан.
Жалғыз басты Мүсілім
Таққа мінді алалықтан.
Ақылы артып, немесе,
Мінген жоқ артық қайраттан.
Мұсылманды қу Әнжі
Жауластырған нақақтан.
Ыңырсыған көп дұшпан
Жақынға келіп жасқандық
- 2410 Мына ноғай-қыпшақтан.
Үш жүз жылқы аулымнан
Сәскеде қуып шаңдатқан.
Көп болса соның баршысы
Шығарсың, балам, жөніңді айт
Қарауылға қаратқан?!
Тыңшылық істеп жасырын,
Жан-жақтан хабар сұратқан?!
Жаудан қашып келемін,
Айырылып ылғи саңлақтан.
- 2420 Қанеки, балам, жөніңді айт,
Сен келе жатырсың қай жақтан?
Қырық мың жығын жау келеді
Қырымдағы ноғайдан.
Заман азып бұл күнде,
Жау табылды оңайдан.
Біздер жүрген уақытта,
Көпір еді дұшпандар
Іздейтін едік қияннан.
Бұл күнде көпір жақындап,

- 2430 Бір-біріне мұсылман
Кеуілдері қарайған.
Біз тама деген рудан
Отыз ауыл мал жайған.
Үш жүз жылқы соғымға
Жауға бердім жанымнан.
Елге көшіп келемін
Мына Шаған құлаудан.
Жаудың басы — Жасарал
Әкесі өлген жаладан.
- 2440 Кегін іздеп келе жатыр,
Бұл күнде өзі зорайған.
Атасының жаласы
Болып еді Мамайдан.
Оны да қылған қу Әнжі —
Көкірегі қарайған.
Ісін қате өткізді
Ақылы көмбіл хан Мамай,
Әнжі салған ылаңнан.
Есітемін бұл күнде
- 2450 Қатын болып жүр дейді
Арам, залым шұнайған.
Айбатынан айрылып,
Қара басы қуарған.
Шырағым, жөнім осылай,
Іс болды осындай.
Немесе дұшпан болар ма еді
Атасының досына-ай?!
Біздің халық оңбайды,
Әнжіні де хан қылып
- 2460 Қойды істің басына.
Тұқымсыз кетті хан Мамай
Атадан артық асыл да.
Орақтан қалған үш бала
Оның да бірін өлтірді
Бойға толмай жасында.
Ендігі екі жас бала
Ықпалы жүрмес бұл күнде
Ағайынға асылмай.

- Есітемін жүр дейді
2470 Таландары ашылмай.
Қанеки, бала, жөніңді айт,
Қарт ағаңа жасырмай!
Елге қорған болатын,
Дұшпаннан кегін алатын,
Қысылса ақыл табатын,
Жауға қарсы шабатын
Ноғай да адам қалған жоқ.
Мырзадан басқа тұқымға
Батырлық бақыт қонған жоқ.
- 2480 Кешегі Мамай асылдан
Тұсында пенде озған жоқ.
Батыр Орақ барында
Дұшпан көзін салған жоқ.
Палуан, Сұлтан, Батырхан
Мамайдан болды жаласы,
Кінәсі мұнан болған жоқ.
Әнжі Ысмайыл — Тобаяқ
Арасына салған шоқ.
Жаңбыршының баласы
- 2490 Телағыс, Күніке — екі нар
Бұл күндері мұнда жоқ.
Қондыкерге хан болып,
Халықты сансыз жиған көп.
Саған да салып әлекті,
Жүрегіне басты шоқ.
Бүлдірген сөйтіп Тобаяқ.
Тобаяқты өлтірсек,
Болар еді арман жоқ!
Ысмайыл құтырғанда,
- 2500 Біздің халық тұрмас тек.
Қарасай, Қазі — қос жетім
Әрі жарлы, әрі жас,
Екеуінде тұрман жоқ.
Қазмойын тұлпар астыңда,
Шырағым, түлек, жас бала,
Ел қорғайтын адам жоқ
Келеміз болып масқара!

- Жасы жеткен кәрі шал
 Айып көрме қашқанға.
 2510 Кім шыдайды, біз түгіл,
 Жасарал сынды патшаға?!
 Қырық мың жиған қолы бар,
 Ішінде мықты зоры бар,
 Ту ұстаған ері бар,
 Әрі өзі күйінді,
 Әкесінің кегі бар.
 Ноғайлы біздің бір тозар,
 Елдің үстінен басқанда.
 Қанеки, балам, жөніңді айт,
 2520 Қай сапарға барасың,
 Қайсысынан боласың?
 Тұрмысыңа қарасам,
 Әйтеуір біздің ноғайсың.
 Кедергі болар кейпің бар,
 Шын кейісең дұшпанға.
 Шығыпсың жаңа ұядан,
 Сұңқарсың ұшқан қиядан.
 Қалай қарай талпындың,
 Сен ұядан ұшқанда?
 2530 Қарасай сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Олайынша, қарт баба,
 Жамандама елінді,
 Мақтайсың өткен тегінді.
 Әкесіне Жасаралдың
 Берген болса өлімді
 Баласына Орақтың
 Айтшы, ата, не көрінді?!
 Өтінемін мен сізден,
 2540 Сұрама тек жөнімді?!
 Мен жөнімді айтуға
 Өзіме-өзім, сірә, әлі
 Болғаным жоқ сенімді.
 Хан Мамайдың елі үшін,
 Әкесінің кегі үшін
 Келе жатса Жасарал,

- Мен де будым белімді!
Байлап жүрген балаңмын
Құрбандыққа төнімді!
- 2550 Осы жауды қайырсам,
Мен айтпай-ақ білерсің,
Ата, менің кімімді!
Осыны айтып Қарасай,
Жүре берді жөніне.
Қалила қарт дал болды,
Балаңның айтқан сөзі мен
Таңырқай қарап түріне.
«Қарасай, Қази — қос жетім,
Солардың мүмкін бірі ме?!»
- 2560 Ұқсата алмай баланы
Басқалардың біріне.
Мұндай ерлік қылатын
Басқаға жоқ сенімі.
Ойменен ойлап байқады,
«Қызыл нұрлы, айна көз
Сол тұқым, — деп, — келімі!»
- Жауды анық білген соң,
Ел шапқынын көрген соң,
Қарасай жүрді ұмтылып.
- 2570 Жүрген сайын Қызыл ат
Келе жатыр құтырып.
Кеміреді сулығын,
Тілін жалмап, жұтынып.
Соныменен Қарасай
Бесінге шейін жол жүріп,
Бір белеске шығыпты,
Тұйғын құстай сыпырып.
Белеске шықса Қарасай,
Ар жағы айдың кең екен,
- 2580 Қаройдық деген көл екен.
Көл жағалай қараса,
Ыңырсыған қол екен.
Әр жерден шатыр тігілген,
Айбаты да зор екен.

- Құмырсқадай жыбырлап,
 Өскері де мол екен.
 «Шамалы, шағын шығар» деп,
 Қарасай бұрын жүр екен.
 Дабыра шығар деп еді,
 2590 Есіткені шын екен.
 Атынан түсті Қарасай,
 Айласыз батыр болмайды.
 Бұл белесте кідіріп,
 Өр нәрсені ойлайды.
 Көп екен деп кейінге,
 Қайтуына болмайды.
 Жау қарасын көрген соң,
 Жүректің қаны ойнайды,
 Тамырларын қозғайды.
 2600 Қайтадан мінді атына,
 Көп кідіріп тұрмайды.
 Үзеңгісін ұзартты,
 Құйысқанын қысқартты,
 Қос тартпасын берік тартты,
 Қайтпасына серт айтты.
 Тайсалмай жауға баруға,
 Жасаралдай патшаның
 Аузынан жауап алуға,
 Шығынға қарай жөн тартты.
 2610 Көл жағалай сабатта
 Ыңырсыған қол жатыр.
 Өр жерінде тігулі
 Жалтылдаған көп шатыр.
 Тігулі тұрған туы бар,
 Алтындақтан бауы бар,
 Алыстан айқын көрінеді
 Айрықша бір көк шатыр.
 «Патша сонда шығар» деп,
 Тура соған келе жатыр.
 2620 Басқа жаққа Қарасай
 Атының басын бұрмады.
 Жалғыз атты жолаушы,
 Ыңырсыған көп қолдың

- Мұнымен ісі болмады.
Жығын қолды көрген соң,
Қызыл аттың көзі жайнады.
Тыпыршып, тыныш тұра алмай,
Сулығын басып шайнады.
Жасаралмен тілдеспек —
- 2630 Қарасайдың арманы.
Шатырға жақын келген соң,
Аттан түспей жүрген соң,
«Мынау қандай атты, — деп, —
Жүрісі жылдам қатты?» деп,
Рабайда біреуі
Назарын салып аңдады.
Аңдағандар байқады:
Патшаға барып жолықпай
Тоқтамауға қамданды.
- 2640 Біреуге біреу көрсетіп,
«Атпенен барған патшаға
Неткен жан?!» деп таңданды.
Пікірлісі ішінде
«Дұшпан-ды» деп ойланды.
Пікірсізі әншейін
Тамашаға жиналды.
Қайратты ер қамданып
Қаруларын байланды,
Сауытын түзеп сайланды.
- 2650 Осылайша бұл халық
Тұра берсін жиналып.
Тұмсығын аттың тіретіп,
Ат үстінен Қарасай
Қатты айқайлап толғанды:
— Әскерін жинап ойнатқан,
Мұсылман жерін шаңдатқан,
Жақын жерден жау тапқан,
Теріс қарай келе жатқан,
Шариғатқа дұрыс па
- 2660 Мұсылманға оқ атқан?!
Кек алатын кейпің бар,
Талап қылсаң қалмақтан!

- Осы қолдың басы кім,
 Бұл шатырда кім жатқан?!
 Бағана түсте жолықтым
 Осы әскерден қашқанға.
 Қашып барады мұсылман
 Шаңы шығып аспанға.
 Үш жүз жылқы алыпсың
 2670 Осы бүгін бастанғыға.
 Еріксіз малды алуға
 Шарифат саған қосқан ба?!
 Талаптансаң болмас пе еді
 Атасы басқа дұшпанға?!
 Қанеки, қостан шық бермен,
 Батыр болсаң жасқанба!
 Еріпті жұртың соңыңа,
 Тізгінін беріп қолыңа.
 Бітірген жұмысың — жау болмақ
 2680 Мұсылманның ұлына!
 Қалмаққа барсаң болмай ма еді,
 Шауып тұрған жылына!
 Басшысы қайда бұл қолдың,
 Өз аузыңнан сөйлеші,
 Бұқпай шатыр ығына?!

Бұл қырық мың қолдың патшасы Жасаралдың отырған шатыры еді. Бұған атпен бармақ түгіл, жаяу адам да алдына-ала өтініш айтып, рұқсат естілсе ғана, баратын. Жалғыз атты жау келеді деген ойда жоқ. Жасауылдары «өзіміздің адам шығар?» деп, абайламай қалды.

Іште отырып, Жасарал мұның жоқ екенін білсе де, жалғыз атты жолаушыға далаға шығуға әбессініп, ашуы келіп: «Қалмаққа баратын болсаң, аржағыңда жол жатыр!» деп айқайлап толғады:

- Ат үстінен айқайлайсың
 Өдеп-өркін көрмеген,
 Сыпайымен жүрмеген,
 Сый-сыяпат білмеген,
 2690 Сөйтіп тұрып және де

- Шариғаттан сөйлеген,
Іздесең қалмақ алдыңда,
Жүре бер анау жолменен!
Әркім өзінікін «жөн» деген
Мен де бір кекті іздеген.
Жөніңді айтшы, жолаушы,
Сенің өзің кім деген?!
Адам отырған шатырға
Ат тұмсығын тіреттің
2700 Адамның кеулін кір еттің,
Өзіңді асыл-дүр еттің.
«Жаулайсың, — деп, — мұсылман»
Және бізге кінә еттің!
Көтеріліп сөйлейсің,
Айтқанын қылып жүректің!
Мен кек алуға келемін,
Түбін қазып деректің.
Кім боласың, жөніңді айт,
Әңгімені неге үдеттің?!
2710 Жалғыз атты жолаушы,
Қалай-қалай жүрісің?!
Ұрысуға ыңғайлы
Осы тұрған тұрысың!
Жан беретін бар ма еді
Осы бүгін борышың?!
Қырық мың жығын қолым бар,
Ел шабатын ойым бар.
Осының бәрін көрмейсің,
Орынсыз маған сөйлейсің,
2720 Қалай сенің туысың?!
Азын-аулақ бар шығар
Бір аусарлық кемісің?!
Мүсілімнің елінің
Ойлап тұрсам бірісің.
Жөніңді айтып білдірші,
Сен ол ноғайдың кімісің?!
Жауға барар жас жігіт,
Ақылы кем, мас жігіт,
Қайраты елге паш жігіт,

- 2730 Кәуірменен қас жігіт,
Мұсылманмен дос жігіт,
Сеніп пе едің өзіңе?!
Қалмақтан басқа мұсылман
Дос көрінеді көңіліңе.
Қалмақтың бұзып қаласын,
Неше аттандың кәуірге?!
Қанша, қайда үй тіккіздің
Мұсылманның еліне?!
Белгілі бек болғандай
- 2740 Қарасам байқап тегінде,
Өзір маған кейіме.
Кейімін десең даярмын,
Болса менде кегің де!
Қай тұқымнан боласың,
Қай сапарға барасың,
Білдірші, жігіт, жөніңді?!

Енді аттың үстінде тұрып, Қарасай жасырмай жөнін айтты:

- Қан қасаптап олжа алған,
Ағасы хан Мамайдан үлгі алған
Сұрасаң атым — Қарасай,
- 2750 Мен — хандарыңның баласы-ай!
Батыр батыр бола ма,
Жанын жаудан аяса-ай?!
Кек алам десең, шық бермен,
Келіп тұрмын оңаша-ай!
Шатырдан шықсаң, Жасарал,
Көрсетейін тамаша-ай!
Тайсалатын жерім жоқ,
Сендей соңыма ерген елім жоқ,
Ұрыспайтын кеулім жоқ,
- 2760 Сөзімнің осы расы-ай!
Сұраған соң, Жасарал,
Жасырмай айттым шынымды,
Тура айтамын жөнімді.
Менің ағам хан Мамай
Өкеңе берген өлімді.

- Батыр болсаң өзіңе,
Неге ерттің еліңді?!
Қаныкерің келіп тұр,
Алар болсаң кегіңді!
- 2770 Осынша әскер жиғандай,
Халыққа ойран салғандай,
Нең бар менің елімде?!
Қайратың болса қылып қал,
Азарың менің өзімде!
Арғы атам Едіге,
Дүрегін пері асылдан.
Әкемнің аты — қанды Орақ
Кек алған жалғыз қасынан.
Айқайымен жел тұрып,
- 2780 Шалқытып теңіз тасырған.
Мен сонан туған жас ұғлан,
Көп екен деп әскерің
Сескеніп одан шошыман,
Басымнан жауды асырман.
Кек алатын ер болсаң,
Өзің бір шықшы қосыңнан!
Ажалым болса өлермін,
Әскерің жапсаң осыдан!
Ажалым егер жетпесе,
- 2790 Көп жиналған әскеріңді
Қызығымды көр ысырған!
Жалғыздың жары бір Құдай,
Көп екен деп қысылман!
Әдейі арнап келген соң,
Қорқақ иттей мұңайып,
Сырымды айтпай жасырман!
Жауласам десең, Жасарал,
Келдім осы араға!
Сен туымды ер болсаң,
- 2800 Жекеге шық далаға!
Қорықсаң өзің баладай,
Әскеріңе әмір қыл,
Мені біреуге санамай!
Жалғыз өзім шақ тұрмын,

- Ұрысамын адамның
Көптігіне қарамай!
Кімді Құдай қалайды,
Талапсыз адам таба ма-ай?!
Құр қоқаңнан қорықпаймын,
2810 Сынап көрмей шаманы-ай.
Басқа түрлі ой болса,
Тұрмын даяр қозғалмай.
Осы қолдың бастығы,
Қанеки, сөйле бұл қалай?!
Сенің әкең өлгенде,
Біз баламыз періште.
Ақылы асқан Мамайды,
Ешкім қоймас кеміске.
Әнжі салған қулықпен
2820 Кірісті бұзық бір іске.
Ақ жазуы осылай,
Кім шығарады теріске?
Сауғалап басым қашпаймын
Істеген атам бұл іске.
Аяйтұғын нәрсем жоқ,
Байладым басты жүріске!
Әскерінді ертіп,
Сен де келе жатқан жақсың келіске!
Менің жөнім осылай,
2830 Шынын айттым жасырмай.
Кек алам десең мен келдім,
Отырма енді қосыңда-ай!
Жекеге шық менімен,
Сынайын десең күшінді.
Келгенім жоқ кем ғой деп,
Жасарал, сенің туысыңды!
Жабамын десең әскерді,
Онда да даярмын.
Жүргізбеймін ілгері,
2840 Алмай сенің басыңды,
Не кескізбей басымды!
Бір шыбындай жаным бар,
Төгілер өлсем қаным бар,

- Менде қысас қаның бар,
 Ала алмай жүрген арың бар.
 Қасыңда жинақ қолың бар,
 Жалғыз да болсам мен сенен
 Жасқанбайтын ойым бар!
 Енді елге қайтпаймын,
 2850 Мен емес қорқақ адамың
 Көп екен деп шошынар!
 Кем тудым, — деп, — атадан,
 Кеуліме менің келмейді.
 Тәуекелге бел бумай,
 Таланды Құдай бермейді.
 Қайратыңды көрмесе,
 Халық, сірә, сенбейді!
 Патшамын деп мардима,
 Халықты нақақ жандырма,
 2860 Ісіңді қыл қасыңа!
 Бұл әкеңнің өлімі
 Іс еді болған жасыңда.
 Күшің болса аяма,
 Бітір жылдам жұмысыңды!
 Мен — хан Мамайдың інісі,
 Мен де сенің туысың-ды!

Сол уақытта Жасарал ойланып қалды. Әкесін Мамайдың өлтіргенін Әнжінің айтуымен білетін. Әнжінің жаман адам екені де бұған белгілі. Бірақ бұл аттанып келе жатқанда Әнжі емес, «Бісмайылдың» хатымен келе жатыр еді.

Бісмайылдың хаттағы сөзінің бекер екенін білді. «Қарасай мен Қазі мал бағуға жарамайтын жаман» деп еді. «Жаман болса, қырық мың қолмен келе жатқан маған мына сөзді айта ма? Әкесінің дәулеті басына қонған адам екен. Мұнымен ұрыса қойсам, бір өзі ғана өледі. Бірақ біраз адамның ажалына да жетеді. Осыншама халықтың қанын мойныма жүктеп қайтем. Бұрынғылардың айтқан нақылы да бар еді: «Нағашысымен күрессе, жиен жығылады. Егер жиен жыға қойса, қабырғасы сығылады» деген. Қанша айтқанымен, түп нағашым ғой, қол көтергенім дұрыс болмас. Одан да танысып, дос болайын» деді.

Осыны ойлап далаға шығып, Қарасайға сәлем беріп, толғап жатыр:

- Ассалаума ғалейкум,
Шынжыр атай асыл тек!
Әскер жинап аттандым,
2870 Ойыма түсіп өткен кек.
Сөзіңді барлап қарасам,
Кеуіл босар айттың кеп.
«Кегің рас болғанмен,
Мен о күнде бала» деп.
Әділдігің көрінді,
Айтпадың оны «жала» деп.
Не болса да көнесің,
Таланыңнан көресің,
Кеуілің бар көтермек.
2880 Сен — аруана шалқұйрық
Көтересің артса жүк.
Тұрғаным жоқ жасқанып
Толыққан күнім, әскер көп.
Мен бір сөзді айтайын,
Атыңнан түсіп, Қарасай,
Қорықпасаң дізе бүк.
Сен едің арғы тағайым,
Жеңілем деп мен сенен,
Ойымда жоқ уайым.
2890 Жасымнан жетім қалсам да,
Әзір жақсы талайым.
«Жекеге шық!» деп айтасың,
Ер екенсің сынадым.
Кім жеңеді, жеңіледі,
Біледі оны Құдайым.
Өзім шығып жекеге,
Әскерді қайда қояйын?!
Ұрысатын болсам өз басым,
Әскерді мен не қылайын!
2900 Келіп тұр және бір ойым,
Қорықпасаң аттан түс,
Мен бір кеңес құрайын.

- Ер екенсің, Қарасай,
Құдай біледі ажалды.
Көнеден қалған нақыл бар
«Бақ сынайды таланды!».
Өзім патша, әскер көп,
Бұл күнде басым базарлы!
«Құдайға шүкір» деп жүрмін,
2910 Жалғаншым өзір ажарлы.
Тайсалмай келіп сөйледің,
Ойыңа алмай ажалды.
Ерлігіңе қызығып,
Менің ойым тазарды.
Ұмытып тұрмын ойланып
Бұрынғы өткен азарды.
Достасайын сенімен,
Қорықпасаң аттан түс,
Мойныңа алдың жазаңды!
2920 Рас деп тұрсың әкемнің
Мамайдан анық өлгені.
Неге қиды өлімге,
Ол — өзінің жиені?
Жиенін туған өлтіріп,
Мамайдың қайда білгені?!
Және айтасың бір себеп —
Деп «Әнжінің бүлгіні».
Осы арада тоқталып,
Қиялға ой келді енді.
2930 Мұса ханның баласы
Ысмайыл деген хат жазып,
Көкірегім кірленді.
Сенің айтқан сөзіңе
Сай-сүйегім тебіренді.
Қорықпасаң, аттан түс,
Сырласайын мен енді.
Өлтіргені Мамайдың
Өзінің жиен туғаны.
Мамайдың қылар ісі емес,
2940 Әнжінің рас қылғаны.

- Бағана айттың, Қарасай,
Шариғатқа тураны.
Айтқан сөзің ол кезде
Ашуменен қонбады.
Сөздің шыны айтылып,
Көкірегім ойланды.
Ақымақтың бүлік бұл ісі
Мұсылманды жаулатты.
Сөйлетіп көрсем қасымда
- 2950 Қатым еткен молдамды
Ақыр заман белгісі —
Мұсылман өзі жау болып,
Ықпалы көпір қаулады.
Қуанышта бұл күнде
«Мұсылман өзіне жау болды» деп,
Күншығыстың қалмағы.
Дұшпаннан қорған болатын
Едіге бидің әруағы.
Жеті атаңнан сен едің
- 2960 Ноғайлының қорғаны.
Ұрыса қойсам сенімен,
Болар еді Құдай жазғаны.
Ойыма түсіп тоқталдым,
Жалғыз барып Орақтың
Азауды өзі бұзғаны.
Түспейсің неге атыңнан,
Жүрегім неге сыздады?!
Түсіріп аттан алдасам,
Әруақтың мені ұрғаны!
Жасауыл қайда, жасқанбай
- 2970 Атынан түсір мырзаны?!

Қарасай қылышын қынабынан суырып тұр екен. Жасарал мұны айтқан уақытта, ол қылышын қынабына қайта салып, аттан қарғып түсіп, шатырға қарай жүре берді. Жасауылдар жүре берді. Жасауылдар атының басын байлады. Бұл шатырдың есігінің алдына барғанда Жасарал Әнжінің жазған қар бойы қағазын алып қарсы шықты. Қарасай Әнжінің жазған хатын таныды.

Екеуі сол арада құшақтасып дос болды. Қалмаққа аттанса, екеуі біріне-бірі хабарласып аттанатын және мұсылманға оқ атпайтын болып уәделесті. Сөйтіп, Жасарал Қалила қарттың үш жүз жылқысын Қарасайдың алдына салып берді.

Қарасай елге қайтты. Ол Қалила қарттың жылқыларын айдап, елдің үстінен құлатып жіберді. «Енді Әнжіні өлтірмей, аттан түспеймін!» деп, ауылға шапты. Сол уақытта Әнжі басында жаулық, үстінде шұбалма көйлек, қолында былғауышы, тары қуырып жүр еді. Қарасайдың келе жатқанын біліп: «Оның ажалының себебі неден болар екен?» деп тырнағына қараса, өз бетінше жүріп өлмесе ештеңеден себебі түспейтіні білінді. «Бұдан қалай құтылам?» деп, екі көзі Қарасайда, жалтаңдап жан-жағына қарап кетіп бара жатып, аяғын бір шөп іліп кетіп, сүрініп жығылды.

Өзі мес болып шайқатылып, антқа жолығып жүр екен. Жығылған жерде бір шөп кіріп, Әнжі өліп қалды. Тез басып Қарасай да келді. Келсе екі үйдің арасында Әнжі етпетінен түсіп жатыр. «Бұл өтірік істеп жатыр. Өлі де талай қулық жасар!» деген оймен шауып өлтірейін деп келсе, әлдеқашан жаны шығып кетіпті.

Әнжінің өлгенін көрген соң, елі жиылып келіп: «Бұл Әнжінің әкесі Мұса деген әулие адам еді. Мұсаның бөліп берген еншісіне Әнжі қайлы болмаған. Сонда әкесі: «Менің тілімді алмаған біреудің бір себеппен жерге кіресің, өңменіңнен шөп өтіп өлесің!» деп еді. Мұның екі айтқаны да келді» деп, сонда да болса Әнжіні адамша жерледі. Қарасайға халықтың көңілі бітіп, «жамансынып жүрсек, аталарына ұқсап, ел қорғап адам болатын түрі бар екен ғой» деп, еліне салық салып сауын мал, мүлік жиып берді.

Қарасай атқа шықты мұнан былай,
 Бұл бұрын жүдеу еді жетім бала-ай.
 Көп дұшпан ұрыспастан жолдан қайтып,
 Абырой берді бұған мырза Құдай!
 Жылқысын Қалиланың әкелген соң,
 Сыртынан халық мақтады улап-шулай.
 Бүлдіріп өмірінше ноғайлыны,
 Дүниеде Ысмайыл өтті қу, сұмырай.

2980 Ат сатып Сұлтанай би әпергенде,

- Таңқалған Сұлтанайға бүкіл ноғай.
 Деп айтты есіткен жұрт Сұлтанайды:
 «Жан екен артық туған, нағыз құмай!
 Жалданған жарлы үшін Өзірет Әли,
 Бұл күнде Сұлтанай би болған сондай!»
 Қарасай көп көріп еді жетімдікті,
 Ер еді шынжыр атай түпкілікті.
 Ықпалы Қарасайдың жүрген заман,
 Издетті Жасаралға кеткен кекті.
- 2990 Өнжіге қарап жүрмей хат жазғызып,
 Бақ қонған Қарасайға сол себепті.
 Қысылып жетім бала барғанында,
 Халық үшін Сұлтанай да рахым етті.
 Қипатша Қызыл атты сонша бағып,
 Бағына Қарасайдың кез келіпті.
 Кезекпен Қарасайды халық шақырып,
 Ардақты халыққа болды басы сыйлы,
 Жүр еді жетімдіктен болып шерлі.
 Адамдар инабатты ортаға алып,
- 3000 Құрметпен аралатып танытты елді.
 Мінер ат, киер киім, сауар сауын
 Халықтан салық салып, дүния жиды.
 Осындай ойын, қызықпен ел аралап,
 Сайрандап салауатпен бір жыл жүрді.
 «Бастырып қырық нарға
 Сұлтанай Қызыл атты алып берді.
 Келмейді жатса ұйқы Қарасайға,
 Қаруын қайтарам деп қайсы жерде?»
 Бір күні пікір түсті кеуіліне,
- 3010 Хан қоймақ Сұлтанайдай артық биді.
 Бұл істі бітірмек боп көп ұзатпай,
 Үйіне Мүсілім ханның арнап келді.
 Үйіне Мүсілімнің келгеннен соң,
 Секкенді ол жүргізді деп бір кеуілді.

Енді таныстырып болған соң, үлкендер: «Атаңның мұрасы еді, тақтың еркі өзіңде» деп айтар деп еді. Онымен ешкімнің ісі жоқ. Өркім өз бас пайдасына тарап кетті. Сонан соң қаруын беліне байлап Мүсілім ханның ордасының еңсесіне келіп түсті.

Мүсілім Стамбұл деген қаладан қашып келген жалғыз басты ноғай еді. Жалғыз басты болса да, хан болып отырғанының себебі: ноғайдың бел жері Мүсеке мырза деген кісі бар-ды. Мүсілім соның жиені болатын. Өзі жуас жігіт. Жуас та болса, елді ұстап хан болып отыр.

Екінші жағынан, Орақ пен Мамайдың заманында Толағай байдың Қалипа деген қызы бар еді. Қалипа өзінің ақылдылығынан Ораққа өкіл қыз, Мамайға қарындас болды. Сөйтіп, екеуіне Боғда деген қонысты сұрап алған. Төркін сыбағаға сол қонысты алып, өмірінше елге салық бермей кетіп еді. Қалипа ақылды, сөзге жүйрік адам. Қалипа Мүсілімге тиіп, бұл күнде ханым болып отыр.

Сол өкіл апасы Қалипа бұл жетім бала болып жүргенде, «інім» деп маңдайынан бір сипамаған екен. Оның бержағында, Қарасай бір жыл бойы ел аралап жүргенде «апама сәлем берем» деп келмеген. «Бұлар кісі өлтіруден таймайтын адамдар еді» деп, енді сол апасы Қарасайға өз алдына бөлек үй тіктірді.

Сөйтіп, Қарасайды жайлап болған соң, апасы киімін иығына жамылып Қарасайдың үстінен келіп, баяғы сарт еліндегі Ақташаған, Әли бидің қоластында болып, қайтадан «Мамай Мәскеуге хан болды» дегенді естіп, ауылына қайта көшіп келіп, осы Ұлы борсық, Кіші борсық құмдарын жайлап-қыстап жүріп Орақ пен Мамайдың тұтқынына түскенінен бері қарай айтып, інісіне өкпелеп, толғап жатыр:

— Шырағым, жаңа талап сен бір бала-ай,
 Көп жасап заман көрдік, өтті талай.
 Кеулім ауырлады келмеген соң,
 Ойланып өтіп кеткен бұрынғыны-ай.
 Шырағым, құлағың сал бұл сөзіме,
 3020 Ноғайда руымыз еді тама-ай.
 Апаңа сәлем бере бір келмедің,
 Сайрандап ел қыдырдың бір жыл ұдай.
 Жерінде қызылбастың мекен етіп,
 Аралас шиғаменен болған сыбай.
 Хан шығып қызылбастан Ақташадай,
 Тамаға салды залым көп бұлалай.
 Хан болған мұсылманнан би Едіге
 Баласы тентек болды Нұрадындай.

- 3030 Басында сонан бүлген біздің халық,
Айтылған әрбір жұртқа барша ноғай.
«Мәскеуге әділ Мамай хан болды» деп,
Есітті босқан халық хабарын-ай.
Тепкісі Ақташа хан өткен ноғай
Шиғадан қашып көшті бермен қарай.
«Бұрынғы мекеніне жетеміз» деп,
Халық көшті бермен бірі қалмай.
Таманың ел атында ардақтысы,
Қолында дүния көп, төрт түлік сай,
Көше алмай тоғыз үймен сонда қалды,
- 3040 Мыңғырған малын айдап жүргізе алмай.
Шиғада қалған жалғыз мал қия алмай,
Бар шығар есітуің Нәрікбай бай.
Сөйлермін мен сөйлесем арғы жерден,
Көргенім ойға түсіп, оһ дариғай!
Тұқымы хан болған соң Едігенің,
Құмары жетпек болды біздің елдің.
Тырнағы бөтен елдің батқан халық
Жат жұртта Ақташа хан, Әли бидің.
Ақташа, Әли биден қашып көштік,
- 3050 Қадірін өтіп атамекен, өскен жердің.
Бойына екі Борсық жеткенінде,
Есіттік Әнжі залым бүлдіргенін.
Келе жатқан аңсап халық алдындағы
Ақиқат жұрт есітті бүлінгенін.
Баласы Жаңбыршының екі асыл нар
Жұртына қондыкердің бөлінгенін.
Күніке мен Телағысқа халық көп еріп,
Есіттік Мамай, Орақ кемігенін.
Сонан соң біздің тама ренжіді,
- 3060 Ойға алып Нұрадындай арғы тегін.
Тоқтады енді көшпей тама халық,
Бұл жерге мақұл көріп кідіргенін.
Ортасы Азияның малға жайлы,
Қос Борсық мекендедік екі шенін.
Халық отыр екі құмда тырна қатар,
Жайықтың сүрікпенен суын татар.
Кең қоныс байтақ жатқан мекендедік,

- Жоқ болды еш дұшпаннан қауіп-қатер.
Адам жоқ әкім болып халық басқарған,
3070 Бұл тама бір жұрт болды бөлек отар.
Ұлы жоқ Толағайдың жалғыз қызы,
Бала едік біз сол күнде он үш жасар.
Шырағым, апаң болды көп сөйлейтін,
Көргенде жақсы тұқымды көңіл ашар.
Жақсы жоқ, осы күнде халық азығып,
Адам жоқ дуа тиген, бөрі нашар.
Бұл күнде бұл елдегі Сұлтанай би
Жақсыдан үлгі көрген соған ұқсар.
Хан болды мына жездең жуастықтан,
3080 Тек қара, әншейін-ақ орын басар.
Не пайда хан болғанмен, халық азықты,
Басында бұлты болмай дұшпан қашар.
Осындай заман болды, шырағым-ай,
Таң қалды Мамай өліп мына құмда.
Баласы бәйбішенің төртеу еді,
Жоқ болды Әнжі салған ылаңында.
Кешегі он екіде Айдынды-Имаш
Ақиқат ер болып дер шағында.
Ол күнде Қангерманда оқып жаттың,
3090 Болды ғой бұлан-талай бұяғың да.
Жаббас құл ажалына себеп болып,
Өмірін қысқа қылды Құдайым да.
Неше жыл жер астында оқып Әнжі,
Ілгергі істің білген боларын да.
Мойнына неше адамның қанын жүктеп,
Жете алмай ол да кетті-ау құмарына.
Құдайым өмір берсін абыройлы,
Ықпалың жүре берсін ұзағына!
Алдынан Әнжі көрер азабын да,
3100 Шамалы көріп кетті азарын да.
Сыртыңнан мен тілектес, Қарасайжан,
Ашылсын мұнан былай таланың да!
Жүрмісің аман-есен, Қарасайжан,
Сөйледім ойға түсіп өткен заман.
Болып еді әкем — Орақ, Мамай — ағам,
Боғданың қоныс беріп алабынан.

- Балқыдым сені көріп бойым еріп,
 Болған соң қалған тұқым әне сонан.
 Қарасай, топырақ-жасын берсін саған,
 3110 Жеткерсін жаратқан Хақ талабыңнан!
 Халқыңды қаласаң ал, мін тағыңа,
 Мен тақты неге аяймын шырағымнан.
 Арғы атаң Едіге би әрі әулие
 Тұтпаған мұсылманның шылауынан.
 Әулие әрі батыр болса дағы,
 Кетпеген Әмір Темір қарауынан.
 Бір тізгін, екі қайыс өз қолыңда,
 Жездеңді сенен бұрын қара қылған.
 Тараттым іштен шерді сөйлеп сөзді,
 3120 Айта бер жұмысыңды ойыңа алған.

Апасы осылайша әрі өкпесін, әрі өзінің Қарасайға қандай қатысы бар екенін айта келіп: — Атаң Едіге әулие де, батыр да адам еді. Сондай болса да, Әмір Темірдің қарауынан шыққан жоқ еді, — деді. Бұл «Жездеңнен тақты алмасаң қайтеді?» деген ойын астарлап білдіргені болатын.

Енді соған Қарасай жауап берді:

- Жалғыз Алла жаратты
 Он сегіз мың ғаламын.
 Өзгертпейді жазудан
 Не де болса қаламын.
 Оның дұрыс, әй, апа,
 Мойныма аламын.
 Атадан жетім жас қалған,
 Үлгі көрмен нұсқадан,
 Қайдан іздеп табайын
 3130 Атаның дос адамын.
 Ықпал жүрген уақытта,
 Кім дос қылады ертіп,
 Халқының білгіш маманын.
 Көргенім жоқ бір досты,
 Мен де көзім саламын.
 Бір адам арнап барған жоқ,
 «Жетім» деп көзін салған жоқ,

- Бізбенен ісі болған жоқ,
«Дос» дегенге қалай нанамын?!
3140 Көрмей ме екен дос болса,
Ізінде қалған досының
Біздей болған мен аялын.
Дал болып жүрмін, әй, апа-ай,
Жетімдік кетпей арқамнан.
Жақсы біледі өзіңдей,
Сырымды сырттан байқаған.
Көргенім жоқ теңдікті
Мына жатқан халқымнан.
Кеше жауға жалғыз кеткенде,
Жауда ажалым жеткенде,
Баратын жан жоқ артымнан.
Жау келе жатыр дегенде,
Неше түрлі сөз болды,
3150 Есітіп жүрдім сыртымнан.
«Осы тұқым құрымай
Бүліншілік кетпейді, — деп, —
Ноғайлының жұртынан!».
Көтере алмай бұл сөзді,
Майысып сүйек балқыған.
Мінуге көлік таба алмай,
Торықты кеулім шалқыған.
Сұлтанай болды бұл елде
3160 Маңдайымнан сипаған.
Қайыра алмай соның қарымын,
Мен безіп жүрмін ұйқымнан.
Сұлтанайдың қарызын,
Қайырмақ, апа, арманым!
Едігеден сөз қылып,
Тастадың сөздің салмағын.
Темір ханға қараса-ай,
Тентек болып баласы-ай,
Қашырған өзінің әруағын.
3170 Ықпалы жүрген уақытта
Аңғысын досын хан қылып,
Тарқатқан ол да арманын.
Көкмойынның баласы

- Шапса озбай қоймайды.
Шалқұйрықтың баласы
Артқан жүкке талмайды.
Ақсұңқар құстың баласы
Қарғаны ілмей, талғайды.
Жаратылған жан болса,
3180 Тегіне тартпай тұрмайды.
Атадан жаман ұл туса,
Халық санға алмайды.
Жетесі болса сонан соң,
Көріну үшін халыққа,
Қайрат қылмай болмайды.
Қолқасына Қызыл аттың
Қолымда жоқ ыңғайлы.
Керек емес дүния-мал,
Сұлтанай оны жимайды.
3190 Бір мен емес, әй, апа,
Өркім де досын сыйлайды!
Өкіл әкең ер Орақ
Саған берген Боғданы.
Бір мен емес, ноғайлы
Қайдан тапты оңайды?!
Қолқасына Қызыл аттың
Таба алмай жүрмін орайды.
Орнымның еркін бермесе,
Мені атамнан кем десе,
3200 Кеулім бұған тұрмайды!
Менің қайқайдағым торлайды!
Адамдықтың белгісі —
Айтқан сөзін шындайды!
Ақылы жоқ наданға
Айтқанменен қанбайды.
Өзіңнен жақсы кез келсе,
Сөздің шынын ойлайды.
Бұл сөзімді аңғарған
Тезірек халқын жинайды.

Қарасай мұны айтқан уақытта, Қалипа Мүсілімді «бері шық» деп ордадан шығарып алды. Ордадан шығарып алып:—

Бұған өкпелейтін орнымыз жоқ еді. Ашуы басылсын деп босқа өкпелеп отыр едім. Сен енді мына жасауылмен ноғайлыны жинап ал. Тақтың ықтияры менде болса мен мына Қарасайға берем. Өздеріңде болса, өздерің алыңдар де. Сосын жақсысы сыйлар, жаманы қорғалар. Сөйтіп, тақтың ықтиярын бер. Өзі кімді қойса, оны қойсын. Өз қолынан қойсын. Сен сөйтіп, бір қасық қаныңды арашалап қал, болмаса өлтіріп кетер, — деді. Мүсілім Қалипаның айтқан сөзін мақұл көріп, халқын жинайын деп жатыр.

Ендігі сөз Мүсілімнен.

- 3210 Қалипа мұны айтқан соң,
Мүсілім де ойланды.
Нәті әйел болғанмен,
Ақылы ойға қонған-ды.
Жасауылдарын шаптырып,
Ноғайлыны жинады.
Құрмет етіп, үй тігіп,
Қарасай ерді сыйлады.
Айтсаң да әзір хан тағы
Халық қалмай жиналды.
- 3220 «Ертең сәске болғанда,
Келген халық кірсін!» деп,
Тіктірді алты орданы.
Халық ішінде ардақты,
Атағы шыққан айбатты
Қарасай, Мүсілім отырған
Ордаға тыныштық орнады.
Халқы қалмай келген соң,
«Неге дейсің, патша?» деген соң,
Өткенді айтып қозғады,
- 3230 Мынаны айтып толғады:
— Келдіңдер ме хабармен,
Қарауымдағы елдерім,
Ел ішінде ерлерім?
Көпті көрген, билерім,
Табылып келеді бірлігің.
Мұсадан қалған алтын тақ
Бәрің маған «мін!» дедің.

- Кешегі Мамай асыл тек,
Артығы еді пенденің.
3240 Батыр Орақ ағасы,
Мына тұрған Қарасай
Сол батырдың баласы.
Едігеден келе жатқан
Ноғайлы деген ел едің.
Желкеге жау келгенде,
Қорғаның болады сендердің.
Кешегі залым Ысмайыл
Істеп кетті білгендерін.
Үш жарым ай хан болып,
3250 Өзгеріп еді елдерің.
Азарына шыдамай,
Жирен сақал ұялмай,
Қаракөк атты бере алмай,
«Мына таққа мін!» дедің.
Жасарал елге келгенде,
Елге азары өткенде,
Неге хабар бермедің?!
- Қарасай мынау болмаса,
Қайтпас еді менен еңбегің.
3260 Мына отырған Қарасай
Кешеден бері үйімде.
Ненің барын білмеймін,
Сұраған жоқпын кеулін де.
Жақсыдан қалған жәдігер
Көрінген соң көзіме,
Қиял түсіп өзіме,
Ат шаптырдым ардақты
Ахметтей еріме,
Сұлтанайдай биіме.
- 3270 «Жирен сақал, қалдырмай
Алып кел, — дедім, — сені де».
Қипатшадай саудагер,
Хабармен сен де келдің бе?
Ендігі билер жас түлек
Сендердің жүрген ізіңде.
Баршаларың аман ба?!

- Бір пәтуа бірлікпен
Мінгіздің таққа мені де.
Таба алмай тұрамын сыйлықты
- 3280 Қарасайдай еріме.
Жасарал келсе кешегі
Қырық мың қолмен еліме,
Қыратын менде қайрат жоқ,
Сене алмаймын өзіме.
Бәрің мақұл көрсеңдер,
Хан деп билік берсеңдер,
Құлақ сал менің сөзіме.
Ақсұңқар құстың баласы
Қарғаны ілмей, қаз ілед.
- 3290 Арғы атасы Мәулімге
Дұға берген Әзірет.
Онан туған Едіге
Батылменен іс көред.
Нұрадын артық ер болып,
Ерлігі мен елінен
Сұрамаған еш көмек.
Мұсылманды қойдай бауыздап,
Атасы сонан көрген жек.
Шарабас туған тым жүдеп.
- 3300 Ұшырап қанға баласы
Аппас, Ғаппас — екеуі
Адам болып туған тек.
Едігенің тұқымы
Кеткеннен соң тым жүдеп,
Сол уақытта халық азып,
«Ұшырады қанға» деп.
Халықтың сөзі қалмайды,
Хақтың ісін кім білмек.
Сол уақытта халық азып,
- 3310 Кетіпті елді құл билеп.
Кеткен соң елді құл билеп,
Кеткеннен соң қорғаны,
Жұрт орнынан қозғалды.
Көлікті адам озған-ды,
Көліксіз мойнын созған-ды.

- Ақсақ Темір Көрген
Ықпалы жүріп үдеген.
Қытай, қалмақ, монғолдың
Қалаларын бұзған-ды,
3320 Мұсылманды жиған-ды.
Дүниядан өтіп Темір хан,
Бітпей кетті арманы.
Мұсылман сансыз тозған-ды,
Жаңбыршы, Мұса ел тұтып,
Таланды болып зорланды.
Қаланың аузын шаң қылып,
Қақпаның аузын қан қылып,
Едіге бидің ен әруақ
Мұса ханға қонған-ды.
3330 Құрастырып халық қылып,
Ортаға тіккен орданы.
Содан бері халықтың
Табаны жерден таймады.
Мамай хан билеп тұрғанда,
Төрт тарапқа даң болып,
Халық Шағанды-ай жайлады.
Батыр Орақ дұшпанға
Жауатын бұлттай торлады,
Найзағайдай ойнады.
3340 Әнжі залым туғаннан
Арамдықты ойлады.
Атадан төре жас қалып,
Мұрасынан бос қалып,
Жетімдік көріп сандалды.
Кесе тұрып дұшпанға,
Кеше жаудан арды алды.
Бізде қалды міндеті
Қылайық ырза мырзамды.
Назбедеу аттың тайына
3350 Жасынан жабу, жем керек.
Шын құмайдың баласы
Алтайы ұстайды ертерек.
Шалқұйрықтың тайлағы
Бидасын тартпас еркелеп.

- Тұқымы асыл айбатты,
Айтқанын қылар ер керек.
Мінуім тақты қолайсыз,
Қолымызда бұл тұрып.
Кеңеске келген кемеңгерлер,
3360 Отырсындар не біліп?!
Отырып бір ордада,
Тұзу кеңес құрайық.
Келе жатқан бұрыннан
Атаңның жолын құрайық.
Алайық, не қояйық,
Не ойлап отырсың, халайық?
Жеті атадан шын жүрдің,
Тақ, міне, ой ойлайық,
Қанеки, сөйле, көсемдер,
3370 Білгір туған шешендер!
Көбің мақұл көрсеңдер,
Отырмын ойға мұны алып.
Мұны айтқанда ордада
Отырған адам ойланды.
Біріне-бірі қарайлап,
«Не дейсің?» деген сөз болды.
Әңгіме енді қозғалды.
Отырған адам үлкені
Қалила деген қарт еді.
3380 Сөзді берді үлкенге,
Басқалар ләм-мин демеді.
Көпті көрген көнеден
Сөздің жөнін біледі.
Айбатты адам таба алмай,
Жұрт та жүдеп жүр еді.
Әділетті ханы жоқ,
Хансыз елдің сәні жоқ,
Тек бос отырған ел еді.
Қалила қартқа сөз келіп,
3390 Бастады сөзді ойланбай:
— Халықтың жолы болған соң,
Сөз келеді үлкенге.
Ойларыңды айтыңдар,

- Жүрмейік қалып күңкілге.
Бірлікпенен іс қылсаң,
Жақсы болар ертеңге.
Қанша халық болса да,
Мырзаның тұқымы бір төбе.
Мұнан басқа бөтенге
- 3400 Бақ қонған жоқ ертеде.
Үлкен деп тілді алсаңдар,
Сөзге құлақ салсаңдар,
Бір кеңеске іркілме.
Кеулін сұрап көріңдер,
Не дейді екен бұл төре?!
Мына отырған Мүсілім
Өзірге халық ағасы.
Басқа отырған балалар
Бөрің де ноғай баласы.
Мүсілімнің сөзінің
- 3410 Табылып тұр расы.
Тегіс жауап берсеңдер,
Кеуілдің болмай аласы.
Өз ойымды айтайын,
Осы деп сөздің сарасы.
Мамай өліп қалғалы
Иесіз Мәскеу қаласы.
Сібірдегі сары орыс
Аямайды ноғайды,
Келсе егер шамасы.
- 3420 Жеті атадан бұл төре —
Мұсылманның қарасы,
Жел жағының панасы.
Шамасын білсе кімде-кім,
Ақылдың болар данасы.
Мүсілім жайын білдірді,
Ойларыңда не сөз бар,
Келдіңдер халық ағасы?
Қатардан артық ерің бар,
Ақылы көмбіл биің бар,
- 3430 Мына отырған төренің
Кеулін ашып сұрашы?

Қалила мұны айтқанда, орданың ішіндегі адамдар алғашында тым- тырыс отырды. Бір уақытта Ахмет деген жігіт сөз бастады. Ол өзі әрі батыр, әрі Салторы деген тұлпардың иесі болатын.

Ахмет сонда сөйледі:

- Айта бер сөзді қарт аға-ай,
 Ақылыңды сал ортаға-ай.
 Сіздің айтқан уәжді
 Ұйғарар дейсіз кім «былай».
 Үш жыл болды адасты
 Бұрынғы жолдан бұл ноғай.
 Адасқанның себебі:
 Жақсыдан жарақ таба алмай,
 3440 Ел өзгерді еріксіз,
 Әнжі мініп амалға-ай.
 Жирен сақал Қарақұл
 Халықты жиып біріктірді
 Азарына шыдамай,
 Теңбілқара көк атты
 Сұрағанға бере алмай.
 Ақылы ауған Тобаяқ
 Жаббас құлды жіберген
 «Тартып ал!» деп ұялмай.
 3450 Себеп болып осыдан,
 Әнжі тайды тағынан,
 Дұрыстықпен жүре алмай.
 Мүсілім таққа орнады,
 Хандық деген амалда.
 Ол уақытта Қарасай
 Ерлігі кеміс, далада.
 Кешегі жаудың тұсында
 Абыройды бұл алғанда,
 Ұрысып атқа міне алмай,
 3460 Бәріміз де арманда.
 Жасқанғаннан жан қалмайды,
 Ықтияры Құдайда.
 «Алдынан жаудың шықпай-ақ
 Кіреміз» деп жүр едік,

- Елге болса бұлалай.
 Мүсілім таққа мінбесе,
 Не қыласың, қарт аға,
 Төренің кеулін сұрамай?!
 Қалила сонда сөйледі,
 3470 Кеңес ашты сөз бастап.
 Жіберген соң Ахмет
 Ойын айтып бұл қостап.
 Халық Құдайдың бір аты
 Отыр еді ығыстап.
 Сонан соң қартың сөйледі,
 Тура қарап мырзаға,
 Ойдағы сөзін дұрыстап:
 — Уа, Қарасай, білемін
 Бес атаңнан төресің!
 3480 Онан арғы төрт атаң
 Пақырға қылған демесін.
 Шарабас, Ғаппас екі атаң
 Ала алмаған көрінеді
 Сыбағалы үлесін.
 Кешегі Мамай, қанды Орақ
 Қара жерден жүргізіп
 Кетті олар кемесін.
 Халық отыр қайбыртып,
 Жұртың отыр айбынып.
 3490 Сенен бұрын екі-үш жыл
 Қалған халық мажығып,
 Саңылағынан айрылып.
 Кеуіліңді көрсетші,
 Сөйлеші не десең де.
 Қор болмассың, шырағым,
 Босқа қарап жүрсең де.
 Халқың еркін беріп тұр,
 Тек сәлемге келсең де.
 Ел тізгінін береді,
 3500 Таққа өзің мінсең де,
 Я, біреуге берсең де.
 Қанеки, балам, ойың не
 Біз тыңдайық, сен сөйле?!

- Келе жатқан кекті дұшпаның —
Күншығыстың қалмағы.
Діні бұзық сары орыс,
Мына Мәскеу жан-жағы.
Жасырмай айт, қарағым,
Болса ісің ойдағы.
- 3510 Өзі сары, көзі көк,
Тұтынып жүрген діні жоқ,
Есебі жоқ, өзі көп.
Сары орыс деген бір дұшпан,
Шайтан көпір — аржағы.
Келіп тұр бізге хабары,
Мақсаты — Мәскеу алмағы.
Жерден халық таяды,
Болмасаң елдің қорғаны,
Жар болмаса бұрынғы
- 3520 Едіге бидің әруағы.
Жақын жерден бір дұшпан
Жылда бізді жаулады.
Темір қақпалы Дербенттің
Қаласын бұзып қан қылмақ —
Болып еді кешегі
Хан Мамайдың арманы.
Арманына жете алмай,
Болмай кетті не пайда,
Кеуліне алған ойлары?!
- 3530 Тақ пен халықты қолыңа ал,
Ел болуды ойыңа ал,
Өзіңе түсті салмағы.
Қанеки, мырза, не дейсің,
Тізгінін саған беріп тұр
Мына жиылған көптің саңлағы?!
Ақсұңқар құстың баласы
Қауырсыны қатқан соң,
Шыңға қонып таранған.
Жерден тышқан қарамай,
- 3540 Тамағын тапқан маралдан.
Назбедеудің баласы
От жемей суды көп ішпей,

- Өз-өзіне жараған.
Сен асылдан зүрият
Адамнан артық жаралған.
Кешегі дұшпан қайтқаны,
Бұл да саған таланнан.
Ахмет те кеулін білдірді,
Жоқ екен бұл да аянған.
- 3550 Мына отырған Сұлтанай
Ақылы көмбіл данышпан
Бүгінгі артық ноғайдан.
Адамнан артық іс қылды,
Себебі шығар Құдайдан.
Қанеки, төрем, сөйлеші,
Ықтиярын беріп тұр
Мына халқың құралған!
Қарасай сонда сөйледі:
— Құлағың сал, қарт аға,
- 3560 Сөз бастадың ортада.
Ортамызда бұл күнде
Мына Мәскеу байтақта
Атадан жетім жас қалып,
Келмеген ақыл тоқтамға.
Нар көтермес ауыр жүк
Осы күнде арқамда.
Бұл жұмыстан құтылсам,
Бір тыншайып отырсам,
Салмаспын деген ойым бар
Шыбын жанды қалтама.
- 3570 Осылай жайым, қарт аға,
Тарта алмай жүрмін қайсаңдап,
Жүк батқанда арқама.
Арманымды айтайын,
Жиылған халқым, ортаңа.
Міндетім бар мойнымда,
Осы жұмыс ойымда.
Тарқар еді арманым,
Сұлтанай хан болса халқыма.
Арғы атам Едіге
- 3580 Аңғысын досын хан қойып,

- Қалыпты даңқы артында.
Телағыс, Күніке — екі нар
Тіл жалмаған Күреңді
Тартынбай берген сұрағанда.
Мұса оны хан қойған
Қондыкердің жұртында.
Осылардай Сұлтанай,
Абайласаң халқым да.
Сұлтанай таққа мінбесе,
Тарқамас арман бір ойым,
3590 Қалсын ісім артымда.
Отырсаңдар бәрің де,
Жасы үлкен көрің де,
Ақыл асқан биің де.
Қалмай келген көрінеді
Қайраты асқан қадірлі.
Қош көрсеңдер осылай,
Сыйласаңдар ініңді.
Мұса мінген алтын тақ
Сұлтанайға лайқат,
3600 Көңліме солай көрінді.
Жақсылық пен жамандық
Әлі алдымда көп шығар.
Ұзақ берсе Құдайым
Басында жазған өмірді.
Шыбын жаным сау болса,
Байласам алмас беліме,
Қарсы тұрсам керек-ті
Мәскеудің залал қылатын
Діні бұзық көуіріне.
3610 Жалғыз өзім жүремін
Темір қақпалы Дербенттегі
Ата дұшпан еліне.
«Сұлтанайды хан қой» деп,
Өтінемін көбіңе.
Ел азайып қалыпты,
Халық кетіп жөніне.
Азғантай елде отырып,
Мен ойланып едім бұрында

- Өзім таққа мінуге.
3620 Қайратымды көруге,
Халыққа үлгі беруге,
Кеткен ноғайды жинамақ.
Телағыс, Күніке екеуін
Тірі көрсем сыйламақ.
Қиын екен туыстың
Жалғаншыда сирегі.
Осындай мақсат ойда бар,
Іш құсырым бойда бар.
Алдымды қайдан білейін,
3630 Әлде залал, пайда бар.
Сұлтанаиды хан қойсаң,
«Халқым» деп терең айналар,
Сонда терең ойланар.
Мақсатыма жеткенше,
Өзім таққа мінбеймін.
Айтқанымды қылмасаң,
Ел ішінде жүрмеймін.
Жиналған жақсы, ардақты,
Төренің осы билігі.
3640 Ұзақ, қысқа, кім білсін
Алдында жанның тірлігі.
Тағы айтам сол ойымды,
Мына отырған Сұлтанаиды
Бір жеткерген қолымды.
Жиналған көп ағайын,
Айтқанымды қыласың,
Сыйласаңдар дінінді.
Өзім таққа мінбеймін,
Жинап алмай елімді.
3650 Туысқан, туған, ағайын,
Әнжінің айтқан шағымынан
Елден кетіп бөлінді.
Сұлтанаиды берген Қызылдың
Есен-сау жүрсем белінде,
Тарқамайды арманым,
Бір аттанбай көуірге.
Өрі дағы құмармын,

Телағыс, Күніке дидарын
Тірісінде көруге.
3660 Енді, елім, өзің біл,
Айтып болдым сөзімді,
Көрсетіп болдым жөнімді.

Қарасай мұны айтқанда, ордадағылардың жақсысы сыйлап, жаманы қорғалап, бірақ біраз ешкім сөйлемей отырды. Біраздан соң, көпшілік Қалила қарт пен Ахметтің сөздерін мақұлдап: — Бұл тақтың атаңның мұрасы екені рас. Өзің иемденсең де, біреуді қойсаң да еркің, — деді.

Сол уақытта Қарасай орнынан түрегеліп: — Тақтың ықтияры менде болса, мен онда мына Сұлтанай би ағама берем! — деді. — Сіздердің мені дұрыс түсініп, әруақты сыйлағандарыңызға рахмет! Екі арманым бар еді, бірі және ең маңыздысы осы арада орындалатын болды, ол тарап кеткен ноғайлының атажұртта басын қосу еді. Осы арманның бастауын Сұлтанай ағам бастасын. Ендігі бір арманым — Телағыс пен Күніке деген туысқандарымды тауып, дидарласу. Әнжі салған ылаңнан олар бұл күнде Қондыкердің жұртына хан болып отыр дейді. Көзінің тірісінде соларды іздеп барып, татулассам деймін. Осы екі арманым түгел орындалған соң ғана таққа отыру-отырмауды сөз қылармыз. Таққа отырып, ел басқаруда бір ғана батырлық жеткіліксіз. Ақылы кәмбіл, дана ғана халық тағдырын терең түсіне алады. Сондықтан Сұлтанай менің орныма хан болады, — деді.

Отырғандар: — Қарасайжан, өз шешімің дұрыс! Ақылға қонымды сөз! — десіп, түгел мақұлдап, дәуір айтқызып, Сұлтанайды хан қойды.

Сұлтанайды хан қойып, кеулін бірлеп, Қарасай ауылына келді. Бір күні үйде ағасы Мамай ханның заттарын ақтарып отырды. Мамайдан қалған көп қағаз бар еді. Солардың арасынан бір ерекше қағаз шықты. Жазуды оқып көрді. Оны Мамай өлерінде жазыпты. Сонда темір қақпалы Дербент деген қаланың жолын, жерін, шөлін, көлін, құдықтарын белгілепті. «Ендігі өмірімді қалмақтың осы қаласын алу жолына сарп етермін» депті. Енді аттанам деп жүргенде өзі өліп қалыпты.

Қағазды көрген соң, Қарасай желігіп: — Мен темір қақпалы Дербентке аттанам! — деді. Ноғайлылардың кейбіреулері: — Сен аттансаң, біз де ере жүреміз! — деді. Олардың көпшілігінің

ойында «көп олжаға батамыз» деген пікір болған-ды. Қарасай оларға: — Әуелі өзім барып біліп келейін. Мамайдың жазғанына көп болған екен. Одан бері қандай өзгеріс болғанын кім білсін. Мүмкін, елі бөтен жерге көшіп кетті ме? — деді.

Сол сөзбен ноғайлының атқа қонбақ болғандарын тоқтатып тастап, Қызыл атқа мініп, елден шықты. Біраз жүрген соң, «жалғыз болсам да шамам келсе көрермін. Шамам келмесе, ешкімнің қанын жауға төккізбей-ақ бір өзім қашып құтылармын» деп жалғыз аттанғанына қуанды. Сөйтіп, Қарасай темір қақпалы Дербентке қарай жүріп кетті.

- Алла деп мінді Қарасай
 Қызыл аттың беліне.
 Жалғыз өзі жол шекті
 Атасы кекті еліне.
 Тәуекелге бел байлап,
 Ерлік еніп кеуліне,
 Қайраты бар жас жігіт
 3670 Нан піседі деміне.
 «Келмес адам, — деп ойлап, —
 Бұл жүргенде шеніме!»
 Желігіп кетіп жүргені
 Мамайдың жазған сөзіне.
 «Қырық мың жығын қол болса,
 Салармын, — деп, — тезіме!».
 Осыны ойлап Қарасай,
 Қасында жоқ ешкімі
 Елден шықты жай жүріп,
 3680 Көп асықпай сол күні.
 Түнде қонып, азанда
 Таңсәріден намазда
 Сұлы берді атының
 Мұнан былай жеміне.
 Кішміш жеген Қызыл ат
 Тимеген сұлы ерніне.
 Қипатшада жүргенде
 Күндіз-түні бағулы.
 «Кішміш» деген қазақша —
 3690 Мәскеудің қара мейізі,

- Сол үшін берді сұлыны.
Қарасайға мағұлым
Сұлының атқа жеңілі.
Темір қақпалы Дербентке
Шамамен жүрді жағалап
Астраханның жағасын.
Төртінші күн дегенде,
Қазаннан өтіп кеткен соң,
Қалмақты елге жеткен соң,
3700 Издесе емге таба алмайды
Мұсылманның баласын.
Бүлік қалмақ зор болып,
Қай жұрттың да алып тұр
Ол уақытта мазасын.
Қарасай енді шын жүрді,
Сегізінші күн жүрді.
Қолынан келсе егер де,
Қалмақтың бермек жазасын.
Күн тоғызға толғанда,
3710 Намаздігер болғанда,
Темір қақпалы Дербенттің
Алыстан көрді қарасын.
Қарасын көрді алыстан,
Көз байланбай мен барып,
Оры болса айналып,
Көрейін, — деді, — шамасын».
Қызыл атты зулатып,
Келе жатыр құйғытып,
Жүрісі бейне борасын.
3720 Шәһарға жақын келгенде,
Көп түйені айдаған,
Жанына жалаң байлаған,
Өсіріп шашын бұрымдаған
Бір адам айдап барады
Түйенің бір қарасын.
Түйені айдап барады,
Шығармай шаңын жүргізіп.
Мақсаты бар күн бата
Қамалға кетпек кіргізіп.

- 3730 Жолығайын бұған деп,
Артынан жетті Қарасай,
Қызыл атты желгізіп.
Қасына келсе қарт кісі,
Түйе бағып жүріпті
Сақалын күнге күйгізіп.
Жас-кәріге қарамай,
Кім де болсын жоқ болса,
Қояды Құдай көнгізіп.
Жақындап келіп Қарасай,
- 3740 Толғады мойын бұрғызып:
— Қайрылмадың, әй, ата,
Қайда кетіп барасың,
Мінген түйең сабалап?!
Қайда қашып барасың,
Жау тұрған жоқ қамалап?!
Мал мен елдің иесі кім,
Білейін деп ем жөн сұрап?!
Әуелі сізге білдіріп
Өз жөнімді айтамын,
- 3750 Ханның қызын аламын,
Ат сауырына саламын,
Болмаймын құда құрмалап.
Мен ноғайлыдан боламын,
Ағамның аты — хан Мамай,
Әкемнің аты — ер Орақ!
Ханыңа дұғай сәлемде,
Сенбесін мына қорғанға!
Қаласын бұзбай қоймаймын,
Тірі жүріп жалғанда!
- 3760 Кешегі кеткен хан Мамай
Жауласуға бұл елден
Болып кеткен арманда!
Жалғыз басты байладым
Бұл қалмақпен жанжалға!
Қанеки, ата, атыңды айт,
Кім тұрады бұл қалада?!
Мен аттанып келемін
Темір қақпалы Дербентке.

- Бұл сапарға жол шеккен
3770 Ризамын бейнетке.
Жау болмақты қалмақпен
Ноғайлыдан алдым міндетке.
Қорғаны қандай қаланың,
Қақпасы бар қай шетте?!
Мен сол қалаға жеттім бе,
Немесе өтіп кеттім бе?!
Іздеген қалама ұқсайды,
Көзімді салсам төңірекке.
Патшаңыздың аты кім,
3780 Аты шыққан батыр кім,
Халқының және заты кім?
Мен мына тауға барып жатамын,
Тез сөйле, ата, кідіртпе!

- Сонда шалың толғады,
Көп кідіріп тұрмады:
— Олай болса, шырағым,
Сенің атың Қарасай,
Кездескеніңді қарашы!
Әкең сенің ер Орақ,
3790 Ер екеніне әкеңнің
Ешкімнің жоқ таласы.
Әкең ісін бітірген
Осылай жүріп оңаша.
Сұрағаныңды айтайын,
Бұл Пазыл патша қаласы.
Іздеген қалаң тап осы,
Сендей неше ерлердің
Келе алмаған шамасы.
Менменсіген талайдың
3800 Ақтарылған сабасы.
Өгіз деген ері бар,
Күнқияш деген қызы бар,
Әсіресе сол қыздан
Талайдың жеткен қазасы.
Осыдан бөтен сөзім жоқ,
Бастан өтті дүние боқ.

- Күн батып кетсе түйені
 Көретұғын көзім жоқ.
 Қырық мың жығын әскері
 3810 Халқы сансыз жүдә көп.
 Сұрасаң, балам, жөн осы,
 Қорықсаң қоста қаларсың,
 Қаныңды босқа төкпей тек.
 Ертең, егер, ер болсаң,
 Темір қақпалы Дербенттің
 Аузында көрерсің тамашаны.
 Қаланың жайын айтайын:
 Тоғыз қабат оры бар,
 Тоғыз аршын қорғаны.
 3820 Қақпасы бар темірден,
 Мыс аралас құйғаны.
 Құлыптайды күн батса,
 Ішкі ауызда әскер көп.
 Шабамын деп келгендер
 Кіре алмайды қорғанға.
 Шыр айналып айқайлап:
 «Сыбағасын берем!» деп.
 Қорғанды көріп айналып,
 «Қалай да ішке кірем!» деп.
 3830 «Жекпе-жек!» деп айқайлап,
 Қыз шығады жекеге
 «Мен де сені көрем!» деп.
 Қолындағы найзасы
 Тоқтамай салса өтеді
 Адам түгіл, тастан да.
 Көп әңгіме не керек,
 Сөзімнің осы болғаны,
 Ермін десең жасқанба.

Шал осылай деген соң, Қарасай: «Бұл бір пісентті адам екен. Патшаға хабар беретін болды» деді де, бір таудың етегіне барып түнеді. Шал болса, түйесін қорасына апарып тастап, қайтып барып: «Бір жалғыз атты жау келді. Атым — Қарасай, Орақтың баласымын деді» деп патшаға хабар берді. Патша хабар тиген соң, мал мен жанды қаланың ішіне қалдырып,

әскерін ауызға жинап, дайындыққа кірісті. Күнқияш жеке шығуға қамданды.

Ертеңгісін Қарасай да атына мініп, темір қақпалы Дербентке қарай жүре берді. Қалаға жақындап келсе, майданда бір адам тұр. «Бұл кім?» қараса, қыз екен. «Күнқияш осы екен ғой» деп ойлады.

Сонда қыз Қарасайдың қарасын көргеннен-ақ сөйлеп жаттыр:

- Жалғыз жүрген, жас жігіт,
 3840 Қалай қарап барасың?!
 Кіргізбейді бұл шәһар
 Мұсылманның баласын!
 Кіремін десең шәһарға,
 Менімен ұрыс саласың!
 Жөніңді айтып білдірші,
 Қай мұсылман боласың?!
 Сендей неше ерлердің
 Көріп жүрмін шамасын!
 Мен жөнімді айтайын,
 3850 Пазылдың қызы Күнқияшпын.
 Желденіп келген талайдың
 Қақыратқанмын жағасын!
 Темір қақпалы Дербенттің
 Мен тұрғанда еш адам
 Бұза алмайды қаласын!
 Қарасай сонда сөйлейді:
 — Таудағы тарлан шұбардың
 Ізінде жүреді сендейі,
 Алдында жүреді мендейі.
 3860 Екі түрлі Жасаған
 Жаратыпты пендені.
 Әйел болып жаралған
 Ақырында іздейді
 Табам деп жоғын елдегі.
 Ер керегіш кеткен соң,
 Елден оған не пайда,
 Босқа кетеді еңбегі.
 Есітудің бар шығар

- Ноғайлыда Едігені.
3870 Өзімнің әкем ер Орақ
Жалғыз шапқан қамалға,
Бір Құдайға сенгені.
Ағамның аты — Хан Мамай,
Қалмақтың елін шұбыртып
Шығарған қайда шөлдерге.
Менің атым — Қарасай,
Жөнімді біліп келдің бе?
Көрсетпе маған күшінді,
Бір қыз шықса алдымнан,
3880 Қайтармын деп келдім бе?!
Жол сенікі, сөйлей бер,
Нашар деп болмас тегінде.
Күнқияш сонда айтады:
— Ер жігіт шабар ар үшін
Атаның кеткен кегіне.
Қарамайды өлімге
Тартып туса тегіне.
Сенің атың Қарасай,
Кінә жоқ ата-тегіңе.
3890 Сендейді талай өлтірдім,
Құлақ салмай сөзіне!
Өлтіргем жоқ кек үшін,
Мына қалмақ жері үшін,
Жарамады олар теңіме!
Ғашық едім жасымнан
Мұсылманның дініне.
Ойдағы мақсат, шерімді
Айтармын деп жүр едім
Мұсылманның ұлының
3900 Өзіңдей асыл бегіне.
Біз — қыл жалаулы қалмақпыз,
Талайды салған тезіне.
Және айтатын сөзім бар,
Тең көрсең, мырза, өзіңе!
Қарасай айтты: — Қарағым,
Мен жалғыз жүрген дарамын.
Көп екен деп қорықпай,

- Қалаңа ойран саламын.
 Қарсы келген батырды
 3910 Қылышпенен жарамын.
 Қалай-қалай сөйлейсің,
 Қай сөзіңе нанамын?!
 Қыз екен деп қызбаймын,
 Дініме кірсең аламын.
 Мен — бір асыл гауһар тас,
 Ислам дінім халыққа паш.
 Ұрысамын дін үшін,
 Садақа басым, кетсін бас!
 Табиғатым тартпайды
 3920 Қайры дінге, алтын шаш.
 Дініме кірген адамға
 Достығым артық, шын жолдас.
 Ойыңа келген сөзіңді,
 Қанеки, ханша, айта бер,
 Тыңдамаған жөн болмас!
 Күнқияш сонда тіл қатты:
 — Кірейін деп мен тұрмын,
 Қарасай мырза, дініңе.
 Қырық мың әскер артымда,
 3930 Жіберіп тұр мені де.
 Қарсыласып сенімен
 Қайратымды сынаман,
 Мақшарда кетпес дақ болар,
 Балқыған күндей жүзіме.
 Өтірік ұрыс салайық
 Халқымның кіріп сеніміне.

Сонан соң қыз: — Мына қырық мың әскерді әкем маған сеніп жекеге шығарып тұр. Екеуіміз көрініп қашсақ, құтқармайды. Екеуіміз найза салысқанда мен құлайын. Бөтендерінің саған шамасы келмес, қаймығар. Бұл да болса пайда. Сосын екеуіміз бір қапысын тауып қосылармыз, — деді. Сөйтіп, екеуі найзаласқанда, көп ұзамай Күнқияш аттан ұшып түсті. Қыздың Қарасайға шамасы келгендей еді. Бірақ бір көргеннен Қарасайға ғашық болған қыз өтірік құлап қалған-ды.

Оның өтірік құлап қалғанын білмес еді. Ханымы мен патша бұлардан көз алмай қарап тұрған. Бұрын келген батырдың аттонын олжа қылып әкелетін қызы құлап түскенде, жалғызына жаны ашыған әке-шешесі де мұнарадан құлап кеткендей болды. Пазыл барабан қақтырып, ұрыстың кілтін ашты. Енді қалмақтар Қарасайға қарсы шауып келе жатыр.

- Патша шығып тұр еді
 Мұнараның басында.
 Күнқияш аттан түскенде,
 3940 Ханымы тұрған қасында.
 Мұнараның басынан
 Кеткендей болды ол ұшып.
 Жанталасты патша ағзам,
 Қызына жаны қатты ашып.
 Барабан қағып «Бар!» деді,
 Ұрыстың кілтін қалды ашып.
 Патшадан әмір болған соң,
 Қарақұрттай көп әскер
 Батырға қарай қаптады-ай.
 3950 Қайратты туған Қарасай
 Ұрыса берді тоқтамай.
 Құлақ тарса тынады,
 Қалмақтар мылтық атқанда-ай.
 Тозаңы басты түнеріп,
 Жабыла әскер шапқанда-ай.
 Жүрегі майлы, қанды көз,
 Өлемін деп қорықпады.
 Қаптаған қалың әскерден
 Тоқырап кеулі қайтпады.
 3960 Ұрыса берді бетімен,
 Аттың басын тартпады.
 Аты жазым болмаса,
 Қуат берсе Алласы,
 Күн батуды шарттады.
 Едігені еске алып,
 Мылтық пен найза алмады.
 Қалыңшылық көп адам,
 Бұлардың жолы байланды.

- 3970 Найза менен мылтықты
Көрмеді мырза ыңғайлы.
Алмасын белден суырып,
«Осы, — деп, — оңай» ойланды.
Қойға тиген бөрідей,
Әскерге салды ойранды.
Қалмақтар өлді алмастан,
Қыла алмай ешбір айланы.
Өлген сайын өрледі,
Артынан өніп қайнады.
Қаланың аузын шаң қылды,
3980 Қақпаның аузын қан қылды.
Қырық мың әскер қамады
Жолдасы жоқ жалғызды.
Қарсы келген адамды
Алмаспен басын жарғызды.
Қапталдап келген адамды
Мойынынан қиғызды.
Қалмақтар қатты сасып тұр,
Көптігі бірақ жұлдыздай.
Астындағы Қызыл ат
3990 Жалтарады қояндай,
Тізгінін қолмен бұрғызбай.
Ұрысып еді Қарасай
Түске жақын күн қыза-ай.
Кідірместен ұрысып,
Қаза болып песіні,
Намаздігер болғызды-ай.
Жау көбейіп ұрысты
Пұрсат тауып тұрғызбай.
Күн барады кешігіп,
4000 Жау көбейді өшігіп,
Астындағы Қызыл ат
Шапқан сайын есіріп.
Ажалы шығар талайдың
Бастары қалды кесіліп.
«Бұғалық, таста!» бұған деп,
Айқайлады бір адам,
Қарасай қалды шошынып.

- Қанша ұрыс қылды ол,
Амалына түсініп.
- 4010 Ұмтыла шапты далаға,
Ұмтылғанын білген соң,
Қызыл ат шапты ұсынып.
Қолдан шықты шұбалып,
Жалғыз қыран қысылып.
Қарасай қолдан шыққан соң,
Ізінен қуып ел шықты.
Ойламайтын өлімін
Туысы артық ер шықты.
Сол уақытта және де
- 4020 Қызарды да күн батты.
Беті ашыққа шыққан соң,
Қызыл ат та құйындатты.
Көз байланып түн болып,
Қарасай қара ұзатты.
Таба алмайтын болған соң,
Қамалына ел қайтты.
Қамалға келіп бекініп,
Қауіптеніп қалмақтар
Істеп жатыр ыждаһатты.
- 4030 Бекіте берсін қамалын,
Істей берсін амалын.
«Көремін ертең ерте» деп,
Қызылды батыр тоқтатты.
Елден аулақ Қарасай
Бір жырада бұл жатты.
Қарасайды ел қуып
Кеткеннен соң манағы,
Ұрысқан жерде Күнқияш
Амал етіп қалады.
- 4040 Қамалға кіріп қалмақтар,
Өлгеніне есеп алады.
«Кім бар, кім жоқ екен?» деп,
Адамдарын қарады.
Өлгенін айтып болмайды,
Көп адамдар жаралы.
«Күнқияш қайда, келсін?!» деп,

- Көргенін айтып берсін?» деп,
Жіберді патша хабарды.
Әскерге келсе ханша жоқ,
4050 Қайтып барды таба алмай.
Бір даңғаза іс болды,
Патшаға қатты күш болды,
«Болды, — десті, — бұл қалай?!»
Түнде қайдан издесін,
Күнқияш үшін қайғырып,
Халқы тегіс жылады-ай.
Ханшаның жайын айтайын,
Тыңда, халқым, құлақ түріп.
Қарасайды мана қуғанда,
4060 Кетіп еді әп-сәтте
Қас қарайып, түнеріп.
Исламға ғашық Күнқияш
Бұлтарыс кеткен жол жүріп.
Қорғанына қаланың
Болғаннан соң ел кіріп.
Жолға шықты Күнқияш,
Тірілігін білдіріп.
Ай сәскеге келгенде,
От орнындай тұяқтың
4070 Ізіне түсті бұл көріп.
Түн ортасы ауғанда,
Қарасайды өрең тауышты,
Мінген аты болдырып.
Жатырған төре жантайып
Атын қойған қаңтарып.
Күнқияштың анадайдан
Толғаған сөзін тыңдайық:
— Қызылшұбар құмайым,
Тауысып аңды құртпаған.
4080 Небір наһан теңізде
Шабақтың бәрін жұтпаған.
Жайылып жатқан мың қойдан
Жалғыз бөрі қорықпаған.
Жалғыз көзді айдаһар
Бәрін бірдей тартпаған.

- Жолдассыз жалғыз арыстан
Жарамайды тызақтаған.
Қолдан өрең құтылып,
Мұның не, төрем, ұйықтаған?
- 4090 Іздеп келдім ізіңнен,
Атыңа мін, асылзат!
Мен дініңе қызықтым,
Болса да елің бөтен-жат.
Кел, жүрейік, Қарасай,
Құтылдық жаудан саламат.
Болдырып келді осы жерге
Астымдағы жаман ат.
Еркімді саған бергенім,
Басым да саған аманат.
- 4100 Тоқтамайық бұл жерге,
Таң атқан соң ел қуад.
Мінгесейік атыңа,
Қайтып барсам қалаға,
Өлімнен жаман, сол ұят.
Асыл текдар адамзат
Айтқанынан қайтпайды.
Қайратты туған ер жігіт
Жұмысты істеп шарттайды.
Шынжыратай зүрият
- 4110 Айтқан сөзін ұмытпайды.
«Дініме кірсең, — деп едің, —
Бұл дініңде тұрғанда,
Қанша асыл болсаң да,
Табиғатым тартпайды!»
Іздеп келдім өзіңді,
Жылдам, батыр, жүр енді,
Таң атса, халқым қайтпайды.
Жатыр еді Қарасай
Тек қисайып, ұйықтамай.
- 4120 Денесі дел-сал, қалжырап,
Асылып атан жыққандай.
Өзі жалғыз, дұшпан көп,
Қалай жатып ұйықтайды?!
Қыз екенін білген соң,

- Көтеріп басын шаттады.
Қыз сөзіне жаңағы
Қайтарып дәлел айтпады.
Мініп алды Қызылға,
Бұрынғыдай жатпады.
- 4130 Мінгеннен соң атына,
Қиял түсіп кеуліне,
Ерлікті аңсап бұла күш,
Тұлабойын қаптады.
Қарасайдың сондағы
Қызға жауап қатқаны:
— Шығып едім елімнен,
Еділ деген жерімнен.
Бір өзім шықтым жұртымнан
Мен Мамайдың сөзімен.
- 4140 Жалғыз алып баруға
Ұялып тұрмын сені мен.
Өзің де мана айтқансың
«Ұят жаман өлімнен».
Таң атқан соң ұрысып,
Көрсем қалай болады
Мына қалмақ еліңмен?!
Айтқанымнан қайтпаймын,
Өзіңнен басым тартпаймын.
Ойласқаным, ей, ханша,
- 4150 Сөйлеші, қане, шыныңмен!
Күнқияш сонда айтады:
— Жалғыз ағаш үй болмас,
Көп рудың ішінде
Жалғыз тұқым би болмас.
Иесі жарлы жалғыз ат
Тұлпар да болса, күй болмас.
Жалғыз қазда үн болмас,
Шақырғанмен жаз болмас.
Шойыннан құйған қорған бар,
- 4160 Атағы шыққан зорлар бар.
Астаубасты қара нар
Омырауын осқанмен,
Мен ойлаймын, қозғалмас.

- Бір кісіге бір кісі
 Олжалап барса аз болмас.
 Ел иесі қос табар,
 Еліңді жинап келерсің
 Сонда да даңқың кем болмас.
 Байқап тұрмын түріңді,
 4170 Қорықпайтұғын бір ерсің.
 Қайратты туған ер болсаң,
 Шаманды сонда көрерсің,
 Мыңға біреу тең болмас.
 Ұрысар едім еліммен
 Сенімен, батыр, бірлесіп.
 Астыма мінер атым жоқ,
 Қашып шықтым қарусыз,
 Тек жаман атқа ілесіп.
 Қалай қайрат қыламыз
 4180 Жалғыз атқа мінгесіп?!
 Тілімді алсаң жүресің,
 Біз тұрмайық бұл жерде
 Көп кідіріп сөйлесіп!
 Жалғыз өзі Қарасай
 Бұзамын деп тұрған жоқ
 Темір қақпалы Дербенттің
 Шойынан құйған қамалын.
 Білейін деп тұр еді
 Жауап тартып бұл қыздың
 4190 Арамы мен адалын.
 Білгеннен соң адалын,
 Қайтармады жауабын.
 Атының артын береді,
 Шығарып алып аяғын,
 Үзеңгісін оңтайлап.
 Мінгесіп алды екеуі
 Атын жайлап ыңғайлап.
 Жабықпайды Қызыл ат,
 Тұр құлындай әлі ойнап.
 4200 Мінгесіп алып «шүһ!» деді,
 Көрейін деді бір қинап.
 Қайтуға батыр бет қойды,

- Жүрмеді атты бұл жайлап.
Болжалды жерге жеткенше,
Шегінен қалмақ өткенше,
Ат шабады борбайлап.
«Шүһ!» деген соң Қызыл ат,
Шын созады мойынды.
Лажы жоқ мінгесті,
4210 Мінгесіп шапқан қиын-ды.
Қашқан адам қайтеді?!
«Құтқар!» деп Хаққа сиынды.
«Таң атқанша жеткіз тек,
Көкөзектің суына!
Қалмақ-қытай шегінен
Өткенше тоқтап, бұрылма!
Әйтпесе, — деді Күнқияш, —
Ұшыраймыз қуғынға».
Алты мезгіл жер еді,
4220 Алланың шарты түн еді.
Жетемін деп Қарасай,
Қызылды алды бауырға.
Ат та шауып келе жатыр,
Қыз құрғыр да ауыр ма?
Таққа мінген ханша енді
Жабысып келеді сауырға.
Пәк жаралған перизат
«Кірем, — деп, — мұсылман қауымға».
Таң қараңғы болғанша,
4230 Жарық жұлдыз туғанша,
Шыдап келеді Қызыл ат
Тізгінен төгіп шабуға.
Төрт мезгілдік жол қалды,
Үш бөлгенде бір бөлім
Алдында қалды да.
Сол уақытта сарғайып,
Алланың атты таңы да.
Жан-жағына қараса,
Сарғайды да таң атты.
4240 Мінгесіп келеді екеуі,
Аямады бұл атты.

- Болдырмады Қызыл ат,
 Тұлпар екен жануар,
 Атты мырза ұнатты.
 Таң рауаны атқанда,
 Алмадай піскен сұлуға
 Қарасай мырза тіл қатты.
 Көзі түсіп мысалдап,
 Сөз айтқанда, сыр айтты.
- 4250 Келе жатқан жері сол күні
 Тепсең екен қиярлы.
 Мінгестірген бір атқа
 Жаратушы бұларды.
 Күнқияштан Қарасай
 Астарлап былай сұрар-ды:
 — Көзім түсіп келе жатыр
 Жерде жатқан пәлекке.
 Патшазада асылзат,
 Өзіл сөзді кінә етпе.
- 4260 Әр нәрсенің мезгілі бар,
 Қыз қанаға келген соң,
 Нәпісі салар әлекке.
 Пәлегің тұр сарғайып,
 Жерде жатқан қиярдай.
 Астымдағы Қызыл ат
 Құйрық-жалы шұбалды-ай.
 Түсіп терсек қиярды,
 Қоржынға бұлар сияр ма-ай?
 Иесі бар боп қиярдың,
- 4270 Артымыздан қуар ма-ай?
 Жауап айтпай түнімен
 Келе жатыр едім сөзіңе,
 Ой шетіне шыға алмай.
 Ат жаюға қолайлы
 Көрінеді бұл ара-ай.
 Сөйлеші, кәне, жолдасым,
 Бір тыңдауға бұл қалай?!
 Күнқияш сонда сөз айтты:
 — Мысалдап маған айтасың
- 4280 Жарда жатқан қиярды-ай.

Келе жатырсың шегінен
 Біздің елдің шыға алмай.
 Келе жатырмын, Қарасай,
 Өлі саған сіңе алмай.
 Қуып жетер деп келемін,
 Арттағы елге сене алмай.
 Күн шыққанша, Қарасай,
 Көкөзектен өтпесең,
 Сонан өтіп кетпесең,
 4290 Жау жағадан сығады.
 Ат шаршады, жалғызсың,
 Таба алмаспыз амалды.
 Ұрыс қылсаң кідіріп,
 Кеудеңде жаның мың болсын,
 Желкеңнен Өгіз қияды.

Сонда Қарасай: «Бұл мені қорқып келе жатыр деп отыр екен ғой. Айтқанымды қылмайтын қызды ауылға апарып қайтем? Осы арада жатайын. Артымнан қуғыншы келетін болса, шамам келсе ұрысып, қызды сонан соң алып кетермін, шамам келмесе, өзім қашып құтылармын» деген ой келіп, аттан түсті. Шылбырынан аяғына байлап қойып, «ұйқым келді» деп жата кетті. Жату бойына Қарасай ұйықтап қалды да, қыз ұйықтамады.

Артынан қалмақтар да қуып келе жатыр екен. Шаңын бұрқыратып қуғыншылар үстерінен түсті. Қызыл ат шылбырын тартқылап, батырды оятып жіберді. Қарасай атына қарғыш мініп, үстіне келген жаумен ұрысқа кірді, Қыз отырып қалды.

Асығыс ер Қарасай мінді атқа,
 Қарамай қасындағы асылзатқа.
 Жау келіп жатқан жерде қалды басып,
 Бір өзі не қылады көп қалмаққа?!
 4300 Қызыл атқа айналып мінді азар,
 Шыдамай айқай, ұран, дабырыққа.
 Аспанға аттың шаңы бұрқыраған,
 Қараса ашық жер жоқ бұл жан-жақта.
 Ұрысып бет алдымен бола берді,
 Сиынып жаратушы жалғыз Хаққа!
 Келе жатыр ашып жолын қайрат қылып,

- Сиынып Мәулімнияз әруаққа.
Еске алып Едіге мен Мұса ханды,
Сиынды өз әкесі ер Ораққа.
- 4310 Ісіне өзі қылған пүшөйман жеп,
Келе жатыр көп опынып жалғыздыққа.
Қызыл ат екпінді емес бұрынғыдай,
Қырындап басын салып ұрынбайды-ай.
Мінгесіп түнімен шаршаған ат,
Жол жүрген он бес күндей тыным алмай.
Қыз түгіл қара басын қайттап кетті,
Барады Күнқияшқа бұрыла алмай.
Айналып ұрысуға шама келмей,
Қашуға талап қылды қойып маңдай.
- 4320 «Жолдассыз өзім жалғыз, атым әлсіз,
Ертерек қашайын, — деп, — сырымды алмай».
«Құтқар!» деп бір Құдайға сиынады,
Ұмтылып беті ашыққа өзер шықты,
Жалғыздап қалмақ қуып шұбырады.
Артынан жалғыз жеткен адам болса,
Күші артық, заманасын қуырады.
Болғанша намаздыгер қалмақ қалай,
Қысылып Қарасай ер сығылады-ай.
Қызыл ат екпіні бар емін-еркін,
- 4330 Кідіріп бірте-бірте бұл ұзады-ай.
Сонымен Қарасайың елден шықты,
Қайырылып ханшаға да жолыға алмай.
Қарасай осыменен елге келді,
Қызды алып кейін қайтты қалмақ елі,
Бос кетті ханшаның да шын еңбегі.
Қолына Қарасайды түсіре алмай,
Зор қауіп қылып қалды кәпір тегі.
Салт басы Қарасайдың елге келді,
Ешкімге ұрысқанын білдірмеді.
- 4340 «Айында сүмбіленің аттанам!» деп,
Қырымда қырық батырға хабар берді.
Әсеттің сол күндерде ортасы еді,
Жүруге серт қылышты бір айда енді.
Өлеңді қоя тұрып, отырғандар,
Азырақ жалғастырам әңгімемді.

Қарасай Қызыл аттың күшімен зорға қашып құтылып, елге келді. Қалмақтар Күнқияшты алып қайтты. «Қарасай тірі кеткен соң ақыры бізді табады ғой. Енді әскерімен келмесе не қылсын?!» деп қалмақтар уайымдады. Қарасай қайда барғанын ешкімге білдірмей жүре берді. Бірақ ел де мұның бірдеңеден тауы шағылып келгенін сезгендей еді. Көп ұзамай Қарасай қатынаушы керуеншілер арқылы Қырым ханы, сондағы қырық батырдың басшысы — жиені Жасаралға хат жіберді. Бұған барлық шынын айтты. Бірнеше күндерден соң Жасаралдан хабар келді. Сүмбіле айында аттануға келіскен екен.

Сүмбілеге он бес күндей азық-түлігін, қару-жарағын қайымдап, Жасаралдың келуін күтіп жүргенде, бір күні Қызыл ат жамандатып өліп қалды. Ат өліп қалған соң, қайтадан Сұлтанайға «ат сатып алып бер» деп баруға ұялды. Баяғы таз кебіне түсіп, жаяу сандалып қалды.

Сол заманда ноғайлы Қара, Сары болып екі арысқа бөлінетін. Бұлар Қара ноғайлыдан. Сары ноғайдың іргесі кең, халқы көп еді. Сары ноғайда айтқаны болып, таланы жүріп тұрған Жәніке деген би бар еді. Жәнікенің Қанаттықара деген тұлпары бартын. «Жауға мініп баруға Қанаттықараның майын сұрайын. Бермесе, «несиелеп сат деп айтайын» деп астына бір жаман мұқыр мініп, Жәнікенің үйін іздеп шықты.

Жәнікенің үйін бір жерден тауып алды. Жаман атын Жәнікенің жанына тұсап тастап, есіктен келіп, төрде отырған Жәнікеге сәлем беріп, толғап тұр:

— Ассалаума әлейкүм,
 Жасы үлкен қарт аға-ай!
 Ойыма алған сөзімді
 Үлкенге айтам тартынбай.
 4350 Темір қақпалы Дербентке
 Аттанар болды халқым-ай!
 Ат деген ердің қанаты,
 Мінетұғын атым жоқ,
 Сұңқардай інің талпынды-ай.
 Қызыл атты Сұлтанай
 Сатып алып беріп еді,
 Қырық нарға қазына
 Бұлғи жібек артып-ай.

- Өліп қалып Қызыл ат,
4360 Бұрынғы тарттым салтым-ай!
Әдейі арнап, Жәніке,
Би деген соң мен келдім.
Жақсыны қайда іздедім?!
Үш ұйықтасам ойда жоқ
Себебіне кез келдім.
Жетім қалған ініңмін,
Атаны көрген ағамсың,
Сол жақсыға теңгердім.
Би Жәніке сен болсаң,
4370 Жұмысын сұра келгеннің?
Ноғайлының ары үшін,
Парқадар таппай жүргенмін.
Жүрейін деп тұр едім,
Белімді байлап талапқа.
Астыма мінер атым жоқ,
Ат деген ерге қанат та.
Атыңды бер, әй, Жәке,
Ініңді төмен қаратпа!
Беретұғын пұлым жоқ,
4380 Барым болса қолымда
Аяйтұғын кеулім жоқ.
Ықпалым жүрсе жөнделіп,
Жеткізермін мұратқа!
Сұрай келдім атыңды
Ұшқан құстай қанат-ты.
Інім десең, биеке,
Бересің маған Қара атты.
Өліп қалды, биеке,
Сұлтанай берген Қызыл ат.
4390 Ноғайлыда бұл жерде
Кеуілім кеткен сіздің ат.
Ахметтен сұрап болмайды,
Ол да өзімдей асылзат.
Қатты кеуіл Мұхтар бай
Сұрағанмен бермейді,
Ала-алмасам ол ұят.
Атыңды сұрап келіп тұр

- Ағаңнан қалған зүрият.
Қырымдағы ерлермен
4400 Уәде қылып тұр едім,
Атым өліп, болдым мат.
Атыңды қисаң босқа бер,
Болсын десең кеуілім шат.
Қимасаң, қымбат бәсін айтып,
Несиелеп атың сат!
Қарасай мұны айтқанда,
Би Жәніке сөйледі.
Мамық көпшік шынтақтап,
Шіреніңкіреп көлбеді.
4410 Кәнеки, тыңда, ағалар,
Сөзінде би бүй деді:
— Келіп пе едің, Қарасай,
Менен атты алмаққа?!
Аттанайын деп пе едің,
Қыл жалаулы қалмаққа?!
Ахметті көресің,
Менен артық ардақты.
Абайладым сөзіңді,
Мұхтар да менен салмақты.
4420 Қайдан таптың, сен жетім,
Олардан жеңіл қаңбақты?!
Жалғыз барып қалмаққа,
Таптың ба пайда ол жақта?!
Қолыңнан келмей ешнәрсе,
Хабар бердің жан-жаққа.
«Несиелеп ат сат» деп,
Қалмақтың бұзып қамалын.
Кеуілінді байқадым,
Жүр екенсің байымаққа!
4430 Беретұғын атым жоқ,
Олардан төмен қатын жоқ.
Іс қылатын көппенен
Бір сен емес, батыр көп!
Келіспеді жауабың
Сөзіңді айт аулаққа!
Тыңдамаймын, шырағым,

- Табылмаған сөзінді.
Бір адамнан кеммін деп
Жүрген жоқпын өзімді.
- 4440 Жеңіл санап келіпсің,
Отырмын байқап сөзінді.
Аруағың жоқ атандай,
Білемін, жетім, жөніңді.
Мен атымды бермеймін,
Олжала, жетім, теңінді!
Мұнан былай абайла,
Мен Сары ноғай адамы
«Бір тай алып берді» деп,
Орныңа қойдың тамаңды.
- 4450 Атаң келген келімсек,
Біліп жүрсің шамаңды!
Тіл жалмаған Күреңат,
Шегіршін басты Кербедеу
Екі тұлпар ұстаған
Мүсеке менің ағам-ды.
Бере алмаймын атымды,
Білдіргенім шамамды.
Байқап едім сені мен,
Шықпайды сөзің кеуілімнен!
- 4460 Тіл жалмаған Күреңді
Сұраған Орақ ала алмай,
Ол да осындай сөзінен.
Қайратына қызығып,
Телағысқа берілген.
Онан артық тұлпар жоқ
Сулығын шайнап кемірген.
Ала алмайсың менен ат
Туысыңның кемінен!
«Бермегені несі?!» деген жұрт,
Жолын тапқан көзімен.
- 4470 Ақылы артық сыншылар
Қоя алмас кінә «бермеді» деп,
Сөзі шықса кеуілден.
Сөз табылса бас берем,
Қанаттықара тұлпарды

- Туымды ерге бос берем.
 Бере алмаймын атымды,
 Себебі, жетім, өзіңнен!
 Осылай айтып Жәніке,
 Мырзаға атын бермеді.
- 4480 «Келімсек» деген сөзінен
 Мықтап кеулі кірледі.
 Өніп-өскен Сары ноғай,
 Ол заманда іргелі.
 Жау болуға мұнымен
 Ойлайды, жөні келмеді.
 Көрінгенмен жау болса,
 «Қош көрмейді ел» деді.
 Бірін артық, бірін кем
 Жаратқан Алла пендені.
- 4490 Беретұғын кеулі жоқ,
 Төсекте биің көлбеді.
- Үйден шықты Қарасай
 Төмен қарап бүгіліп.
 Қайта сөйлер жан емес,
 Тұратұғын кідіріп.
 Ахмет, Мұхтар аты бар,
 Ахметті дегенге
 «Артығырақ заты бар»,
 Осыған кетті Жәніке,
- 4500 Әсіресе, еліріп.
 Атты ала алмай бос қайтты,
 Өз сөзінен сүрініп.
 Мінетұғын аты жоқ,
 Қайтып келді аулына,
 Жәнікеден түңіліп.
 Аулына қайтты Қарасай,
 Бір жаман жабы мінгені.
 Ері кетіп мойнына,
 Танауын қағып жүрмеді.
- 4510 Жарты жолға келгенде,
 Айдалаға түстенген
 Бір керуенге кез келді.

- Шәйнек іліп, мосы асқан,
 Кейбіреуі ет асқан,
 Жайбарақат көрінеді.
 Ақ киіз төсеп астына,
 Бір кейқұда ақсақал
 Қос алдына көлбеді.
 Сонда тұрып Қарасай,
 4520 Өзі жалғыз оңаша-ай,
 Ат үстінен сөйледі:
 — Оң болсын сапарыңыз, отағасы,
 Еділдің шыққан жерің қай арасы?
 Малыңды пұлдап сатып қайтатұғын,
 Айтыңыз, тауарлықтың қай қаласы?
 Жөнімді өзім айтып білдірейін,
 Кешегі ер Орақтың мен баласы.
 Түр едім бір талапқа белім байлап,
 Қалмаққа қыл жалаулы — діннің қасы.
 4530 Дербентке темір қақпалы құмар едім,
 Қорғаны шойын мен мыс араласы.
 Қырымдағы қырық батырға хабар бердім,
 Жүретін он бес күндей жол шамасы.
 Мінетін астымдағы атым өліп,
 Дал болып, шайқалып тұр інің басы.
 Әй, аға, сататұғын затың қандай?
 Елінде аты шыққан батыр бар ма-ай?
 Өтініп сұрағанда беретұғын,
 Я көріп, я естіген атың бар ма-ай?
 4540 Жаяулық інің есін алжастырды,
 Мінетін бұл сапарға атым болмай.
 Жалғыз ат жауға мінер болмаған соң,
 Жігіттің кемиді екен жарым жасы-ай.
 Естіген, яки білген атың болса,
 Жұмысым тишымайды ақырланбай.
 Келбетің, кейпің келген аға екенсің,
 Кәнеки, айтшы маған ақылыңды-ай?!
 Жаяулық жарлылықпен қабаттасты,
 Еріксіз ел де тыныш отырғызбай.
 4550 Аты бар ер кеуілді адамды айт,
 Жат барса, жарқылдайтын жатырқамай?

- Бұл адам жауап берді сонда былай:
 — Жүрмісің аман-есен, Қарасайжан,
 Атыңды естігенмен көргенім жоқ,
 Белгілі ноғай болса ата-бабаң,
 Шырағым, білгенімді неге айтпайын,
 Тілімді аяйын ба, мырза саған.
 Еділдің шыққан жерім аяқ жағы,
 Еткенім сауда кәсіп бала қамы.
- 4560 Жасарал Қырымдағы падишамыз,
 Ей, мырза, мен де ноғай, біз сол жағы.
 «Қарасай қалмақ халыққа аттанады» деп,
 Теп-тегіс барды елге шын хабары.
 «Сүмбіле ортасында жүреміз» деп,
 Ерлердің сол болып жүр ынтазары.
 Қырымның қырық батыры әскер жинап,
 Ат баптап жатыр еді жұрттың бөрі.
 Олардың сүрігіне он бес күн бар,
 Бастығы Жасарал мен Әділханы.
- 4570 Сүріктен үш күн бұрын саған келеді,
 Сенгені Едігенің аруағы.
 «Қарасай бізге қарап даяр тұр» деп,
 Кеміс деп ойында жоқ ат, бұл жағы.
 Ат өліп жаяу жүрсің, інім, өлі,
 Деуші еді «тұлпар ат та — ердің бағы».
 Бар еді жері шалғай, бір тұлпар ат,
 Не пайда айтқанменен аттың бары?!
 Қазанның ер Шора бар қаласында,
 Мен шықтым он бес күннің шамасында.
 Ақшұбар, алтын құйрық азбарында
- 4580 Қарагер «Жа» таңбалы және сонда.
 Бермейді барғанменен Шора саған,
 Ат көптік қылмайды оған расында.
 Бір тұлпар сен мінерлік біреуде бар,
 Қазанның ішінде емес, даласында,
 Ер жігіт өзі жеке, жоқ-жұқа адам —
 Сүркөк бар сиыр аяқ — Лашында.
 Ешкімге ойласпайды бере қойса,
 Ауылы Тереңөткел жағасында.
 Аталас ағайыны Ілияс дейді,

- 4590 Үйі бар сол кісінің қорасында.
 Бір берсе сол береді саған атын,
 Ойласа сол Илияс ағасына.
 Бос қайтпас атты ала алмай, арнап барып,
 Дұшпанның қаласың-ау табасына?!
 Өзің біл есіткенім көргенім сол,
 Қалауын енді өзің қыласың да.
 Мен өзім қырымдағы Сапар деген,
 Саудакерім, керуен басы, — деді сонда.

Сапар саудагер Лашынның сиыр аяқ Сүркөгін айтып: «Жомарт жоқтан шығар» деген. Берсе атын сол берер» деді.

Қарасай шалға рахмет айтты да, жаман атымен төбенің басына шауып шықты. Жан-жағына қарап тұрып: «Жәнікенің атын тартып мінсем не қылады?» деп, атының басын бұрып, бір сәт ойланып тұрады. Артынан бұл ойынан өзі ыңғайсызданып, аулына қарай жол тартты. «Уақыт оздыра бергенше, ойласайын» деп үйіне келді. Атын байлап тастап үйіне кірсе, шешесі оң жақ қапталда ұйықтап жатыр екен. Бала қамығып, қарт әжесі Қараүлекке қарап толғап кетті:

- Жатырмысың ұйықтап,
 4600 Басыңды көтер, ей, анам?!
 Өліп қалып Қызыл ат,
 Көкіректе бар көп жарам.
 Астыма мінер атым жоқ,
 Жаяу қайда сандалам?!
 Берсем атқа жетпейді
 Қолымдағы бар қарам.
 Тумай тұрып туғаным
 Әкемменен жау болған.
 Бұл жерде жоқ туғаным,
 4610 Кәнеки, ана ақыл айт,
 Атты қайдан мен алам?!
 Астымда атым жоқ болды
 Жауға мініп баратын.
 Атсыз болса ер жігіт,
 Қырқылғаны қанатың.
 Бүгін барып сұрадым

- Жәніке бидің Қара атын.
Бермек түгіл ол маған,
Кеуліме салды санатын.
- 4620 Нағылайын қайғырып,
Бұл да Алланың ісі да —
Ол тағдырда болатын.
Пенденің бар ма лажы
Құдайға амал қылатын?!
Туысқан-туған жау болып,
Азарды көрген жұрағатың.
Көпті көрген көнесің,
Атадан қалған дос бар ма
Жасырмай мұңым шағатын?!
- 4630 Немесе кеулі бос бар ма,
Ақылың болса айт, ана,
Мен атын сұрап алатын?!
Есітіп келдім бір атты,
Жоқ еді бұрын хабарым.
Жолы қашық болған соң,
Болып тұр қиын барарым.
Барғанменен неғайбыл
Және де оны аларым.
- 4640 Тәуекел қылып кетем бе,
Пайғамбар да білген жоқ
Алдында ненің боларын.
Болар еді абырой
Алып қайтсам сол атты,
Итере қойып Құдайым.
Атым өліп астымда,
Ойыма түсті уайым.
Көрсетті азар Жәніке,
Жау екен жаман ағайын.
- 4650 Ақылың болса айт, ана,
Атқа не амал ойлайын?!
Жазылған іске амал жоқ
Лауһидегі ғаламға.
Атым өліп, күн түсті
Өзімнен төмен адамға.
Шыға алмадым жарыққа,

- Жолығып қара тұманға.
Ат таба алмай, ей, ана-ай,
Бұл сапардан қалам ба?
Қала қойсам талаптан,
4660 Тумаған артық мұнан да.
Жәнікенің азары
Батып тұр ғой маған да.
Жолы қашық бір ат бар,
Соған, анам, барам ба?!
Жабықтырды жарлылық
Маған болып сыбаға.
Қалай барып келемін
Ит арқасы қиянға?!
Ат таппай, жаяу қалғанша,
4670 Кетемін бе қаңғырып,
Сылтауменен далаға!
Ішіңнен шыққан шерліге
Ақылыңды айт, аяма!
Кәнеки, ана, не дейсің,
Тарыққан мына балаңа?
Мұны айтқанда Қарасай,
Көтерді басын анасы.
Түрегеліп сөйледі,
Азаматтар, тыңдаңдар,
4680 Айтқаны сонда, міне, осы:
— Өліп қалса Қызыл ат,
Садақасы басыңның!
Өлсе жалы кесілсін,
Ешнәрсесі кеткен жоқ
Саған берген досыңның.
Мінесің тағы ат тауып,
Болғаны осы деме, сен,
Елдегі жалғыз асылдың.
Ат өлді деп мұңайма,
4690 Өсіріп кеулін қасыңның!
Жақсылық пен жамандық —
Екеуін талай көресің,
Балам, ұзағын тіле жасыңның!
Болмады ма өзіңе

- Ағайынның қоғамы?
Жәніке атын бермесе,
Жаман тұқым ол дағы.
Қысылса күнге жарайды,
Атасы текті жүдәлі.
- 4700 Ықпалың кетсе жөнделіп,
Өзі әкеледі ол әлі.
Саулығын тіле басыңның,
Жеткереді Құдайым,
Ердің болса шыдамы.
Атаңнан жүрсің кем туып,
Сыналған жоқсың сен әлі.
Туымды болсаң көрерсің,
Айтайын саған шаманы.
- 4710 Атты іздеп табатын —
Ерлердің ісі қашанғы.
Әкең тауып әкелген
Жаяу іздеп Құланы.
Теңізден шығып тап болған
Ер Шораның Шұбары.
Тіл жалмаған Күреңді
Мүсеке сұратпай беріп Ағысқа,
Тарқаған ердің құмары!
Батыр болсаң жолдасың
Өзіңмен бірге туады.
- 4720 Ат таппадым деп қайғырма,
Әзелде жақсы жаратса,
Жеткермей қоймас Құдайы!
Жасымай жүріп талап қыл,
Тастамай жүріп Құдайды.
Жамандығың — жасыған,
Тарығасың сен неге?!
Атаң өткен дуалы.
Тәуекел қылсаң бел байлап,
Келмей ме істің орайы.
- 4730 Жүре бер есіткен атыңа,
Кідіріп енді тоқтама!
«Жүргенге жөргем ілінеді»,
Не іздеп келеді жатқанға!

- Көк бөрідей түн қатып,
Не жолықпайды жорытқанға?!
Уәдең қалса таялып,
Түнде жатып ұйықтама!
Қалып жүрме жолыңнан,
«Бермейді» деп біреу айтқанға.
4740 Сөйлесең сөзді ашып айт,
Ішіңде пікір сақтама!
Базыңаңды баса түс,
Өтіліңді айтқанда!
Жауабыңа жауап айт,
Бермес деп ат ықтама!
Артық болсаң береді,
Не береді қорыққанға?!
Тілімді алсаң жылдам жүр,
Ұқсама бүйтіп ақымаққа!
4750 Анасы мұны айтқан соң,
Баланың кетті кеулі өсіп.
Түрегелді орнынан
Анасына сөйлесіп.
Белдеудегі жабының
Шылбырын алды бұл шешіп.
Еш адамға жөн айтпай,
Керуенге тартты із кесіп.
«Ат жүрмеген жер еді,
Кетейін, — деп, — ілесіп».
4760 Шаптап тартты жабыны,
Кетер деп ері мойнына.
Анасының айтқаны
Қуат болып бойына.
«Жүрмеген жерде қалсын» деп,
Тұлпардың шықты жолына.
Қамшыменен аямай
Сабап келеді сауырына.
Керуенге келді Қарасай,
Жатыр еді жүгін қоя алмай.
4770 Қалайда болса бармаққа
Тұлпардың шықты жолына-ай.
Көп адамның ішінде

- Сапардың келді қасына,
Басқаларға бұрылмай.
Келді де шалдың жанына,
Сөз айтты оған мынадай:
— Сіз сілтеген Сүркөкке
Талап қылдым жүрмекке.
Сіздерден озып кетуге
- 4780 Жарамайды жаман ат,
Бұға жатқан күндікке.
Жүремін деп ойладым
Сіздермен бірге дүрмекте.
Сәуір алып жүре гөр,
Сапар аға, саудагер.
Түнделетіп жүк қойсаң,
Қысқармай ма ұзақ жер?!
Уәдеге қалды он бес күн,
Тезірек жеткер, міндеткер!
- 4790 «Жүр» деп айтсаң, ей, аға,
Көпке сөзің жел берер.
Себепсізден атты алсам,
Тарқар еді, аға, ішкі шер!
Сапар сонда айтады:
— Бөрекелді, оң болсын,
Қарасай батыр, талабың!
Жарлылығы болмаса,
Ондай туған енді жоқ
Баратұғын адамың.
- 4800 Атты берсе егерде,
Ашылады таланың.
Жолы тастақ, барғанша
Түйенің қоймайды табанын.
Шөккені жолда қалады да,
Құдай біледі, шырағым,
Тап он күнінде апарамын!

Керуенге ілесіп, аты жүрмей түйеге мінгесіп, он күн дегенде Тереңөткелдегі Ілиястың қорасына жетті. Керуен түнде Лашынның үйінің тұсына келіп, оны сілтеп, өздері жөндеріне кетті. Түнде Қарасай Лашынның үйіне қонды. Ол мұның

Қарасай екенін білді. Бірақ жұмысын сұраған жоқ. Өзі аңшы екен. Түнде аңның етін асқызыпты. Бұйымын сұрамаған соң, «ертеңгісін айтармын» деп Қарасай ұйықтап қалды.

Лашынның тірлігі аң аулап күнін көру болатын. Күнде осы кәсібінен бір айныған емес. Аңның жеткенін ұрып, жеткізбегенін атып алады. Өзінде аттан бөтен малы да жоқ. Оның үстіне жеке жігіт алып келген аңын қазанға салып бір шағын ауылды асырап отырған жайы бар. Бөрінің қарап отырғаны осы жалғыз ат.

Аң аулайтын адамның ерте кететін әдеті. Таң білінгенен Лашын орнынан тұрып, атын ерттеп болып, кетейін деп тұрды да, ойланып қалды. «Үйдегі қонағым бір дуалы елдің тұқымы еді. Бұның бұйымын сұрайын, қош айтысайын» деп, атты жетелеп келіп есіктен сығалап қараса, Қарасай көзін уқалай жүріп, асығыс киініп жатыр екен.

Лашын оң тізесін басып, есігін иығына жамылып, қамшысын таянып отырып, Қарасайдың бұйымын сұрады:

- Дастарқаннан дәм таттың
Мейман болып, асылзат.
Тамағың болса үйіңде,
4810 Мейманға берсең кеулің шат.
Аң аулаған — кәсібім,
Даярладым ерлеп ат.
Жайшылық болса жұмысың,
Қызық көріп барып қайт.
Асығыс болса, жол болсын,
Ендеше, мырза жөніңді айт!
Қарасай сонда айтады:
— Өуелі Алла жаратты
Құдіретіменен жер-көкті.
4820 Құрастырып бар-жоқтан,
Үстіне бізді халық етті.
Бұл дүнияға келген жан
Туады бәрі бейнетке.
Жетім қалып жасымнан,
Талай көрдім қияметті.
Қараңғы тұман арылып,
Ашылып жаңа желдетті.

- Жетім қалған бұл інің,
Толығып жаңа ержетті.
4830 Өзімнің байтақ елімнен
Таба алмадым ермекті.
Мен бұзайын деп едім
Темір қақпалы Дербентті.
Мінетұғын ат таппай,
Дұшпанға намыс, ар кетті.
Өліп қалып Қызыл ат,
Қорлығы аттың және өтті.
Сыртынан естіп хабарын,
Сұрай келдім, жан-аға-ау,
4840 Сиыр аяқ Сүркөкті.
Не қылсаң өзің білесің,
Алыстан еттім еңбекті.
Лашын сонда айтады:
— Бәрекелді, Қарасай,
Алыстан арнап келгенің,
Келгенменен қайтпайды
Бірақ менен еңбегің.
Алдымда өскен аға жоқ,
Ізімде ерген іні жоқ,
4850 Мініп тұрған серігім,
Мал еткенім жалғыз ат —
Астымдағы Сүркөгім.
Не қылғаның ат сұрап,
Өзіңнен төмен көргенің?!
Артығы жоқ деп мен жүрмін
Жаратқан Құдай пенденің.
Атымды беріп астымда,
Атсыз жаяу қалғандай
Ешкімге жоқ қой бермегім!
4860 Бұл сөзді айтып Лашын,
Мырзаға атын бермеді.
Төмен қарап Қарасай,
Жер шұқылып терледі.
Ойына келді сол шақта
Анасының сөздері.
«Базыңанды басып айт,

- Айтсаң сөзді ашық айт!»
 Анасы солай деп еді.
 Айтып отыр Лашын
 4870 «Көрмеймін, — деп, — артық пендені»,
 Пенденің қылған істері
 Есіне түсіп мырзаның,
 Және екінші сөйледі:
 — Жазылған болмай қалмайды,
 Өзелде кетсе қаламға.
 Сапарлансам қос артпан
 Қамшылайтын шабанға!
 Бай да болса қол артпан
 Қайыры жоқ сараңға!
 4880 Үлгілеп шешен сөз айтпас
 Түсінбейтін наданға!
 Беретұғын малы жоқ
 Қарызы үшін жарлының
 Жалданған Әли малайға.
 Тіл жалмаған Күреңді
 Мүсеке беріп Ағысқа,
 Жайылды даңқы талайға!
 Қипатшаның Қызыл ат
 Қырық нарға әперді,
 4890 Сұлтанай сұрап маған да.
 Осындай артық ісімен
 Үлгіріп кетті олар да.
 Осы айтқаным, Лашын,
 Бәрі өзіңдей адам ба?!
 Малың болса жалғыз ат,
 Жеткерер Құдай саған да!
 Артықпын дейсің пендеден,
 Артық болсаң, атты бер
 Мендей тарығып келген адамға!
 4900 Жарлылығы болмаса,
 Лашын артық пенде еді.
 Қарасайға дәлел қайырып,
 Кідірмеді, сөйледі.
 Тыңдап отыр ағалар,
 Жасы кіші балалар.

- Сонда аңшы Лашынның
Азырақ жауап бергені:
— Ер Әлиді теңгерме,
Ол — Құдайдың шерісі,
4910 Адамзаттың ірісі!
Құдайдың досы пайғамбар —
Төрт шариярдың бірісі.
Ақырзаман бұл уақыт,
Бұл күндегі адаммен
Теңгеруге болмайды,
Олардың ірі жұмысы!
Әй, Қарасай, сен дағы
Олайынша сөйлеме,
Әлиді жанға теңгеріп.
Мүсекеге де жетпейді
4920 Өлшесең адам кем келіп.
Санамадың ағанды,
Қолындағы дәулеті
Сұлтанаймен тең болып.
Адам не ісі қылады,
Жүрмесе ықпал жөнделіп.
Жаяу ерсе аттыға,
Қара үзім жерге бармай-ақ,
Тұрып қалады сенделіп.
Ауылыңнан шығыпсың,
4930 «Атты алам!» деп желденіп.
Келіп тұрсың сен маған
Атанның басын өңгеріп.
Атымды берсем астымда,
Қалады көкірек шерленіп.
Бермей қалсам осыдан,
Қайтасың елге сен өліп.
Бұза алмасаң қаланы,
Ала алмасаң алмадай
Күнқияштай баланы,
4940 Өз обалың өзіңе
Жібереің атты мен беріп!
Асығып тұрған батырға
«Бердім» деді атын да.

- Сөз шыққан соң аузынан,
Енді батыр отыра ма?!
Шылбырын алып қолына,
Мініп алды Қарасай
Лашынның атына.
«Қош!» деді де, «шүһ!» деді,
4950 Сыдырып желіп шоқыды.
«Алла разы болсын, аға!» деп,
Айтып кеткен сөзі жоқ.
«Бердім» деген сөзіне
Лашын қатты опынды.
Далаға шықты Лашын,
Отыра алмай үйінде.
Берерін беріп қолынан,
Ісіне қылған күйінді.
Ат берді «асыл тұқым» деп,
4960 Еткен ісі лайықты —
Тұқымға емес сиымды.
Кеуілі оның бұзылды
Ізінен қуып бармаққа,
Атын алып қалмаққа.
Біле алмады бірақ та,
Қайсысы дұрыс, тиімді.
«Нұқсан келер өзіме» деп,
Бір азғантай кідірді.
Не қыларын біле алмай,
4970 Қозғалып жүрек тұра алмай,
«Ойласайын бұған» деп,
Ілиясқа жүгірді,
Тұр еді шығып далада-ай.
Бұл келгенде Ілияс
Көзі түсті Лашынға,
Жылдам жүреді баладай.
Сәлем берді қуарып,
Келді дағы анадай.
Сәлемнен соң кідірмей,
4980 Айтты сөзді мынадай:
— Сибір аяқ Сүркөкті
Бағып едім құлыннан.

- Ойласпадым не пайда,
Илияс абзал, бұрыннан?!
Құрықтадым құланды
Қазанның қарсы шыңынан.
Бөкенді ұрдым бөкседең,
Орғытып қашқан орнынан.
4990 Алтайы соқтым бұрғызбай
Дунайдың шоқат құмынан.
Сол сықылды тұлпарды
Кем көрмеуші ем жанымнан.
Жанға өлгенше Сұркөкті
Біреуге бердім қолымнан.
Берерім және де
Ой түсіп тұр соңынан.
Бүгін түнде үйімде
Ер Орақтың баласы
Қарасай мырза ол қонған.
5000 Ат таба алмай келіпті
Еділ менен Қырымнан.
Аттанғалы жүр екен
Темір қақпалы Дербентке
Қорғаны бар шойыннан.
Уағдасы бітіпті
Еділ, Қырым ерлерінің
Баруға бірге жиылған,
Жұмысы сондай тығыздан.
Айырылыпты өліп қап,
5010 Қипатша сатқан Қызылдан.
Балқып кетіп мен соған,
«Бердім» дедім атымды —
Сұркөкті түсі құбылған.
Кетер емес ойымнан.
«Жалғыз атын берді» деп,
Қазанның қалың ноғайы
Дер ме екен мені «жарымнан».
Ақылық болса айт, аға,
Не қыларын біле алмай,
5020 Ініңнің жері тарылған.
«Бердім» деген бір жауап

- Шығып еді аузымнан.
 Бермегенде атымды
 Кім құтылады, ағеке-ау,
 Халықтың сыртқы сынынан.
 Абырой алып не табам
 Атасы басқа рудан.
 Ақылыңды жылдам айт,
 «Ойласпадың бұрын» деп,
- 5030 Шығар, аға, ойыңнан.
 Ақылсыз інің албырт қой,
 Сіз білмейтін нәрсе жоқ
 Менің ішкі сырымнан.
 Не десең де қылайын,
 Аусарлықпен бұл інің
 Жалғыз аттан айрылған.
 Ат деген адам қанаты,
 Қанатынан қайрылған!
 Ілияс сонда сөйледі,
- 5040 Лашын сөзін қайырып:
 «Келген ерге ат үшін
 Үйде отырмай қайғырып,
 Несіне енді өкінеді
 Қалғанына айырылып.
 Шынжыратай тұқымға
 Берсе берді өз атын,
 Ал десін қайтып нағылып.
 Сырты түкті, іші боқ,
 Бір биенің құлыны
- 5050 Не керек сонша қайғы ғып?!
 Баптамай шапса байраққа,
 Қалатұғын майырылып.
 Жеті атадан дуалы,
 Аруақ қонған сыралы,
 Ат бергені асылзат
 Жүретін дұшпан айбынып.
 Берсе берсін тұлпар ат,
 Кеткен екен адамы
 Беретұғын табылып».
- 5060 Ақылы кәмбіл жан екен,

- Ақылын айтты ол күліп.
«Ал!» десе қуып кететін,
Оны да түби біліп.
Білдірмеді ішінен
Бұл да атқа қайғырды,
Қалғанына айрылып.
Лашынға сөз айтты
Кеулін былай жай қылып:
— Ер емес пе едің, Лашын,
5070 Айтқанынан қайтпайтын?!
Нар емес пе едің астау бас,
Бидасын үзіп тартпайтын?!
Ақсұңқар құстай сен едің
Қиғанына шалықтайтын.
Мұқалмайтын алмассың,
Тасқа шапса, тоқтайтын.
Қайратты туған інімсің
Кемістікке жабықпайтын.
Ежелден ерге рәсім —
5080 Ел сөзінен қорықпайтын.
Ат бергенің Қарасай,
Іздесең ешкім таппайтын.
«Дос болам» деп өтініп,
Атыңды алып кетіпті,
Бұл халыққа мағұлым
Жақсыдан жақсы қорықпайтын.
Сенің атың тұлпар-ды,
Тұлпарға бөрі іңкәр-ді,
Жаман атты шаппайтын?!
5090 Таппай келген дейсің бе,
Ат бергенің дуалы —
Арғы атасы Едіге,
Жау дегенде шалықтайтын.
Сиыр аяқ Сүркөкті
Сен емес жалғыз, шырағым,
Қазанның елі мақтайтын.
Жақсы болса әрқайда,
Жақсыға барып тоқтайтын.
Жақсымен қолы жетіседі,

- 5100 Алтындай құйған сақтайтын.
Адамын тауып ат бердің,
Кеміс жері көрінбейді
Ойласа келсең, жоқтайтын.
Құдай тағы жеткерер,
Табылмайды көлік деме, сен.
Жастайыңнан келесің
Жарлылыққа көніп сен.
Атың тұлпар мал еді,
Жақсыға жастан жеріксің.
- 5110 «Алам, — деме, — қайтадан»
Ол аттан да артық асылзат.
Бас кеуіліңді қайтадан
«Аламын!» деп желіксең.
Ойласа келсең сен маған,
Атыңды қума артынан.
Жанға өлшеген Сүркөктің
Иесін тауып беріпсің!
Ер опынар болар ма
Өзінің қылған ісіне,
- 5120 Ер едің сөзге берік сен.
«Атсыз жаяу қалдым деп,
Ақылсыз аңқау болдым» деп,
Отырсың ба тексізге
Тұлпарыңды беріп сен?!
Төмен қарап мұңайма,
Тірі болсаң көресің,
Жүре бер, інім, көніп сен!
Бұл сөзбенен Лашын
Тоқтап қалды кідіріп.
- 5130 Ендігі жерде айтайын
Қарасайдан білдіріп.
Лашын берген Сүркөкке
Мініп алып Қарасай,
Келе жатыр елге жол жүріп.
Сол күні шапты күнімен,
Және жүрді түнімен,
Шаршар емес жануар
Шапса да он күн болдырып.

- Үстіне мініп алғанда,
5140 Батырдың кетті жүрегі
Бұрынғыдан желденіп.
Қипатша сатқан Қызыл ат
Жіңішке еді инелік.
Ал мынаған мінгенде,
Тақымын кетті тым керіп.
Шабысқа шабыс қосады,
Көрген емес бір бұзып.
Ертең сәске болғанда,
Аулына келді Қарасай,
5150 Келе жатқанда күн қызып.
- Саудагер Сапар атты білген екен,
Лашын ат беретін ерден екен.
Мұны айтып, халық шуласып, келді дулап,
Жамандар «ат таппайды» деп күлген екен.
Еліне сәске уақытта келсе мырза,
Қырымның батырлары келген екен.
Аты өліп Қарасайдың қалғандығын
Елі айтып, келгеннен соң білген екен.
Еділдің байларына қонып-түсіп,
5160 Бұл елде үш күн бұрын жүрген екен.
Тілектес Қарасайдың және жаны,
Күндейді артықтығын бар дұшпаны.
Ағайын бір жерде қас, бір жерде дос,
Құдайға артық амал жоқ қылғаны.
Қуратып «кеміссің» деп бермейтұғын
Ежелден келе жатқан елдің заңы.
«Жақсыны жат сыйлайды, жақын күндейді»,
«Шет жерге артық болады ер қадірі».
Шуласып Еділ бойы тегіс білді,
5170 Естілді бір сағатта ер хабары.
Үйіне мырза келді дегеннен соң,
Қырымның ерлерінің келді бары.
Ерлердің әскері бар елден аулақ,
От кешкен аруақтысы мұнда қонақ.
Патшасы Жасаралдай бастығы бар,
Тәж киіп, жыға тағып, мінген пайтақ.

- Сұлы жеп, су орнына саумал ішкен
 Мінгені Жасаралдың Ақмоншақ ат.
 Өділхан екіншісі абзал туған,
 5180 Тумысы Жасаралдың ізін қуған.
 Ат қойған Нартайлақ деп тарлан бозды,
 «Шүh!» десе қаңтарумен озған қолдан.
 «Атыңа құтты болсын айтамыз» деп,
 Үйіне Қарасайдың бұлар қонған.
 Үшінші аты шыққан Көбен деген,
 Ақауыз келеді бұл да дөненменен.
 Талпынған талабы бар ерлер келді,
 «От-басын Қарасайдың көрем» деген.
 Еділден Айсаұлы Ахмет бар,
 5190 Қол жинап, бұл да бірге жүрем деген.
 Салдырып Салторы атпен бұл да келді,
 «Сүркөкке байғазымды берем» деген.
 Сұлтанай, қарт Қалила, Жәніке би,
 Қипатша, шын саудагер Қален деген,
 Халықта қалмай келді «пәлен» деген.
 Мұхтар бай Ақайдарын абзалдаған,
 Мырзаға «Құтты болсын тұлпарың!» деп,
 Сүркөкті баршасы да түгел көрген.
 Қалмаққа ертең ерте аттанады,
 5200 Бұларды «қонып кет» деп жібермеген.
 Бұрынғы саймандар бар ханнан қалған,
 Шығады көрмеген зат руынан.
 Бұларды қонақ етіп құрметтеді,
 Көрсетіп неше түрлі қызмет қылған.
 Табуға Қарасайға тұлпар қиын,
 Кем емес басқа ешбір дүниядан.
 Жүгіріп қызмет етті екі бала,
 Көтеріп бірі табақ, бірі құмған.
 «Оқ жонар ата көрген деген» десіп,
 5210 Халықтың кеулі кетті тегіс бұған.
 Айтайын әңгімесін мен азырақ,
 Түсінсін тыңдаушылар құмарланған.

Қарасайдың үйінде қонып отырып, «Қырым мен Еділден адам қалмай, он сегізден асқандар тегіс атқа мінейік» деп бөтуа

қылды. Ертеңіне Қырымнан келген қырық батырдың әскербасы Жасарал патша, екінші жарты патша Әділхан, үшіншісі Көбен болып — бұлар үш бөлек әскер өз алдына, Қарасай өз жасағымен, Айсаның ұлы Ахмет өз әскерлерімен топ-топ болып жүрді. Қази да өз жігіттерін бастады. Жалпы, Қырым мен Еділ бойындағы ноғайлылардан «мен» деген батырлардан адам қалмай, темір қақпалы Дербентке қарай шеру тартты.

- Еділден ерлер шықыт «Иә Құдайлап!»
 Қарасай ата туын алды байлап.
 Жасарал әскерімен бөлек жүрді,
 Падиша бақшадағы гүлдей жайнап.
 Әділхан өз елімен оқшау жүрді,
 Астында Нартайлақ ат одағайлап.
 Туымды ер Көбен жүр көлбеңдеген,
 5220 Ақауыз астындағы келеді ойнап.
 Батырлар Қырымдағы қызғындап жүр,
 Келе жатыр өз-өздерін мыңға балап.
 Ішіндегі осылардың ардақтысын
 Кетеді жол ұзарып айтсақ санап.
 Ахмет Салторының жалын өріп,
 Мың кісі жолдасы бар алған таңдап.
 Мұхтар бай, Сұлтанайлар, би Жәніке —
 Бұлар жүр Қарасайды жанамалап.
 Аққұсты шебі тайған үш жыл бағып,
 5230 Келе жатыр күнде-күнде сылап-сипап.
 Ертіп Тама халқын тайпасымен,
 Аққұсқа мінді Қази жалын тарап.
 Қырымда Еділменен қалмады адам,
 Жасы асқан он сегізден іске жарап.
 Ыңырсып ауыр әскер елден шықты,
 Білмейді ешкім санын көп шамалап.
 «Абыройды Алла берсе, аламыз!» деп,
 Дербентке темір қақпалы жүрді қарап.
 Қарасай көрген жері күн-түн жүрді,
 5240 «Қай жер?» деп көрмегендер келед сұрап.
 Батырлар жол-жөнекей әзілдесіп,
 Келе жатыр бірін-бірі сөзбен сынап.
 Бастады ер Қарасай асыл текті,

- Ізденіп атасынан қалған кекті.
 Жасынан атасынан жетім қалып,
 Ізіне жаңа ертті мұнша көпті.
 Қайратын өз халқына мағұлым етіп,
 Дұшпанды жеңбек кеулі төңіректе.
 Дұшпанды маңайдағы жеңіп алып,
 5250 Ойы бар адамға айтпас бір ниетте.
 Көрінеді ойға оңбай басқа дұшпан,
 Әуелі бұзып алса бұл Дербентті.
 Қараған хан Мамайға халықты жинап,
 Мақсаты алтын таққа бір мінбекке.
 Дербентке қалың әскер қаптай жүрді,
 Күн көзін ат тозаң түтіндетті.
 Төрт бөліп түн ұйқысын түнде жатпай,
 Жол жүріп, кейбір түні таң күзетті.
 Жол қашық, жері шалғай қалмақ халқы
 5260 Дегенде нақ жиырма күн азар жетті.
 Күтініп қалмақ халқы қалған екен,
 Қарасай тірі кетіп бұл себепті.
 Қалмадың төрт тарабын ноғайлы қамап,
 Аузына дарбазаның әскер төкті.
 Қауіп қылып қарайды одан қалмақ халқы,
 Ертерек ыждаһат етіп күтініпті.
 Жасырын жасқану жоқ дұшпан ашық
 Жағалай ор түбіне қол төгіпті.
- «Тыңдаушы тыныс алып отырсын» деп,
 5270 Айтушы ендігісін толғау етті.
 Аңсаған, азаматтар, абайлаңдар,
 Етейін қысқа назым — қызметті!
- Ауыр әскер, ноғайлы
 Бірі қалмай аттанған
 Қырым менен Еділден.
 Жау болуға бел байлап,
 Қалмақтың дінсіз елімен.
 Темір қақпалы Дербенттің
 Жыңқылдады даласы
 5280 Қамаған жаудың көбінен.

- Ұрандасып жатпады
Келген күні-түнімен.
Қалмақ ішке қамалды,
Кірер деп түнде қаупі жоқ,
Қорғаны шойын, темірден.
Мұндай неше қамаған,
Бұза алмаған өмірден.
Ноғайлыны көріп қалмақтар,
Малдарын тығыш қамалға,
5290 Бүлінген еді күнімен.
Салған бәрі ортаға
Мал тапқандар енімен.
Шырақ жағып қалаға,
Жатпады қорқып түнімен.
Таң атса ұрыс болады,
Ақиқат, рас шынымен.
Мұның да бар батыры,
Билері бар ақылды.
Ойласады барлығы,
5300 Пазыл патша, Өгізбен.
Ақыл сұрайды бұқара
Ішінде басты іріден.
Күнқияшқа сенім жоқ,
Күдерленіп ел үзген.
Астан-кестен көп халық,
Соныменен жүргенде,
Сарғайып тұрып таң атып,
Күн шашырап көрінген.
Күн шашырап шыққан соң,
5310 Патша шықты майданға.
Дарбазаның аузына
Әскерін жинап иірілген.
Ортасында қорғанның
Тік салдырған биік мұнара
Құсбегі отыр — бас уәзір,
Падиша менен сол мінген.
Жекеге шығып көруге,
Туымды ерлер бөлінген.
Қашанғы тұрсын қамалып,

- 5320 Ерлігі асқан елінен.
Қорықпайтын өлімнен
Қара қасқа ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген.
Хорен деген бір қалмақ
Ат сиярлық тесіктен
«Жекеге шық!» деп айқайлап,
«Біреуің кел!» деп көлденең.
Ноғайлыда батыр көп
Қайратын халық көрмеген.
- 5330 «Мың кісіге бір өзім,
Боламын, — дейтін, — мен!» деген.
Бәрі бірдей бола ма,
Жайшылықтағы жүрегі
Жау көргенде тұра ма,
Кейбіреуі үндемеген.
Қалмақтың қылған амалы —
Жасық туған жаманның
Жүрегін алып сөйлеген.
Белдемшесін беліне іліп,
- 5340 Құбарып түсі күрсінген.
«Кім барад?» деп тұрғанда,
Қалың ноғай халықтан
«Мен барамын!» деді де,
Жүре берді ер Көбен.
Ноғайлы, қалмақ — екі жақ
Батырларын мақтады.
Жекеге бұлар кеткенде,
Дарбазасын даярлап,
Қалмақ қолын шақтады.
- 5350 Жазатайым іс болса,
Даяр тұрды жабыла
Қалың қалмақ шапқалы.
Ноғайлылар мұны білмеді,
Алысырақ тұрып қалды.
Тілегін тілеп Көбеннің,
Оқ жетпейтін шамада
Жыңқылдап бұлар топталды.
Жекеге шыққан желігіп

- 5360 Өлім ойлап екеуі,
Бір-бірінен қайтпады.
Шамаға келіп жақындап,
Ашындырып, бауырлап,
Жіберді төгіп аттарды.
Көк сүңгі қолға алып,
Шанышар жерін ойланып,
Қарсы шапты екеуі,
Қауіптеніп жатпады.
Ойынға бұлар жүрген жоқ,
Не болса да шанышады.
- 5370 Екеуі де қолға алды
Қоңыраулаған найзаны.
«Жоғарыға найза қағар» деп,
Екеуі де ойланды.
Мініскер болған батырлар
Көп ұрысқан айлалы.
Салысқанда найзаны,
Айнымады қолдары,
Шым ете қалды қоңдары.
Қайрат қылып, тіресіп,
- 5380 Екеуі де шамданды.
Қайратты туған ер екен,
Күшін сынап жүр екен.
Батыр туған ер Көбен
Хоренді аттан аударды.
Шақтанған көуір шамалап,
Жабыла шауып ат қойды,
Көуірлер іште даяр тұрған.
Көбен жүрді шамданып,
Найза кіріп қоңынан.
- 5390 Хореннің салған найзасын
Қолымен басып омырған.
Аударғанмен өлмей-ақ,
Дұшпанға толды жан-жағы.
Найзасын алып сындырып,
Ұрыса берді бетімен,
Қорқып тоқтап тұрмады.
Абайсызда ноғайлылардың

- Осы арасын алдырғаны.
Бірі қалмай лап қойды,
5400 Аспанға шығып шаңдағы.
Ұрыс болды бұлалай,
Кімдер өліп, кім қалады,
Құдай біледі мұны дағы.
Ұрысқанда бір майдан,
Аққан судай сарқырап,
Құйылды орға қандары.
Қаланың аузы зор майдан
Ат тұяғы бататын.
Намаздыгер кезінде,
5410 Майданды болды тоқтататын.
Күн қызарып кешкіріп,
Баяулады істері.
Нағыра тартып көп қалмақ,
Ығыса барды ішкері.
Жасарал мен Әділхан
Айқайласып ұрандап,
Қолынан туы түспеді.
Ұрысты қойып жөн тартты,
Қостарына түскелі.
5420 Ноғайлы кетті далаға,
Қалмақ кірді қалаға.
Бір-біреуін жеңісіп,
Басылмаған әлі де
Құмарлары іштегі.
Қақпасын қалмақ бекітіп,
Әр жерге отты жағады.
Сансыз жерден шам іліп,
Ғұзырына патшаның
Жиналды әскер, адамы.
5430 Мыңбасыдан түгелдеп,
Өлгендер қанша екенін
Сұрап білді шаманы.
Ұрысқа шыққан әскердің
Екісі үштен қалғаны.
Қалғанның да және де,
Жарасызы шамалы.

- Ақылгөйлер қайғырып,
«Болды, — дейді, — бұл қалай?
Ұрыссақ ертең дәл солай,
5440 Бәрімізді қырады».
- Уәзірлер айтты ханына:
— Бұған бір амал қылайық,
Қақпаның аузын ашпайық,
Қолдағы бар құралды
Малды байлап матап сап,
Ішкі ауызға жинайық.
Іште жатып тым-тырыс,
Жарым айда сынайық.
Азықтарын тауысып,
5450 Сонан соң қайтар ноғайлы,
Кеткенше шыдап тұрайық.
Ығыса қойса егер де,
Аттары арық, өздерін
Артынан қуып қырайық!
Іште жатқан қалмақтар
Осындай айла тауыпты.
Қонатұғын жеріне
Ноғайлылар да барыпты.
Ішіндегі мырзалар
5460 Қасындағы жолдасқа
Қосар атын шалыпты.
Бөктерген атқа азықты
Тауысып ноғайлы алыпты.
Бұлар да санап адамын,
Есебін біліп, қанықты.
Көбеннен өлген он кісі,
Әділханнан жүз кісі,
Ахметтің адамы
Аман-есен келіпті.
5470 Қазифа ерген тамадан
Елу кісі өліпті.
Қарасай мен Жасарал
Әскерлерін санаса,
Онның бірі кеміпті.

- Атақты ерлер абыройлы
 Аман-есен қалыпты.
 Көбеннің жүр қоңында
 Хореннің салған найзасы,
 Сүйекке де дарыпты.
- 5480 Батырлар келіп сыбанып,
 Ұңғыға шылбыр тағыпты.
 Суырып алып күшпенен,
 Жараға дәрі жағыпты.
 Атақты нағыз ерлері,
 Ақылы дана билері
 «Қалмақ ертең қалмайды» деп,
 Қуандырады халықты.
 Айласынан қалмақтың
 Бұқара секем алыпты.
- 5490 Екпінді туған ерлерге
 Ұрыс деген желік-ті.
 Таң сарғайып атқанша,
 Аттан түспей айналып,
 Белгілі ерлер жүріпті.
 Жекеге шыққан Көбенге
 Құдай абырой беріпті.
 Ешкімге айтпай батырлар
 Қайсысы да желікті.
- Осы отырған аламан,
 5500 Ауызыма қараған,
 «Сөйле!» деп берді ерікті.
 Есітуім осылай,
 Кім көзімен көріпті.
 Қазақта жазған тарих жоқ,
 Кім айтса, соған сеніпті.
 Едіге, Орақ, хан Мамай
 Ақиқат рас болыпты.
 Ер Орақтың баласы
 Қарасай, Қазиды анық-ты.
- 5510 Толғап сөйлеп жырауың,
 Көптен бері зорықты.
 Екі минут тер үгіп,

Әңгімеге аударып,
Қандырайын халықты.

Батырлар «Бүгін соғыста абыройды Көбен алды» деп, ертең біраз жекеге шықпақшы болды. Сөйтіп, қаланы айналып жүріп, күнде таңды көздермен атқызды. Қайратты ерлері қайғырып, ақылдылары:— Қой, бүйтіп жата бермейік, бүгін қамалды қоршағалы он күн болды. Азық таусылды. Не де болса ішке кіру жолын қарастырайық. Мүмкін, қорғанның қабырғасында бітелмей қалған тесігі, не жасырын есігі бар шығар. Айнала мұқият қарап шығыңдар!— деді.

Сонымен ноғайлы басшылары ақылдасып Ахметті жіберуге келісті. Жігіттерін жанына ертіп қамалдың сыртын тәптіштеп тексеріп қайтқан Айсаның ұлы Ахмет ноғайлының басшыларына былай деп толғай жөнелді:

— Көп жиналған ноғайлы,
Айналып келдім қамалды.
Айналсам да қамалды,
Таппай келдім амалды.
Осы арадан түстік жер,
5520 Жаяу адам кіргендей
Бір тесік көрдім шамалы.
Әскер сыртта қалады,
Қарабасы аты жоқ
Адам қалай барады?!
Іштегі қалмақ қалың ел
Күтіп жатқан құралды.
Оған кірген жан болса,
Өлімді сатып алады.
Бара алмаймын мен оған,
5530 Көп жиналған халайық,
Білдіргенім шамамды.
Бүгін бізді не қылсын,
Амалын тауып алдырмас
Келе жатқан халық табанды.
Талай босқа қайырған
Ақылы асқан айлалы,
Біқпалы мен қайраты

- Халықтан асқан Мамайды.
Олар бізден таланды,
5540 Ат арыды, адам аш,
Шын сырымды айтайын,
Қайтуды көрем қолайлы.
Мынау тұрған қамалдың
Тоғыз қабат оры бар.
Түстік жерде, мен көрдім,
Шойыннан құйған жолы бар.
Жаяу адам кіргендей
Аржағында сол жолдың
Тоғыз қабат торы бар.
5550 Сиғандай адам тесігі,
Жабулы таспен есігі.
Оған кірген адамдар
Бір пөлеге ұрынар.
Бұл жалғанның жүзінде
Бұйырмай кетіп несібе,
Ажалына жолығар.
Сондықтан да, ағайын,
Ахметтей ноғайдың
Қайтпаққа елге ойы бар.
5560 Ерлігіне сенгеннің,
Тесікке жаяу кіргеннің,
Маңдайының соры бар.
Соры болмай кайтеді,
Зор соғысқа жолығар,
Көп қалмаққа молығар.
Ер болса да екпінді,
Болса да сұңқар тепкілі,
Қиналып жаны барлығар.
Кідірмеймін, қайтамын,
5570 Қайт деп ақыл айтамын,
Мінген атқа қарасам,
Арықтапты жануар.
Араладым әскерді,
Ат қалмапты әскерде
Тер көтерер, жалы бар.
Кідірсек енді кейіндеп,

- Аштықтан халық қырылар.
 Обалына елдің қалмаймын,
 Қалғысы келген қалыңдар.
- 5580 Издегенім жау болса,
 «Жайықтан орын алам» деп,
 Жиналып жатыр сары орыс,
 Соған да мені салыңдар!
 Жеті атадан келе жатқан
 Еділ, Жайық — ол қоныс,
 Соғысайық сол үшін,
 Қалмақта сонша неміз бар?!
 Бізге зәбір тигізіп,
 Қазаннан өтіп бармаққа
- 5590 Талаптанған орыстан
 Жер-суды қорғап қалыңдар!
 Жан сау болса жайында,
 Қайтамын елге, қайтамын,
 Жақыннан жау табылар!

Ахмет пен Жәніке екеуі Сары ноғайға бас болып өз алдына бөлініп тұрады. Қара ноғайлы мен тама, Қарасай мен Қазидың жолдастары бұндай болады деп күтпеген еді.

- Мұның айтқан сөзіне
 Біраз адам желікті енді.
 Сары ноғай қайтуға
 Мақұлдасып бет берді.
 Қырымның халқы бұл сөзді
- 5600 Тегісінен жек көрді.
 Қарасай, Қазидекеуі
 «Қайтпаймын!» деп өктеді.
 Қара ноғайлы тамамен
 Бұларды тастап кетпеді.
 Қайта алмады бұлар да,
 Тек ұрыстан кеулі шеттеді.
 Аңысын аңлап көрмекке
 Ахмет шетке беттеді.
 «Не айтып тұрсың, Ахмет?!» деп,
- 5610 Әділхан бұған кейіді.

- Кейіп тұрып Ахметке
Сонда Әділхан бұй деді:
— «Әй, Ахмет, ерісің
Сен атақты Еділдің!
Мен сыңайын жек көрдім
Айтып тұрған сөзіңнің.
Уәдеміз сенімен —
Осы жер ме еді өлімнің?!
Тірілей көріп келдің бе
5620 Орнын барып көріңнің?!
Айналып келіп қаланы,
Мұнша неге бүлдің?!
Қырылмай халқы қайтпайды,
Қысқа айтайын мен саған,
Ерген болса ықтиярымен
Мына халқы Еділдің!
Дұрыс емес-ау еліңнен
«Ұрысам» деп келген кеуілің.
Тірі болсам мен бүгін
5630 Сол тесікке кіремін!»
Деді де ертіп әскерін,
Әділхан жүрді есікке.
Қырымдағы бұл өзі —
Жасаралдың соңғы жарты хан
Жаяу түнде кірмекке,
Соңындағы әскерге
Есік ашып бермекке.
Аша алмаса осыдан,
Қалмақтан барып өлмекке.
5640 «Ертең сәске болғанда
Бұзамын, — деп, — есікті»,
Өзі мінді желікке.
Намаздыгер болғанда,
Жүре берді жалма-жан.
Әділхан бастап жүрген соң,
Өзінің бөлек әскері
Ізінен мұның қалмаған.
Әділхан кетті бөлініп,
Жәрдем тілеп Алладан.

- 5650 Ешбір адам болмады,
Бұған еріп қозғалған.
Іштегі жатқан көп қалмақ:
«Не қылар дейсің түнде? деп,
Күн кешкіріп кеткен соң,
Қозғала қоймас енді» деп.
Қарасай мен Жасарал:
«Бүгін сол-ақ барсын! деп,
Бұза қойса қамалды
Абыройды сол-ақ алсын!» деп.
- 5660 Қалмақтар да осы түн
«Талапты ері келсін деп,
Қорықпаса кірсін» деп,
Өздері ашып қойыпты
Жерасты жолдың тегісін.
Атсыз жаяу сиғандай,
Қараса түсіп есігін.
Елдің алды жатқанда,
Есікке келді Әділхан
Айтқанын қылмай кісінің.
- 5670 Түзу-қисық екенін
Ерлігімен Әділхан
Ойламады ісінің,
Сайлап алып жүз кісі,
Қамалдың кірді ішіне.
— Не қыламыз біз? — деді,
Ақыл айт, ханым, сіз? — деді,
Он алты жасар жас Әбді
Сол әскердің ішінде.
Сонда Әділхан сөйледі:
- 5680 — Кіріп тұрмын қамалға,
Жүз кісі еріп қасыма.
Таң атқанша таймай тұр,
Осы арада асыла.
Соған шейін келермін,
Түспесе зауал басыма.
Бұл шамада соқпасам,
Табылып жұмыс тоқтасам,
Онда кейін қайта бер,

- Салықта қалған қосыңа.
 5690 Көп ноғайға айта бар
 Алыс сапар айлық жол
 Пендеге келді деп осында!
 Осыны айтып Әділхан
 Далада қалған қолына
 Шұбырып барады ішкері,
 Өзі түсіп алдына.
 Екі жағы тас қорған,
 Жалғыз аяқ жолменен
 Келеді басып қорына.
 5700 Қынаптан қарап келеді
 Оңы менен солына.
 Бір шақырым жол жүрді
 Адамдары соңында.
 Әңгімемнен айтайын,
 Ішкі кірген Әділхан
 Жолықты жаудың зорына.

Әділхан өзінің жанына өлшеп мініп жүрген Нартайлақты Әбді деген қосшысына ұстатып кетті. Манағы Ахметтің сөзіне ерегісіп, өзінің бөлек әскерімен ешкімге қарамай жүре берген. Бұлардың жатқан жері мен жер асты жолының аралығы атты кісіге мезгілдік жер еді.

Тесікке келсе, атты кісі сыймайды. Сиырма қылышты жаяу адам бірінің ізін бірі басып жүргендей ғана екен. Жүз адамға бас болып, өзі ішке түсті. Қалмақтар қулық жасап он күн бойы осы жер асты жолын ашыпты. Екі жағын тас қорған қылып, жалғыз аяқ жол қойған. Бұларды аңдып тұрған қалмақтар жүз адам кіріп болған соң, екі жақтағы ауызды бекітті. Жалғыз аяқ тастай қараңғы жолмен бұлар алдына Әділханды салып, «Алла-лап!» кете берді.

- Қашаннан қалмақ салған өз қамалын,
 Оздырған бір бұл емес сан амалын.
 Алды-арты жыңқылдаған адам болып,
 5710 Әділхан білмей қалды не қыларын.
 Шығуға шетке қарай түннің іші,
 Қарашы жүрер жолдың тар болғанын?!

- Жан-жақты қыспаққа жау алғаннан соң,
 Қылышын суырып ап қысты сабын.
 Әділхан: «Тәуекел, — деп, — бір Аллаға!»
 Жүгіріп ілгеріге басты қадам.
 Жақындап көп адамға келіп еді,
 Қалмақтан сонда біреу айқайлаған.
 «Ілгері енді жүрсең бірер қадам,
 5720 Басыңа орнатамын ақырзаман!»
 Қамалға басын байлап кірген ханың
 Тұрсын ба айқайлады деп қорқып сонан.
 Түн еді бұл жүргені Әділ ханның,
 Қиналар кезі келді әзиз жанның.
 Сөзіне Ахметтің ерегісіп,
 Ішіне кіріп еді бұл қамалдың.
 Болмаса Құдай жәрдем Әділханға,
 Ұрыстың қалмақ біледі көп амалын.
 Қараңғы жүз кісімен жер астында,
 5730 Көп жауға біле алмады не қыларын.
 Аты жоқ астарында, бөрі жаяу
 Құр қылыш, тастап кеткен қаруларын.
 Баршасы жаннан безген ерлер еді,
 Бермейтін жаны шықпай қолдан арын.
 Топталып жұбын жазбай жүре берді,
 Алдына басшы қылып Әділханын.
 Қаптаған екі жағы қалың адам,
 Жүргізбейді енді ілгері басып қадам.
 Бұларда айқай, дабыс, әңгіме жоқ,
 5740 Білмейді басқа жолды ұрысқаннан.
 Мыс құлақ бытыра оқ атып жатыр
 Қалмақтар қамап алып бәрін тамам.
 Бұл жүзі ыдырамай көпке кірді,
 Туғаннан бірге жүрген жолдас-жаран.
 Жан аяп, бас амандап кетпейтұғын
 Бәрі де адамдар еді шын қаһарман.
 Баршасы топқа кірді жасқанбастан,
 Топталып жаяу жүріп ұрыс қылған.
 Бұлардың мен сөйлейін ұрыстарын,
 5750 Сілтеді жақын келсе қылыштарын.
 Сілтесе атқа тиеді айнымастан,

Істеді осылайша жұмыстарын.
Шапқанда ат жығылып, адам өліп,
Дұшпанның алды сүйтіп тыныштарын.

- Ұрыс қылды жүз адам
Осылайша түнімен.
Атса мылтық, дарымайды,
Себебі қаттау киінген.
Жылысып жүріп барады,
5760 Бірі қалмай бірінен.
Кідірте алмай қалмақтар
Жаяуларды мүдірген.
Енді олар қорықты
Ұрыстың мынау түрінен.
Бұлар бүйтіп жүргенде,
Таң сарғайып жадырап,
Күннің көзі көрінген.
Өгіз деген бір батыр
Бұл қалмақтың елінде.
5770 Не екенін біле алмай,
Қараңғыда көре алмай,
Сол жүр екен кейінде.
Қайраты артық ер екен,
Амал ойлап жүр екен.
Әділханға ұмтылды,
Ат үстінен келді де.
Ол жаяу да, бұл атты
Туымы артық ер екен,
Қалмақтан озған қайратты.
5780 Түсі бөлек жан екен,
Жанқаратпас айбатты.
Қаттауына қаратпай,
Найзасы тиді жүректен.
Сегіз қырлы болатты
Абыройлы туған Әділхан
Қолыменен бір қақты.
Қаққанменен болмады
Қарынан шаншып орнатты.
Қылатын қару артына,

- 5790 Қайырып барады қанатты.
Екпінді туған ер неме
Ат үстінен төндірді.
Әділхандай асылға
Қапсыра өткізіп қаттаудан
Ырғап найза ендірді.
Ұрысар еді армансыз
Нартайлақ атқа мінгенде,
Жаяу боп күші кем келді.
Шанышқанын Өгіздің
- 5800 Өзінің халқы жаратты.
Шалдығып жүрген адамды
Қарынан шаншып құлатты.
Өлтірмеді онымен,
Шынжыр арқан темірмен,
Жабылып тұрып елімен,
Алты арбаға байлатты.
Әділхандай ханыңның
Байлап көзін жайнатты.
Қасындағы жүз адам
- 5810 Қанша ұрыс қылса да,
Ала алмапты қалмақты,
Бұған жәрдем болмапты.
Қолынан келсе жүзі де,
Адамдар еді ұятты.
Әділхан бұлай болған соң,
Жүз адамды қалмақтар
Өлтіріп бәрін жайратты.
Бұл ұрыста қалмақтан
Өгіз алды байрақты.
- 5820 Қанаға келіп қалмақтар,
Мінген атын ойнатты.
Өзі сеніп өзіне,
«Кім келеді, — деп, — шеніме,
Есіктің аузын бұл бақты.
- Көп отырған аламан,
Салып отыр құлақты.
Баға берсін есігін

Өгіз батыр сымбатты.
 Енді ноғайлыдан сөйлейін,
 5830 Түсіндіріп бұл бапты.

Таң атқан соң, қалмақтың ері Өгіз Әділханды байлап алып, оның жүз адамын өлтірді. Қасындағыларын шақырып алып: — Қанша адам, ат өлді? — деп сұрады. Сөйтсе, қараңғыда бұлардан да көп шығын болыпты. Сонда ол: — Түнімен өзімізді өзіміз жайратып салған екенбіз ғой. Сендер қалаға барып ат жаңалап мініңдер, шаршаған шығарсыңдар. Басшысын байладым, қалғандарын өлтірдім. Жалғыз ауыздан кіргендерге өзімнің ақ шамам келеді, — деп, сарбаздарын қалаға қайтарып, Өгіз жалғыз өзі жата берді.

Барғанға атқосшы Әбді бала күн шыққанша тесіктің аузында тұрды. Бұлардан хабар болмаған соң, Нартайлақты жетелеп, қоста жатқан ноғайлыға қарап жүрейін десе, ат құлағы салбырап, жетекке жүрмей артына қарап кісінеп, жатып алып аунап, әуреге түсірді. Аттың әлегімен сәскеде қоста жатқан ноғайлыларға әрең жетіп, Әділханның сәлемін айтып сөйлеп тұрғаны.

Он алты жасар жас бала
 Күн шыға келіп Салыққа
 Мынадай деп толғапты.
 Қарасай, Қази, Жасарал
 Барлығы да тыңдапты:
 — Жетегімде Нартайлақ,
 Келемін ұрып борбайлап.
 Екі көзіне жас алып,
 Жүре алмайды бұлғандап.
 5840 Өз-өзінен әлсірейді,
 Сауырынан тер сорғалап.
 Түн жарпында біз бардық
 Ахмет көрген тесікке.
 Атсыз жаяу сиғандай
 Ашық тұрған есікке.
 Жүз кісі алып қасына,
 Өңшең батыр сығайлап.
 Қарауылы жоқ екен,

- Қарап көрдік сығалап.
5850 Маған айтқан бұйрығы:
«Таң атқанша тұр, — деді, —
Осы жерде қарайлап!»
Ол кеткен соң Нартайлақ
Сүт пісірім тұрған соң,
Жата қалды бауырлап.
Төрт аяғы аспанда,
Еріменен бұл аунап.
Жата береді қайтадан,
Тұрғызсам да сауырлап.
- 5860 Кеткен батыр келмеді,
Кідіре берді ол ұзап.
Ұшып жүрген сұңқарға
Кез болмаса болар еді
Қарулы тұрған ау-тұзақ.
Жамандатқыр осы ат
Өз денесін ауырлап,
Баса алмайды маужырап.
Бірымынан осы аттың
Қорқып тұрмын ой ойлап.
- 5870 «Ноғайға сәлем айт! деп ед,
Таң білінсе, қайт! деп ед.
Аман барып әскерге,
Қалдырмай бәрін айт!» деп ед,
Көргенімді баяндап.
Сәлем айтты сендерге,
Атақты батыр, ерлерге,
Ноғайлының ары үшін
Түн ұйқысын бөлгендерге!
«Сеніп Хаққа «Аллалап»!,
- 5880 «Біз кешіксек келе алмай,
Таң атқанша шабаңдап.
Қайтар ма екен ноғайлы
Қарабасын амандап?!
Аман болсам келермін,
Жазатайым іс болса,
Ұмтылар ма екен немесе,
Намыс үшін ұрандап.

- Тастар ма екен сүйегін,
 Іс қыла ма әлде, — деп еді, —
 5890 Ақылгөй ерлер амалдап?!»
 Кеткенінен келмеді,
 Біреуі хабар бермеді.
 Келмеген соң біреуі,
 Қалды ма деп ойлаймын,
 Қазулы орға арандап.
 Ұмтылған қайтпай ақбөкен
 Түбекке барып аралдап.
 Емен желке ер еді
 Айтқанынан қайтпайтын,
 5900 Қайқаятын табандап.
 Келмеген соң, ағайын,
 Ойменен тұрмын шамалап.
 Іштегі қалың көп әскер
 Алған шығар ханымды
 Амалменен қамалап.
 Ұрысқан шығар түнімен
 Қылыш ұрып сабалап.
 Таң рауаны атқан соң,
 Жабылған шығар көп қалмақ.
 5910 Жаяу жүрген адамға
 Жабыла қойса жабырлап,
 Көп адамға жүз кісі
 Қамауда жүріп не қылмақ?!
 Сонан соң құрып амалы,
 Жатқан шығар хандарың
 Бармағын шайнап, тіс қайрап,
 Алқынып, жаяу абдырап.
 Астында аты болғанда,
 Жан шақ келер ол ма еді,
 5920 Салар еді-ау ұрысты
 Екі беті албырап.
 Ойлағанда осыны,
 Кетеді бойым шымырлап.
 Көргенім осы, көп ноғай,
 Сөзімді болдым тамамдап!
 Әділханның хабарын

- Барып білер ер бар ма?!
Ерді тастап кетпейтін,
Ерлігі бар ер бар ма?!
5930 Болмаса ондай бір адам,
Кетемін өзім жалғыз-ақ
Жағалап орды қайтарға!
Он алты жасар бұл Әбді
Осылай деп толғады.
Есітіп жайсыз хабарды,
Бүкіл ноғайлы толғанды.
Батырлары ат ерттеп,
Ұрысуға қозғалды.
«Болған шығар солай» деп,
5940 Жұрттың бөрі ойланды.
Ұрысуға жабылып,
Қамалға амал болмады.
Тоғыз қабат ор қазған
Қамалдың және жан-жағы.
Биік қамал соншама,
Еш лажын таба алмай,
Бүкіл ноғайлы сандалды.
«Болмайды, — деп, — амалы»,
Сары ноғай қайтуға
5950 Іштерінен ойланды.
Атаңа лағнет бұл қалмақ,
Алыстан ақыл-ой ойлап,
Орды мықтап қаздырып,
Түрлі тәсіл қолданды.
Жұрт торығып тұрғанда,
Қайраты асқан ер екен,
Сыналмай әлі жүр екен
Орақтың ұлы ер Қазы
Қамалға қарай жолданды.
5960 Ерлетіп алып Сүркөкті,
Ертіп жүрген бұл көпті,
Жоқтап жүрген бар кекті.
Батыр туған Қарасай
Қазыға қарсы баруға
Ордың батыс жағын айналды.

- Таманы ертіп ізіне,
Қази шапты қалаға,
Аққұс атты ақтарып.
Қарасай кетіп барады
- 5970 Сиыр аяқ Сүркөкті
Тежеңкіреп қаңтарып.
«Жүр!» демеді өзімен
Ешкімге, сірә, сөз салып.
Күнбатыс бетін жағалап,
Кіреді деп ойлады,
Жылдамырақ жол тауып.
Қақпаның аузын бұзбаққа
Тақымына қыстырып,
Бара жатыр балта алып.
- 5980 Ағайынды екеуі
Екі жаққа ат қойды,
Тірі елге қайтпасқа,
Өзді-өздері серт атып.
Тесік пенен қақпаның
Мезгілдік жер арасы.
Кетіп барады тайсалмай
Ер Орақтың баласы.
Жасарал мен Сұлтанай
Бұлар да жүрді ізімен.
- 5990 Кеткеннен соң Қарасай,
Айрылған бұлар төзімінен.
Қайтпастан барып Қарасай
Балталады қақпаны.
Қалмақтар атты іштен оқ,
Басқа амал таппады.
Қази да кірді тесікке
Жаяу, жалғыз оңаша.
Темір қақпалы Дербентті
Айнала жау қамаса,
- 6000 Болмас пе екен қалмаққа
Осы бүгін тамаша?!
Бұза берсін қақпаны
Қарасай батыр балталап.
Ізіне ерген ноғайлы

- Ұшқан тас пен темірді
Таси берсін арқалап.
Мен Қазиды айтайын,
Көп отырған әлеумет,
Құлағыңды сал қаумалап.
- 6010 Қази келді тесікке
Ұлы сөске уақта.
Есігі ашық, імкән жоқ
Кіруге атпен бірақ та.
Екі жүздей тама еді
Қазиға ерген адамы.
Қази айтты былай деп
Ізіне ерген жасаққа:
— Жалғыз жаяу кіремін,
Не болса да көремін.
- 6020 Айтар сөзім сендерге:
Осы араға тұрақта,
Абдырамай асығып,
Кеш болса, егер, қонақта.
Дайындалып ұрысқа,
От пенен суды бер атқа!
Ертіп кіріп сендерді,
Жазатайым іс болса,
Қалармын, — деді, — ұятқа!
Қазиға еріп таманың,
- 6030 Қырылды деп адамы,
Сары ноғай — сықақ ел
Сендерді алар мазаққа!
Осыны айтып ер Қази,
Тесіктен кірді бір өзі,
Сиынып ап әруаққа.
Қолында қылыш болғаны,
«Найза, мылтық, айбалта
Арқалап жаяу қайтем» деп,
Қарамады садаққа.
- 6040 Тесіктен кіріп болған соң,
Көзін салды жан-жаққа.
Алыстан шаһар көрінді
Тегіс жерге орнатқан

- Бір ылдилау алқапқа.
Жүре берсе жеткендей
Күн бататын уақытта.
Жыңқылдаған зор дыбыс,
Дүрсілдеген ат шабыс.
Не екенін білмеді,
6050 Қала алыс, ұзақта.
«Қалай жаяу жетем, — деп, —
Қалада қалың қалмаққа?»
Жан-жағына көз салса,
Қаңтарып қойған қарала ат
Керіледі маралдай,
Біреу жатыр шуақта.
Қайымданып, оңдалып,
Суырып қылыш қолға алып,
Бұл да жүрді сол жаққа.
6060 Ұрысты іздеп сағынған,
«Қақпаны бақ!» деп қалмақты
Өзінен басқа қайырған.
Қази душар келген-ді
Өгіз дейтін бейбаққа.
Қази жетіп қасына
Өте жақын таянған.
Ұйықтап жатыр қорылдап,
Пырыл шығып танаудан.
Әкесі оның ер Орақ,
6070 Жері жоқ қорқып айбынған.
Мінезі еді Орақтың
Дұшпанды көрсе көркейіп,
Жүрегі тасып қайнаған.
Жауатын бұлттай түнеріп,
Найзағайдай ойнаған.
Қарасай еді Ораққа
Туғаннан оған ұқсаған.
Қазидың ауыр мінезі
Мамайша ойды пайымдаған.
6080 Ұйықтап жатқан қас жауын
Оятуды ойлаған.
«Ұйқыда шапсам алмаспен,

- Кетер, — деп, — бұл бейарман.
Кетсін, — деді, — армансыз,
Іс болар, мейлі, Хақ жазған.
Қалайда жетер ажалым
Өлетін болсам мен мұнан, —
Деп ойлады оятып,
Күшімді сынап көрейін
- 6090 Таланыма жазылған.
Өлтіріп кетсем оятпай,
Артыма менің ат қалар
Өлтірді деп жазымнан.
Аты шыққан ер шығар,
Бір масқара қылайын,
Келе қойса қолымнан.
Мәгәр күшім жетпесе,
Себебі шығар сорымнан!»
- 6100 Осыны ойлап Қазийың,
— Жылдам тұр, — деп, — орныцнан!
Қатты айқайлап ақырған.
Айқайынан бұл Өгіз
Ұшып тұрды жалма-жан.
Жасымады жасқанып,
Жалт қарады ол бұған.
Қасында тұрған Қазифа
Мына сөзді айтып толғаған:
— Кім боласың сен өзің,
Ноғайлының бірі ме ең?!
- 6110 Тесіктен жалғыз кіріпсің,
Қорықпайтын кім едің?!
Қылышың бар қолыңда,
Өлім бе, әлде, керегің?
Жөнімді саған айтайын,
Өгіз деген ағаңмын,
Білетін бе едің сен өзің?!
- 6120 Қаланы, елін бағып тұр
Дөл аузында қақпаның.
Түнде кіріп жүз кісі,
Тар жерде бізбен ұрысқан-ды.
Айрықша бір кісінің

- Батырлығына таңғалдым.
 Жаяу жүріп қылышпен,
 Аяғын кесіп ақсатты
 Талай тұлпар аттардың.
 Таң атқан соң мен келіп,
 Жарық болып, көз көріп,
 Олардың бәрін тапқанмын.
 Бастығын байлап арбаға,
 6130 Жүзінің басын шапқанмын.
 Кіргізбеске тірі жан,
 Сонан бері бұл есікті
 Міндетке алып баққанмын.
 Ноғайлының кесірі
 Төсексіз жерде жатқанмын.
 Әдептілікке ұқсайды
 Ұйықтағанды оятқаның.
 Нағылып жүрген баласың
 Жөніңді жылдам айт, жаным?!
 6140 Қази сонда сөйледі:
 — Білемін — деді, — қалмақта
 Аты шыққан өгізді.
 Жатсам-тұрсам тілегім —
 Тап келтір деп ем өзіңізді.
 Болар едім армансыз,
 Өлтірсем сендей доңызды!
 Менің әкем — ер Орақ,
 Білдірейін жөнімді.
 Ағамның аты — Қарасай,
 6150 Ат үстінен аударған
 Жекеге шыққан қызыңызды!
 Қази дейді өзімді,
 Халқым сынап көрген жоқ
 Әкемнен артық-кемімді!
 Қайратыңды аяма,
 Батыр болсаң сенімді!
 Мінемісің атыңа,
 Күресемісің, немесе,
 Шешіп тастап киімді!
 6160 Атым жоқ менің астымда,

- Сенің атың қасыңда.
Күшіңе сеніп егер де,
Күресер болсаң жақында!
Сал қолыңды аянбай,
Келіп менің теңіме.
Ұйқыдан сені ояттым,
Кетер деп арман кеуліңде.
Ақиқат анық ер болса,
Күресер, — деп, — менімен,
6170 Келді менің кеуліме.
Не келіп отыр ойыңа,
Көшші батыр жөніңе?!
Өгіз сонда сөйледі:
— Ұйқыдан мені ояттың,
Оятып алып сөз айттың.
Осындай да бола ма,
Асыл текдар, зор айттың?!
Ерлік қылып оятып,
Түсінерлік кеп айттың.
6180 Астыңда неге қалайын
Атқа мініп ұяттың!
Қалауыңды қылайын,
Ұрайын ба құлағын
Үстіне мініп бұл аттың?!
«Күресем» деген сөзіңді,
Бәрекелді, жараттым!
«Атқа мініп жаяуды
Өлтірмейтін есі бар?!»
Деген қаңқу ертең-ақ
6190 Жаныма батар деп ұқтым.
Жығылсам да, жықсам да
Болмасын сөзі халықтың!
Осыны айтып Өгізің,
Беліне буды белбеуін.
Ағытып жатыр босатып
Тамаққа салған ілгегін.
Қази да жатыр қамданып,
Шешініп артық киімдерін.
Бәрекелді, ер екен,

- 6200 Күшін сынап жүр екен,
Күтіп жаудың келгенін.
Жаяумын деп айтқан соң,
Миясар көрмейді басына
Өзінің атқа мінгенін.
Ерлігіне сеніп тұр,
Ойлайды әдәл жеңгенін.
Заманында бұл Өгіз
Артығы екен пенденің.
- 6210 Қази да тұр қуанып,
Ақша жүзі құбарып.
«Жығылсам да, жықсам да
Мықтыға, — дейді, — кез келдім!»
Бұл екеуі күресті,
Мықтыға санап өздерін,
Аямайды жеңгенін.
Ұлы сәске болғанда,
Екі батыр ұстасты
Бір-бірінің белдерін.
Бұл екеуі күресті
- 6220 Ұлы сәске уақта.
Көретұғын адам жоқ
Күрестерін бірақ та.
Екі арыстан алысты
Айдалада шуақта.
Бекем ұстап белдерін,
Бастарын байлап байраққа.
Ерлердің еткен ісінің
Түрі басқа қай уақытта.
Жандары жүр қысылып,
- 6230 Мінді екеуі қайратқа.
Айналып жүріп алысып,
Ойлады тәсіл қылмаққа.
Қолданды әдіс айбынбай,
Өгіз батыр бір шақта.
Көтерейін деп еді,
Қази бұған көрінді
Қара тастан салмақты.
Сілтеп еді қозғалмады,

- Тіреді екі аяқты.
6240 Әрлі-берлі жұлқыды,
Жығамын деп ұмтылды,
Мөлтілдеп қара тер ақты.
Осыменен алысып,
Зауал ауып барады,
Песін қаза болады.
Кіші песін болғанда,
Сонда барып қалмаққа
Қази қайрат қылады,
Сиынып ата-аруаққа.
- 6250 Шіреніп төске көтерді,
Жеңіліп Өгіз барады
Тең болып ұшқан қаңбаққа.
Қуат берді Жасаған,
Әруақ келіп атадан,
Өгізді Қази құлатты.
Төсіне мініп отырып,
Екі қарын ер Қази
Екі теуіп уатты.
Екі қары сынған соң,
- 6260 Күші басым болған соң,
Өзі үстінен тұрды да,
Жатыр еді қынапта.
Алмасын алды суырып,
Орақтан қалған ақ алмас
Сілтесе мұнан жан қалмас.
Заманасын қуырып,
Қолына алып алмасын,
«Көрсетейін азар» деп,
Сілтемек дінсіз ақымаққа.
- 6270 «Жылдам шауып таста! деп,
Іс қылма маған басқа!» деп,
Аңырап Өгіз жылапты.
Сонда Қази сөз айтты,
Сөз айтқанда мұны айтты:
— Көрсетіп азар жіберем,
Өлтірмеймін, Өгізім.
Хан, халқыңа айтарсың

- Көргеніңді, доңызым!
Қақпасын ашып еркімен,
6280 Барамын ертең ерте мен.
Даярласын үлгіріп,
Қазынасын тайласын!
Қамалдан малын айдасын,
Бастың қамын ойласын!
Қызық көрсе тірлікті,
Әділханды босатсын!
Тірі жатса байлауда,
Мен барғанша келтіріп
Қанасына ханымды,
6290 Қонаққа алып жайласын!
Күнқияштай хан қызы
Бәйгеге басын байласын!
Ашпағанмен бұзамын,
Қылсам да қалай осы түн.
Қарабасың қайттап,
Қашып кетпе сен өзің!
Халқыңа барып баянда,
Қалмасын ұмыт бір сөзім!
Осыны айтып ер Қази,
6300 Кесті екі құлағын
Және кесті оң қарын.
Құлағын кесіп сымпитып,
Келтіреді сияғын.
Өз атына мінгізіп,
«Бар, — деді, — жылдам, дорағым!
Көргеніңді айт! — деді, —
Халқыңа жылдам хабарын!»
Атының басын жөндеді,
«Тура жолмен жүр!» деді,
6310 Осылай Қази іс қылды,
Жөнелткендей қонағын.
Құлақтан аққан қара қан
Қып-қызыл қылып бояды
Қарала аттың сирағын.
Есін танды есірек,
Біледі жолдың сорабын.

Бұратұғын қолы жоқ,
 Бұрынғыдай күні жоқ,
 Бастан өтті дүние боқ,
 6320 Кестіріп алып құлағын.
 Жолға салып жөнделі,
 Артынан ұрып «шүһ» деді.
 Атының өзі келе жатыр
 Жем жеген жерге пырағың.
 Қарасын көріп қаланың,
 Танып келеді тұрағын.
 Жиналып келген әлеумет,
 Өңгіме қылып айтайын
 Азын-аулақ бұл жағын.

Қазі Өгіздің оң қарын және екі құлағын кесіп масқаралап, атына мінгізіп, «ханыңа сәлем айт!» деп қайтарып қоя берді де, өзі кірген тесігінен қайта шығып, жолдастарына қосылып, таң сарғайып атқанда қақпаның аузына келді. Қақпаның аузына келсе, Қарасай жүресінен отырып алып, оны балталап сындырып жатыр екен. Жасарал ту көтеріп Қарасайдың қасында тұр. Қырымның елінен келгендер де оларға жақын екен.

Қарасайдың жасақтарының көпшілігі сары ноғай еді. Сары ноғайдың бастығы Ахмет пен Жәніке би: — Өділхан мен Қазі екеуі де өлді. Бұл қамал бұзылмайды, — деп, сары ноғайларды ертіп қайтып кетіпті.

Бұлардың қайтқаны қайтып, қалғаны қақпаны бұзбақшы болып жата берсін. Енді бағанағы Өгіз жөніне оралайық. Ол шам жаққан уақытта шаһарға келді. Хан сарайына келіп, азанғы көлеңкедей боп сүмірейіп, көрген-білгенін ханына айтып жатр:

6330 — Асыл туған ардақтым,
 Отырмысың тағыңда?!
 Көргенімді айтайын,
 Құлақ салып сіз тыңда!
 Қалаға халықты қайтардым
 Күн шыға барып қорғанға.
 Жүз ноғайды өлтірдім,
 Қырылды қойдай шалғанда.

- Бастық болған батырын
Байлаттым алты арбаға,
6340 Жасырын есік аузында
Күзетіп жалғыз қалғанда.
Қарала атты қаңтарып,
Қисайып тыным алғанда.
Қалғып кетсем басымда
Айқайлап тұр бір адам.
Айқайынан оянып,
Жөнін оның сұрағанда
«Ер Оарақтың баласы —
Қазимын!» деді маған да.
6350 «Күресейік!» деп айтты,
Сол үшін мені оятты.
Өлтіріп те кетер еді,
Не істер ем оятпағанда?!
Өзі жалғыз, һәм жаяу,
Қылыштан басқа қару жоқ
Бұл ноғайдың ерінің.
Әділетті арыстанның
Ерлігіне ерідім.
Тәуекел деп күрестім,
6360 Көрейін деп баланың
Мықтылығын белінің.
Бір адамға бір адам,
Жаяуға қарсы ат мінуді
Ар көрді, тақсыр, кеуілім.
Сәскеден бастап күрестік,
Жыға алмадым мен оны,
Қарады зауал аууға.
Кеш болғанда өрледі,
Қылмады әдіс қозғалып,
6370 Бірақ келтірмеді шалуға.
Белімді қысып сығымдап,
Жиып алды бауырға.
Көтеріп ұрды шалқамнан,
Мен сықылды еріңнің
Қаңбақтай болды ауырлығы.
Кеудеме мініп отырып,

- Қинады былай жанымды:
Кесіп алды құлақты,
Ағызып судай қанымды.
- 6380 Кесіп алды және де
Оң жақтағы қарымды.
Мінгізіп өзі атыма
Жазаның берді ауырын.
Жолға салып жөндеді,
Артынан ұрып «шүһ!» деді.
Желе берді астымда ат,
Қамшы тіліп сауырын.
«Сәлем айт, — деді, — ханыңа,
Қақпаны ашып бермесе,
- 6390 Шабамын ертең қауымын.
Ойласын, — деді, — жағдайын,
Халқы мен өз қамының!»
Ол жүргенде жалғанда,
Соры бар ма деп қорқамын
Қалмақтың мына халқының.
Құртып келді батырың
«Ханыңа тағы айт, — деді, —
Қазынасы, таласын!
Менен тірі қалуды
- 6400 Көп кідірмей ойласын!
Әділханды байламай,
Қонақ қылып жайласын!
Күнқияштай ханшасын
Өз қолымен ұзатып,
Бәйгеге тіксін бір басын!
Дарбазасын өзі ашып,
Даярласын ордасын.
Бұл айтқанды қылмаса,
Қанын төгіп Қарасай,
- 6410 Қолымен өзі бұзғасын!
Ертең сәске болғанда,
Қақпадан ағам кіреді
Ертіп әскер, жолдасын!
Деп айтты маған дәл былай:
«Қырық мың жатқан қалмағың

- Барабар соған салмағың,
 Халық қылам десе қалғанын,
 Осы айтқан тілді алсын!»
 Жөнін айтып білдірді
 6420 Ноғайлы деген ел екен,
 Арғы атасы халқына
 Атағы шыққан пір екен.
 Өз әкесі ер Орақ
 Қайраты асқан ер екен.
 Бұл баласы болса да,
 Тап Орақтың өзі екен.
 Қазанбасты өлтірген
 Орақ өлді дегенмен,
 Өлі тірі жүр екен.
 6430 Әйеукені өлтіріп,
 Қалмақты солар бүлдірген.
 Сол Орақтың баласы —
 Қарасай, Қази екеуі
 Қайтпайтұғын қанды көз
 Туысы артық ер екен!
 Хан кеңесі құрылса,
 Отырар жері төр екен.
 Жау кеңесі құрылса,
 Жасқанбас батыр дер екен.
 6440 Көргенім жоқ Орақты,
 Айтуынан байқасам,
 Өкесіндей зор екен!

Өгіз осындай болып келіп және қайғылы сөз айтқан соң, ел екі жақ болды. Біреулері: — Өгіздің айтқанын қылайық, қақпаны ашып, бітімшілік жағын сөйлесейік, — деді, Енді біреулері: — Не айтып тұрсың өзің, аштан өлейін деп жүрген ноғай қақпаны бұза алатын ба еді?! Ықтап тұрып-тұрып қайтып кетеді. Бұл ұйықтап қалып қол-аяғын кестіріп жүрген адам ғой! — деп ашу шақырып жатты. Сөйтіп жүргенде, таң атты. Зауал ауып, түс те қайтты.

Өділхан кешеден бері байлауда жатыр. Беденіне арқан баты. Ноғайлыдан хабар жоқ, қимылдауға мәдер жоқ. Өлер әлетке келіп жатқанда бір топ көк кептер ұшып келіп, Өділханның

тарыққан кеулін дәлбеп: «Уа, дарих! Менің жайымды білер жан қайда? Жасарал мен Қарасай, Қазифа менің сәлемімді жеткізіңдерші?! Ноғайлыларға сәлем айтыңдаршы!» — деп, кептерлерге тіл қатып жатқаны:

- Көк кептер, көкке ұшып қанат қаққан,
Шарық ұрып қалықтайсың сен шаттықтан.
Жатырмын жаным сүйіп қимылыңды,
Ойымның қылын шерткен көп аптыққан.
Әуелеп емін-еркін ұшып жүрсің,
Байланып мен мүсәпір жерде жатқан.
Дұшпанның қанын төгіп, қылыш ұрып,
6450 Ер едім мініп тұлпар ойнақтатқан.
Тақ мініп, тап билеген адам едім,
Төрелік айтып тура шарифаттан.
Таңдаған су тұнығын құлан едім,
Су ішкен тұнба қара тас бұлақтан.
Ақбөкен ар тұтынып кесе ортады,
Ол жүйрік жер жүзінде айуанаттан.
Ерегіс екі талай болған екен,
Кездесті сүрікті күн, құрған қақпан.
6460 Көкке ұшқан көтеріліп, көк кептерлер,
Сен хабар білесің бе әскер жақтан?!
Білсең де, білмесең де дос тұтыңдым,
Күтпеймін еш жақсылық мен қалмақтан.
Су ішіп, дөнге тойып шалықтамай,
Сәлем айт ноғайлыға біз тараптан!
Сәлем айт Жасаралдай асылыма,
Күн қайда аман жетер қосыныма?!
Жасарал жанын жылау қылмас па еді,
Көзімен куә болса осыныма.
6470 Ары ұшын ноғайлының аңдамадым,
Білмедім өз пайдасын басымның да.
Арман жоқ арым үшін өліп кетсем,
Ит қалар қамын ойлап басының да.
Қамалдан халқым хабар ала алмады,
Жасарал қала қойса мендей болып,
Мен қамалға түспес пе едім тұрған шыңда.
Сөзіне Ахметтің ерегісіп,

- Ерлік пен қатар қысып ашуым да.
Даңқ болып қалса ісім болады дағы,
Күш жетпей, жеңбесем де қасымды да.
- 6480 Ер Әли — Жаратқан Хақ шын шерісі,
Ажалы құлдан болған ақырында.
Көк кептер, Жасаралға сәлемімді айт,
Жатыр деп жан жолдасың қайғы-мұнда.
Көк кептер, бұл сөзімді ал жадыңа,
Ұмытып кетіп жүрме сен жайыңа.
Қазига Қарасаймен көп-көп сәлем,
Сүйеніш болып жатыр ойларыма.
Атасы асыл туған абзал еді,
Ноғайлының бас байлаған боларына.
- 6490 Бақытын Қарасайдың көркейтпекке,
Еш пайда ойламадым өз арыма.
Қалмақтан халқым қылған пайдасы жоқ,
Пайдасын Еділ көрген қашанында.
Қалмақты Орақ, Мамай қамап шөлге,
Дінсіздің басып қонған Шағанына.
«Әділхан жаудан қайтпас ер еді» деп,
Сөз қалса келешекке болады да!
Үміткер екеуінен болып едім,
Кірер деп бұзып қалмақ қамалына.
- 6500 Сөткіге мен кеткелі жақындады,
Барады күн кешкіріп, зауал ауа.
Ұран жоқ Едігедей егеулі ерден,
Келмейді ешбір хабар құлағыма.
Шалқамнан қалмақ халқы салды байлап,
Әлім жоқ жан-жағыма қарауыма.
Жандарын жан қалтаға сала берсін,
Тұрмайды сүрік бітсе амалына.
Олардан күдер үзер уақыт болды,
Сиынып шарықтаған шаттаныппын,
- 6510 Қарамай басымдағы уайымға,
Келмейді еш жақсылық құлағыма.
«Әділхан ерлігі артық ер еді» деп,
Сөз қалса келешекте болады да.
Айуан адамзатты есіркей ме,
Сүйінбе, ұшқан құстың хабарына!

- Көк кештер, аунақшыған ұшып көкке,
Сүйініш сөзім дағы айтқан текке,
Айтайын ойдағыны ойыма алған,
Ықтияр, істің еркі Құдіретте!
- 6520 Жарар деп жастайынан қосшылыққа,
Әбдіні Әділханның ізіне ертті.
Жас бала он алтыда не қылады,
Жұмысы ат ерттеген қызыметте?!
Көк кештер, сәлем айтсаң оған да айт,
Қалдырма, Әбдіжанды аттап өтпе!
Жақында жай білетін жараным жоқ,
Айтамын қиял таулап тек ермекке.
Ұшқан құс, артықсындар осы күнде,
Түсесің, сұңқар кезіксе, қандай күйге?!
- 6530 Көргенде ақсұңқарды көк аспанда,
Тығылып қашпас па едің кіріп үйге.
Сонда да менен сенің ойың толық,
Ойының әсер берді кеуліме.
Әбдіге бір аманат тапсырайын,
Айтарсың барсаң ұшып жылдам-демде.
Бұл күнде көзің көріп жүрген шығар,
Қамалған қамалыңда әскерлерді.
Әбдіге айнытпастай айтарсындар,
Тапсырып айырықша мына сөзді:
- 6540 — Сауарын Нартайлақты екі мезгіл,
Қоржыннан қос уыстап берсін жемді.
Сипасын сәске уақытта жабу алып,
Күймесін, абайласын, түгі күнге!
Басталған тап осы уақ күздің айы,
Жабуын айырмасын күндіз-түнде.
Құлыннан қолдан баққан Нартайлақты
Көксейді көкірегім бір мінерге.
Кеудеде жаным жатыр, көремін де,
Кім білед, көз жеткен бе ілгеріге?!
- 6550 Егер де жазатайым болып кетсем,
Беде жем кім береді ол бедеуге?!
Тұғыр мен тоқалжалды бірдей болып,
Жалаңаш жайылады-ау боз көдеге.
Айтайын олайынша уайымды,

- Жатыр ғой өзiрiнше жан кеудеде.
 Сыналар жұмыс болды бiздiң елге,
 Бұл жұмыс сын болып тұр туымды ерге.
 Әдiлхан, Құдайға сен, құсқа сенбе,
 Уайым олай-бұлай барма сөзге!
- 6560 Қарасай, Қази менен Жасаралға —
 Жұмысым қиын болды-ау үшеуiне!
 Ахмет абыройсыз, күле қарар
 Есiтсе сенiң жатқан бұл күйiңе.
 Дұшпанға сыр бермейтiн сыпайы едiң,
 Туғаннан туымың бар бiр кеуiлде.
 Жақында дұшпан тыңдап тұрған шығар,
 Қиялым ере берме бос сөзiңе.
 Айтты деп құстан сәлем күлкi қылар,
 Бiр ноғай ауып есi өлерiнде.

Әдiлхан кештерлерге кеуiлiндегi мұқтажын айтып жата берсiн. Ендi қақпаны бұзып жатқан Қарасай мен Өгiздi масқаралап жiберген Қазидан, қаланың iшiндегi қалмақ пен сыртындағы ноғайлыдан айтайық.

- 6570 Қалмақ халқы қайғырды,
 Өгiздi көрiп айбынды.
 Таң сарғайып атқанда,
 Күн шашырап шыққанда,
 «Ашайық, — деп, — қақпаны»
 Бүкiл қалмақ ой қылды.
 Бұлар бүйтiп жүргенде,
 Қарасай да балталап,
 Бiр жапсарын күл қылды.
 Сияр аяқ Сүркөктi
- 6580 Жетелеп iшке кiргiздi.
 Белдемшесiн белдендi,
 Iсiн аман көрген соң,
 Көкiрегi желдендi.
 Қатуланған Қази да
 Бiр жапсарын бұл бұзды.
 Жетелеп атын кiргенде
 Бiр суынып, бiр қызды.

- Екеуінің ізінен
Қорықпайтын ноғайлының
6590 Ішіне кірді ерлері.
Қалай қалсын далада
Жау іздеп келген бектері.
Кірген соң тұрсын несіне,
Аянар емес түрлері.
Қарасай, Қазі — қос жетім
«Едігелеп!» ұрандап,
Жүре берді ілгері.
Қамалып тұрған қалмақтың
Аш бөрідей тайсалмай,
6600 Арасына кірді енді.
Ту көтеріп Жасарал,
Ілгері жүріп қас қылды-ай.
Қарасай мен Қазидың
Көзі ешнәрсе көрмеді,
Қойға тиген қасқырдай.
Атақты ері қалмақтың
Өгіз еді қошқардай.
Қазі оны жіберген
Бүгін етіп масқара-ай.
6610 Ұрыса берді қалмақтар,
Бас амандап қашпады-ай.
Бесінге дейін ұрысып,
Қайрат қылды жасқанбай.
Намаздыгер болғанша,
Кіргенменен қақпадан
Көшенің жолын ашпады.
Қанша қайрат қылғанмен,
Кіре алмады көшеге.
Қазі ойлап бір ақыл,
6620 Былайша ұрыс бастады:
«Едіге!» деп ұрандап,
Қазі шапты айнала
Адамсыз жермен қалаға-ай.
Қарасай өтеді көшеге
Кеш болғанына қарамай,
Сияр аяқ Сүркөкті

- Сауырына қамшылай.
 Ұмтылады ілгері
 Түн болса да Қарасай.
- 6630 Байлауда жатқан Әділхан
 «Едіге!» деген ұранды
 Есітеді құлағы.
 Сол уақытта күн батып,
 Сам жамырап қарады.
 «Едіге!» деген ұранға
 Тұла бойын тасқындап,
 Шексіз күш билеп алады.
 «Я, Құдайлап!» бұл дағы
 Қатты айқай салады.
- 6640 Байлауда жатып жұлқынып,
 «Тұрамын!» деп ұмтылып,
 Шіреніп кеп қалады.
 Байлаған бұны алты арба
 Тегермеші теңселіп,
 Біріне-бірі соғады.
 Айнала шапқан бала Қазиді
 Айқайлаған дауысымен
 Мұны тауып алады.
- 6650 Әділхан мен ер Қазиді
 Ақмоншақ атқа мінгесіп,
 Қақпаға қайта барады.
 Ту көтерген Жасаралға
 Әділханды әкеліп,
 Қазиді былай сөйледі:
 — Ту көтерген, Жасарал,
 Не ойлап тұрсың, сен?! — деді.
 Біздің мынау Қарасай
 Кеудесінде жаны жоқ
 Шын ақиқат ер! — деді.
- 6660 Осы жүрген бетімен
 Ұрыса береді бұл! — деді.
 Елден шыққан ноғайдың
 Кейін қайтып көбісі,
 Аз қалыпты ел, — деді.
 Әділханнан артық па

- Бір адамның ерлігі.
Жүз адамды өлтіріп,
Байланыпты, көр! — деді.
Мұның мұндай болғаны —
6670 Қасында адам кем! — деді.
Қарасайды қайырып,
Далаға қайта жүр! — деді.
Осы түннің ішінде
Бізге керек нәрсені
Қалмақтың өзі береді,
Шамамызды көрді енді.
Ақылы асқан патшасың,
Абыройды аласың,
Осы түннің ұрысын
6680 Сұрай келдім мен! — деді.
Ұрысуға болмайды,
Алдымыз болды түн! — деді.
Біз төртеуміз болмасақ,
Көптің жайы белгілі,
Бұл да тайпа халық қой.
Екі аяқты, бір басты,
Қанша айтқанмен бұлардың
Саны бізден артық қой.
Көшесінің ішінде
6690 Неміз бар біздің соншама,
Одан да тыңда, сен! — деді.
Ойлап тұрмын бір ойды,
Жасарал патша, мен! — деді.
Қырым менен Еділден
Аттанды қалмай ел, — деді.
Жоқтап шықтық ар-намыс
Атадан қалған бір кекті.
Сары ноғай табында
Бәрі қайтқанға ұқсайды,
6700 Ахметтей ер менен
Жәнікедей би кетті.
Ойлаған шығар қайтқандар:
«Әділхан, Қәзи өліп қап,
Қарасай мен Жасарал

- Алды да мойнына бейнетті».
 Сіз бенен бізге сәл бүгін
 Құдай берді абырой,
 Абыройсыз олар кетті.
 Бергені емей немеңе,
 6710 Бұздық мынау Дербентті!
 Бұл бір арман болып ед,
 Әділхан аман қосылды,
 Көмектескен оған Құдірет-ті.
 «Қалмақтың Өгіз батырын
 Масқаралады» деген сөз
 Қаланы бүкіл тітірентті.
 Шыға алмады жекеге
 Ұмытқан шығар тірлікті.
 Шықпағаны ұрысқа
 6720 Бірдеңеге ілікті.
 Ендігі қалған Күнқияш
 Келмес пе екен таң ата,
 Шамам менің ретті?!
 Қайырмасаң, Қарасай,
 Өзі біліп қайтпайды,
 Нағыз жансыз ер, — деді.
 Өзі өлмей біреуден,
 Не қалдырмай Сүркөкті.
 Қаласында неміз бұл көпті?!
 6730 Құрта алмаспыз бұл көпті?!
 Өстіп жүріп біз әлі
 Қозғармыз, — деді — бұл жұртты.
 Мәнжүрдің елі есітсе,
 Қытай, қалмақ екеуі
 Бір ұстаған дінгекті.
 Біз келгелі қалаға
 Бірталай күн мен түн өтті.
 Онан келсе көп қалмақ,
 Жақтаса қойса қытайлар
 6740 Да бізге сын жетті.
 Ойлап қара, Жасарал,
 Осы бүгін далаға
 Шығуымыз керек-ті.

Бүгін жатсақ далада,
 Қорқа қойса бұл қалмақ,
 Күнқияштай қызымен
 Сөйлесер патша бір кепті.
 Мал-дүние аямай,
 Көрсетер ертең зейнетті.
 6750 Ойыма менің бұл дұрыс,
 Не ойлап тұрсың сен енді?!
 Қазидың айтқан бұл сөзін
 Жасарал патша «жөн» деді.

Сонымен Жасарал Қазидың бұл сөзін мақұл көріп, Қарасайды қала ішіндегі ұрыстан әрең дегенде далаға алып шықты. Күндегі қос тіккен жеріне барып, ноғайлылар жата берді. Қаланың қақпасы бұзылған соң, ноғайлылардың Дербентті алмай тынбайтынын біліп, «Өгіз болса, мынадай халде, енді Күнқияш ұрысқа шыға ма екен, шықпай ма екен?» қалмақтардың жасы үлкендер жиналып Күнқияшқа келді.

Күнқияш: — Қарасайдың артынан қуып, мені жолдан алып қайтқаннан бері мен мұсылман дініне кіруге ант бергенмін. Әрі Қарасай қалайда өзі келіп алып кетер деп жүр едім. Сондықтан мен оларға қарсы шыға алмаймын! — деді. Сонан соң қалмақтар: — Қарауымыздағы дүние-малды алып бітімшілікке жүр, халқымыз аман қалса болар, — десті.

Ноғайлыларға баруға келісіп, олар Күнқияшты қаладан тысқа шығарды. Енді оның қасына бір кісіні қоспақ болды. Күнқияшты қаладан тысқа шығарып қойып, кімге айтса да ешкім баруға батыл көрсетпеді. Адам шықпаған соң, «өлсе ит терісі, өлмесе қой терісі» деп Өгізді қосты. Күнқияш пен Өгіз ноғайлылардың қосынына келіп, Қазиды тауып алды.

Өгіз кідірмей, Қазифа тіл қатты:

— Жатырмысың, ер Қази,
 Келді мына соғымың!
 Ханға айттым қалдырмай,
 Бірде-бірін сөзіңнің.
 Қақпаны бұзып Қарасай,
 Істеді бүгін білгенін.
 6760 Шамалап айтып болмайды

- Халықтың бүгін өлгенін.
Біздің халық қорықты,
Бұл да сенің жеңгенің.
Ықтияр болып байлады
Күнқияштай хан қызын,
Бұл олжаға көнесің.
Жылқы, түйе аласың,
Біз бергенмен алмайсың
Сиыр мен қойды сен өзің.
- 6770 Қаладан тысқа шығарады
Дүнияны тайлатып,
Аласың содан керегің.
Қоймаймын десең өзің біл
Дербенттегі қалмақтың
Бұл жалғанда дерегін.
Онымен қалмақ құрымас,
Мәнжүр деген жерімде
Хабарсыз жатыр көп елім.
Оған хабар беруге
- 6780 Арланып едім мен өзім.
Қайтарамыз еліңе
Тұрсаң айтқан уәдеме,
Тек таңы атсын Тәңірдің.
Айтарсың және, батырым,
Кемісі болса кебімнің.
Бәрі бітті ойлансаң,
Бұл қалмақтан керегіңнің.
Орыны толды ортаймай,
Мұсылманның кегінің.
- 6790 Бұл жалғанның жүзінде
Бейшара болып мен қалдым,
Орны бітпес кемімнің.
Бағана ғана кесілген
Айтары осы Өгізіңнің.
Біздің елде қалған жоқ
Қарасай, Қази арманың.
Атаң кеткен бұза алмай,
Бұл да абырой емес пе
Дербентті бүгін алғанның?!

- 6800 Күнқияшты және алып,
Қазына, дүния, сыйларын,
Айдап қайтсаң малдарын?!
Құрта алмассың қалмақты,
Төккенменен қандарын.
Мұсылмандыққа сай келмес,
Қырсаң енді балдарын.
Ұрысқа келген кешегі
Бір ардақты ханыңа
Көрсетем деп қорлықты
- 6810 Алты арбаға байладым.
Ізіне ерген жүз адам
Бәрін де өзім жайладым.
Өлтіре алмай тек оны,
Ойымда кетті арманым.
Құлақ пен қолым кесіліп,
Тек тілімменен сайрадым.
Көрсетіп қойдың азарды
Мен секілді батырға,
Тарлығын қылып жалғанның.
- 6820 Елді саған тастады
Тесіктен шығып қашқанда
Мәнжүрға қарай хандарым.
Аты шыққан адамдар
Еркін берді шолаққа
Осы бүгін мал-жанның.
Шұнақ пен шолақ болсам да,
Бақыт болып қонып тұр.
Қази маған қылғанын
Көрдiңдер ме, батырлар,
- 6830 Жасарал мен Қарасай?!
Осындай етті ер Қази,
Жолығысып оңаша-ай.
Осы айтып болғаным,
Көп ноғайлы баласы-ай.
Мұнымды қалай көресiң,
Сөзімнің осы сарасы-ай.
Өгіз айтты осылай
Ноғайлыдан көргенін.

- Бітім айтып араға
 6840 Баяндады жүргенін.
 Ноғайлы бұрын білген жоқ,
 Қазидың қорлық бергенін.
 Айтқанда Өгіз бұл жайды
 «Қалмақты алған Қазидең деп,
 Қайратыңа пөли!» деп,
 Паш етті оның ерлігін.
 Қазидең сонда сөйледі:
 — Жасарал мен Қарасай,
 Және басқа ерлерім!
 6850 Қалай дейсің, көпшілік,
 Күнқияш пен Өгіздің
 Бітім айтып келгенін?!
 Мұны мақұл көрсеңдер,
 Қабылдайық сөздерін.
 Қайырайық бұлардың
 Бізге келген еңбегін.
 Туған жұрты болған соң,
 Қырғызсын қалай елдерін?!
 Менің ойым осылай,
 6860 Абайласам жөңдерің.
 Бұған жауап беріңдер,
 Қырымнан келген ерлерім!

Қазидең мұны айтқан соң, Жасарал:—Қалмаққа бітісуге өзің бар, — деп, Қазидең рұқсат етті. Қазидең Өгіз бен Күнқияшты шығарып алып:—Сіздер бізге деген дүние-малды, адамдарды ертең күн шыққанша дайындаңдар!— деп, екеуін еліне қайтарды. Олар қайтып кеткен соң, Жасарал Қазидең айтқан сөзінің орынды жеріне жұмсалғанына, бүгінгі соғысты тоқтату жөніндегі кеңесіне риза болып «егер хан қойса, ағасы Мамайдан кем болмас» деген қиялға тоқтады.

Сөйтіп, көпшілікті шақырып алып, Қазидең жайлы өз пікірін бастан-аяқ баяндап, «Кемеңгерлік сөз—балдай тәтті» деген халқымыз. Қазидең сондай кемеңгерлік көрсетті. Сондықтан оның атын алдағы уақытта «Бал-Қазидең» деп атайық деді. Барлығы бұған келісті. Өгізді көзімен көргендер Қазидең ерлігі мен еңбегін мақтаныш етті.

Енді екі жақты келісімнің немен біткенін баяндайық.

- Халайық, тыңда отыр құлақ салып,
Таң атып осыменен болды жарық.
Баршасы аттаныпты ноғай халқы,
«Қалмақтар ұрысар» деп қылмай қауіп.
Қалаға бір шақырым жақын келіп,
Төрт жерден ту көтеріп тұрды барып.
Қалмақтар Күнқияшқа еркін берген,
6870 Өгізді жолдастыққа жүрген алып.
Ішінен шаһарының дүние-малды
Қойдырған түніменен бұл шығарып.
Жасарал ноғайлының падишасы,
Халықта артық мұның даражасы.
Еділдің ноғайлысы елге қайтып,
Бөлініп қалған мұнда көп тамасы.
Мамайдан бері қарай қоңсы болған,
Және де Қарасайдың шын жолдасы.
Қырымнан келгендердің кеткені жоқ,
6880 Һәммесі түгел тұрған көрі-жасы.
Көп түйе, сансыз жылқы иіріпті,
Жайнаған үюлі тұр дүниясы.
Қалмақтың бастан кетіп ықтияры,
Жеңіліп, жер таянған бұл шамасы.
Жасарал көзін салса сол олжаға,
Мал-дүния он шақырым айналасы.
Жасарал қарап тұрып жан-жағына,
Ойлады: «Қалмаған, — деп, — жылқы малы!»
Түйенің тұр-түрінен айрықша көп,
6890 Тай-тай ғып буған және үюлі тұр
Көз тартқан не сан жиһаз, дүниялары.
Күлім көз, оймақ ауыз, айдай көркем
Он қыз тұр мол дүнияның дәл қасында.
Ақша бет, қиылған қас, жазық маңдай,
Күнқияш күндей балқып ортасында.
Жасаралдың көзі тойды көп олжаға,
Аз емес мұнша сыйлық ноғайлыға.
«Қызды алдық, қамал бұздық — бұл абырой,
Қосылды аман келіп Әділхан да.

- 6900 Болады да осы абырой бір сапарға,
 Бір елді мұнан артық құртпақ бар ма?!
 Шамасын дүниенің айтып болмас,
 Мал саны жетіп қалар жетпіс мыңға.
 «Қалмақтың мұнысына қанағат!» деп,
 Ноғайға Жасарал хан айтты сонда:
 — Уа, халқым, мына олжаны азсынбандар,
 Абырой берген бізге Қадір Жаппар!
 Аман-сау елге қайтсақ болар енді,
 Көп шүкір Құдіретке төкпеген ар!
- 6910 Сүрігі, демі біткен уақытында,
 Адамның ажалдысы өлген шығар.
 Қыз алдық, қамал бұздық, дүния алдық,
 Есесі ерегістің келген шығар.
 Сөзінен Бал-Қазидың шықпағаным
 Парасатты данышпаным білген шығар!
 Артыңдар дүнияны нарға тайлап,
 Жылқыны шығарыңдар жылдам айдап.
 Он қызды бөлек алып жағдай жаса,
 Жылқыдан жорға мінгіз сайлап-сайлап.
- 6920 «Қос табар керек кісі» деген мақал,
 Тұрмайық енді мұнда көп қарайлап.
 Кекті жау келе жатқан бұл қашаннан,
 Кім білсін, жатқан шығар амал ойлап.
 Қайратты қаһармандар халқымдағы,
 Тұрыңдар сыртқа қарап, бек абайлап!
 Ноғайлының Жасаралда тізгін-еркі,
 Шықпайды айтқанынан Қырым жұрты.
 Тұрсын ба енді әскер, айдады мал —
 Қалмақтан олжа болған түйе, жылқы.
- 6930 Он қыздың олжабасы — ханның қызы,
 Кигені бөрінің де ылғи құлпы.
 Ноғайлы осыменен елге қайтты,
 Қалмақтың олжа қылып дүние-мүлкі.
 Азамат, бұл отырған, ей, тыңдаушым,
 Келемін түсіндіріп біртін-біртін.
 Ноғайлы қайтты кейін елге қарап,
 Бұлардың жолы болды Құдай қалап.
 Шыққалы бұлар елден екі ай өткен,

- Ішінде есепшісі жүрген санап.
 6940 Ауғанда жол ортадан күн бұзылып,
 Қар жауып, қыс түсіпті боран борап.
 Бұрынғы төте жолмен жүре алмады,
 Келеді қисық жолмен ел жағалап.
 Көрмеген бұрын-соңды жерді көріп,
 Қол қонды бір өлкеге Құдай қалап.
 Қары жоқ бұл өлкенің жатқан алап,
 Көк шалғын екі жағы болған сабат.
 Ашығып айдау жеген малдарының
 Батырлар баршасының бабын табад.
- 6950 Көлік пен адам тынып алмақ үшін,
 Бұл жерде жатты бұлар үш күн қабат.
 Әскерлер ерлер үшін шатыр тігіп,
 Бұқара қарауылдап малын бағад.
 «Әйтеуір, мұсылманның шегі осы» деп,
 Жорықшылар бұл арада тоқтап қалад.
- Бұл жерде өткізгенде екі күнді,
 Қарасай түс қайтарып атқа мінді.
 Бар еді бір биік тау мұнарланған,
 Шықпақ боп осы тауға жедел жүрді.
- 6960 Жіберіп сиыр аяқ Сүркөк атты
 Басына бұл биіктің демде келді.
 Қараса жан-жағына көзін салып,
 Көрді ол терістікте қалың елді.
 Бұл елдің кім екенін білмек үшін,
 Зулатып аттың басын қоя берді.
 Кездесті намазшамда бір малшыға,
 Ол өзі сәлем берді жолаушыға.
 Сәлемін малшы берген алып батыр:
 — Шырағым, сау ма, — деді, — бала-шаға?
- 6970 — Әй, аға, сапарыңыз оң болсын! деп,
 Кідіріп тұрды бұған ол бейшара.
 — Жол болсын десең, інім, әләй болсын,
 Жолықтым, — дейді, — саған оңашада.
 Болады мына жатқан кім деген ел?
 Шырағым, бір сен емес әрқашанда
 Малшы айтқан жолаушы жөн сұраса да.

- Малшының сондағы айтқан бұл жауабы:
 — Қатыңқы астыңдағы ат қабағы,
 Сапардан шаршағандай сыңайы бар,
 6980 Көрінеді тым жатыңқы тұлпар жалы.
 Жайыңды өзің айтып білдірмесең,
 Малшының «кімсің?» деуге келмес әлі.
 Сұраған жауабыңды қайырайын,
 Айтайын білгенімді мен шамалы.
 Ей, аға, мен білермін елдің жайы,
 Білерсің мен айтқан соң түп шаманы.
 Бұл жұрты деп айтады Қондыкердің
 Бір туын тіккен жері ислам діннің.
 Бұл елдің айналасы бір айлық жол,
 6990 Білмейміз өзі айтпаса кімін кімнің.
 Патшамыз Күніке палуан, Телағыс ер,
 Тұқымы деп айтады Едігенің.
 Күренді тіл жалмаған ханға беріп,
 Себебі содан болған хандық шеннің.
 Өкпелеп бұл екі төре бөлінгенін,
 Ертіп іздеріне еркін елін.
 «Бұл құмай қолға түспейтін!» деп айтады —
 Аңызы осы болады біздің елдің.
 Қу шығып тумасынан Өнжі деген,
 7000 Туыстан амалменен алған кегін.
 Осылай елдің жөні патшасымен,
 Сұрай бер келеді тағы нені білгің?
 Біз — малшы, мұнан артық білері жоқ,
 Ұшынан есітеміз өңгіменің.
 Бұл малшы етті бұған қысқа баян,
 Нағылсын енді сұрап, өзіне аян.
 Атының астыңдағы басын бұрып,
 Ізімен қосқа қарай қайта тайған.
 Жіберді Сүркөк аттың басын төгіп,
 7010 Қарасай мұндай сөтте жүрмейді аяң.
 Білмейді Сүркөк, сірө, қиналғанды,
 Қырындап ақбөкендей басын салған.
 Кеткенде сам жамырап, жәшиық болып,
 Қарасай қайтып келіп қосқа қонған.
 Шатырға жалғыз өзі жатты барып,

- Келмеді түнде ұйқысы ой ойланып.
 Үстінде тумасының келгеннен соң,
 Ұйқысы келсін ердің енді нағып?!
 Баруға өзі оған ойланады,
 7020 Арадан қан өткені елге анық.
 «Солардың дидарларын бір көрсем» деп,
 Ойланып ұйықтамады, кем ашарып.
 «Бұл істі айтайын, — деп, — Жасаралға»
 Тұрғанда ай тұтылды, таң сарғайып.
 Намазын ерте тұрып оқыды да,
 Атына жүріп кетті мініп алып.
 Ешбір жан мұнан бөтен оянған жоқ,
 Жасарал оқшау жатқан бөлек барып.
 Қарасай барған кезде бұл падиша,
 7030 Жатырған тұрайын деп енді оянып.
 Айтайын әңгімемен түсіндіріп,
 Тыңдаңдар, ал жамиғат, құлақ салып.

Сонымен қойшы: «Бұл ел — Қондыкердің елі. Ханы — Телағыс, батыры — Күніке» дегеннен кейін Қарасай терең ойға кетті. Көзі тірісінде дидарын көруді аңсап, олардың елге қосылуын армандап жүрген ағаларының елінің үстінен түскеніне қуанды. «Әкеммен араз болып көпсе де қандас бауырларым, әке орнына әке болар ағаларым емес пе?! Себеппен Құдай айдап келген екен, бұларға сәлем беріп, өткен жұмыстарға кешірім сұрамасам болмас» деп ойлады.

«Бірақ арада өткен қанды кекті кешірет ме?! Жасаралға барып ақылдасайын. Өзім барғаннан гөрі, әуелі бір сенімді адамды жіберейін. Мүмкін, осы Жасаралдың өзі келісер. Өйткені Жасарал әкесін Мамай өлтіргеннен кейін, бала кезінен осы Телағыс пен Күнікені нағашы тұтынып араласып тұрып еді ғой» деп, оның шатырына келіп, ат үстінен толғап тұр:

— Жатырмысың, Жасарал,
 Ақылдаса мен келдім.
 «Қиығы болмас, — деген бар, —
 Қыздан туған жиеннің».
 Жаңбыршы, Мұса жау болып,
 Тозып жүр бет-бетімен.

- 7040 «Адасқанның алды жөн»,
Арамызға бітім айт,
Елші болып жүріп сен.
Солармен татуласқанды
Өз кеуілім оң көрген.
«Қорыққаннан айтты» деп,
Есітермін өсек дұшпаннан.
Нағылайын ол сөзді,
Тұрғанымда мен аман.
Абыройсыз болмайды,
Үлкенін сыйлап, ұялған.
- 7050 Сен соларға барып кел,
Аузынан жауап алып кел,
Не айтар екен палуан.
Басыңды көтер төсектен,
Үстіне келдік Ағыстың.
Ізінен қуып олар жүр
Басында болған шала істің.
Қарамайды туысқа
Кесірінен шабыстың.
Жақынменен жау болып,
- 7060 Талайы кетті намыстың.
Сен Ағысқа барып кел,
Не дер екен Телағыс,
Келіп, тұр менің табысқым.
Құдай айдап келіппіз
Қондыкердің еліне.
Жұмыс қылып бір сапар
Келермін деп жүр едім
Бұрын өзім кеуліме.
Бұл сапарда қыс болып,
- 7070 Жолдың келді керіне.
Ноғайлының ішінде
Сенің тұрар сөзіне.
Жетім бала болған соң,
Мұршамыз келмеді біздің де.
Олар да хабар алмады,
Жетім қалған баланы
Ілмеді, тіпті, көзіне.

- Сен барған соң олардың
Ойланбас па екен өзі де?!
7080 Жақсылығын көп ойлар,
Көрсет мені көзіне.
Жетпеген жерін жетістір,
Бұл жұмыстың өзің де.
Сәті болса қосқайсың,
Бұл ініңді егізіне.
Әр нәрсенің сәті бар,
Жақсылығы табылар,
Мезгілі біткен кезінде.
7090 Мұны айтқанда Жасарал,
Есігін түрді шатырдың.
Ойланып, өлшеп көрді ол
Айтқан сөзін батырдың.
Көп ойлайды бұл істің,
Болар деп қалай ақырын.
Жасаралдай падиша,
Абырой неге алмасын,
Қосақтаса жақынын.
Жау бола қойса егерде,
Өкініші кетпес деп,
7100 Өткізермін және де
Өзім істің ғапылын.
Қарасайға мұны айтты.
Бара ма, өлде, бармай ма,
Екеуін де ұстамай,
Қайсысының мақұлын.
Азаматтар, енді мұқият
Жасаралдың сөзін тыңдаңдар,
Таразыға тартып ақылын.
Жасарал сонда сөйеді:
7110 — Барып кел деп бұйырдың
Екі қабылан төреге.
Айтып тұрсың ерлікпен,
Өткенді алмай есіңе.
Кісі өлтірген қаныкер
Сендерге олар сене ме?
Қонысын тастап келіп ед,

- Өкеңнен болып себепті.
Бұл өкпесін айтқанда,
Айта алмаспын деректі.
- 7120 Оны тұрсын ұмытып,
Сендерді қалай көреді?!
Қаһарланып қаттанса,
Жау болам деп аттанса,
Онда адам өледі.
Мақұл көрсе болар ед,
Керек деп жақын көмегі.
Қаһары қатты төрелер,
Ерегістен ер өлер,
Осындайдан ел бөлер.
- 7130 Жақсылығы табылса,
Онда бәрі жөнделер,
Тек осыған кідіремін.
Барғанмен жөні келе ме,
Уа, Қарасай, қайратты,
Абыройлы ер едің!
Жақыным деп оларды
Аңсап тұрған сен едің.
Қайтпайтұғын қандыкөз,
Олардың сырын білемін.
- 7140 Өкпесін айтса осыдан,
Қайырам қалай дерегін?
Дерегін айтсаң сен маған,
Сонда атыма мінемін.
Айтпасаң оған дәлелін
Жұмсартқандай жүректі,
Бара алмаймын оларға,
Кідірмей елге жүремін.
Қарасай, көне, сөйлеші,
Не ойлап келдің сен өзің?
- 7150 Кідірмеді Қарасай,
Жасаралға сөз айтты
Мылтықтан шапшаң тез айтты.
Татуласып кететін
Сөздің нағыз зорын айтты.
Жасаралдың сөзіне

- Бұл мынадай жолын айтты.
Қысылып тұрған патшаның
Айтар ойын молайтты.
Сондағы берген жауабын
- 7160 Былайынша толғапты.
Мына жорғаң соны айтар,
Салып отыр құлақты.
Сөз тиегін ағытты,
Қарасай сонда шешіле:
— Атыңа мін, Жасарал,
Уһілейсің несіне.
Шешен туған жігітке
Шиенің оңай шешуі.
- 7170 Ықпал берсе Құдайым,
Тереңнің тайыз кешуі.
Сен барған соң олардың
Жақындық түсер есіне.
Олар кетіп қалған соң,
Мұсылман жұрты өкінді
Әнжінің қылған ісіне.
Қорқып әкем қалған жоқ,
Жан ашымай, немесе,
Алшағырдай інісіне.
Ойланбайды ол неге,
- 7180 Табы басқа халықтың
Болып тұр ие көшіне?!
Хан болдым деп таса ма,
Жанғанның оңай өшуі де!
Ол өкпелі кезінде
«Көрмеймін» деп неге айтсын,
Шайтанның еріп көшіне.
Әрненің бар мезгілі,
Бұйыртса Алла көрерміз,
Дидардың болса несібі.
- 7190 Осы бүгін қонаға
Татуластыр, хан аға,
Ұжымақтай маған болып тұр
Екеуінің есігі!

Қарасайдың мына сөздерінен кейін, Жасаралдың дәлел айтуына болмай қалды. Ол Әділханды шақыртып, атқосшылыққа Әбдіні сұрап алды. Сөйтiп, Ақмоншаққа ер салып, Әбдіні ертiп Қондыкердің еліне келді.

Жасарал: «Тiптi болмаса, жиендігіме жеңдірермін. Несіне қорқа беремін» деп, хан ордасына беттеді. Орданың жанына аттарын байлап, Әбдіні қалдырып, өзі ішке енді. Телағыс тақтың үстінде түнеріп, Күнiке оған жақын төр алдында көлбей түсіп жатыр екен. Екеуі де сауыт-саймандарын киініп алған. Өйткені «ел сыртына әскер келді» деген қауесет естіген еді.

Жасарал кірген бетте сәлем беріп, қолын кеудесіне қойып тағзым етті. Сонан соң төр жолының төрттің біріне дейін барды да, ілгері жылжымай, түрегеп тұрған бойы толғап кетті:

- Екі бірдей қос сұңқар
Отыр екен оңаша.
Бұл сапарым оң болар,
Жаратқан Алла қаласа!
Ескіріп жүр өкпемен
Жаңбыршы, Мұса арасы.
7200 Сендер едің ноғайдың
Тастан соққан қаласы.
Жеті атадан сендерсің,
Ислам діннің панасы.
Бастарың жүр ыдырап,
Кеуілдің бітпей жарасы.
Мен де бір аққан өзекпін,
Дариядан шыққан сағасы.
Бітім айта мен келдім,
Қашықтаған араңа,
7210 Араша, бектер, араша!
Едігенің тұқымы
Ноғайлыда қошқар ең.
Бір қазанға сыймады
Екі қошқар бастарың.
Басында баққан таласып,
Алшығарды шауып тастадың.
Әлегінен жау болдың
Әнжі залым шошқаның.

- Себеп болып осыдан,
7220 Басыңнан ұшты құстарың.
Қарасай мені жіберді,
Мақұл көріп кеуліне
Сіздермен басын қосқанын.
Мұнысын қалай көресің,
Келіп тұр соған достарың?!
Туысқа жазым ойлайтын
Мен емеспін дұшпаның.
Алалық кіріп сіздерге,
Күшейіп кетті қастарың.
7230 Кете берсе осылай,
Бірін-бірі көре алмас
Кейінгі туған жастарың!
Әкелемін ініңді,
Өзіңнен жауап есітіп,
Десеңдер «өкпе тастадым!»
Бұл сөзіме не дейсің,
Екі асыл қошқарым?!
Елші болып араға,
Бітім айта мен келдім.
7240 Кеуліңді білмекке
Келіп тұрмын сендердің.
«Келсін» десең келеді,
Асық болған інілерің.
Өзімнің «жаман» ойымша
Қарасайдікін жөн көремін.
«Мақұл десең екен» деп,
Келіп тұр мына жиендерің.
Кәнеки, палуан, сөйлеші,
Көпті көрген көне едің.
7250 Түспеген ісі сіздерге,
Өмірінше мен едім.
Жауабыңды бересің,
Ойларыңды білемін.
Жақсылық нышан білдірсең,
Ініңді алып келемін.
Қаһарлы туған жандарсың,
Мен жөнімді білдірдім,

- Мұнан артық не деймін?!
 Жиендік жолды ұстандым,
 7260 Рұқсатсыз кіргенім.
 Кәнеки, палуан, не дейсің,
 Мақұл ма айтқан бұл кебім?!

Жасарал осылай деп Күнікеге қарады. Өйткені, Телағыс хан болғанмен, Күнікенің жасы үлкен, ал Күнікеге «палуан» деп отырғанында да себеп бар еді. Бұл Күнікеге жас кезінен-ақ халықтың қойған аты болатын. Күніке бала кезінде «мен палуан болсам, бір тауды бір тауға соғар едім» дейтін. Сол уақыттан бастап бәрі оны палуан атандырып еді.

Енді сол палуан қабағын тарс түйіп, Жасаралға ызғарлана қарап, жауапты тез қайтарды:

- Жарамайды, Жасарал,
 Сенің айтқан кеңесің,
 Мен ойласам өтірік.
 Асырасаң, қой жейді
 Елікпейді бөлтірік.
 Маймылды бақсаң бір күні,
 Кетеді иесін өлтіріп.
 7270 Қызыл шұбар мұзбалақ
 Жөн-жөніне кетеді
 Ұяда баста бір тұрып.
 Біз сол секілді тұқым ғой,
 Келмес жөні бір жүріп.
 Ұстатпайды ойнаса
 Баққан тұлпар жем беріп.
 Үйлеспейді ол тұқым
 Өз мекенін жүрмесе,
 7280 Өз бетімен меңгеріп.
 Әір менің ойым жоқ
 Жүретұғын жөнделіп.
 Көрсете көрме, шырағым,
 Көбейтпейін ортамды
 Туысқанға теңгеріп!

Сонда Жасарал Күнікенің ыңғайын байқаған соң, қарсы жауап айтуға дайындалды. Оның ойына Әнжінің зымияндығымен

Телағысты өлтірейін деп жатқанда, Күніке келіп ажыратып алғаны, содан соң бұлардың Орақтың Алшағыр деген інісін шауып өлтіріп осы жаққа ел асып кеткені келіп еді.

Енді «Шешінген судан тайынбас» деп, Жасарал сөзін осыдан бастады:

- Алшағырды өлтірдің
 Басында баққа таласып.
 Әнжі салған қулықтан
 Араздығың ұласып.
- 7290 Бұл жаққа кеттің сонымен,
 Қонысты тастап ел асып.
 Іс қылмадың ол күнде де
 Өз басыңа жарастық.
 Кетіпсіңдер айырылып,
 Үйіріңнен ажырасып.
 Жүремін десе Қарасай
 Жақынменен жанасып,
 Көрмеймін деп қарасын
 Тағы отырсың адасып!
- 7300 Көрмеймін десең, өзің біл,
 Біз сыртыңнан тұрармыз
 Таласқан екі иттей-ақ
 Қызығына қарасып!
 Абырой іздеп жүр едім,
 Айңайынға жаны ашып!
 Арадағы қауғаны
 Сәті болса кетпекке,
 Осы бүгін мен басып.
 Жақсы көрсең жүре бер,
- 7310 Өміріңнің ішінде
 Тумаңменен дауласып!
 Тыңдамасаң сөзімді,
 Араздықтан жолы ашық!

Мына сөзден кейін Күніке тағы да Жасаралға жауап қайтармақ боп жатыр еді. Осы бұдан әрі шыдай алмай Телағыс хан Жасаралға емес, ағасына қарап толғап кетті:

- Келген екен Жасарал,
 Сабыр қыл, палуан, мұңайтпа,
 Араздықты ұлғайтпа!
 Алшағырды өлтіріп,
 Біз қалып едік ұятқа.
 Арадан қан өткен соң,
 7320 Ауып едік бұл жаққа.
 Біз осында келген соң,
 Жеткізді Алла мұратқа.
 Құр қарасынан қорықпай,
 Көрейік ісін сынап та.
 Арамдық қылса және де,
 Жеткізер Құдай кеулі аққа.
 Ол арыстан болғанмен,
 Не қылар қарақұлаққа?!

Сол кезде Күнікенің Жасаралмен ісі болмай, Телағысқа былай деді:

- Ой, шырағым, адамға
 7330 Қашанда опа бермейді,
 Туысқаны болса дұшпаны!
 Жақындағы бұлардан
 Ұрандап келген жау жақсы
 Атысуға тыстағы.
 Сен ойламайсың ешнәрсе,
 Маған мұны айтқызар
 Арамдығы бастағы!
 Ізіне ергіп дос көрді
 Өнжі залым шошқаны!
 7340 Палуан Сұлтан, Батырхан
 Кім өлтірді білдің бе,
 Нағылайын басқаны?!
 Мамай сынды асылдың
 Өнжі басын кемітті,
 Мың тіллә еді мысқалы!
 Ақсұңқар құстың баласы
 Ұяда көрген аңды алар,
 Ұмытпай төлім жастағы.

- 7350 Ықтиярың өзіңде,
Жатырмын айтып ойымды
Көрсетіп әрбір нұсқаны.
Осыменен, Телағыс,
Айтар сөзім қысқарды!

Ағасы мұны айтқанда, Телағыс үндемей отырып қалды. Күніке айтып отырған палуан Сұлтан, Батырхан екеуі ағайынды және біреуі Жасаралдың әкесі болатын. Оларды Әнжінің кесірінен Мамай хан өлтіріп еді. Телағыс үндемеген соң, Жасарал өз әкесі мен ағасы жайлы сөз қозғалғанын пайдаланып, енді Күнікеге қарап толғай жөнелді:

- Назбедеу аттың баласы,
Шаптан түртсең, теппейді!
Атасы асыл ақсұңқар,
Шамдандырсаң, сөкпейді!
Текдары жаман құл бұзса,
Көрген ісін ұмытпай,
7360 Өлгенше кегі кетпейді.
Шынжыратай асылзат,
Абайласаң, өтпейді!
Ауызына әркім сөз алса,
Өзінікі «жұп» дейді.
«Әнжінің айтқан тілімен,
Палуан Сұлтан, Батырхандай
Ел сыйлаған бектерді
Өлтірді Мамай» деп тұрсың,
Болған шығар жазым іс
7370 Ондай іс кімен өтпейді!
Түбі бірге болған соң,
Жарамайды ол маған
Ойға түйген өкпемді.
Іс түскенде басыңа
Туғаның қалар қасыңда,
Түбі бірге түртпейді!
Басыңа түскен жұмысты
Тап өзіңдей түптейді.
Жылағанда бірге жыласып,

7380 Күлгенде бірге күлетін,
Ойлап қара, палуан,
Туысқанға ешкім жетпейді!

Енді Жасарал Телағысқа бұрылып, сөзін жалғастырды:

— Жүйрік деп айтып болмайды,
Байраққа озып келмесе!
Батыр деп айтып бола ма,
Ұрысқан жауын жеңбесе?!
Ақылды деп бола ма,
Өзінікін жөн десе?!
Би деп айтып бола ма,
7390 Тартынып, жетекке ермесе?!
Жақсы деп айтып бола ма,
Бір қатесіне көнбесе?!
Мұсылман деп бола ма,
Айтқан сөзге сенбесе?!
Тілге нанбай қалмайды,
Құдайлық нағыз шын десе.
Айтқаныңа сенбейді,
Қарайып кетсе кеудесі.
Мына сөздің түрінен
7400 Біреуді біреу көре алмас,
Күніке палуан өлмесе!
Жау болғам ғой олармен
Мына сөзбен ендеше!
Жарамайды жауабың
Құдайдан ұят бұларың.
Еске алып бұрын өткенді,
Тумаған кезі бұлардың.
Телағыс, Күніке екі нар
Көкірегі ақ қашаннан
7410 Қарасай, Қазі балалардың.
Кетемін енді осымен,
Кеуілдеріңді аңғардым!

Жасарал осылай деп есікке қарай бұрыла бергенде, Күніке басын көтеріп алып: — Ой, Жасарал шырағым-ай, сөздің соңғы

түбін, ағайыншылықтың ақырын айттың ғой. Енді балаларыды алып келе қойшы. Көзімнің тіріскінде түрлерін көріп, бауырыма басайын! — деді де, даусы дірілдеңкіреп, Телағысқа қарады. Хан мақұлдан басын изеді.

Жасарал жүзіне қуаныш табы үйіріліп, сыртқа шықты да, жедел басып Әбдінің жанына келді. Өзі ордаға қобалжып кіріп, қуанып шыққан Жасарал, енді Әбді балаға былай деді:

- Атыңа мініп қосқа қайт,
 Қарасайға тура тарт!
 Аяңдама, шауып жүр,
 Бұл жұмысты бітір шалт!
 Қарасайға барғанда,
 Былайынша хабар айт:
 Шешілді түйін шиеленген,
 7420 Жаңарды орын көнерген.
 Қатты кеуіл бусады
 Құйған болат темірден!
 Қанша қиын болса да,
 Қалмайды екен мерзімінен,
 Қашықтаған екі ара
 Арманың салған бүлігінен.
 Телағыс, Күніке қос сұңқар,
 Білдің бе, бала, бұл келген.
 Басында халыққа өкпелеп,
 7430 Бұл шет жұртқа білінген.
 Орақпен араз адамдар
 Бір-біріне шүйілген.
 Қарасай менен Бал-Қази
 Бұларменен немере,
 Өмірінше көрмеген.
 Бұл сапарда жол түсіп,
 Мына қыстың себебінен
 Осы жерде кез келген.
 Жылдам барып хабар бер
 7440 Асық болған туғанға,
 Қалмасын олар бүгіннен!
 Мына сөзді айтқайсың:
 Айлақ атын істесін

- Қолындағы төлемнен.
 Ойламасын отырып,
 Болмадым, — деп, — менімен.
 Қалағанын істесін
 Қарасай мен Әділхан
 Өзінше патша кеулімен.
- 7450 Бұл сөзімді оңаша айт,
 Есітпесін еш адам,
 Абайла, бала, өзіңнен!
 Балаға бақыт қонбағы
 Ісі шықса кеуілден.
 Осындай, сірә, сеніммен
 Жасыратын да іс емес,
 Өкпе үлес болған жоқ
 Толық елдің көбімен.
 Құй патша бол, құй бек бол,
- 7460 Жүру керек бұрынғы
 Ата пішкен үлгімен!
 Жыртар болды өйтуге,
 Балаға ұқсап киімін
 Тұра шапсам сенімен.
 Осылай сөзім, осылай,
 Жұмысты бітір тезінен!
 Көп халыққа айтарсың,
 «Болар хабар өзімнен!».
- 7470 Қарасайға сәлем айт,
 Жолдас алар қасына,
 Сеніменен төртеуің
 Бұзбандар қалып басында!
 Қалилаға айтарсың,
 Малдың болсын басында!
 Томар үйіп тексеріп,
 Оңдап тіксін қосын да!
 Екі жақта аңсаған
 Екі арыстан қосылды.
 Кідіерміз біз әлі,
- 7480 Шамалаймын осыны да.
 Жылдам барып жылдам қайт,
 Тездетіп жет қосынға!

- Қалдырмасын өзінен
Ағаға қылған сыйлығын!
Патша да болса, бөтен жер ед,
Бар шығар дос пен қасы да.
Ажары болмайд ертеңнің,
Мырзалық қылған жұмыстың
Тез хабаршы шашылмай.
- 7490 Абырой болар Қырымға
Қоссақ екі асылды-ай!
Мұны айтты да Жасарал
Отырды кіріп ордаға,
Нағашыларының қасына-ай.
Несіне тұрсын бұл бала,
Атқа мініп алады,
Оңды-солды қамшылап,
Көсілтіп келіп шабады.
Шабуменен қосынға
- 7500 Ұлы сөске болғанда
Заулатып жетіп барады.
«Кетіп еді Жасарал
Таң сарғайып атқанда», —
Деп Қарасай абдырап,
Шолып жүр оңаша маңайды.
Аттан түспей асығып,
Жасаралдың жолына
Төбеге шығып қарайды.
Осы жерде бала жеткізді,
- 7510 Бірде-бірін қалдырмай
Жасарал айтқан бар жайды.
Сонан соң бала тағы айтты,
Жинап тегіс ноғайды:
— Көп халайық, біліңдер,
Мен айтайын бұл істі,
Жақсылық істі, ірі істі!
Таң сарғайып атқан соң,
Жасаралдай падиша
Бір жұмысқа кірісті.
- 7520 Жіберді мені хабарға,
Бітіріп енді жұмысты.

- Мына таудың аржағы
Қондыкердің жұрты екен,
Қазанның шығыс сырты екен,
Сендер оны білдің бе,
Қалың халық Ағысты?
Падишасы олардың —
Телағыс, Күніке палуан
Екі асыл туысты?!
7530 Қарасайдың тумасы
Зор өкпемен суысты.
Орақ, Мамай екеуі
Болған екен борышты.
Өкпелі екен бұларға
Тастап кеткен қонысты.
Қарасай, Қази тумаған
Шамаласам ол кезде,
Орақтың ісі кеміс-ті.
Содан бері қауышпай,
7540 Жаңбыршы, Мұса екі жақ
Жүр екен болып құрысты.
Сол құрысты тарқатып,
Жасаралдай падиша
Тоқтатып отыр ұрысты.
Бітім айтып араға,
Осы бүгін келісті.
Қарасай менен Бал-Қази,
Ағасына барып өткізер
Қонақ болып бұл кешті.
7550 Құр бара ма үлкенге,
Бұлар болды жұмысты.
Астында бір-бір аты бар,
Халық, оны бергізсең,
Ісіміз жатыр кеміске.
Өздері қылсын қалауын,
Мұны айтып тұрғаным,
Түскен жоқ олжа үлеске.
Осы айтқан әңгімем,
Үлкен-кіші ойлаңдар,
7560 Мақұл ма, әлде теріс пе?!

Әділ бала осыны айтып келген соң, барлығы да қуанып: «Бұл ел сүйсінерлік іс болған екен» десіп, ал үлкендер Қарасай мен Қазиды шақырып алып: — Тездетіп ағаларыңа барып, мауқын басыңдар. Олжа ортада демендер, туыстарыңа апарар айлаққа не жарамды десеңдер, соларды таңдап алыңдар, — деді.

Енді Қарасайдың әрекетін баяндайық:

- Берген соң рұқсат Қарасайға,
 Ол барып емін-еркін кірді малға.
 Әуелі Күнқияш алып шықты,
 Үстінде сексен басты тігулі орда.
 Ол күнде керегенің көзі желкөз,
 Үлкен үй мұнан артық болмас, сірә да.
 Жылқыға мұнан кейін өзі барып,
 Айдады екі жүзін, жүзі — жорға.
 Бастырып ылғи жібек, асылдардан
 7570 Арттырды қазына тайлап алпыс нарға.
 Қасына отыз адам алды сайлап,
 Жақсысы бұл халықтың бәрі сонда.
 Бастығы Сұлтанай би, Әділханмен,
 Жүріпті ылғи саңылақ біраз жанмен.
 Бал-Қази, Қарасай мен Әбді бала
 Қонаққа жүрді бұлар осы санмен.
 Астында Күнқияштың сұлу жорға,
 Асылзат келе жатыр артық пәммен.
 «Мұсылман болсам болар» деп ойлайды,
 7580 Ісі жоқ олай-бұлай әңгімемен.
 «Артық қой бұлардан да шамасы» деп,
 Кеулінде бір қаныш елес берген.
 Осындай салауатты сән түзетіп,
 Тәртіппен әсте аяңдап қатар жүрген.
 Болғанда намаздыгер, күн кешкіріп,
 Ордасын Телағыстың сонда көрген.
 Хабарсыз жатқан халық бұл жөнінен,
 Барғанша жүрді жарып қалың елмен.
 Бұларды жүрген жерде айтып жатыр,
 7590 7610 «Сәлемге патшасына, — десіп, — келген».
 Халқына Қондыкердің болды әңгіме,
 Есітіп, хабарланып бір-біреуден.

- «Баласы ер Орақтың келді, — десіп, —
Есепсіз жесірі бар дүниямен».
Шашылып бұл даңғаза тұра берсін,
Айтайын Қарасайдың әдебінен.
Тұқымы Едігенің асқан күшті,
Қандыкөз, аттық тұқым, өзі сұсты.
Келген соң жеті жасқа мектеп көріп,
7600 Артықша көп біледі әдепті істі.
Келе жатқан жеті атадан бұлар сұңқар,
Біледі айлақ атты өр жұмысты.
Бірі емес, бұл тұқымның қайсысы да,
Бастаған астаубас нар бәрі көшті.
Қараңдар әдебіне екеуінің,
Көрген соң патша ордасын аттан түсті.
Түскен соң Қазименен ер Қарасай,
Күнқияш ол да түсіп, белін шешті.
Қолға алып көш бұйдасын жүрді жаяу,
7610 Хан қызы артық екен, ақыл-есті.
Сонан соң отыз адам түсті бәрі,
Жүреді ат жетелеп қосшылары.
Орданың оң жағына жүк түсіріп,
Желілеп байлатады келген малды.
Жүргенде мұны жайлап жас балалар,
Күнқияш керегені өзі жайды.
Қараңдар тәртібіне сол заманның,
Ордадан біреу шығып қарсы алмайды.
Ордасын ханша тігіп алғанынша,
7620 Түн болып, қараңғылық көз байлайды.
«Алдым түн аға жүзін көруге» деп,
Сәлемге екі бала асықпайды.
Кеуілге сабыр суын сорғалатып,
Бұл түні әдеп сақтап қозғалмайды.
Үйіне Күнқияштың болды қонақ,
Қыз ханша күтіп қонақ тез жайлайды.
- Көріңдер, тыңдаушылар, не болғанын,
Ол күнде қазіргідей ғұрып болмайды.
Қазір ғой зыр жүгіріп құшақтасып,
7630 Келгеннен сағынғандар жас бұлайды.

Айтайын, азаматым, әңгімесін,
Өлеңнен ой қорытылып жиналмайды.
Болмаса түсінікті әр жерде сөз,
Пікірлі тыңдаушыға ұнамайды.
Айтушы мұны пәмдеп айырмайды
Кейбіреу қара сөзді қаламайды.
Тыңдаушым, мен сөздерді айтқаным жоқ,
Есітем кейбіреулер алалайды.

Сонымен, Қарасай бастаған отыз адам түнде келіп, қараңғыда баруды мақұл көрмеді. Өмір бойы көрмеген және көңілі күпті, көкірегі дықты болып жүрген туыстарымен түнде табысу жақсылықтың нышанындай көрінбеді оған. Сондықтан батыр келген бойда Әбдіні Жасаралға жіберіп: «Ағаларымның ақ жүзін жарықта көремін. Жарықта жадырасып табысуға жазсын!» деп, хабар берді.

Қарасайдың бұл ісін бірге келген билер мен ақсақалдар мақұл көрді. Бұлардың сыңайын байқаған Күнқияш өзінің ақ ордасын дереу тіккізіп, бірге келгендерді қонақ етіп бәйек болды. Бұл да өзінің көргенділігін, ханшалығын танытты. Сонымен қонақтар демалып, таң алдындағы намаздарын оқып болған соң, барлығы хан ордасында беттеді.

Ордаға ең алдымен Әділхан, сонан соң Сұлтанай кірді. Бұлардың екеуі де Күніке палуан мен Телағысқа сәлемдесіп қолдарын ұсына беріп еді, оған Күніке қолын созбастан иегін көтеріп, «отыра бер» дегендей ишарат білдірді. Үшінші боп Қарасай енді. Ол есіктен кірген бойда екі аттап тұра қалды да, қолын төсіне қойып «Ассалаумағаләйкүм!» деп тағзым етті. Сол кезде Күніке шыдай алмай, орнынан көтеріле берді. Қарасай оның аяғын бастырмастан, жүгіріп келіп құшақтай кетті.

Қарасайдан соң Бал-Қази келіп, ол да ағасының әдебін қайталады. Күніке бұған да қарсы жүре бергенде, Бал-Қази да тез басып келіп, ағасының құшағына кірді. Олармен Телағыс та құшақтасып көрісті. Күніке бұл екеуін оң жапсардағы арнайы төсекке отырғызып, келген отыз адам сәлемдесіп, орналасып болған соң, былай деп сөз бастады:

— Аман-есен бармысың,
7640 Жақсыдан туған жәдігер.

- Көреді екен пендесі
 Жаратқан өмір берсе егер.
 Өтті жылдар, һәм күндер,
 Қайда Мамай, ер Орақ
 Сәлемге келген бұл кімдер?!
 Гүжімімнің бұтағы
 Қорық болып жүрсіңдер!
 «Қосылмайды тау тауға,
 Қосылмас адам дегенге»
 7650 Бұдан былай кім сенер?!
 Сендер ме еңдер мұзбалақ,
 Тарланнан қалған түлегім?!
 Ойымда менің жоқ еді
 Едіге тұқым көрермін.
 Бектен қалған бір белгі
 Түсірді осы себебін.
 Тұлпардан қалған құлындар,
 Аман-есен жүр ме едің?!
 Құдайдың көрдік жазғанын,
 7660 Әнжінің көрдік бөлгенін.
 Жаңбыршы, Мұса ұрпағы
 Өкпелеп көрмей кетіп еді
 Өлгенінше бір-бірін.
 Туысы артық төрелер,
 Қауыштыңдар дәл бүгін!
 Ақылы зерек Жасарал,
 Арбаған кесел бұл дерттің
 Осы бүгін тапты емін!
 Алланың көрдік жазғанын,
 7670 Әнжінің көрдік азарын.
 Еденді туған абзалдың
 Мойнына қойып жазығын.
 Ақылды туған данышпан
 Қайраған-ды азуын.
 Үркіп қашқан тұлпарлар
 Сындырып кетті қазығын.
 Қауыша алмай сонан соң,
 Таулардың көрмей бауырын.
 Қалған кеуіл, шыққан жан

- 7680 Қайсысынның біле алмай,
Жұрдік әлі ауырын.
Желденген көңіл желігіп,
Жасарал басты тамырын.
Ержеттіңдер ме есен-сау,
Аталас жақын, бауырым?!
Бақытын берсін атаңның,
Қайыры болсын ағаңның.
Жасын берсін тірі отырған
Қараүлектей анаңның!
- 7690 Осыларды ойланып,
Ауызыма жаңа алып,
Қайта жасап жаңардым!
Жасаралдың сөзімен
Татым кетіп, тазардым!
Өлгеннің осы тірілгені —
Астау басты нарымның
Артындағы перзент қалғанын.
Осы да қайтқаны еңбектің —
Ағаның көріп балалрын
- 7700 Түзелді жаңа заманым!
Сәлемге келген сағынып,
Талаптарың оң болсын!
Туасылы көрмеген
Үлкенге келіп отырсың,
Таландарың жөнделсін!
«Бұдан былай, шырағым,
Ұрпақтарың бір жүрсін!»
Ағам Мұса айтқан сөз,
Бірақ айлакер кім білсін.
- 7710 Екі сұңқар балапан
Атадан қалған сендерсің.
Үлгісін көрмей жас қалдың,
Ұстапсыңдар ұнаттым,
Атамыздың белгісін.
Ата ізінен адаспа,
Жалғаншыға келгесін.
Өткен күннің, шырағым,
Нағылам айтып кемісін.

- Өткен қалсын салауат,
 7720 Қосылған соң саламат,
 Шаттанып ағаң сөйлесін!
 Жақсыдан белгі, жарығым,
 Дидарларын көргесін!
- Кеткендей қабырғасы қарыс сөгіліп,
 Палуанның жанарынан жас төгіліп,
 Телағыс төмен қарап, сөйлей алмай,
 Қамығып отырды ол да тек егіліп.
 Ордада отырғандар қайсысы да,
 7730 Қалғандай ауыр жүктен бір жеңіліп.
 Қарасай, Қазименен екі төре
 Тыңдады Күніке сөзін түрегеліп.
 Палуан айтып сөзді болғанынша,
 Екеуі отырмады тізе бүгіп.
 Көп айтып неге керек қысқарталық,
 Таусылмас айта берсек бәрін теріп.
- Сұлуды Күнқияштай — ханның қызын,
 Патшаға қосты енді неке қиып.
 Телағыс құрметтеді туыстарын,
 Бұлайша қызмет етіп, мейман қылып.
 7740 Халқына бұл Телағыс хабарлапты,
 Көрген соң інілерін көңлі шатты.
 Жіберді шабармандар тұс-тұсқа айтып:
 «Мақсатым қуанышқа той қылмақ-ты!»
 «Болады енді күнде атшабар» деп,
 Жүйрікті еліндегі ер жаратты.
 Жүз үйдің тіктіріпті абзал сайлап,
 Жорықшы көп ноғайлы алды жинап.
 Һәммесін Салықта жатқан елге әкеліп,
 Екі айдай жібермеді, бәрін сыйлап.
 7750 Екі ел Күнқияштың үйін көріп,
 Ешбіреу бәс қоя алмады оймен ойлап.
 Алдында ат шапқанда қара үздіріп,
 Қазидың Аққұс аты келген ойнап.
 Бұл қыста жорықшылар мұнда болды,
 Еліне Қондыкердің тойын тойлап.

- Мереке сауықпенен жатты бұлар,
 Қорыққа хан ноғайы малды айдап.
 Көрмеген өмірінде ағасына,
 Келген соң қалай кетсін күнді санап.
- 7760 Жатқанмен құр жүре ме туыста адам,
 Жұмысын бітіреді әсте аяндап.
 Бұл қыста екі үлкен жұмыс бітті,
 Айтайын қысқа-қысқа мен баяндап.
 Біреуі — Лашындай шын асылдан,
 Біреуі — ер Қарасай жүрген бойдақ.
 Екеуін осы сапарда бітіріпті,
 Телағыс бұл жұмысқа белін байлап.
 Бұларға Терең өткел жиырма күндік
 Қараса Қарасай ер бір күні сұрап.
- 7770 Ордада отыр Күніке, Ағыспенен,
 Қасында жолдас-жаран таныспенен.
 Жасарал, Әділхан мен Сұлтанайы
 Сөйлесіп кеңес ашып әр іспенен.
 Қарасай, Қазименен бұл да отыр,
 Жұмысын замананың ірі істеген.
 Сыйлығын Қарасайдың Қондыкерде,
 Болған жоқ ешбір адам кеміс деген.
 Қарасай сұратырып көріп еді,
 Қазанның Ағыс айтты тура жолын.
- 7780 Лашын Қарасайдың ойын бөлді,
 Батырда мұндай әдет жоқ-ты бұрын.
 Бір күні паш қылады Телағысқа,
 Қарасай былайынша ішкі сырын:
 — Әй, аға, менің атым достан алған,
 Көп көрдім кемістікті тәңірім салған.
 Басымнан бұлан-талай күндер өтті,
 Қолмен ақырет көріп талай жаудан.
 Тұрғанда бір тарығып би Сұлтанай,
 Бітірді ат әперіп ойдағы арман.
- 7790 Жұмысты ақырламай ажалды мал,
 Аты өліп мынау інің жаяу қалған.
 Сұрадым Жәнікенің мен Қара атын,
 Ол бермей атын маған қайғы қылған.
 Мен сұрап ат хабарын алыс жерден,

- Қазанда алдым мұны бір ноғайдан.
 Қорасы Тереңөткел жағасында
 Ол абзал адам екен жаратылған.
 Беріп еді ойланбастан маған атын,
 Жоқ екен еш нәрсесі дүния-малдан.
- 7800 Уа, дарих, сол қауышса осы арада,
 Ендігі бір жұмыс сол ойыма алған». Телағыс «бітірем, — деді, — олай болса,
 Өзіңше ірілігіне көңлі толса.
 Бұл жерден Тереңөткел жиырма күндік,
 Түн қатып жолаушы адам жылдам барса,
 Мен оны алдырайын жасауылмен,
 Сен енді өзің кетпе балаларша.
 Адамның ойында арман, қапа қалмас
 Досынан бір ол емес, қолға не алса.
- 7810 Ел тұрса бұл күйінде өзгерілмей,
 Қылармыз өмір болса оны патша.
 Сен оған әзірінше дүния бер,
 Ұйғарым болса қайтеді осылайша?
 Дос-қасты айырамыз әлі абайлап,
 Бақыты хан Мамайдың басқа қонса!
 Алдырды Лашынды сонша жерден
 Белгілі бар халқына бұл зор патша.
 Жіберді бір адамды көрген жолды,
 Тайпаға Телағыс шын белгілі еді.
- 7820 Ол адам айтқаннан соң бар хабарды,
 Лашын ай жарымда мұнда келді.
 Ертіп Ілиясты Лашын ер,
 Арада сапар шегіп көп күн жүрді.
 Ат берген асыл тұқым ер баласын
 Телағыс келгеннен соң сонда көрді.
 Лашынды құрметпенен сыйлап жатыр,
 Өткізіп қызметін күтіп ерді.
 «Бас қосқан алды болсын достықтың» деп,
 Қайырлы Лашын бір күндері.
- 7830 Қазидың Аққұс атын бұған атап,
 Және де тоғыз қыздан бір қыз берді.
 Айдатты түйе, жылқы бір сан қылып,
 Арттырды асыл заттан көп дүниені!

- «Бақ қонса Қарасайға Мамайдай» деп,
Ойға алған мақсатын да білдіреді.
Илиястың айтқан сөзі орындалды,
Мұндайды істер, сірә, ердің ері!
Дос қылып Лашын мен Қарасайды,
Екеуін көрістіріп шешіп белді.
- 7840 Кір қалмай ойларында риза болып,
Ыңырсып керуендей көш жөнелді.
Көш басын қосшысына бергеннен соң,
Бұларға сонда патша сөз сөйледі.
Қайтадан атын байлап бұл екеуі,
Ордаға құрметпенен тағы кіреді.
Тыңдаңдар жалықпасаң, азаматтар,
Ордада не әңгіме сөйленеді?!
- Төрде отыр палуаның, Ағыс тақта,
Жасарал отыр бұл да артық шенмен.
- 7850 Әділхан, Әбді бала бұл екеуі,
Сұлтанай сөйлеп кетсе дөңгеленген.
Қарасай, Қазименен кеулі тасып,
Сұңқардай таранады бір түлеген.
Жұртынан Қондыкердің Шерқұтты отыр,
Жас жігіт жаңа талап үлгі көрген.
Баласы Мүсекенің Әбділла хан
Күреңді тіл жалмаған досқа берген.
Лашын, Илияспен Қазандағы
Ордаға он екісі бөлек кірген.
- 7860 Айтайын жылдам-жылдам өлеңменен,
Сондағы бұл әңгіме Күнікеден.
Ордаға бұлар кірген соң,
Әңгімеге келген соң,
Құрметтеп, сыйлап үлкенді
Төрден орын берген соң,
Сонда Күніке палуан сөйледі:
— Кірдіңдер ме ордаға,
Әр жұрттың өңшең саңлағы,
Тайпаның озған тарланы?!
- 7870 Атасынан жас қалып,
Қарасай, Қазименен қос құлын
Уызында жарымады.

- Сол кемдіктің кесірінен,
Мойнында жұмыс байлаулы.
Мақұл ойлаған талаппен
Жұмсап жүр әзір олжаны.
Ағасындай басына
Әзір бақыт қонбады.
Орақ, Мамай, Едіге —
- 7880 Ендігі жұмыс зоры бұл —
Оларға ас болмады.
Қайраты бар жас жігіт,
Қызыққа дұшпан жаулайды.
Мен секілді қарт адам,
Осындай ғұрып ойлайды.
Елдегі өкпе кеткен соң,
Осыдан басқа әңгіме
Құлағыма қонбайды.
Бұл адамның ішінде
- 7890 Достаспаған адам жоқ.
Қызығыңды көрмеуге
Жас ұлғайды, шамам жоқ.
Қыстан қысым көрерміз
Бұрынғыдай заман жоқ.
Шақыртып алған мен едім,
Ойымдағы ісімді
Құлағыңа салсам деп.
Мен сендерге айтқаным,
Өмірімнің ішінде
- 7900 Айтқанымнан қайтпадым.
Енді, ерлер, ойлаңдар,
Келесі мамырда ас берем,
Соған шейін керегін,
Өмірім болса, шақтармын.
Оған өмір жетпесе,
Немесе бір кесір жұмыс кез келіп,
Бұл уақытта бітпесе,
Бір сенімге тоқтармын.
Осы отырған он біріңе
- 7910 Тәңір аманат сендерге,

- Бас-басыңа артқаным
 Теріс түс көріп қорыққаным.
 Көрінеді бұлт қарасы,
 Жүргізер шағы болмаса,
 Сол бұлттың ықпалын.
 Бізден заман өтісті,
 Біледі дағы бақтарың!
 Қарт палуан айтты осылай әңгімені,
 Он бірі қол қусырып түрегеледі:
- 7920 — Палуан, бұл сөзіңнен біз шықпаймыз,
 Әйтеуір, тірі жүрсек өлмей! — деді.
 Батасын Күніке палуан берді сонда:
 — Айтайын бір сөз, балалар, бірік енді!
 Ұлағат ой, құлағыңда қалсын сөзім,
 Ілгергі келешекті кім біледі?!
 Жалғанда біреу болмасын біреуге үстем,
 Адамның бірі артық, бірі кем келеді.
 Қашанда ауыздарың бірге болса,
 Жабырқасаң, туыс бірге күйзеледі.
- 7930 Асылы айтқанымның осы абзалы —
 Күн тусын үш дарақ сай жүргендегі!
 Бұл үйде үлкенің болсын, жасың болсын,
 Жақсылық, мұраттарың асыл болсын!
 Мәскеу мен Қазан қала қолдан салған
 Мамайдың бүкіл ноғай асын қылсын!
 Доғарып осыны айтып қарт Күніке,
 Рұқсат барлығына берді енді.
 Шығады бата қылып ылғи бағылан,
 Қол жайып, бата беріп Күніке палуан.
- 7940 Көбіне батасында сөздер айтты,
 Аңғарса терең мағына алуан-алуан.

Сонымен барлығы ордадан шығып Лашын мен Ілиясты жолға шығарып салды. Лашынды жөнелткеннен кейін, Жасарал көп дүния мен үш қызды, қалған малды үшке бөліп, бір есесін Телағыс пен Күнікеге берді. Қалған екі есесін әркімнің өз лайқатына қарай Еділ мен Қырым ноғайлары болып бөлісіп алды. Осы жұмыстарды реттеу үшін және Күніке мен Телағыстың «Сендермен бірге барып жеңгеміз Қараүлекке

сәлем беріп қайтамыз» деген сөзіне бола, бұлар осында қыстап қалып еді.

Арада бірнеше күн өткен соң, Телағысқа тағы бір ой түсті. «Мынау Қарасай мен Қазиді әкесі өліп жетім қалып еді. Бұл өз қайратымен темір қақпалы Дербентті жаулап, қалмақтардың ханшасы Күнқияшты алып келді. Оны маған тарту етті. Ақырында, бізге келіп табысты. Енді мұның әкесінің орнына біз әке болып қалдық. Бұған өз ұлтымыздан дүниә-жасауымен бір қыз алып беру бізге міндет қой» деп, өз елінен Мүсеке деген досының қызын айттырады.

Мүсеке қызын берерде, оны өзінің туған інісі Жәніке биге қоштасуға жіберді. Қыз жүрейін деп жатқанда, Қарасай қалыңдығын оңаша шақырып алып: — Сен ағаңа бара жатырсың ғой. Маған Жәнікенің Қара атын қалайда әкеліп бер. Болмаса өзің де келмей-ақ қой! — деді. Сонымен қыз қатты уайымдап, Жәнікеге бидің аулына барды.

Бір күн қонған соң, Жәніке қарындасының бұйымын сұрады. Сонда қыз: — Аға, сіздің қанаты Қараны сұрай келдім. Мені жаңа бара жатқан жеріме, еліме мат қыла көрмеңіз! — деді. Сонда Жәніке би басын шайқап: — «Өттеген-ай, мына бөрінің баласы бөрілігін көрсетті-ау! Қарасайдың өзі сұрап келгенде бермей қалып едім. Енді қолымнан қазық кететін болды ғой. Бермесем, қарындасым өкпелеп қайтады-ау. Қарасайға ерегесіп бұны налытқаным болмас!»! деп, тұлпарды қарындасына мінгізіп жіберді. Сонымен қанатты Қара атты Қарасай алып келіп, Қазифа мінгізді.

Бір күні көктем келіп, күн жылып, батырлар елге қайтуға дайындалады. Бұлармен Күнәке мен Телағыс та жүретін болды. Бұлар бірнеше күн жүріп, Еділ бойындағы елінің шетіне кірді. Елдің ауқымына енген күні бір адамға жолығып амандық-саулық сұрап еді, ол: — Ел аман. Бірақ сендер қалмаққа барып қайтқан шамада еліңнің үстіне сары орыс келіп, бір бөлек елдің малын айдап кетті. Орыстар кету бойына ауылға Ахмет келіп, артынан қуып кеткен еді. Қуып жеткен Ахметті олар өлтіріпті. Қасындағы жолдастары қайтып келді, — деді.

Бұны естігеннен кейін, Қарасай: — Ауылға бару бойына тез аттанамын! — деп еді, Телағыс: — Болар іс болды ғой, сабыр ет. Менің келе жатқан шаруам бар, сол жұмыс біткеннен кейін, аттанамыз! — деп, әрең тоқтатты. Сонымен бұлар ауылға келді.

Қарасай мырза келе жатыр
 Тұзын татып даланың,
 Талай көрді бейнетін
 Әнжіден болған жаланың.
 Жетім қалып жасынан,
 Аруақ орнап, бақ қонды,
 Жаудың бұзып қамалын.
 Сырттан келген жолаушы
 7950 Қараүлекке төренің
 Айтып жатты хабарын.
 Бір жүз он үш жасаған,
 Жақ сүйегі босаған,
 Ол Мұсаның әйелі
 Аббастың көрген заманын.
 Енді Телағыстан сөйлейін
 Құлақ салып тыңдаңдар,
 Азын-аулақ бұл жағын.

Телағыс пен Күніке Орақтың үйіне түсіп, жеңгесі Қараүлектің қолынан алып тұрып, айтқан сөзі:

— Жатырмысың, Қараүлек,
 7960 Көпті көрген жан едің,
 Ұзақ өмір, жұратты.
 Сіз келгенде жоқ едік,
 Сонан кейін анамсыз
 Екеуімізді жаратты.
 Біз өсіп адам болғанша,
 Шайтан кіріп араға
 Жан-жақа басты таратты.
 Ысмайылдай әнжінің
 Кім екенін біле алмай,
 7970 Кінәлап көштім Орақты.
 Таппадым ол қлген соң,
 Құйрық пенен қанатты.
 Бұл жатқан көшін кеткен соң,
 Таққа міп, биледім,
 Қондыкер деген елатты.
 Бұзбаған бабам Дербентке

- Қарасай қылған талапты.
Дербентті бұзып алған соң,
Елге қарай жүрген соң,
7980 Тұз-дәм айдап ауыр қол
Үстімізден құлапты.
«Аға!» депа маған келген соң,
Иіліп сәлем берген соң,
Өкпенің бәрін жоғалтты!»
Осыны айтып Телағыс,
Қараүлектей қартыңның
Үстіне жапты жанатты.
Телағыстың бұл сөзі
Ноғайлыны жылатты.
- 7990 Кеуілдің кірін шығарып,
Қараүлекті тыңайтты.
Телағыс әбден болған соң,
«Қарасай менен Қазиды
Алып кел!» деп шақыртты.
Тыңдаңдар салып назарды,
Бұл екеуін көрген соң,
Қатып қалған тас емшек
Омыраудан шығарды.
Қарасай еміп оң жағын,
- 8000 Қазиды еміп сол жағын,
Тарқатты кемпір құмарды.
Жасы кетіп қартайып,
Төсекте жатып жантайып,
Көпке шейін бауырлап,
Қайғылы кеулі жұбанды.
Олай-бұла иіскелеп,
Қапаның бәрін шығарды.
Қараүлек сонда сөйледі:
— Қарасай, Қазиды құлыным,
- 8010 Жатырмын болып дұғада!
Сендердің қайғың жатсам да
Қабырғамды сығады.
Зарланып үйде жатамын,
«Жеті өулие — жеті пір
Жар бол!» деп жылап Құдаға.

- Ұйықтап жатып түс көрдім,
 Қазі сынды құлыным
 Өгізбенен айқасты.
 Күресем деп екеуі,
 8020 Бір мезгілдей шайқасты.
 Өгіздей болып тумаған
 Екі аяқты, бір басты.
 Бір уақытта қысылып,
 Сағалады ата-аруақты,
 Бабалары жар болып,
 Жамбасқа алып құлатты.
 Мұндағы жатқан анаңа
 Белгілі болды бұл жағдай.
 Қамалып тұрды ноғайлылар,
 8030 Кіруіне жол таппай.
 Жетелеп барып Сүркөкті,
 Қақпаны бұзды Қарасай.
 Аман-сау келіп құлыным
 Ақ дидардан көрсетті.
 Құдайға Алла ниетті
 Бұл анаңның басына
 Нелер келіп, не кетті!
 Менің айтар тапсырмам —
 Әкеңнің жолы сүрдек-ті.
 8040 Мәскеуден бері қараған
 Үш Еділдің алабын —
 Жау алмасын бұл бетті!

Қарасайға осыны айтып болғаннан кейін, көп ұзамай Қараүлектің тілі күрмеліп сөйлей алмай қалды. Енді біраздан соң қарт ана дүниеден қайтты. Балалары мен қайнылары үлкен құрметпен жамбасын жерге тигізді. Қараүлекті жайғастырғаннан кейін, ноғайлының билерін шақырып алып, Телағыс: — Біз өкпелесіп жүргенде Әнжінің тілімен талай ерлерден, билерден айрылып қалып едік. «Бай бір жұттық, батыр бір оқтық» деген ғой Қолда дәулет тұрғанда, Қазіға ноғайлының белгілі жерінен қыз айттырғым келіп отыр, — деді. Сонымен ноғайлының баскөтерер азаматтары кеңесіп, Қазіға Қалила қарттың қызын айттырды.

Енді біраз күнен соң, Орақ пен Мамайға ас беру жөнінде Еділ бойының ноғайлылары келісіп, жан-жаққа хабар жіберді. Қази Шораға, Қондыкердің билеріне хат жолдады. «Төңірегіңе өзің хабарла» деп, Қырымдағы Жасаралға да хат жазды. Сол хаттың соңында: «Еліңе хабар беріп болғаннан кейін, астан он күн бұрын кел, ойласамыз» деді. Сөйтіп, елден бұрын Жасарал келді.

Жасарал мен Шора келгеннен кейін, асқа үйлер тігілді. Әр үйге қонағасы даярлап, екі адамнан қызметкер қойды. Уәделі күні асқа шақырылғандар келіп, қонағасы берілді. Ертеңіне бәйгеге екі жүз елу тұлпар қосылатын болды. Алдымен Шораның Ақшұбары, сонан кейін Жасаралдың Күреңі, үшінші Лашынның Аққұсы, төртінші Қарасайдың Сүркөкгі, бесінші болып Әділханның Нартайлағы, алтыншы Көбеннің Ақауызы келді. Бәрі де бәйгелерін алып тарасты.

Көп ұзамай иесіз қалған елдерден: «Орыстар жау боп келіп, шауып кетті» деген хабар жетті. Бұл хабарды естіген Қарасай ашуланып: — Асты өздерің тарқата беріңдер! — деп, Қазимен екеуі жанына жасақтарын алып, жауды қуып кетті. Олар тынбастан үш күн жүріп, жауға жетіп ұрыс салды. Көп қиындық көрсе де, жауға кеткен адамдарды, мал мен дүние-мүліктерді алып қайтты. Келе жатқанда алдынан Телағыс пен Жасарал шығып, амандығын біліп, қуанысып қалысты. Елге келіп, қайтарылған олжа иелеріне табыс етілді.





Төрехан Батыр

(Н.Байғанин нұсқасы)

Баяғыда Темірхан деген хан болыпты. Темірхан Нұрадын ханның Сәуле сұлу деген қызын алыпты.

Сәуледен көпке дейін бала тумайды. Дүниеден перзентсіз өтемін бе деген қауіппен Темірхан түрікпеннің Қараман деген ханының Қарашаш деген қызын елшілікпен кішілікке алады. Қарашаштың нағашысы Қоңырбек деген хан бегісі қалмақ екен. Қарашаш түскен жылы төсегімен ұл туады. Артынан жалғасы бола ма екен деп, ұлының атын Егізбай қояды. Егізбай екіге келгенде, Қарашаш тағы ұл табады. Мұның аты Сегізбай болады. Темірхан Егізбай, Сегізбай мен Қарашашқа арнап салтанатты сарай салдырады да, өзі екі балаға айналып, Қарашаштың үйінде болады. Сәуленің ордасына айда, аптада бір келеді. Хан келмегенсін, Сәуле: «Қарашаштың өзі өзімнен, тұқымы тұқымымнан артық емес еді, менің төркінім хан Нұрадын еді де, оның нағашысы Қоңырбек деген қалмақ еді. Менен ханды аударып кеткен екі баланың қызығы-ау» деп зарығады да қамығады.

Сөйтіп жүріп, қырық тоғызға шыққан жылы Сәуле жүкті болып, бір ұл, бір қыз — егіз бала тапқан. Ұлдың атын Төрехан да, қыздың атын Ханбибі қойыпты. Қызық дәуірде жүріп, бір күні Темірхан ауырады. Сәуленің ордасында жатып Темірхан қайтыс болады.

Халықтың кәрі-жасы: «Ел тірегі хан еді. Хансыз тұру жөн болмас, — деп, хан қою жөнін сөйлеседі. Бұл кезде Егізбай жиырма үште де, Сегізбай жиырма бірде еді, ал ханның кенжесі Төрехан он тоғыз жаста болатын. Әкесі өлген кезде, Егізбай мен Сегізбай дауға барса дауды алған, жауға барса, жауды алған белгілі ер азамат еді. Төрехан еркелікпен ештеңеге араласпаушы еді. Хандық жайын сөйлескенде, әрі жасы аға, әрі ісі аға,

кемдігі жоқ, ер еш міні жоқ шешен Егізбайды таққа отырғызуды жастар қолдаған екен де, қариялар хан болу Егізбайға жол емес, оның түп нағашысы қалмақ еді, Төреханның түп нағашысы хан Нұрадын текті еді, хан тағы Төреханға лайық еді» депті.

Қариялар жастардың тілін алмай, хан тағын Төреханға арнайды. Төрехан алтын таққа отырады. Айтқандары болмаған соң, жастар шамданып, ортасынан зерексінген біреуін Егізбай, Сегізбайға хабар салуға жібереді.

- Сөзге шебер сұңғыла,
 Елден шыққан бір залым
 Астына мінді сұр құла.
 Егізбаймен замандас
 Жасы қатар құрбы да.
 Сұр құламенен желеді,
 Егізбай мен Сегізді
 Азғыруға келеді.
 Сөзге шебер неме еді,
 10 Келе сөйлей береді:
 — Егіз бен Сегіз, сен, — деді,
 Бұзылған халық ел, — деді,
 Хабарға келдім мен, — деді.
 Туғаннан туға таласқан
 Патша болды Төрехан,
 Мұнда жатқан нең? — деді.
 Халықтың үлкен, көрісі
 Жастарға билік бермеді,
 Сендерге хабар келмеді.
 20 Егізбай менен Сегіздің
 Түп нағашысы қалмақтан,
 Бір нәсібі кем, — деді.
 Егізбай елге хан болса,
 Ыңғайында болмасақ,
 Еріксіз елді жер, — деді.
 Төрехандай төренің
 Нағашысы ер Нәсіп,
 Екі жағы тең, — деді.
 Төрехандай төрені
 30 Хан қою болар жөн, — деді.

- Тақ берді халық балаға,
Екеуің қалдың далада.
Өзің ойла, Егізбай,
Аға тұрып інісі
Төрден орын ала ма?!
Жас қорланар іс болды,
Туғаным деп аяма!
«Артымнан өскен інім» деп,
Дұшпан болған шіркінді
- 40 Туысқанға балама.
Ағаға ерік салмаған
Жаман іні оңа ма?!
Аға тұрып інісі
Халыққа тұлға бола ма?!
Арқызыл мен Сарқызыл
Қос тұлпарға мін, — деді.
Адырналы бек сауыт
Екі батыр, ки, — деді.
Көк сүңгіні қолға алып,
- 50 Беліңе алмас іл, — деді.
Туғаным деп аямай,
Сәуленің алтын ордаға
Жаушылықпенен ти, — деді.
Айбаттанып шамданды,
Жаушылықпен баруға
Қаһарланып қамданды.
Қатты жедел ойға алды,
Ашу қысып долданды.
Жылқыдағы Сегізге
- 60 Ер Егізбай жолданды.
Жедел қуды батырды,
Төнтөк ісі өзіне
Егізбай ердің мақұл-ды.
Жылқыдағы Сегізді
«Бермен кел» деп шақырды.
Ажары кетіп қуарған,
Екі көзі қызарған,
Ашуын сыртқа шығарған.
— Туған інім сен едің,

- 70 Сенің ағаң мен едім.
Суық сөз естіп құлағым,
Ашу қысып келемін.
Ашуланған себебім:
Темірхан атам өлгесін,
Темірхан жиған халықты,
Өз аузына қаратып.
Атадан қалған алтын тақ
Параменен алышты.
Бізге хабар берген жоқ,
- 80 Біреуді мақұл көрген жоқ.
«Бірге туған ағам» деп,
Туыстыққа сенген жоқ.
Біз жүріппіз бекерге,
Туғаннан туға таласқан,
Қорлығы естен кетер ме?
Мұның берген зөбірі
Көкіректен өшер ме?!
Арқызыл мен Сарқызыл
Тұлпарға мініп алалық.
- 90 Бірге тума десек те,
Төрехан еткен алалық,
Көкірегі қаралық.
Туысқан емес бұ да жау,
Дұшпан болып шабалық.
Басын кесіп арамның
Қанын ішіп қаналық.
Атадан қалған алтын тақ
Жалғыздан тартып алалық.
Сегізбай да долданды,
- 100 Солқылдақ құрық қолға алды.
Ағасының жауабын
Теріс демей жолға алды.
Арқызыл мен Сарқызыл
Тұлпарды ұстап алады.
Қарашаштың ордаға
Екі батыр барады.
Жау көргенде мінетін
Атқа ерді салады.

- Береңгелі бек сауыт,
110 Шығыршықты көк сауыт
Беркіне киіп алады.
Алтын балдақ ақ алмас
Көрленіп шапса, жан қалмас
Белге орай салады.
Жабылыңқы қабағы,
Төреханды өлтіру —
Екі залым талабы.
Алды-артына қарамай,
Қарулары жарқылдап,
120 Қос тұлпары аңқылдап,
Екеуі кетіп барады.
Қарашашқа бармады,
Сыр айтып, ақыл салмады.
Сапарынан қалмады,
Жеделінен танбады.
Білігі артық Қарашаш
Екеуінің жүрісін
Ақылмен байқап аңдады.
Қарашаш сонда ойлайды:
130 «Екі балам есер деп,
Отырмаймын бекер деп.
Түрі жаман бұлардың,
Ашу қысқан секілді.
Төрехандай төрені
Екеуі жазым егер деп,
Өзімнен туған бала-ды,
Өтінейін жалынып.
Білігі болса, ашуын
Анам деп маған кешер» деп.
140 Егізбай мен Сегізбай
Қос тұлпармен жөнеді.
Кигені сауыт береңгі,
Рауан жолға кенелді.
Қырыққа келген Қарашаш
Артынан қуды сол енді.
— Егізбай, — деп ақырды,
Сегізбайжан, — деп шақырды.

Шақырды екі батырды,
«Балам» деп айқай салады.
150 Егіз, Сегіз ерлердің
Құлағына барады.
Айқайына тоқтамай,
Егіз бенен Сегізі
Қос тұлпарын сабады.

Қарашаш жылап еңірейді:
— Екі балам, сен, — дейді
Маған ақыл салмаған,
Шешеден ұлықсат алмаған
Екеуіңнің нең? — дейді.
160 Перзенттерім, шырағым,
Бір қайрылып кел, — дейді.
Қай сапарға барасың,
Жөніңді айтып бер, — дейді.

Сонда Егізбай сөйлейді:
— Ал, Сегізбай бауырым,
Артыңнан құды анаң-ай.
«Қос балам» деп шақырған,
Дауысы құлақ жарады-ай,
Қайрылмай кетсек, жаман-ай.
170 Қарғыс берер Қарашаш,
Қайта айналып баралы-ай.
Төрехандай ініге
Қорған бола барам, — деп,
Алдап кетіп қалалы-ай.

Егізбай менен Сегізбай
Қарашашқа келеді,
Келіп сәлем береді.
Дүзі жанбай анадан,
Өтірік дәлел тереді:
180 — Темірхан атам өлгесін,
Қалмақ деген көп халық
Ел шабуға келіпті,
Еңсеге дұшпан төніпті.

Ел қысылып көп жаудан,
Егіз бен Сегіз келсін, — деп,
Бізге хабар беріпті.
Әрі батыр, әрі данамын,
Әрі елге ағамын.
Қуырам жаудың заманын,
190 Тоқтатып дұшпан табанын.
Ел қорғаны батырмын,
Бірге туған бауырым
Төрехандай ініме
Қорған бола барамын.

— Ей, Егізбай, Сегізбай,
Өтірік айтып алдама,
Анаңды, шіркін, арбама.
Туған шешенді алдайсың,
Мақшарға не деп барасың
200 Жаратқан Жаббар Аллаңа?
Шайтан кірді кеудеңе,
Жеделіңнен танбайсың.
Жаратпаймын түрінді
Екеуіңде он қару,
Төреханға арнайсың.
Шамаң келсе жалғыздың
Қанын ұрттап жалмайсың.
Өтірік айтпа анаң,
Емізген ақ сүт мамаңа.
210 Темірхан атаң өлгесін,
Хан болған шығар Төрехен,
Байтақ елге жана да.
Кәрге мінген ажарың,
Не жүріске жүргенің
Танып тұр көңілім назарың.
Суытуға барасың
Сәуленің қызық базарын.
Қайыруға барасың
Жас тілектің қажырын.
220 Айтқан шығар бір залым
«Төрехан бала хан болған»,

- Азғырумен хабарын.
Тілімді алсаң, сындырма
Бауырыңның назарын.
Екі балам, сындырма
Шын тілегін сағымды,
Өшірдің бастан бағымды.
Ашуланып арлансаң,
Ініңнен алып берейін
- 230 Таласқан, балам, тағыңды.
Төреханжанға барайын,
Барып тілеп қарайын.
Арланғаның тақ болса,
Төреден сұрап алайын.
- Ей, Қарашаш, алжыған,
Жасы жетіп қажыған,
Сөзіңе құлақ салмаймын.
Қолымдағы көк алмас
Төреханға арнаймын.
- 240 Ол жалғыз да, біз екеу,
Қу бастың басын жалмаймын.
Айналдырма, Қарашаш,
Сапарымнан қалмаймын.
Жау жақыннан табылды,
Ажалды соған арнаймын.
Бұл қорлыққа көнгендей,
Қарашаш шешем, қандаймын?!
- Көзімнің жасын көр, балам,
Шын тілегім бер, балам.
- 250 Жығыла тілек тіледім,
Бермеген тілек нең, балам?
Ақ сүт берген мен едім,
Ішімнен шыққан сен едің.
Екі шырақ керегім
Төрехан бөтен кісі емес,
Мен үшін таста жеделің.
Екеуің үйде жата бер,

Төрехан мінген алтын тақ
Ініңнен алып келемін.

260 — Қалдырып жолдан былшылдап,
Сындыра берме сағымды.
Байлаймын деме бағымды,
Жеделге мінген шағымды.
Суығасын көңілім,
Елдікпен алман тағымды.
Шын қаһарға мінгесін,
Келтірмей қайтпан жазымды.

— Жығыла тілек тіледім,
Тілегімді бермейсің,
270 Көзімнің жасын көрмейсің,
Қисық істі жөн дейсің.
Нағашысы Төрехан —
Хан сұлтан еді Нұрадын,
Айтулының өзі еді.
Төрехан жалғыз беренім
Соның нәсіл көзі еді.
Төрехан бала хан болса,
Жаман менен жақсының
Бәрін бірдей көреді.
280 Қара қылды қақ жарып,
Әділ төре береді.
Пақыр менен міскінге
Төренің тиер себебі.
Егізбай егер хан болса,
Қазіргі сиқы мынау ғой,
Елді басып жер еді.
Тілек тілеп зарладым,
Тілекке құлақ салмадың,
Сөзімді қабыл алмадың.
290 Көзімнің жасын көрмесең,
Қолымды теріс жаяйын,
Теріс бата қағайын.
Пиғылық арам болған соң,
Балам деп неге аяйын?

Жеделің қабыл болмағыр,
Бұл дүниеде оңбағыр.
Төрехандай төрені
Әулиелер қолдағыр,
Бабалары қорғағыр!

- 300 Ер ашуы қызады,
Айтқан сөзі Қарашаш
Ерлердің жанын сығады.
Өзінің тапқан шешесін
Екі батыр қуады,
Қамшыменен сабады.
Шашынан алып шыңғыртып,
Қос бұрымын жұлады,
Табанда ұрып жығады.
Екі бала қамады,
- 310 Қамшылап қуып сабады.
«Батыр болсаң, сондай бол», —
Ананың басын жарады.
Қарашаш ана басынан
Сорғалап қан ағады.
Қатты таяқ зарпынан
Қарашаш сұлу талады .
Ұрып жығып шешесін,
Сәуленің алтын ордаға
Екеуі кетіп барады.
- 320 Қарашаш сонда жылады,
Көзінің жасын бұлады.
Көзден аққан ыстық жас
Омырауын жуады:
— Тоғыз ай, он күн көтерген
Еңбекті анаң мен едім.
Өзімнен туған перзентім
Ізгілік етер деп едім.
Қара жүрек арам ит,
Анаға жоқ керегің.
- 330 Ақ сүтімнің айы ұрсын,
Хазіреті баба ұрсын,

- Еңсеңнен басып тағы ұрсын!
Осыны айтып Қарашаш,
Қос бүйірін сығады,
Көзінің жасын бұлады,
Орнынан талып тұрады.
Ордасына өзінің
Асыға қадам ұрады.
Бір қайнысын тауып ап:
- 340 — Астыңа ат мін, — деді,
Қарыңа қамшы іл, — деді.
Төреханның ордаға
Шабарман боп жүр, — деді.
Төреханның ордаға
Шабарман боп бара көр,
Айтқан тілім ала көр.
Екі ағасы тақ жаулап,
Өлтіруге барады.
- 350 Қапыда төре қалмасын,
Құлағына сала көр!
- Жеңгесінің бұ сөзін
Қайнысы мақұл алады,
Атына қамшы салады.
Төбеден жұлдыз ауғанда,
Таң сімері жауғанда,
Төрехан жатқан ақ орда
Ішіне кіріп барады:
— Төрехан, құлдық, алдияр,
Елдің ханы сен, — деді.
- 360 Қарашаштай анаңның
Хабаршысы мен, — деді,
Сөзге ұлықсат бер, — деді.
Хан болғаның есітіп,
Егізбай мен Сегізбай
Анаң билік бермеді.
«Өлтіріп, басын алам» деп,
Жалаңдап сұмдар өрледі.
Келіп қалар ұзамай,

Абайсыз жатпай ордада,
370 Қамданып, ханым, көр, — деді.

Төсегінен Төрехан
Шошынып сонда тұрады.
Шешесі жатқан бөлмеге
Төрехан қадам ұрады.
Хабардың түрі тым жаман,
Баланың сағы сынады.
Есіткеннің баршасын
Сәулеге баян қылады:

— Сәуле, анам, сен, — деді,
380 Жалғыз балаң мен, — деді,
Әже, ақыл бер, — деді.
Хабардың түрі тым жаман,
Жалғыз балаң қысылды.
«Бере ме» деп ойлаймын
Дұшпан залым қысымды.
Жылы жаздың ішінде
Сары аязды қыс қой бұл.
Жаратпаймын пішінін,
Әжептеуір іс қой бұл.

390 Хабар жалған болмаса,
Қиындық басқа төніп тұр.
Осындай зауал жаман іс
Жалғыз ұлың көріп тұр.
Атадан қалған алтын тақ
Өлтіріп мені алам, — деп,
Егізбай мен Сегізбай
Жаушылықпен келіп тұр.

— Темірхан атаң өлгесін,
Халқың тақты берген соң,
400 Ел алдынан өргесін,
Сен падиша болғасын,
Басыңа бақыт қонғасын,
Егізбай мен Сегізге
Халқың хабар салмаған.

- Екі тума ағанды
Мәжіліске алмаған.
Хан боларда, қарағым,
Ағаңа хабар бармаған.
Өкпеменен екі ағаң
- 410 Тағыңды сенің арлаған.
Егізбай мен Сегізбай —
Бұлар да ердің данасы.
Азғыруға халқыңнан
Арам ниет бір залым
Айтқан шығар шамасы.
«Түбі бірге түтпек жоқ,
Жат болмайды деген сөз
Бір кісінің баласы».
- 420 Баланың қорған панасы —
Ата менен анасы.
Інінің қорған панасы —
Алдында өскен ағасы.
Бауырына шыдай ма
Бір кісінің баласы?
Араз болып адассаң,
Дұшпанның қанар табасы.
Туысқанға жаттық жоқ,
Өзің ойлап қарашы.
- 430 Егіз бен Сегіз екі ағаң
Көңілі сенен қалмасын,
Көңіліне қайғы алмасын.
Көзімнің ақ пен қарасы,
Тілімді алсаң, шырағым,
Екі ағаңа сене көр.
Аға — басшы, сен — қосшы,
Айтқанына көне бер.
Арланғаны тақ болса,
Өз қолыңнан бере көр!
- Ана, айтқан сөзіңе,
440 Мақұл деп жауап берейін.
Егізбай мен Сегізбай —
Бірге туған екі ағам

Сірә де бөтен демейін.
Елшілікпен келсе егер,
Атамнан қалған алтын тақ
Ықтиярыммен берейін.
Дұшпандықпен келсе егер,
Қорлыққа қалай көнейін?!

- 450 Сауыттан тон жамылған,
Қуарып беті қабынған.
Арамдық залым ниетке
Жүректері малынған.
Бес қаруын сайланған,
Алмас өткір қайралған,
Белге қылыш байланған.
Қолына жебе, найза алған,
Шымырқанған, шамданған,
Қаны қайнап арланған.
- 460 Ентіктіріп тұлпарын,
Егізбай мен Сегізбай —
Екі батыр желікті.
Қан құйылып көзіне,
Тарылып алқым демікті.
Желігіп те демігіп,
Сәуленің алтын ордаға
Екеуі жетіп келіпті.
Даярлаулы қаруы,
Қақпасына орданың
- 470 Емініп жетіп барулы.
«Орда ішінде кім бар?» деп,
Жынданып айқай салулы.
Айқайлаған дауысы
Төрехан менен Сәуленің
Құлағына барулы.
Құлаққа дауыс жеткесін,
Төрехан төре саналы
Терезеден қарады.
Көрді сонда жас дана
- 480 Егіз бен Сегіз ағаны.

- Ініге аға серік-ті,
Сәуледей асыл анамыз,
Екі балаң келіпті.
Ажар-түсі тым қату,
Бұлар неге желікті?
Атасы басқа, жаттай-ақ
Үйіріп қолда найзасын,
Терезеге төніпті.
Тума болса екеуі,
490 Үйге неге келмейді?
«Жасы жеткен анам» деп,
Неге сәлем бермейді?
Қанша тума болса да,
Бұларға көңілім сенбейді.
Дұшпандықпен келсе олар,
Жалғыз да болса қарашың
Қорлығына көнбейді.
— Төрехан шық! — деп Егізбай
Қақпадан айқай салып тұр.
500 Ақылмен байқап қараса,
Дұшпандығы анық-дүр.

- Сонда Сәуле сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Алыстан емес жақыннан,
Жаттан емес туғаннан,
Жауың, балам, табылды.
Жауың жақын болғасын,
Тартпа, балам, қарыңды.
Кеудеден жаның кеткенше,
510 Қолдан берме арыңды.
«Туысқаным, інім» деп,
Түрі жоқ сені аяған.
Ол екеу де, сен жалғыз,
Сескеніп бойың баламан.
Жасық туған ұл болсаң,
Тегімнен бол садағам.
Ер жүректі болмақ жоқ,
Кекті жерде қарыспай,

- Дұшпанмен қарсы алыспай.
520 Жақыннан дұшпан болғасын,
Қаса жасық болмасаң,
Жалғызым, қойма жанышпай.

- Шешесінің бұл сөзі
Ерге қайрат береді,
Бойына жігер толады.
Булығып ыза-ашуға,
Теңізде асау толқындай
Жүрегі тулап соғады.
530 Қаһарға бала тынады,
Бой, денесі қызады,
Көзінен ұшқын шығады.
Бес қаруын асынып,
Қақпа аузында сұмдарға
Төрехан қадам ұрады.
Төрехан сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Туысқан ағам — сен, — дейді,
Туған інің — мен, — дейді.
Ат үстінен, қос батыр,
540 Түспегенің нең? — дейді.
Сәуледей асыл анаңа,
Түсіп сәлем бер, — дейді.

- Тіл қатпады қос батыр,
Екі жақтан қамады.
Өлтірмекке ұмтылды
Төрехандай баланы.
Бірақ Төре қынаптан
Суырып қанжар алады.
Олар екеу, бұл жалғыз,
550 Қарсы келіп қалады,
Көздері оттай жанады.
Тоғысып қайта келгенде,
Жақындай тағы бергенде,
Сегізбайдың санына
Төрехан қанжар салады.

- Бірге туған бауыры
Өлтіруге аяды.
Қанжар тиген Сегізбай
Санын басып құлады.
- 560 Кенет батыр Төрехан
Алыса кетіп Егізбен,
Астына бүктеп ұрады.
Таянғанда қанжары
Алқымына Егіздің,
Арасына бұлардың
Сәуле келіп құлады:
— Төрешім, балам, сен, — деді,
Сенің анаң мен, — деді.
Бөтен емес, өз ағаң —
- 570 Егізбай мен Сегізбай.
Ашумен бір іс істеген
Ағаңды жықтың күшпенен.
Бұрынғыдан нақыл бар
«Түбі бірге түптеген,
Сауғаға жанын бер» деген.
— Бопса қылған аға еді,
Кешірейін, көнейін.
Анам, тілек тіледің,
Мұның бөтен демейін.
- 580 Өкпелеген ағамның
Жолына тағын берейін.
Туысқаным, екі ағам,
Ордаға түс те, қонақ бол,
Құрмет етіп көрейін!
- Ордаға кілем салдырды,
Үстіне мақпал жайдырды,
Алуан тағам алдырды.
Қонақ етіп құрметпен,
Арақ пенен шарапқа
- 590 Екі ағасын қандырды.
Татулыққа той етіп,
Малды түрлеп сойдырды,
Халықты жиып той қылды.

- Келген жанның бөріне
Тағам, шарап қойдырды.
«Достасқанды көрсін» деп,
Қарашашқа тезінен
Жіберді шабар «келсін» деп.
Егізбай мен Сегізбай
- 600 «Жалғызды жазым етті-ау» деп,
Отырған жылап еңкілдеп,
Көзінің жасы мөлтілдеп.
Шабар хабар бергесін,
Қуанып көңілі еркіндеп,
Үш баланың достығын
Қарашаш сұлу ойға алып,
Қуаныш ойын толқытып,
Ақылмен тоқсан толғанып,
Сәуленің мекен ордаға
- 610 Қарашаш жүрді жолданып.

«Қарашаш қашан келед» деп,
Сәуле менен Төрехан
Жолын күтіп қарады.
Күн еңкейіп келгенде,
Мінген аты Боз тұлпар,
Қамқадан асыл кигені,
Достасқан үш перзентін
Көруге көңілі боп іңкәр.
Төрехандай ұлына
- 620 Пашуға деп қондырып
Иығына ақ сұңқар,
Астындағы Ақбозын,
Ескен желдей сулатып,
Қос танауын пырлатып,
Ел көңілін қуантып
Сарыжаның жебе оғындай
Қарашаш келіп қалады.
Сәуле менен Төрехан
Алдынан күтіп алады.
- 630 Қарашашқа құрметпен
Бел бүгіп қолын жаяды.

- Ақбоз аттан түсіріп,
Сүйемелдеп екеуі,
Ордаға алып барады.
Қарашаш кірер ордасын
Кілең қызға бақтырған.
Кілем жайып үстіне,
Хош иісті шаштырған.
«Ордасы көркем болсын» деп,
640 Ақ мақпалдан жаптырған,
Гауһардан шамдар жақтырған.
Үй ішіне келгесін,
Балаларын аман көргесін,
Төрехандай баланың
Саулығына сенгесін,
Егізбай мен Сегізбай,
Төреханмен үшеуін
Қарашаш сұлу шақырды:
— Егізбай мен Сегізбай,
650 Қара ниет неме едің,
Ақылсыз, мисыз кем едің.
Төрехандай баланың
Қанын төгіп өлтіріп,
Тағын алам деп едің.
Қайғылы мені еткенде,
Ұрып жығып кеткенде,
Екеуің де ер едің.
Төрехан жалғыз, сен екеу,
Айтқаныңа жетпедің.
660 Ақ сүт берген анаңды
Сыйлап құрмет етпедің.
Ақылсыз, мисыз жарымсың,
Анаңды сабап өктедің.
Тоғыз ай, он күн көтерген
Еңбегім босқа кеткенің.
Ісіне қарап іс қылмай,
Жаулық қылған жақынды,
Төрехандай балам-ау,
Өлтірмегенің не еткенің?!

- 670 Сәуле сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айтқаның жөн, Қарашаш,
Өзәзіл шайтан азғырса,
Бір-біріне тума қас,
Жастықпен артын ойламас.
Адасып азған күнінде
Араз болып кім тұрмас?!
Уа, Қарашаш, Қарашаш,
Татулық шегін шешейік.
- 680 Атадан қалған үш жетім —
Тілегінде өтейік.
Жастықпенен болған іс,
Кел, күнәсін кешейік.
— Күнәңді кештім, шырағым,
Үшеуің тату болғасын,
Болып та тұр, міне, мұратым.
Өмір, заман өткенше,
Татулық болсын тұрағың.
Осыменен, балаларым,
- 690 Батамды тамам қыламын!

Қарашаштың келген жер —
Татулыққа той етіп,
Халық қызық көрген жер.
Көп жиналған халқына
Қарашаш, Сәуле бәйбіше
Алтыннан шашу берген жер.
Жасы жеткен қариялар
Достығының ерлердің
Шашуы деп ат алды.
- 700 Шашу елге беруге
Қысырақ бөліп, мата алды.
Тізе бүгіп, қол жайып,
Балалар елден бата алды.
Алтын табақ атқан күн,
Ел қызыққа батқан күн.
Бірлігіне үш ердің
Қарашаш, Сәуле бас қосып,

- Табақтап алтын шашқан күн.
Халық қызық көрген күн,
710 Тумаға тума сенген күн.
Достығына баллардың
Есепсіз шашу берген күн.
Егізбай мен Сегізбай
Тумасымен табысып,
Достасып құшақ жайған күн.
Екі тума ағасы
Сияпат, сыйлық алысып,
Ырзаласып қоштасып,
Екеуі қайтты аулына
720 Арқызыл мен Сарқызыл
Қос тұлпармен жарысып.
Дана Сәуле қасында
Қарашаш сол күн қалады.
Ерлігіне Төренің
Ана кеулі толады.

- Шыққаннан соң аулаққа,
Егізге Сегіз сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Ай, Егізбай, басшымсың,
730 Батыр, сенің не еткенің?
Алдағанға алданып,
Қалай болды кеткенің?
Серт ойлаған ағасың,
Сынық болды ерлікке,
Мақсатты тамам етпедің.

- Тұлпар міндік баптаулы,
Ұшқырлы найза саптаулы,
Өткір алмас таптаулы,
Қынапқа қылыш қаптаулы.
740 Алдап едім, Сегізжан,
Дұшпандығым сақтаулы.
Ат басын кейін бұралық,
Ат — жігіттің қанаты.
Ұрлап алып Қара атын,

- Қос қанатын қиялық,
Жедел еткен жігітке
Осы болар лайық,
Бұ секілді зәбірге
Не себепті шыдайық.
- 750 Ойлаған ойға жетейік,
Бірге туған бауыры
Қарындасы Ханбибі
Ұрлап алып шіркінді,
Шын қайғылы етейік.
Көрген қорлық баршасын
Қараманға баяндап,
Іштегі сырды шешейік.
Сонда Сегіз сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
- 760 — Су тасады сағадан,
Ақыл өсер ағадан.
Айтқаныңның бөрі жөн,
Қара көркей Төрені
Туысқа тіпті санаман.
Сенің айтқан сөзіңді
Егізбай көңілім қалаған.
Қара ат пенен Ханбибі
Ұрлап алып екеуін,
Бүгін-ақ шығып кетейік
- 770 Сәуленің сәнді қаладан.
- Елдің шығып шетіне,
Осы ақылды ойлады.
Арамдығын қоймады,
Зұлымдыққа тоймады.
Бір-бірі сөзін мақұлдап,
Қаралдарын қолдады.
Пиғылы арам, залым ит
Ақырында оңбады.
Түн ортасы болғанда,
- 780 Екеуі келіп торыды
Сәуленің сәнді орданы.

Сонда Егізбай сөйледі:
— Жеделге кім нық тұрса,
Бөтуалы ер, — деді.
Уәдені, Сегізім,
Берік ұстар жер, — деді.
Ұйықтаған ба Төрехан,
Көзіңменен көр, — деді,
Көріп хабар бер, — деді.

- 790 Ағасының айтқанын
Інісі қабыл алады.
Төрехан жатқан ордаға
Ұрлана басып барады.
Терезеден көреді
Ұйқыда жатқан дананы.
Қатты ұйқысын біледі,
Алып ұшып жүрегі
Егізбайға асығып,
Бүкшендеп басып жүреді.
- 800 «Төрехан ұйықтап жатыр» деп,
Қуанады, күледі.
Қара ат пен Ханбибі
Ұрлап кету — тілегі.
Қара атты баққан сарайға
Егізбай бұғып барады.
Топсасынан талқандап,
Қақпа есігін шабады.
Қарға жүнді қара атты
Екеуі ұрлап алады.
- 810 — Ей, Егізбай, ағайым,
Түрікпеннің еліне
Жүру болды тағайын.
Алмасты қайрап алайын,
Жолда біреу тап болса,
Кім екенім білдірмей,
Шықшыттан басын қағайын.
Терезесін талқандап,
Аузы-басын таңайын.

- Осы арада күтіп тұр,
820 Ханбибі атты ханшаны
Өзім-ақ ұрлап алайын.
- Ұлықсат алып ағадан,
Алмасын қайрап алады.
Ханбибі жатқан орданың
Терезеге барады.
Қыз күзеткен азамат
Сегізді көріп қалады.
Ұстауға жақын келгенде,
Қанішер залым Сегізбай
830 Алмасымен шабады.
Қапыда қан боп бейшара,
Қылыш тиіп құлады.
Терезені қиратып,
Ұйқыда жатқан жерінде
Бибіні ұрлап алады,
Аузы-басын таңады.
Еш дыбысын шығармай,
Бауырына алып барады.
Қыз бен атты алғасын,
840 Екеуінің көңілі өседі.
Залымдықпен жауыздар
Дегеніне жетеді.
Талақ салып халықты,
Елден шыққан сұрқия
Егізбай мен Сегізбай
Сол түннің-ақ ішінде
Түрікпен жаққа кетеді.
- Түн ортасы болғанда,
Төбеден жұлдыз ауғанда,
850 Сегізбай шапқан күзетші
Есін жиып алады.
Ақыл тоқып көңіліне,
Жан-жаққа көзін салады.
Демі бітіп, алқынып,
Мойнынан қан ағады.

- Әр бұтаға сүрініп,
Қан жылыстап шұбырып,
Төрехан жатқан ордаға
Сүйретіліп барады.
- 860 Төреханның құлағы
Ыңырсыған дауысын
Ұйқыда жатып шалады.
Ұйқысынан оянып,
Көтеріп басын алады.
Аласұрған шыбын жан,
Үсті-басы қызыл қан
Аққан судай жылыстап,
Қойынына құйылған.
Күзетші сонда сөйлейді,
- 870 Сөйлегенде бүй дейді:
— Халықтың ханы Төрехан,
Басыма қорлық жетті ғой,
Асылы арам жаман ит —
Егізбай мен Сегізбай
Түп-түбіме жетті ғой.
Қарауылда тұрғанда,
Иықтан шауып кесті ғой.
Сарайға барсам, Қара ат жоқ,
Атыңды алып кетті ғой.
- 880 Арам жедел құған ит,
Ел батасын бұзған ит
Асылы жақсы атадан
Ақылсыз, Құдай ұрған ит,
Асылы жақсы атадан
Азғын болып туған ит
Уағдадан тайып, ант ұрып,
Абыройын төкті ғой.
- Төрехан сонда шамданып,
Ашуланып сандалып,
- 890 Қара ат тұрған сарайға
Жүгіріп барды қамданып.
Аңсызда іс өтіпті,
Адалдықтан көңілі жоқ,

- Арамнан еткен кәсіпті
Егізбай мен Сегізбай
Мақсатына ойлаған
Зұлымдықпен жетіпті.
Талқан қылып есігін,
Қара атты алып кетіпті.
- 900 Орала беріп Төрехан,
Ханбибі жатқан сарайдың
Терезесін қираған
Көзі көріп қалады.
Алып-ұшып жүрегі,
Жүгіріп шапшаң барады.
Бірге туған Бибідей
Қарындасы тағы жоқ,
Қайғымен Төре жанады.
Тұла бойы тітіреп,
- 910 Алғыр бүркіт секілді
Қарыс түсіп қабағы,
Жынданған пілдей шамданып,
Сәуле менен Қарашаш
Анаға жетіп барады,
Бара сауал салады:
— Қарашаш, Сәуле анам-ай,
Егіз бен Сегіз балаң-ай
Істеген ісі жаман-ай.
Қорлығы еске түскенде,
- 920 Ішім оттай жанады-ай.
Екеуі ұрлап кетіпті
Атамнан қалған Қара атты,
Ханбибідей баланы-ай!
Миығыма мұз тоңып,
Бұрылмастай күн болды.
Қапа қалың қар жауып,
Қайрылмастай күн болды.
Жарқыраған жарық күн
Қараңғы түнек түн болды.
- 930 Қайғырамын қапамен,
Ер басыма сын болды.
Көңіліме дақ түсіп,

- Көкірегім кір болды.
Арт жағыма қарасам,
Өткел бермес терең жар,
Асырмас алдым қыр болды.
Қара орманым — жиғаным,
Ақырында тұл болды.
Қаптан биік Қаратау
- 940 Үстіме менің құлады.
Жан сүйегім сықырлап,
Қабырғам күйреп сынады.
Ашу қысқан көңілім
Қайда барсам тынады?!
Екі сұмның азабы
Жас кеудемді сығады.
Бірге туған бауырым,
Бауырым еске түскенде,
Қайғының көрем ауырын.
- 950 Иесіз қалар екі анам,
Алтын орда ауылым.
Жауға кеткен секілді
Үйрек жүнді оттасым,
Қарға жүнді қаттасым,
Серпіп қаққан қанатым,
Ханбибідей бауырым,
Осы айтқаным анық-ты.
Тума қорлық бергесін,
Ашумен Төрең зарықты.
- 960 Ханбибі мен Қара атты
Екі ағам ұрлап алыпты.
Бауырым жауға жіберіп,
Көрмен сәуле-жарықты.
Ұлықсат бер, іздеймін,
Естісін халқым даңқты.
Өркімге де бақ керек,
Патшаларға тақ керек.
Ақ сүт берген екі анам,
Төреханға ат керек.

- 970 Сонда Сәуле сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Саспа, балам Төрехан,
Енші атың арнаулы
Көрінбей жанға бағылар.
Қайғы шекпе, жалғызым,
Мінуге тұлпар табылар.
Өзің аман қалғасын,
Жат-жұрттыққа жаралған
Жауға кеткен бір қызды
- 980 Қумай-ақ қойсаң не қылар?!
Ақыл салсаң анаңа,
Еш қайғырма, құлыным,
Қарға жүнді қара ат пен
Ханбибідей балаға.
Өзің аман қалғасын,
Қара ат пенен Ханбибі
Төрехан сенен садаға!
- Сұрама, анам, тіл алман,
Енді мұнда тұра алман.
- 990 Жақсылық пенен жамандық
Жазған шығар бір Аллам.
Қаһарлансам жау қалмас
Белімдегі құралдан.
Етегін түріп жау қашар
Балаң салған ұраннан.
Сыр алдырып дұшпанға,
Сірә да, шешем, сыналман.
Ханбибіні алып қайтармын
Жасанған жау құралдан.
- 1000 Қайтпаймын алған бетімнен,
Тіл алман, анам, тіл алман!
Екі анасы қасында,
Атты баққан сарайға
Батыр Төре келіпті.
Ардақтап баққан тұлпарды
Өз көзімен көріпті.
Төңкерілген сауыры,

- Келбетті құла келіс-ті.
Денесінің бәрі тең,
1010 Қабырғасы шеңберлі,
Жоны тұтас тегіс-ті.
Арпа менен сүт беріп,
Бағып Сәуле мас қылған.
Уайымсыз тұлпарды
Жақсы баққан, шат қылған,
Торқадан жабу жаптырған.
Шылбырына Құланың
Жібектен есіп тақтырған.
Қос құлағын тігілткен,
1020 Ортекедей ойнатып,
«Құланың көңілі өссін» деп,
Еш адамға көрсетпей,
Оңашада жүгірткен.
Кем бақпаған анасы
Қарға жүнді Қара аттан.
«Керек болса мінсін» деп,
Бабыменен жаратқан.
Жез тарақпен таратқан,
«Жалы жұмсақ болсын» деп.
1030 Көтендігі шығыңқы,
Келбеті артық әр аттан.
Қос жұдырық сиғандай
Үңірейген сағақтан.
Жал-құйрығы салынған,
Азырақ аттың еті ауыр
Жоны майға малынған,
Ардақтап жақсы бағылған.
Төрехан ердің бағына
Құлықтан құла табылған.
- 1040 Асығып тұр Төрехан
Құла атқа мініп алуға,
Тезірек жауға шабуға.
Ізгі қолын беруге
Қапаста жатқан бауырға.
Құлашаның басына

- Алтын жүген салады.
Ширата күміс құйысқан
Нақышты ерге тағады.
«Түгіне жұмсақ тисін» деп,
1050 Мақпал тоқым салады.
Еріттеп алып, саймандап,
Атын сынап қарады.
Тұрманы атқа жарасқан,
Батырға тұлпар жағады.
Аттың көзін жайнатып,
Ауыздығын шайнатып,
Құрығыменен ойнатып,
Олай-былай сыдыртып,
Ортекедей жүгіртіп,
1060 Құлын сауыр, құлан жал
Ерекше белін бүгілтіп,
Атты баптап алыпты.
Көңілінде қалмай уайым,
Қуанғаны ердің анық-ты.
«Рұқсат бер анам» деп,
Қарашаш пен Сәулеге
Бала тілек салыпты.
- Анаңның тілін алыңыз,
Астыңа Құла ат мінгесін,
1070 Кетпес жауға арыңыз.
Хабарсыз жатқан халқыңа
Бүгін хабар салыңыз.
Ханға лайық сол болар,
Әскер жиып алыңыз.
Құралданып қол жиып,
Салтанатпенен барыңыз.
Ақылменен ойласам,
Осы болар сәніңіз.
- Анасының бұл сөзін
1080 Төрехан мақұл көреді.
«Жиылсын, — деп, — азамат»,
Халқына өмір береді:

— Елімнің батыр ұлдары
Алмас қару қайрасын!
Атқа мінген азамат
Біреуі кейін қалмасын!
Жеделге мінсін байтақ ел,
Ат жүйрігін таңдасын!

- 1090 Елге өмір салыпты,
Ерлерін жиып алыпты.
Қаруланып келді ерлер
Атағы шыққан даңқты.
Қарашаш сонда сөйлейді:
— Қайырлы болсын, шырағым,
Жинаған батыр жолдасың.
Нағашыңның ескі әруақ
Қысылған күнде қолдасын.
Қастық қылған дұшпаның
Бұ дүниеде оңбасын.
- 1100 Әруағы бабаңның
Еңсеңе келіп орнасын.
Дұшпандық қанша қылса да,
Асыл бірге түрікпен
Қараманның талқандап,
Бұза көрме ордасын!

- Жабдықтап ерлер ат мінді,
Ат құйрығын шарт түйді.
Жарқылдап күнге найзасы
Сапар шекті, жол жүрді.
- 1110 Тыным алмай күндіз-түн,
Азғана емес мол жүрді.
Төрехан батыр алдында,
Артында қалың қол жүрді,
Түстік жерге соң жүрді.
Күндіз жарыс, аударыс,
Түнде айтыс, өлең-жыр,
Көңілі шад боп жүрді.
Қол алдында Төрехан
Атын сынап алуға,

- 1120 Санға қамшы басады.
«Шүү» дегенде жануар
Арандай аузын ашады.
Әрі-бері шапқан соң,
Ақ көбігін шашады.
Белес-белес қырқадан
Соққан желдей аңқылдап,
Жануар құла асады.
Төрт аяқты аңдарды,
Тура келіп кеткенін
- 1130 Тұяғыменен басады.
Сапардың жүрген орнына
Тұяқпен қағып жөнелді.
Аң кездесе жолында,
Шаңын-шаңға қосулы.
Киік пенен құланның
Алдынан орап тосулы.
Жүрген жері жол болып,
Қазылып ордай осулы.
Бір құлағы тігіліп,
- 1140 Бір құлағы жығылып,
Ақ маралдай бүгіліп,
Сауырынан аққан тер
Құндыздықтан құйылып,
Төбінгісі терлейді.
Шапқан сайын өрлейді,
Құлашын жайып сермейді.
Қатар ұшқан қаз бен қу
Қапталына ермейді.
Жоны қызып жануар,
- 1150 Сай-саланы көрмейді.
Кекіл қағып шұлғыды
Орғып жануар құлаша
Оқ жыландай ырғыды.
Жал-құйрығын жел соғып,
Жұлдыздай аққан сырғыды.
Бір жабынды астынан
Шыға келіп бір түлкі,
Бұлаң етіп жөнелді.

- 1160 Астындағы тұлпарды
 «Жетпеймін бе бұған» деп,
 Тебінгіден тебеді
 Соғарына түлкіні.
 Сол бойымен Төрехан
 Бір төбеге жеткенде,
 Қырық қыз нөкер қасында,
 Қараман қызы Ақмаржан
 Қарсы шыға келеді.
 Ат сабылтып далада,
 Түлкі құған жолшыны
- 1170 Ақмаржан да көреді.
 Көреді де бір қызға:
 «Шақыр, — деп, — ана жолшыны»
 Ханша әмір береді.
 Алып келді нөкер қыз
 Ханның қызы ханшаға
 Тақ иесі Төрени.

- Сонда Маржан сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Жолаушысың, жас түлек,
- 1180 Сияғыңа көз салсам,
 Нәсілі тұқым ақсүйек.
 Батыр саған кездестім,
 Тілеймін саған бір тілек.
 Көріселік, жас жігіт,
 Ұсынып тұрмын ақ білек.
 Намыс бұған Төрехан
 Сөзін қабыл көрмеді.
 Жалынып тұрған Маржанға
 Ұсынып қолын бермеді.
- 1190 Айласы артық Маржан қыз
 Толғанып сонда сөйледі:
 — Бел, бел асқан, бел асқан,
 Беліңе садақ жарасқан.
 Астыңда тұлпар Құла ат
 Түн қатырып жаратқан.
 Әруағың аспанда

- Бұлттарменен таласқан.
Жалғыз атты жолаушы,
Жөніңді айтшы кім едің
1200 Ел-жұртыңнан адасқан?
- Артық туған Төрехан
Сауалын қабыл көрмеді,
Қызға жауап бермеді.
Ханның қызы ханшаға
Паңсынып көңіл бөлмеді.
Сонда Маржан сөйлейді:
— Айтпасаң да білемін
Асылың — төре, сүйегің.
1210 Менің жездем — Темірхан,
Сен сонан туған жиенім.
Қарашаш пенен Сәуленің
Бөтен демеймін тілегін.
Ханбибіге келер, — деп,
Қасыма ертіп қырық қыз,
Алдыңнан күтіп жүр едім.
Қайырлы болсын жол, — деді,
Сапарың болсын оң, — деді.
Жемісті ағаш ішінде
1220 Алтыннан тіккен шатыр бар,
Сонда қонақ бол, — деді.
- Төрехан сонда сөйлейді:
— Е, Ақмаржан, Ақмаржан,
Айта берме сөзіңді,
Сөз сұрайтын кезім-ді.
Алдаймын, — деп, — амалмен
Сала берме ебіңді.
Ұстай келдім екі ұры —
Егіз бенен Сегізді,
Талқандай келдім төріңді.
1230 Қарамандай ханыңа
Бере келдім зәбірді,
Көрсетпей қайтпан көрімді.
Төреханның бұл сөзін

- Тыңдаңыз да сеніңіз.
Қарамандай әкеңе
Ауыр қолмен Төрехан
Келді, — деп хабар беріңіз.
Болсын осы тау басы —
Соғысатын жеріміз.
- 1240 Қараман болса теңдесім,
Егізбай мен Сегізбай
Қорыққанынан бермесін.
Бермес болса ерлерді
Осы таудың басында
Әскерін жиып кездессін.
Батыр болса шамданар,
Әскерін жиып қамданар.
Жиенін қолдан беруге
Хан Қараман арланар.
- 1250 Арлансын да шамдансын,
Соғысқа ертең қамдансын,
Ерлерін жиып қармансын.
Егер хабар бермесем,
Қапыда ісім өтті дер.
Аңсыз жатқан күнімде
Елімді әлек етті дер,
Ұрланып шауып кетті дер.
- Ханның Маржан шырағы
Төреден сағы сынады.
- 1260 Қараманның ордаға
Атының басын бұрады.
Қырық жолдас қасында,
Әкесінің алдында
Қол қусырып тұрады.
Ажары кеткен ақ жүздің
«Неге түсің қашты?» деп,
Қызынан хан сұрады:
— Ардақты қызым, базарым,
Неге кетті ажарың?
- 1270 Есіттің бе, шырағым,
Бір жамандық хабарын?

Сайранға шығып жүргенде
Біреу зәбір көрсетіп,
Сынды ма, сонан назарың?

- Маржан сонда сөйлейді:
— Қайғырып, әке, келгенім,
Қаһарлы дұшпан көргенім.
Айдаһардай ысқырған
Айбатты көріп шерледім,
1280 Қарыспа туған паң көрдім.
Темірхан ұлы Төрехан
Ашуы қатты хан көрдім.
Қылышынан қан тамған,
Найзасынан зәр тамған.
Егіз, Сегіз, Ханбибі
Қарасын іздеп ел торған
Жас арыстан жан көрдім.
Қаһарлы қабақ түйгені,
Астына құла мінгені,
1290 Болат сауыт кигені,
Бес қару түгел ілгені,
Жеріңе басып кіргені.
Қолыңнан жоғын бермесең,
Ордаңа анық тимегі.
Тусам да нашар анадан,
Сөзіме, әкем, көн, — деді.
Халық аман, бас сауға
Егіз, Сегіз, Бибіні
Өз қолыңнан бер, — деді.
1300 Айтқаныма сенбесең,
Өз қолыңнан бермесең,
Не қылғанын Төренің
Ертеңгі күн, көр! — деді.

Қараман сонда сөйлейді:
— Ел шегесі хан болар,
Қаһарланса, әкеңнің
Жауға алды тар болар.
Ажал құған Төрехан

- Тиіп көрсін осыдан,
1310 Кеңшілікке зар болар.
Қорғалап келген жиенді
Қолдан бермек ар болар!
Ел басшысы әкеңе
Жаббар не жар болар!
«Келді деп жаушы саспаймын,
Қонағымды сақтаймын.
Ат жүйрігін баптаймын,
Жасағымды саптаймын.
Көк сүңгіме ту байлап,
1320 Жалғыз атты жолшыдан
Қара бет болып қашпаймын.
Нөсердің қара бұлтындай
Түнеріп келіп төбедең,
Табанға салып таптаймын.
Өлімтігін қаңғының
Түрікпендегі көп төбет
Алдына сүйреп тастаймын.

- Ашу буған Қараман
«Жиылсын, — деп, — алаңға!»,
1330 Еліне өмір таратты.
Ханның берген өмірі
Лезде елге тарапты.
Намаздыгер болғанда,
Жиылып болған ел-жұртына
Қараман сонда сөйледі.
Сайлаулы қару-жарағы,
Әскерлерін санады.
Көп жасақтың ішінен
Таңдап жүріп Қараман,
1340 Алты жүзін алады.
Қараман сонда сөйлейді
Тоқталып тұрған сапына:
— Уа, ержүрек ұландар,
Құлақ сал менің жарыма!
Жеделденіп жауға ти,
Түсіріңдер Төрөні

- Өлімнің құрсау торына!
Қаңғырып жүрген жалғыздың
Салыңдар сауал жанына.
- 1350 Ашыққан иттер тойынсын
Еті менен қанына!
Хан өмірін екі етпей
Халыққа міндет — тіл алмақ.
Жиылды әскер құралды ап,
«Алла-Алла» деп ұрандап.
Ертеңгі күн сәскеде
Ерлердің шебі сыналмақ.
Ертең сәске болғанда,
Қараман, Төре қолдары
- 1360 Бір-біріне қаптады.
Астарында аттары,
Ауыздығы қаршылдап,
Дүбірінен жер қалтылдап,
Құтырып, орғып атады.
Құс боп ұшты аспанға,
Тұяғы тиген тастары
Ерегіскен екі жақ
Өңмеңнен көз қадасып,
Кірпіктерін қақпады.
- 1370 Жақындап қарсы келісті,
Сүңгісін дәлдеп дұшпанға
Ұмтылып атын тебісті,
Бір-біріне төністі.
- Көп алдында Төрехан
Түнеріп нәсер бұлтындай
Құладан тұлпар мінген ер,
Бес қабат сауыт киген ер.
Жалаңдатып найзасын,
Ойнатып көкке шүйген ер.
- 1380 Қараманның қолбасы
Жаны шығар бірге жолдасы,
Күш қайраттың қордасы,
Қаһарбекке қадалып,
Қабағын қарыс түйген ер.

- Ағызған бойы Төрехан
Әскерін бастап дұшпанға,
Арыстандай тиісті.
Қараманның інісі
Қаһарбек батыр сүйікті.
- 1390 Бұл жау емес бұрын да,
Талай жауға тиіпті.
Тисе жауын ойрандап,
Салыпты талай бүлікті.
Бүгін де сондай жындынып,
Сар тұлпарын мініпті.
Ерге басып төстігін,
Күдісті белін бүгіпті.
Төрехандай балаға
Жылындай көзін тігіпті.
- 1400 Төрехан мен Қаһарбек
Ағызған бойы аттарын
Қарсы келіп қалысты.
Төрехан мен Қаһарбек
Жүрегіне Төренің
Сүңгісін салып қалыпты.
Жау найзасын дарытпай,
Сүңгімен Төре қағыпты.
Бірін-бірі ала алмай,
Ағып өте барыпты.
- 1410 Араласты, қолдасты
Қаптаған қалың қол енді.
Айласы көп өнерлі
Екі жақ та айқасып,
Қызып ала жөнелді.
Екі жақ та екшелген,
Жаудан қайтпас берен-ді.
Ат үстінде алысты,
Қарсы келсе, қасқарып,
Семсерменен шабысты.
- 1420 Ат бөксесін жалт берсе,
Көк сүңгіменен шанысты.
«Алдырман, өлмей жауға»
Сарбаздар тайман қарысты.

- Қос қаһарман кез келсе,
Семсерлерін жанысты.
Сынғанда қылыш, найзасы
Ат үстінен алысты,
Бір-біріне жабысты.
Білегі күшті палуандар
- 1430 Тақымы босты аударып,
Ат үстінен алыпты.
Реті келсе атынан
Жерге түсе қалыпты.
Бірін-бірі шалыпты,
Алып-ұрып бес бүктеп,
Шалқасынан салыпты.
Қаһарлы мықты береннен
Талай жасақ талыпты.
Күн төбеге жеткенде
- 1440 Екеуі қарсы келгені.
Бірін-бірі көргеннен
Қаһар мен Төре қос пері
Найзаласа бергені.
Алдырмас та айласы,
Біріне-бірі күшін бермеді.
Жекпе-жегі екі ердің
Күшейді де өрледі.
Екеуі де айлакер,
Алар жерін селдеді.
- 1450 Үйіріп алып шоқпарын,
Бірін-бірі ұрады.
Ұрғанда шоқпар шыдамай,
Сағағынан сынады.
Ердің мықты болмағы
Басқа қонған бағынан.
Қаһарлы ер еді күші асқан
Түрікпеннің тобынан.
Сағақтан шоқпар сынғасын,
Айбалтаға қол салды.
- 1460 Екі ер де қажыған,
Шабысқанда құлаштап,
Балта шіркін шыдамай,

Сынып түсті сабынан.
 Шегінісіп тұрады,
 Қорамсақта жебеге
 Екеуі қолын сұғады.
 Жасы үлкен Қаһарбек:
 Кезек бер, — деп сұрады.

- 1470 Төрехан сонда сөйлейді:
 — Түрікпеннің ері едің,
 Атағың шыққан сен едің.
 Күшіңе сенген, Қаһарбек,
 Талайды сойып жеп едің.
 Еліңе келген қонақ ем,
 Қорыққаннан, сасқаннан
 Сұраған кезек нең едің?
 Көмусіз қалам мен өлсем,
 Сыйлар сені өз елің.
 Анадан нашар туған ит,
 1480 Қаймықпаймын оғыңнан,
 Жолсыз да болса көнемін.
 Қасқайып қарсы тұрайын,
 Қапы қалмай, дәлдеп ат
 Қоян жүрек, қорқақ ит,
 Кезегіңді берейін.

- Қаһарбек сонда долданды,
 Төрехандай төрені
 «Атамын» деп оңдалды.
 Тастан өткен жебесін
 1490 Толғап-толғап қолға алды.
 Сарыжаға оғын кереді,
 Қозы жауырын көктеме оқ
 Ұзындығы кез еді.
 Толғап тартып жебесін,
 Ататұғын кезі еді.
 «Алтын ердің қасы деп,
 Қақ жүректің басы деп,
 Ажал оқтың тұсы деп,
 Өлер жерің осы» деп,

- 1500 Толғай тартып қалады.
Үзеңгіге тіреліп,
Шіренгенде табаны,
Бес қабат берік сауыттың
Төртеуін жебе жарады.
Бесіншіге жеткенде,
Оғы тоқтай қалады.
Оқтан есен қалғасын,
«Оғыңнан аман қалдым» деп,
Толықсып жүзі Төрехан
- 1510 Сарыжаға жебе салады.
Тарс түйіп қабағын,
Шірене тартып қалады.
Қаһарбек атты қаһарман
Оқ қадалып жүректен,
Сар тұлпардың белінен
Төңкеріліп барады.
«Апа!» деп құлап табанда,
Топырақты қабады.
- Күн төбеден ауғанда,
1520 Әскерге жетті Қараман.
Астына мінген тұлпардың
Жал-құйрығын тараған.
Үстіне киген ақ сауыт
Көп сауыттан қалаған.
Тұяғынан атының
Тозаң көкке бораған.
Айқайлап кірді соғысқа,
Қарт бурадай жараған:
— Сарбаздарым, жолдас, — деп,
- 1530 Жау жаққа маған жолды аш, — деп,
Мен тиісsem бөлемге,
Қаңғырған төре оңбас, — деп.
Қаһарбегім өлгесін,
Қимылдамай болмас, — деп.
Төренің қанын сімірмей,
Қаһарбек орны толмас, — деп,
Бас боп өзі Қараман

- Қыздырды қырғын соғысты.
Екі жақтың әскері
- 1540 Жігермен қайта тоғысты.
Найзаменен шанышып,
Қылышпенен қағысып,
Шоқпарменен соғысты.
Қараман ханды көргесін,
«Әләһалап» ақырып,
Айқайлап ұран шақырып,
Түрікпендер өрледі.
Төренің қолын жапырып,
Бұршақтай жауып түйдектеп,
- 1550 Қу жебелер атылып,
Шуылдасты түрікпен,
Әруағын асырып,
Төренің қолын қарқынмен
Белден-белге қашырып.
Төрехан қолы сасады,
Сасқан емей немене,
Бытырап кейін қашады.
Бере алмай төтеп дұшпанға,
Үш белестен асады.
- 1560 Шыға келіп сол кезде,
Тосқауылда тосқан ер
Майданға қарай ағызып,
Атына қамшы басады.
Түрікпен көп қолмен
Қарсы келіп қалысты.
Қынабынан қылышты
Суырып-суырып, алысты.
Ерге іліп тізгінін,
Шылбырды белге шалысты.
- 1570 Бұлан-талан екі жақ
Араласа қалысты.
Қанды соғыс болып жүр,
Ерегіскен ерлердің
Көзіне қан толып жүр.
Қараман хан ерлікпен
Ел намысын қорып жүр.

- Топ ішінде Төрехан
Қараманды торып жүр.
Ашу қысып екі жақ
- 1580 Толғанды да тебіренді,
Өлім дейтін ойда жоқ,
Кеуделері желденді.
Екі талай соғыста
Сыналатын жер келді.
Сол уақыттар болғанда,
Қараман мен Төрехан
Екі сері кез келді.
Қарсы келіп қалысты,
Бірін-бірі шабысты.
- 1590 Шабысқанға шыдамай,
Балдағынан үзіліп,
Қылыш сынып қалысты.
Жын қаққандай екеуі,
Бір-біріне жабысты,
Белдерінен алысты.
Қайраты басым жас батыр
Қарамандай патшаны
Ерінен жұлып алыпты.
Алғанмен қоймай Қараны,
- 1600 Тақымына салыпты.
Қысып-қысып қойғанда,
Мұрнынан қан ағыпты.
- Қараман сонда зарлады:
— Мен, Қараман батыр текті едім,
Апырмай, менің неткенім?!
Өзімнен кіші баланың
Тақымында кеткенім.
Уа, дариға, дүние-ай,
Арманда болып өткенім.
- 1610 Амалым барма сұм заман
Дегеніме жетпедім.
Қараманды Төрехан
Бектеріп атқа алады.
Шынжырменен шыңғыртып,

- Берік етіп таңады.
Құнан қойдай бөктеріп,
Алып кетіп барады.
Қалың қолды қасқайтып,
Жарып кетіп барады.
- 1620 Қылышынан қан жосып,
Жау қолына ойранды
Салып кетіп барады.
Өзінің де Төренің
Самайынан қан жосып,
Ағып кетіп барады.
Күн бесінге жеткенде,
Жау тозғындап тарады.
Дұшпан қолы қашты енді,
Бетіне алып қаланы.
- 1630 Жеткендерін шабақтап,
Төреханның көп батыр
Қуып кетіп барады.
Сол кеткеннен қалаға
Кіреді Төре жарағы.
Соғысқан жауын қашырып,
Жарқылдатып қаруды,
Қалаға кіріп барулы
Қол қусырып алулы.
Төремен бітім жасауға
- 1640 Хан ханшасы Маржан қыз
Халқына хабар салулы.
Төреге өзі келулі
Қол қусырып «жиен» деп,
Көтеріп аттан алулы.
Қызметі ханшаның
Төреханға жағулы.
- Маржан қыз сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жаулық қылды, Төрехан,
- 1650 Егіз бен Сегіз өзіңе.
Жау шыдамас батырсың,
Садағыңның кезіне.

- Жаман туған Егіздің
Кесірі тиді еліме.
«Қонағымды бермен!» деп,
Өлім жетті еріме.
Қызмет етіп қарайын,
Қонақ бол, Төре, төріме.
Тілегім бар тілейтін,
1660 Беремісің өзіме?
Ойлаған батыр қаралды
Егізбай мен Сегізбай
Қара көңіл арам-ды.
Кесірі тиіп солардың,
Мал мен басым таланды.
Қаһарың күшті жиенсің,
Халқыма бер сауалды
Өтінемін, Төрехан,
Қанжығаңа бөктерген
Қапастан құтқар бабамды?!
- 1670 Төрехан сонда сөйлейді:
— Нағашы, айтқан сөзіңді
Енді бөтен демейін,
Айтқаныңа көнейін,
Тілегіңді берейін.
Ашу кернеп келгенде,
Ақыл болмас адамда.
Жеделденсе кімде-кім,
Берік тұрар қаралда.
Бермен қарап жүрерде,
1680 Белге қару ілерде,
«Қараманды сақта» деп,
Өтініш көп айтқан
Қарашаштай анам да!
Өтінішін ақтайын,
Қараманды сақтайын.
Қарашаш үшін, сен үшін
Алжыған атаң Қараны
Атпайын да шаппайын.
Маған, Маржан, жалындың,

- 1690 Күнәсін кешіп атаңның,
Жалынғанда бағындым.
Кеткеніне көп болды,
Ханбиімді сағындым.
Қызмет етер жеріңіз
Бауыр төтті-ау жалғанда,
Бұл сөзіме сеніңіз.
Сағынғаннан аңсаймын,
Осы түннің ішінде
Бибімді тауып беріңіз.
- 1700 Ал, Ақмаржан, басшы бол,
Сенімен бірге ерейін.
Сағынып келдім алыстан,
Шырағымды көрейін.
Артымнан ерген жалғасым
Ақ бетінен өбейін.
Сағынғаннан сарғайған
Іштен шерді төгейін.
«Апар мені!» деп еді,
Төрехандай батырды
- 1710 Қарындасы Бибіге
Маржан бастап келеді.
Жиылып тұрған көп халық
Жолын аша береді.
«Төрехан келді» деген сөз
Бибіге жетіп, о дағы
Көкесін күткен жер еді.
Бұрын барам дегенде,
«Соғыста жазым болар» деп,
Жібермеген нөкері.
- 1720 Қырық қыз жолдас қасында,
Төреханды көргесін,
Құшақ жая береді.
Қарындасын Төрехан
Ақ бетінен өбеді.
Жүрген бала тарығып,
Қайғы-шермен қамығып,
Жүрегі тулап қабынып,
Жан көкесін көргесін

- Шыдап тұрсын нағылып?!
1730 Қуанғаннан жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Мауқын басып болған соң,
Сәуле менен Қарашаш
Аналарын сұрайды.
- Сағынғаннан Бибісін
Екі анаң тарыққан.
«Көреміз, — деп, — қай күні,
Ұйқысы қашып зарыққан,
Көңілі түсіп жабыққан.
- 1740 Кеткеніне көп болды
Туып-өскен халықтан.
Ана мен ел аман-сау,
Сәлем жолдап жатқанды,
Ханбибім, саған алыстан.
Амандық сұрап білістің,
Көп тұрмайық бекерге.
Егізбай мен Сегізбай
Екі сұмның қорлығы
Көкіректен кетер ме?
- 1750 Ұрықсат бер, барайын
Екі жарым-есерге.
Бауырым, енді барамын
Сұмдардың басын кесерге.
Мені әлек еткенде,
Қара ат пенен өзіңді
Ұрлап алып кеткенде,
«Төрехан — жалғыз, мен — екеу,
Кегімді алам!» деп еді.
Қара ниет залымның
- 1760 Туғанға бар ма керегі?
Мен — жалғыз, ол — екеу,
Шайқасып бір көрейін,
Ит сазасын берейін.
Ұлықсат бер, бауырым,
Есіл қанын төгейін.
Жаман туған жақыннан

Атасы басқа жат артық,
Жанын алып келейін.

1770 Ханбибі сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Айтамын арыз, жан көке,
Бір іс қапыл өткен-ді.
Арадағы сөзге азып,
Екі ағаң әлек еткен-ді.
Жасы үлкеннің хақы бар,
Олардың сөзі өктем-ді.
Мен үшін таста, хан көке,
Туысыңа өкпеңді.

1780 Төрехан сонда сөйледі:
— Көрген қорлық көп еді,
Көрмеген қорлық жоқ еді.
Қорлығынан иттердің
Ішім жалын, шоқ еді.
Екеуіне керегі
Сарыжаның улы оғы еді.
Берер ем сұмның сазайын,
Сен үшін кештім күнәсін.
Сонда да, бірақ, барайын,
Іздеп тауып алайын.
1790 Есіне түссін екінші,
Кетпес таңба салайын!

Ұлықсат сұрап алады,
Екеуі жатқан жеріне
Салдыртып жетіп барады.
«Төрехан келіп қалды» деп,
Жанашыр бір құрбысы
Егізге хабар салады,
Екі батыр сасады.
Жүректері дүрсілдеп,
1800 Уһілеп аузын ашады.
Адырайып көздері,
Құттары әбден қашады.

- Арқызыл мен Сарқызыл
Мініп ала асады.
Қашқанын көріп Төрехан,
Құлаға қамшы басады.
Төрехан жетіп келіпті,
Еңсесіне Егіздің
Желекті найза төніпті.
1810 Қорыққанынан Егізбай,
Өкіріп жылай беріпті.
Төнген найза еңседен
Қылт-қылт етіп тұрады.
Жалғаншыда жан тәтті,
Өкіріп Егіз жылады.
Қарсыласар күні жоқ,
Шағатұғын үні жоқ.
Қол-аяғы құрысып,
Ат үстінен бүрісіп,
1820 Ерден ауып жылысып,
Егізбай жерге құлады.
Көзін тастай жұмады,
Қойнына басын тығады.
«Жан сауға, көке, жан сауға»
Деген үні күрмеліп,
Өзер-өзер шығады.
«Көрген халық күлсін деп,
Есіне түсіп жүрсін» деп,
Төрехандай батырың
1830 Аттан түсе қалыпты.
Егізбайдай жарымның
Құлағын кесіп алыпты.
- Бұл уақытта Сегіздің
Жүрегі әбден сығылған.
«Төрехан көріп қалар» деп,
Бір жыраға тығылған.
Қос өкпесі дүрсілдеп,
Бағы тайған тұғырдан.
«Біраз мезгіл өтті-ау» деп,
1840 Кідіріп мұнда жатқанда,

- «Бір қоян қашып кетті-ау» деп,
Жан ұшырған бейшара
«Қоян қасқа епті-ау деп,
Түрікпеннің жерінде
Жыра мен шұқыр көпті-ау деп,
Қай шұңқырдың тасасын
Сорлы кеуек етті-ау» деп,
Жағалап жүріп қарады.
Бір қазынды шұңқырда
- 1850 Сегізбайдай ағаңның
Үстінен шығып қалады.
Ентігіп жатыр күрсілдеп,
Жүрегі соғып дүрсілдеп.
Кеуектегі қояндай
Мойнын тығып бүлкілдеп
Қуарыпты ажары.
Кездесе кетті сол жерде
Екеуінің назары.
Алмас қылыш қолға алып,
- 1860 Қасына жетіп келіпті,
Үстіне келіп төніпті.
Ұшып тұрып Сегізбай
Қол қусырып тұра кеп,
Төреге сәлем беріпті.
«Бауырым» деп жылады,
Қол қусырып тұрады.
Жан сауғалап қалшылдап,
«Күнәмді кеш» деп сұрады:
— Азғырумен азғанмын,
- 1870 Ақылым жоқ жазғанмын.
Саған қастық қылам, — деп,
Ханбибі мен Қара атты
Ордаңнан ұрлап алғанмын.
Бүлік қылдым мен, — дейді,
Не етсең де, бауырым,
Істегенің жөн, — дейді.
Күнәмді кешір, Төрешім,
Бір шыбындай жанымды
Жан сауғаға бер, — дейді.

- 1880 — Ис қылдыңдар бекерге,
Екеуіңнің қорлығың
Өмірде естен кетер ме?!
Қарашаш, Бибі көңілі үшін
Амалсыздан күнәнді
Кештім залым, есер, — деп.
Ер Төрехан екеуін
Аттарына мінгізді,
Қатарға алып жүргізді.
Жиналған көп халыққа
- 1890 Даналығын білгізді.
Тамашаға таңданып
Жиылған халық көп еді,
Ханбибідей балаға
Екеуін алып келеді.
Үсті-басы қызыл қан,
Егізбайды сол кезде
Ханбибі бала көреді.
Ханбибінің Төреге
Сондағы айтқан сөзі еді:
- 1900 — Өтініп едім мен, — дейді,
«Өтінішіңді бердім», — деп,
Айтқан едің, сен, — дейді.
Құлақ бастың сәні еді,
Құлағын кескен нең? — дейді.
Күлкісі болар Егізбай
Ертеңгі күн халықтың.
Бастың құлақ ажары ед,
Құлағын кесіп алыпсың,
Басына бүлік салыпсың.
- 1910 Егізбай сонда сөйлейді:
— Өкпелеме Төреге,
Ханбибі қалқам, сен, — дейді.
Әуелінде бүлікті
Бастаған ағаң мен, — дейді.
Ісім бұзық болғасын,
Төрештікі жөн, — дейді.
Тілегенде тілек бермедім

- Ақ сүт берген анама.
Өлімді жер кездесті,
1920 Шыбын жанымды алған тек
Төреханнан қалада!
Бұрынғыда нақыл бар
«Атқа келген бөледен
Айыл-тұрман садаға.
Басқа келген бөледен
Бастан құлақ садаға».
Сөйтіп жатқан жерінде
Хан хабаршы салады:
«Жиенім қонақ болсын деп,
1930 Ордама халық толсын деп,
Бүгін-ертең Төрехан
Ерлерімен қонсын» деп,
Шақырып өзін алады.
Даярлаулы тағамы,
Құюлы арақ-шарабы,
Тартулы алуан табағы.
Ортасында орданың
Мейізбенен ашытқан
Қымызбен қойды сабаны.
1940 Мақпал көрпе жабады,
Гауһар шамды жағады.
Қонақтармен күлісіп,
Мамырлаған аққудай
Маржан қыз жүр көлбеңдеп,
Қасында қырық жараны.
Әзілдесіп қыздармен,
Нағашыға ырза боп,
Төрехан отыр жоғары.
Егізбай жүр құнтияп,
1950 Құлақсыз басы сымпиып.
Төрехандай ініге
Ол да ырза болады.
Сол шаттықты думанмен
Түрікпенге Төрехан
Екі күн бойы қонады.
Үшінші күн болғанда,

- Қараманмен достасып,
Құшақтасып қоштасып,
«Апаларын көрсін деп,
1960 Көріп сәлем берсін» деп,
Маржан қызды ерітіп,
Төремен Егіз, Сегізбай,
Ханбибі бала, көп әскер
Қайтады кейін еліне,
Туып-өскен жеріне.
Темірхандай әкенің
Берекелі төріне.
Бірге туған бауырлар
Достасып қол берген жер.
- 1970 Ұмыт болып өткен күн,
Шын достыққа енген жер.
Бір жарым ай жол жүріп,
Сәуленің сәнді ордасын
Көз ұшынан көрген жер.
Туып-өскен мекенге
Соныменен, тыңдаушым,
Ерлік пенен ізгілік
- 1988 Зұлымдықты жеңген жер.





Төрехан Батыр

(Б. Сариманов нұсқасы)

Баяғы ноғайлы заманында Темірхан деген хан болыпты. Хан ажалы жетіп өліпті. Бәйбішесінен бір ұл, бір қыз қалыпты. Ұлының аты — Төрехан, қызының аты — Бибі екен.

Төрехан алты жаста екен, тоқалдан туған ағалары: Егізбай мен Сегізбай жазықсыз Төреханды өлтірмек болыпты. Әдетте хан өлсе, хандық қара орында қалады екен. «Енді хан Төрехан болады, онда біз не көреміз, Төреханды өлтіріп, орнына хан болайық» деп кеңеседі.

Төреханның хандықпен ісі жоқ екен. «Екі қатынның баласы — екі түрлі ел деген» мақал сол ғой, шамасы Егізбай мен Сегізбайдың мұндай жағымсыз ісіне көл де, жер де, ауа да, адам да, мақұлық біткеннің бәрі қарсы болды. Оларға лағынат айтты. Ендігі хабарды Төреханды өлтіруге аттанған екі ағасынан естіңіз.

Егізбай мен Сегізбай
Арқызыл мен Сарқызыл
Жараған тұлпар мінеді.
Жағасы алтын кіреуке
Ілгегін сала киеді.
Балдағы алтын ақ болат
Орай белге іледі.
Таң да сәрі болғанда,
Таң шолпаны туғанда,
10 Төбеден жұлдыз ауғанда,
Азу алмас қос пері
Қаладан шыға жөнелді.
Хақ пайғамбар жолында,

Алтын құман қолында
Екеуінің анасы
Тұр екен сонда жолында.
Шылбырын жұлып алады,
Қолына мықтап орады.
— Қарағым, қайда барасың? — деп,
20 Екеуінің сапарын
Шешесі сонда сұрады.

Баласы сонда сөйледі
Сөйлегенде бүй деді:
— Айналайын, шешеке,
Жата берсең болмай ма
Алтыннан салған қалаңа?
Тілекші болсаң болмай ма
Біз секілді балаңа?!
Шешесі сонда сөйлейді:
30 — Айтпасаң да білемін,
Сыртыңнан күндеп жүр едің.
Төреханды өлтірме,
Басына қорлық келтірме.
Сендер қанат болғанда,
Төрехан құйрық болмай ма?
Қос қанатпен ұшқанда,
Құйрығымен қонбай ма?
Құйрығыңды кескенсін,
Құйрығың шолақ болмай ма?
40 Төреханды өлтірме,
Басына қорлық келтірме.
Төреханды өлтірсең,
Хандық түгел боқ та жоқ.
Ноғайлының сыртында,
Құбыла сарай бетінде
Аңырап, бәлем, қаларсың,
Сонда түсер есіңе.
Мұны естіп баласы,
Буырқанды, бұрсанды,
50 Мұздай темір құрсанды.
Астындағы тұлпары

- Өз-өзінен зең салды.
— Айналайын, шешеке,
Төреханды жоқтасаң,
Екі көзіңді оярмын,
Ту сыртыңнан соярмын,
Тікеңнен жерге қоярмын.
Осылайша айтты да,
Шылбырды жұлып алады,
60 Атқа қамшы салады,
Шаңды-шаңға қосады,
Шаң аспанға жосады.
Таң сарғайып атқанда,
Таң шолпаны батқанда,
Төрехан тіккен орданың
Қылышпен тіліп жабығын,
Жиегін батыр ашады.
Сол уақыттар болғанда,
Төрде жатқан ер Төре
70 Көтеріп басын алады,
Жан-жағына қарады.
— Қайда кеттің, хан шеше,
Айырдан туған, жан шеше,
Мен бір бүгін түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Біз секілді пақырды
Қорғап жүрген пір көрдім.
Мен бір туған құдаймын,
Құрай қуған торғаймын.
80 Зауалым шайтан болмаса,
Түсімнен қорқып, аңдаймын.
Ақсұңқар құстың баласы
Торға түсіп талпынды.
Жалғызыңа күн туды,
Жылдам жина халқыңды!
Шешесі сонда сөйлейді
Сөйлегенде бүй дейді:
— Қаса бір жақсы сен десем,
Қаса жаман сен бе едің?
90 Отыра бер қасыма,

- Жаулық сал да басыңа!
Бұл айтқанын қош көріп,
Ұйықтап тағы қалады.
Бір уақыттар болғанда,
Ұйықтап жатқан ер Төре
Көтеріп басын алады,
Жан-жағына қарады.
Жағасы алтын кіреуке
Ілгегін сала киеді.
- 100 Балдағы алтын ақ болат
Орай белге іледі.
— Алып берші алмасым,
Ішінде болсын жолдасым.
Маған келген дұшпандар
Қарсы келіп оңбасын.
Өкпесі оттай қабынып,
Алтын айдары шұбалып,
Мақпалдай беті қуарып,
Мезгілсіз келген жандардың
- 110 Алдынан шықты қуаныш.
— Ассалаумағалейкүм,
Егізбай мен Сегізбай,
Екі арыстан ағам-ай.
Аман ба еді ақ сүтін берген анаң-ай?!
Аман ба еді алтыннан салған қалаң-ай?!
Түсің жаман қашыпты,
Бетіңді шаң басыпты.
Арқызыл мен Сарқызыл
Жараған тұлпар мініпсің.
- 120 Жағасы алтын кіреуке
Ілгегін сала киіпсің.
Балдағы алтын ақ болат
Орай белге іліпсің.
Тауда тарлан бөрі едім,
Қайыспайтын ер едім.
Хан қалпақты киейін,
Қараша атқа мінейін.
Жауыңды айтшы, ағеке-ау,
Сен өлген жерде өлейін!

- 130 Ағасы сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Арқызыл мен Сарқызыл
Жараған тұлпар мінгенмін.
Жағасы алтын кіреуке
Тоңғанымнан кигенмін.
Балдағы алтын ақ болат
Сән болсын деп ілгенмін.
Әкемнен қалған Қара тау
Қарауыл қарап жүргенмін.
- 140 Аппақ болған етіңнен,
Мақпалдай болған бетіңнен
Төрехан сыңды баланы
Бір сүюге келгенмін.

- Сонда Төре сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Сүйдірмеймін бетімнен,
Әуелі бар да бата оқы
Батасын берген бабаңа!
Сосын бар да сәлем бер
Ақ сүтін берген анаңа,
150 Сосын алып сүйерсің
Төрехан сыңды баланы.
Айғыр сойып ақыртып,
Бура сойып бақыртып,
Хандықты саған берейін,
Он екі баулы көп ноғай
Бәрін қоймай шақыртып.

- Ағасы сонда сөйлейді:
— Хандығың құрысын алмаймын,
160 Алдаған сөзге нанбаймын.
Ақ найзаның ұшымен,
Дізенің жақсы күшімен
Қызылбастың ерлерін
Аз ғана күн аңдаймын.
Әкемнен қалған Қараша ат,
Екеуімізге ортақ ат
Қараша атты сұраймын.

- Қараша атты бермеймін
Он екі жерден кесілмей,
170 Танауынан тесілмей.
— Бермесен берме Қара атты,
Мойныңа қойдым ұятты.
Өшіруге келгенмін
Қос білтелі шырақты.
Өлтіруге келгенмін
Төрехан сынды қарақты.
Алты жасар баланы
Ортаға алып қамапты.
Аллалап айғай салады,
180 Ай тұтылып барады.
Күңіреніп айғай салады,
Күн тұтылып барады.
Буынулы ақ алмас
Суырып сонда алады.
«Мына қақбас оңбас деп,
Екеуімізге болмас» деп,
Екеуі қашып барады.
Еңіреген ер Төре
Артынан қуып барады.
190 Бір уақыттар болғанда,
Қайтып үйге келеді.
Келе сөйлей береді:
— Берейін бе Қара атты,
Бермеймін бе Қара атты,
Шеше, сізден ұят-ты.
Егізбай мен Сегізбай
Туған жері басқа еді
Сенде бір жалғыз қасқа едің.
Егізбай мен Сегізбай
200 Далаға қашып кеңесті.

Әлқисса, Егізбай мен Сегізбай Төреханға екеуінің күші келмейтіне арланды. Тұтығып, бетінен түсі қашты. Екі батыр жұдырықтай баланы қалай өлтіруге амалын қарастырып, ақылдасты.

— Ол заңғарға қайткенмен күшіміз келмейді, оның қайраты бізден неше мәрте артық. Амалын тауып, алдап немесе ебін тауып ұрлап өлтірейік, — деп пәтуә жасады. Сонымен, кешке ұйықтап жатқанда терезеден түсіп өлтірмек болып тарасты.

- Ұйықтап жатқан ер Төре
Көтеріп басын алады,
Жан-жағына қарады.
— Қайда кеттің хан шеше,
Айырдан туған нар шеше!
— Мен бір бүгін түс көрдім,
Әжептәуір іс көрдім.
Қанатыма қаз қонып,
Қайырылмастай күн көрдім.
- 210 Үстіме құлап асқар тау
Қабырғамды сындырды.
Мұртыма менің мұз қатып,
Тұра алмастай күн көрдім.
Азу алмас қос пері
Екі қарым түбінен
Қиып алып барады.
Ақсұңқар құстың баласы
Торға түсіп талпынды.
Бір көзінен жас ақты,
- 220 Бір көзінен қан ақты.
Көкелеп жылаған дауысы
Құлағым жарып барады.

- Шешесі сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Қанатыңа қаз қонып,
Қайырылмастай күн көрсең,
Халқыңның әнсат болғаны.
Үстіңе құлап асқар тау,
Қабырғаңды сындырса,
- 230 Халқымның ісі ауыр дейд,
Халқыңның патша қойғаны.
Мұртыңа сенің мұз қатып,
Тұра алмастай күн көрсең,

- Мүскілттің әнсат болғаны.
Азуы алмас қос пері
Екі қарың түбінен
Қиып алып баратса,
Ат жігіттің қанаты,
Қараша атты алғаны.
- 240 Ақсұңқар құстың баласы
Торға түсіп талпынса,
Бір көзінен жас ақса,
Көкелеп жылаған дауысы
Құлағың жарып баратса,
Бибіжанды алғаны.
Некесіз туған құлдардың
Алты айшылық шөлі бар,
Алты айшылық күні бар.
Қапыл-құпыл жүгіріп,
- 250 Қолына шамды алады.
Бибі жатқан сарайға
Еңкейіп Төре қарады.
Бибі түгіл дым да жоқ,
Қайтып үйге келеді,
Қарына жүген іледі.
Қараша ат тұрған қақпаның
Есігін ашып қарайды,
Қара түгіл, дым да жоқ.
Мінейін десе Қара ат жоқ,
- 260 Ұшайын десе қанат жоқ.
Ертең тал түс болғанда,
Қайтып үйге келеді,
Келе сөйлей береді:
— Берсейші, шеше, біліңді,
Бір бүлдіріп келейін
Құлдар жүрген жеріңді.
- Шешесі сонда сөйлейді:
— Бермеймін, балам, білімді,
Ал дейді менің тілімді.
- 270 Қабырғаң әлі қатқан жоқ,
Омыртқаң, балам, өскен жоқ,

Алты жылдай шыдай тұр.
Алты жылдай шыдасаң,
Он екіге келесің.
Патшаның құрығы ұзын дейд,
Сансыз әскер молменен,
Неше тулы қолменен
Сонда іздерсің, қарағым,
Жауға кеткен қызымды.

- 280 — Бермесей, берме біліңді
Осы жолы, шешеке-ау,
Алмайын тіпті тіліңді.
Үстіне шекпен киеді,
Қолына таяқ алады,
«Бибінің ізі осы-ау» деп,
Шырқырап Төре барады.
Қайтпасын ердің білгенсін,
Шыдай алмай шешесі,
Шақырып қайта алады:
- 290 — Айналайын, ер Төре,
Құрттай ғана тұра тұр,
Мойның бермен бұра тұр.
Баратұғын хал болса,
Шешей тұлпар сақтады-ай.
Өзің туған жылы кер бие
Жалғыз-ақ құлын тапқан-ай,
Сұр айғырдың шапқаны-ай.
Еш адамға білдірмей,
Жер астына баққаны-ай.
- 300 Қайырылып бала тұрады,
Қайтып үйге келеді.
Сарайды ашып қарайды,
Ойнақшыған Құла атты
Төренің көзі көреді.
«Қай жерінен талар» деп,
Алып шықты далаға-ай.
Қарсы алдына тұрады,
Азырақ әңгіме құрады:
— Кекіліне қарасам,

- 310 Күлтелеген жібектей.
Танауына қарасам,
Түбі түскен шелектей.
Екі ұртына қарасам,
Еділден шыққан түбектей.
Екі көзіне қарасам,
Қос пілтелі шырақтай.
Маңдайына қарасам,
Қайыңнан шапқан күректей.
Құлағына қарасам,
- 320 Көлге біткен құрақтай.
Екі қомы отаудай,
Екі қолтығы астаудай.
Төрт аяғы дөредей,
Тастан ойған кемедей,
Сымға тартқан немедей.
Әкеліп ерді салады,
Айылды қостап іледі.
Ер қаруы бес қару,
Бес қаруды белге алып,
- 330 Қоңыр салқын төске алып,
«Ат қарқыны қайтер?» деп,
Ырғып мініп алады.

Сол уақыттар болғанда,
Шешесі тұрып сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Нағашы тегің айтайын —
Едіге сұлтан ер еді,
Нәсілі оның пері еді,
Пері оқуын біледі.

- 340 Қарсыласқан кәуірді
Қайрандағы шабақтай
Қия бір соғып жеп еді.
Одан туған Нұралы,
Нұралы ұлы Нұрасы.
Одан туған Ақұса
Әкімі жұртқа таралған.
Одан туған Көнұса

- Үкімі жұртқа тараған,
Одан туған хан Мұса,
350 Отыз ұлы бар Мұса.
Отыз ұлдың ішінде,
Бір ұрыстың өзінде
Алпыс балта сындырған,
Достың көңілін тындырған,
Дұшпанның көңілін қалдырған,
Қысқа күнде қырық шапқан,
Ораққа кімнің шарасы?!
Арыстан сынды ер Қазі
Қанды Орақтың баласы.
- 360 Он сегіз ханды өлтірген,
Қазіға кімнің шарасы?!
Саған жерік болғанда,
Құланның етін жегенмін,
Жерігім бұған қанбады.
Киіктің сүтін ішкенмін,
Оған жерік қанбады.
Ем болар деп даруға
Арыстан етін жегем де,
Жерігім оған қанбады,
- 370 Қанатұғын болмады.
Жолбарысты шайнадым,
Онда да жерік болмады.
Қайтер екен бұған, — деп,
Жылан етін жеп едім,
Бұған да жерік болмады.
Жалаңаш жатып қаңтарда
Ор қояндай аунадым,
Онда да жеру қанбады.
Қара тасты жеген соң,
- 380 Жерігім сонда қанып ет.
Айналайын, ер Төре,
Шапса қылыш өтпейді,
Қарғаса қарғыс жетпейді,
Қош, жалғызым, аман бол!
Мұныменен қоймайды,
Шешесі тағы толғайды:

- Құлын да емдің, тай да емдің,
 Құнаныңда арда емдің,
 Дөненінде үйреттім.
- 390 Мойныңа жұмсақ болсын, — деп,
 Жібектен арқан сүйреттім.
 Арқаң күнге күйер, — деп,
 Мақпалдан жабу жаптырдым.
 Қиядан қия желгенде
 Табаның тасқа тиер, — деп,
 Алтыннан таға қақтырдым.
 Жалғызымның бір жаны
 Құлаша ат саған аманат.

Баласын қимай, жіберудің де, еріп кетудің де есебін таппай, еңіреп, көпке дейін ілесіп қалмады. Жапанда тұрып зарлаған кемпірдің үнінен тау қозғалып, дария шайқалғандай болды. Алты жасар ұлын хазірет иесі Қамбарға тапсырып, екі көзі білеудей болып үйіне келді. Жан-жағына қараса, үйі үңірейіп, жейін деп тұрған айдаһар сияқты. «Жалғыздық бір Құдайға жарасқан», баласын ойлап көрелі таңды көзінен атырып бірнеше күн уайымдаумен болып қалжырады, қажыды. Көзі көр, көкірегі жер болып, зор қайғымен сар ауру адамдардай төсек тартып жатып алды. Ал ендігі хабарды жолға шыққан Төреханнан естіңіз.

- Бұл жерде бала кеткенсін,
 400 Астындағы Құла атқа
 Қамшы басып «шүү» деді.
 Бауыры жазық Құлаша ат
 «Шүү» дегенде гуледі.
 Тау мен тасты көрмеді,
 Табаны жерге тимеді.
 Алдындағы аңғарды
 Жер ошақ құрлы көрмеді.
 Көлденең жатқан көк тасты
 Тіктеп тиген тұяғы
 410 Саз балшықтай иледі.
 Шаңды-шаңға қосады,
 Шаң аспанға жосады.

Киік пенен құланның
 Алдын орай тосады.
 Жаңбырдай тері сіркіреп,
 Жауған күндей күркіреп,
 Құланның атты қодықты,
 Көлден тартты борықты.
 Арада неше қоныпты,
 420 Жетемін деп зорықты.
 Талма түстің шағында
 Шұбалған шаңға жолықты.

Бұрын сапарға шығып жол бейнетін көрмеген жас бала неше медет жол жүріп, шаршап-шалдығып, жеті күн дегенде баяғы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, қара ағашы қапырақ, сары ағашы жапырық, аспанмен таласқан зеңгер тау, шырылдап ұшқан боз торғай басынан асып кетпеген, атса мылтық жетпеген Жекенді деген жерге, Құралай деген көлге келіп тынықты. Аң аулап азық етті. Жүретін мезгілі жетіп, атқа мінді.

Қара обаға шығады,
 Қиялап ұшқан бір түтін
 Төренің көзі көреді.
 Еңкуден түсе желеді,
 Кешке жақын келеді.

— Бағанағы қиялап ұшқан түтін, аузынан шыққан лебі, ұзындығы он екі-кез мұрты бар, бойы тоқсан құлаш бір керемет қара дәуге келді. Қазанның түп күйесіндей болған қара дәу жас баланы көріп, қуанып, мынау сөзді айтып тұрған секілді:

— Алдымдағы жас бала,
 Арақ ішкен мас бала,
 430 Қорқыратып бауыздап,
 Қылайын сені масқара.
 Сонда Төре сөйлейді:
 — Алдымдағы қалмағым,
 Ауыр ма шөптен салмағың?
 Таразыға тартқанда,
 Қорғасындай басады

- Сені менің салмағым.
Бар ма менде алмағың?
Сеніменен ұрыссам,
440 Құдайға жоқ-ты арманым.
Беліне тұсау салады,
Азуы алмас қос пері
Ен далада жағаласып қалады.
Атандай даусын ақыртты,
Әруағын шақыртты.
Тастың бәрі күл болды,
Таудың бәрі жер болды,
Аспаның бетін шаң алды.
Тоғыз күндей ұрысып,
450 Ұрыс мықты зор болды,
Батырлар жаман қор болды.
Бір уақыт болғанда,
Қалмақ тұрып сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Алдыңғы кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі,
Кезегімді бер, — деді.
Кезегін ердің береді,
Тоқсан батпан шоқпармен
460 Тас төбеге ұрады.
Тасқа тиген шөлмектей
Ортасынан омырылып,
Жасыған жездей қайырылып,
Шоқпар ұшты аспанға.
Тағы қалмақ сөйледі:
— Қиылдан келген қырық зергер
Қырық ай жатып соқтырдым.
Ойылдан келген он зергер
Он ай жатып соқтырдым.
470 Шоқпарым неден оңбадың,
Айдаһар өтін жақтырдым?
Еңіреген ер Төре
Қорамсаққа қол салды,
Қол салғанда мол салды.
Көп оғының ішінен

- Сұр жебе деген оқ алды.
Сонда Төре толғанды,
Айтайын деп оңдалды,
Дүние қару қолға алды.
480 «Қалмақ ердің қасы деп,
Торыша аттың басы деп,
Өлер жерің осы деп,
Өкпеліктің тұсы» деп,
Толықсып тұрған батырды
Толғап тартып қалады.
Кірістен оғы кетеді,
Батырға таман жетеді.
Тоғыз қабат кіреуке
Кіреукеден өтеді.
- 490 Алты қабат белдемше,
Белдемшеден өтеді,
Белін қиып кетеді.
Өлмеймін деген қара дәу
Ұзыннан сұлады,
Өксіп-өксіп жылады.
Тоғыз құлаш Торыша ат
Мұны көріп жылады.
«Мына қақбас оңбас деп,
Құдай жолы болсын» деп,
- 500 Он екі жерден кеседі,
Танауынан теседі.
Өткір білім алмасым,
Өзіме серік жолдасым
Тасты жарып барады.
Одан әрі асқансын,
Қияға көзін салады.
Бір қарақұс көреді,
«Атып сені алам деп,
Сыбағама салам деп,
- 510 Осыдан аман мен барсам,
Қарындасым Бибіге
Ішік қылып берем» деп,
Тоғыз өгіздің терісінен
Өріп алған бір қамшы

- Орай бұтқа басады.
Тобықтан аққан қара қан
Бақайшаққа жосады.
Қиядан қиқу шыққаннан,
Қырық бір қырдан асады.
- 520 Туралап түлкі қашады,
Жеткізбеске басады.
Тарығып тағы жылады,
Жылады да жырлады:
— Айналайын, Төрехан,
Егізбай мен Сегізбай
Өлтіруге келгенде,
Түсіңе аян беріп ем,
Бұл түспеді есіңе!
Бибіжанды алғанда,
- 530 Түсіңе аян бергенмін,
Ол түспеді есіңе!
Қараша атты алғанда,
Түсіңе аян бергенмін,
Бұл түспеді есіңе!
Қара дәумен ұрыстың,
Сыртыңнан көмек салғанмын,
Бұл түспеді есіңе!
Қара құс болып көріндім
Бұл түспеді есіңе!
- 540 Ат қосшыға ерейін,
Ат қосшыға жағайын,
Маңдайыңнан оқ тисе,
Құйрығыммен қағайын.
Өте алмаған суыңды
Құйрығыммен көпір қылып берейін.
Бұза алмаған қалаңды
- 547 Аяғыммен бұзайын.

Қысылғанда ғайыптан пірі кездесті. Бес күн жол жүріп, он мешіті бар Сырлы шөһарына келеді. Ноғайлы елінен асқан алып батыр келді деген хабармен Сырлы қаланың ханы дағара қағып, он мың қолмен қаладан шықты. Ханның көзі балаға түсіп кеткен екен, Төреханның төбесінде төрт бүркіт ойнап келеді екен,

ғажап оқиғаны көріп есінен танды. Ақылынан адасып, бір жарым сағат тұрды.

— Ей, қалмақтар, сендер сонша неге даурығып жатырсыңдар, мен дұшпан емес, доспын, егер жазықсыз жанға қылыш сілтеп, қан төккілерің келсе, оны айтыңдар. Мен бақ іздеп елімнен олжа үшін келгенім жоқ, осы елге қарындасым кетіпті, соны іздеп келемін. Менімен соғысам десеңдер, Өгізді таудың басынан жұма күні табыламын.

Хан жас баланың тамаша сөзіне таң қалды. Үйіне әкеліп, алты күн қонақтап, кетерінде балаға мынау сөзді айтты:

— Ей, Төрехан, аузы алты қарыс Орақ-Мамайдың жиені болсаң, мұндай әділдікті қайдан үйрендің?! — Тақсырым, менің әкем Темірхан деген кісі. Темірхан хан болғанмен, қара еді. Ол әділдікті сүюші еді. Әкемнің сарайына барғанымда оның ылғи әлсіз адамдарды жинап алып, солармен сөйлесіп, қонақтап жатушы еді. Оның досы шаруалар болушы еді. Маған да солай үйреткен өмір. Нағашыларымның үнемі хандықты талқан етіп отырғаны мәлім емес пе, егер мен сенімен соғыссам, мыңдаған жазықсыз адам өлмек, оның қаны кімнің мойнында? Бұл сүйекке сынық, арыма кір келтірмей ме?

Төрехан ханмен, халықпен достасып, арсыз ағаларының ұятын кешіп, қарындасы Бибімен көрісіп, еліне қайтты. Арып-ашып еліне келді. Халық қуанышпен алдынан шықты. Төрехан халқымен есен-саулық сұрасқансын, үлкен той жасатып, он екі баулы ноғайлыны шақыртты.

Халық әділ, жас Төреханды хан етіп көтереді. Төрехан бек әділ, қайырымды хан болды. Жарлысына ас, жаяуына ат берді. Сөйтіп, нақ отыз алты жасында Төрехан дәмі таусылып, дүниеден қайтты.





Бөген Батыр

(*І.Нұрмағамбетов нұсқасы*)

Жасы алпысқа келген Жанай дейтін шал болған. Руы — ноғайлы. Отыратын жері Жиренкөл дейтін көл екен.

- Жасы алпысқа келгенше,
Құдай бала бермеген,
Көзінің жасын көрмеген,
Соңынан перзент ермеген.
Алпысқа келген жасы бар,
Аппақ болған шашы бар.
Бір перзентті көре алмай,
Ажалы жетіп өле алмай,
Әуре болған басы бар.
- 10 Сол күндерде Жанай шал
Аса таяқ таянып,
Таң сәріден оянып,
Қолына құрық алады,
Беліне жүген шалады.
Жирен деген көлдерге,
Күдірейген белдерге,
Көп жылқы жатқан жерлерге
Соған таман барады.
«Ұстайын, — деп — бір атты»,
- 20 Құрығын алып ұсынды.
Тапа-тал түс болғанда,
Бір жылқы ұстап міне алмай,
Шалы құрғыр қысылды.
Маңдайынан күн қақты,
Бір тайды ұстап міне алмай,

- Шыбын жанды қинапты.
Қиналғанын мұнан біл,
Тілі аузына симапты.
Бір тай ұстап міне алмай,
30 Отыра қалып жылады,
Шыбын жанын бұлады.
Көзінің жасы көл болды,
Аппақ дария сел болды.
Көзінің жасы төгіліп,
Омырау бауы сөгіліп,
Қызарып күн батқанда,
Түн ортасы өткенде,
Таңға таман жеткенде
Қызарып келіп күн шықты.
- 40 Күн астына қараса,
Будақтаған шаң шықты.
Шаң астына қараса,
Көк есегі астында,
Аса таяғы қолында,
Өзі ақтың жолында,
Басында бар сәлдесі,
Үстінде бар мөлдесі
Жетіп келді бір адам.
Сол [кісіге] Жанай шал
- 50 «Жасы үлкен ағам деп,
Ақсақалды бабам» деп,
Иіліп сәлем береді.
«Қош» деп сәлемін алады
Әлгі келген бабаңыз,
Жанай шалға сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Балам, неге жылайсың,
Айтшы маған сөзіңді,
Білдірші маған жөніңді?
- 60 Сонда Жанай сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айналайын, жан ата,
Менің немді сұрайсың?

- Жас алпысқа келгенше
Құдай бала бермеген,
Соңымнан перзент ермеген,
Көзімнің жасын көрмеген.
Тал құрығын таянған,
Таң сәріден оянған
- 70 Мен бір жүрген бейшара.
Күннен күнге меңдеген
Менің жөнімді сұрасаң,
Алпысқа келген жасым бар,
Аппақ болған шашым бар.
Бір перзентті көре алмай,
Ажалдан бұрын өле алмай,
Әуре болған басым бар.
Сонда қарт бабаң сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
- 80 — Олай болса, ей, балам!
Үйге таман барыңыз.
Төрт түлікті малыңыз,
Төбе басын алыңыз.
Қойдан қошқар шалыңыз,
Түйеден бура шалыңыз.
Төрт ошақты қаздырып,
Арқыратып айғыр шалыңыз.
Ел-жұртыңды жиыңыз,
«Көп батасы — көл» деген,
- 90 Көптен бата алыңыз!
Сол кездерде Жанай шал
Ордаға қайтты жүгіріп,
Етек-жеңіп түрініп.
Алпысқа келген бейшара
Итсигекке сүрініп,
Үйге таман келеді.
Төрт түліктей малымен
Төбе басын алады.
Аталған малдың бәрін де
- 100 Қорқыратып шалады,
Елі-жұртын жияды.
«Көп батасы — көл» деген,

- Көптен бата алады.
 Бағанағы бабасы:
 — Жанай шал, — деп ақырды,
 Мұнда кел, — деп шақырды,
 Қолыңды жайшы, сен, — деді.
 Қолын жайды шал Жанай,
 Сол секілді бейшара-ай.
- 110 Бабасы бата береді:
 «Атса, мылтық өтпейтін,
 Шапса, қылыш кеспейтін,
 Суға салса, батпайтын,
 Отқа салса, күймейтін,
 Құдай күші болмаса,
 Адам күші жетпейтін,
 Бір перзентті бергенін,
 Көзіңнің жасын көргенін».
- 120 Батасын беріп бабасы,
 Ғайып болып жөнелді.
- Үйге келіп жатыпты,
 Жеті күн және жеті түн
 Ол қызыққа батыпты.
 Күндерден-күндер өткенде,
 Күн мөріне жеткенде,
 Ай тұтас толғанда,
 Күн нәрі болғанда,
 Қарын жетті бұлтиып,
 Құрсақ кетті томпиып.
- 130 Сол күндерде кемпірің
 Бір баланы табады,
 Атын Бөген қояды.
 Омырауы есіктей,
 Балтырлары бесіктей,
 Кеудесінен басы зор,
 Кірпігінен қасы зор,
 Кісіден қорқар жан емес.
 Іздегенін сұрасаң,
 Қып-қызыл шұнақ төбелес.
- 140 Сол секілді балаңыз

- Бір жасына келеді.
Екі жасқа келгенде
Елеулі болды еліне.
Үш жасына келгенде
Белдеуге атты байлады.
Төрт жасына келгенде
Төредей болды еліне.
Бес жасына келгенде
Белдемше буды беліне.
- 150 Алты жасқа келгенде
Жирен деген көлдерде,
Күдірейген белдерде
Жанайдың жалғыз баласы
Қарауыл қарап жүргенде,
Жайшылық күні Құдайдан
«Жау келсепші» деп тіледі.
Жау қарасын көре алмай,
Ажалдан бұрын өле алмай,
Сол секілді балаңыз
- 160 Үшқуыс деген салаға,
Айтатыр деген далаға
Асық ойнап барады.
Ноғайлының қырық баласы —
Олар да асық ойнап жүреді.
Жанайдың жалғыз баласы
Қолындағы асығын
Ақ тақырға салады.
Сол секілді жалғыз ұл
Ұтқанын ұтып алады.
- 170 Ұтылып қалса ноғайдан,
Өзі мықты болған соң,
Төңірі берген жұдырық
Әрқайсысын бір ұрып,
Асығын тартып алады.

Сол уақыттар болғанда,
Ноғайлының қырық бала
Енді тұрып кеңесті,
Кеңескенде не десті:

- Ой, мына Жанайдың жалғыз баласы
180 Тумай кеткір, ант ұрған
Күн көрсетер болмады!
Жантекейге баралық,
Құлағына салалық,
Бұл жалғыз итті өлтіріп,
Мөкесіне келтіріп,
Асықты қолға тигізіп,
Осылай кекті алалық.
- Жүгіріп балалар кетеді,
Бірі тұрмады кідіріп.
190 Ашып көзі жұмғанша,
Айтып сөзді тынғанша,
Жантекейге келеді,
Келе сәлем береді.

Әлқисса, Жантекей мың қой бағып жүрген ноғайлының Ақшахан деген ханының қойшысы екен. Ал Ақшахан Жанай шалмен жеті атасынан бері қас екен. Соның үшін Жанайдың жалғыз баласын өлтірмекші болып: «Өзі батыр ғой, Жантекей өлтірер» деп, қырық бала жолына бастады.

- Қырық бала келген соң,
Алдынан шығып Жантекей,
Сәлемін қабыл алады.
Сәлемдесіп болған соң,
Сонда балалар сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
200 — Ай, айналайын ағаке,
Біз күн көретін болмадық!
Аяқты қия бастырмайд
Тумай кеткір, антұрған,
Жанайдың жалғыз баласы.
Үшқуыс деген салаға,
Айтатыр деген далаға
Асық ойнап барады.
Ісінің бәрі тентектік,
Ойнап жүрген асықты

- 210 Ұтқанын ұтып алады,
Ұтпаса тартып алады
Жұдырықпенен бір қойып.
Асығымды бер десең,
Әрқайсымызды бір қойып,
Ұрып-жығып салады.

— Ал, енді сол баланы өлтіріп берсең ахиретте дос баламыз, — деп қорқып жылайды екен қырық бала Жантекейге жалынып-жалбарынып. Еңірегенде көз жасымен етегі толып: — Ахиреттік дос болалық, сол баланы өлтір, — дейді.

- Осыны айтып қырық бала,
Көзінің жасы көл болды.
Сонда тұрып жылайды,
Шыбындай жанын бұлайды.
- 220 Балалардың сөзіне
Ақылы жоқ Жантекей
Жылағанға шыдамай,
Тақырға қарай жүгіріп,
Оймақтай аузы жарылып,
Бір тұрмайды кідіріп.
Екпінімен Жантекей
Тақырға салып келеді.
Жанайдың жалғыз баласы,
Көзінің ағы, қарасы,
- 230 Ақ тақырдың үстінде
Төбедей болып тұр екен.
Жантекейдей ағасы
Үстіне жетіп келген соң,
Тұра сәлем береді.
Жантекейдей ағасы
Сәлемін қабыл алады.

Екеуі амандасып болғаннан кейін, Жанайдың жалғыз ұлы Жантекейге: — Аға, асық ойнайық, — деп тілек етеді. Жантекей сонда тұрып айтады: — Қандай ойын ойнайсың? — дейді. Бала: — Жасың үлкен ағасың, көрсет ойынды, — дейді. Жантекей сонда: — «Сақа салды» деген ойын бар, «қып-қызыл шұнақ

төбелес», «шертпелік» деген ойын бар, олай-былай жүгірген, жеңін түрінген, біз секілді ағаңның абыройы көрінген. «Тұрған алды» деген ойын бар, тұрғанымыз алайық, кел, тақырға барайық. Бала: — Жақсы болды, аға, — деді де, екеуі «тұрған алдыны» ойнады. Жантекей тазшаның алтындап, қырын майдалап қойған киіктің қу шүкейті бар екен, екі жағын тигізіп, пылдап тақырға салғанда, ешбір жатпайды, алшы мен тауа тұра береді. Бұл шүкейтпен Жантекей баланың алтындаған сақасын, күмістеген кенейін, барлық асығын ұтып алды, онымен қоймай:

— Асық-асық алдырар,
 Ұтылып қалған баланың
 Екі көзі жаудырар, —

деп, баланы мазақтап жүре береді.

- 240 Сонсын бала ойлайды,
 Ойласа ойға тоймайды.
 Не қыларын білместен
 Үйге қайтты жүгіріп,
 Етек-жеңін түрініп,
 Үйге келіп еңтігіп,
 Тоғыз қабат сарайда
 Тұрушы еді шұбар тай
 Мінуге сайма-сай.
 Ерттеуге асығып,
- 250 Мойнына белбеу салады.
 Қамшыменен қақпалап,
 Жайдақтай мініп алады.
 Шұбар тайды тулатып,
 Манағы кеткен ағасы
 Жантекедей тазшаның
 Соңынан қуып барады.
 Қарасын көрді тазшаның,
 Көшеден көше қыдырып,
 Етек-жеңін түрініп,
- 260 Баратыр екен жүгіріп.
 Ағасын бала көрген соң,

- Жалмауыздай емініп,
Тайшұбарды тебініп,
Қасына келді желігіп.
Келе сала сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айналайын, ағатай,
Көшеден-көше қыдырып,
Баратырсың жүгіріп.
- 270 Артыңнан келді ініңіз,
Тұрмаймысың кідіріп.
Малды баққан малшы бар,
Есікте жүрген жалшы бар,
Арада жүрген дұшпан бар,
Басы-көзін қысқан бар.
Анадан туған екі көз
Бірін-бірі елемес.
Аға қылдың келемеж,
Осы ісің жөн емес.
- 280 Біздікіне жүріңіз,
Менімен дос болыңыз,
Самауыр шай ішіңіз.
Өтінемін, ағеке,
Ноғайға қылмай келемеж,
Алтын сақамды беріңіз.
Ақылы кеміс қу тазша
Тыңдамады ол сөзін,
Жүгіре берді далаға.
Тағы да бала сөйлейді:
- 290 — Ай, айналайын, ағеке!
Менімен дос-ты болыңыз,
Төрт түлік малымның
Бір түлігін алыңыз,
Алтын сақамды беріңіз!

Сонда тазша сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Атаңа нәлет, жас бала,
Енеңе нәсет, жаса бала,
Ақылсыз туған бейшара

- 300 Өлтірейін өзіңді,
Қазайын, бала, көріңді,
Естимісің сөзімді?!
Жаныңды сенің аламын,
Қаныңды судай ішемін,
Кет дегенде, кет енді!
Кет дегенде кетпесең,
Істейтінім сол енді!..
Жүре берді ол тазша
Сонда да бала қоймады,
- 310 Бұл кедергі болмады.
Емен таяқ қолында
Қисайып барып ол тазша,
Баланың асау шұбарын
Қолында емен таяқпен
Қақ орайға салады.
Бұ да күшті ит екен,
Сол мезгілде шұбар тай
Омақасып құлады.
Бермейтінін білген соң,
- 320 Бұзылғанын көрген соң,
Алты жасар жас бала
Ашуланды, арланды,
Шамырқанды, шамданды,
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Беренге бала сыймады.
Бұл уақытта жас бала
Аттан түсе қалады,
Ағасына таман барады,
- 330 Жағасына қолды салады.
Көтеріп ұрып ағасын
Кеудесіне мінеді.
Қойнына қолды салады,
Сақа түгіл басқасын
Бәрін де тартып алады.
Сақасын бала алған соң,
Қоя беріп тазшаны,
Алты жасар жас бала

- Жүгені жоқ, ноқта жоқ,
340 Тайшұбарға мінеді.
Тұла бойы шаң болып,
Аузы-басы қан болып,
Тазша тұра келеді,
Таяғын қолға алады.
Тұра келіп Жантекей,
Алты жасар баланың
Шылбырынан алады,
Ала сала сөйлейді:
— Айналайын, қарағым,
350 Қайырлы болсын талабың!
Кәтепті қара нарымсың,
Ноғайдағы барымсың?
Батыр туған қарағым,
Он екі айлық шөлі бар,
Он үш айлық жері бар
Ұлы жолға барғайсың.
Алты айшылық ақдария
Өткелі жоқ тағы бар.
Батыр туған құлыным,
360 Сексенге келген атаңды,
Қырыққа келген анаңды,
Қалқам, өзім бағайын.
Батыл еді жүрегің,
Балуан еді білегің,
Сол қиғаштың тауына,
Қызылбастың жұртына,
Жалғызым, соған барғайсың,
Ағаңның тілін алғайсың.
Баратұғын жұмысың
370 Қызылбастағы Қараман
Жалғыз ғана қызы үшін.
Алар жарың сол деймін,
Тиетін ері сен деймін,
Тілімді алсаң соған бар.
Ал сұлу жайын сұрасаң:
Оймақ ауыз, ақ маңдай,
Екі беті мақпалдай.

Жалғыз атты жолаушы
 Аулынан шықпай жатқандай,
 380 Жалғыз атын сатқандай.
 Қар қандай, ақ қандай,
 Аққа түскен дақ қандай.
 Оң қолының басы алтын,
 Қиғаш қара қасы алтын.
 Кірпігі оқтай тізілген,
 Аш күзендей бүгілген.
 Исі жұпар аңқыған,
 Талай кісі барулы
 Ақборықтың даңқымен.

— Ай, қарағым-ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, көрген кісі талып қалады, оны айтамысың, талмақ түгіл өліп қалады. Бала бармақшы болып, ағасын тайға мінгізіп алып, Жанайдың ақ ордасына келеді.

390 Келіп алып ордаға,
 Астындағы шұбарын
 Белдеуіне байлайды.
 Үйретусіз шұбарға
 Ер жүгенді салады.
 Он екі қабат ақ сауыт
 Жағадан сілкіп киеді,
 Шұбар тайға мінеді.
 Балдағы алтын кіреуке
 Аш беліне іледі.

400 «Аллалап» атқа мінгенде,
 Төсекте жатқан бөйбіше
 Жалғызға көзін салады.
 Анықтап келіп қараса,
 Қбабағы жаман қатыңқы,
 Түсі жаман қашыңқы.
 Бір сұмдықтың болғанын
 Енді кемпір біледі.
 Жалаң аяқ, жалаң бас,
 Жаулығын салып мойнына,

410 Жүгіріп енді келеді,

- Шылбырынан алады.
Келе сөйлей береді:
— Айналайын, қарағым,
Қайырлы болсын талабың.
Қабағың жаман қатыңқы,
Түсің жаман қашыңқы,
Қай сапарға барасың?
Кететін жолың айтып кет.
Жалғыз туған баласың,
420 Омыртқаң әлі өскен жоқ,
Қабырғаң әлі қатқан жоқ,
Бесік табы арқаңнан
Әлі күнге кеткен жоқ,
Аузыңдағы емшектің
Мерзімді күні біткен жоқ.
Айналайын, жүрегім,
Кететұғын жөніңді айт!
Үндемеді баласы,
Тағы да кемпір сөйледі:
430 — Айналайын, жалғызым,
Алдыңда тұрған ағаң жоқ,
Артыңда туған інің жоқ,
Құдайдан басқа панаң жоқ,
Артыңда туған інің жоқ,
Өлігіңе шара жоқ,
Жалғыздықтан басқа мінің жоқ.
Сен кеткен соң, қарағым,
Сексенге келген бабаң бар,
Қырыққа келген анаң бар,
440 Кете қойсаң, қарағым,
Біз байғұсқа дәурен жоқ.
Өттең, Төңірі, қайтейін,
Өткенің бе дүние боқ?
Атаңа нәлет қу тазша
Асық ойнап жүргенде,
Бүлдірерін білгемін.
Айтпасаң да, білемін,
Ашпасаң да, көремін.
Қиғаштың қызыл тауына,

- 450 Қызылбастың жұртына
Сапар шегіп барасың.
Он екі патша қол асты
Ғұмырыңда есеп бар,
Ол қалмақта есеп жоқ.
Қызылбастың патшасы
Қалталы Қарайманның
Қолындағы жалғыз қыз
Ақбoryқтай сұлуды
Жалғыз да тартып аларсың.
- 460 Тентек болдың, қарағым,
Тентек болған сен деймін.
Тілімді алсаң, қарағым,
Бұл сапарды қоясың!
Жақынның жауы жаман-ды,
Жақыннан дұшпан аңдыса,
Аударып кетер табанды.
Соңда бала сөйлейді:
— Қайырмаңыз, анажан,
Тіліңді тіпті алмайын,
- 470 Сөзіңе құлақ салмаймын.
Күлкі болып дұшпанға,
Аттан қайта түскенше,
Алғаны жақсы Құдайдың!
Шеше, қылма уайым,
Алты жылда келемін.
Алты жылда келмесем,
Он екі жылда келемін.
Он екі жылда келмесем,
«Тие берсін» қыла бер.
- 480 Осыны айтып жас бала,
«Шүү, жануар, шүү» деді.
Шылбырын салып мойнына.
Шешесі тағы сөйледі:
— Аспандағы жұлдызым,
Асан, Үсен пірім-ай,
Сендерге, ал, тапсырдым
Маңдайдағы құндызым.
Тілімді алмай барасың

- Қарағайдай бұтақсыз,
490 Сексеуілдей тамырсыз,
Жалғызым, болдың сабырсыз.
Айналайын, Құдай-ай,
Өлгенде көрген жалғызым!
Қиын болды біздерге,
Тайып кетсе табаның.
Туысқан-туған жоқ еді
Соңынан мұны іздеуге.
Тілімді алмай барасың,
Ұлдан жалғыз баласың.
- 500 Қалмақ деген жаман жау,
Жаныңды салма араға-ай.
Қарағайдай бұтақсыз,
Сексеуілдей тамырсыз,
Неге болдың сабырсыз?
Көріскенше күн жақсы,
Қош айтамын, аман бол!
Асан, Үсен пірім-ай,
Әзірейіл, жебірейіл,
Адасса, жолға салып жүр,
- 510 Сүрінсе, қолдап алып жүр!
Мәдинеде Мұхаммет,
Түркістанда Ахмет,
Шаршағанда ат болып,
Шөлдегенде су болып,
Өлгенде көрген құлыным.
Осыған көзді сала жүр!
Қалқам мінген шұбар ат,
Қолтығында қос қанат,
Өлгенде көрген құлыным
- 520 Сіздерге енді аманат!
Қалқамның мінген керігі,
Айуан да болса серігі.
Қиғаштың қызыл тауына,
Қызылбастай жауына
Құлыным менің барғанда,
Кәпірге ойран салғанда,
Аяғыңнан әл кетіп,

- Мойныңнан жал кетіп,
Борбайыңнан қан кетіп,
530 Үстіндегі жалғызды
Жау ішіне қалдырма?!
Олай қылсаң, Тайшұбар,
Риза емен саған-ай,
Мен де сенің анаң-ай.
Нәсілің айуан болғанмен,
Сен де менің балам-ай.
Тоғыз қабат темір үй
Ішіне салып баққанмын.
«Мойныңа қыл арқан батад» деп,
540 Жібектен арқан таққанмын.
«Үстің күнге күйер» деп,
Мақпалдан жабу жапқанмын.
Сусыныңа сүт беріп,
Жеміс төгіп алдыңа,
Түн ұйқымды төрт бөліп,
Дәретсіз қолды тигізбей,
Осылайша баққанмын,
Бабыңды сөйтіп тапқанмын.
Қарағым, саған аманат,
550 Ойлай көрме жаманат,
Еш қылмағай қиянат!
Жыл он екі ай болғанда,
Тапсыра көр аманат!
Осыны айтып шешесі,
Қала берді баладан.
Қош айтысып баласы,
— Шүү, жануар, шүү, — деді,
Шүү десе, Шұбар гүледі.
Табаны тасқа тақылдап,
560 Ауызда тісі сақылдап,
Қаздарменен жарысты.
Сол уақыттар болғанда,
Үстіндегі жас бала
Басыменен алысты,
Ауыздығы қарысты.
Өлмей қолдан жас бала,

- Беретін емес намысты.
Көк ойыл болып көпірді,
Өз-өзінен есірді,
570 Ор киіктей секірді.
Шаңды шаңға қостырып,
Келе жатқан секілді.
Қырқадан қырқа асады,
Асқан сайын Шұбарға
Көкей қамшы басады.
Жері келмей жануар,
Арандай аузын ашады.
Арандап шапқан уақытта,
Шұбар аттың бауыры
580 Қырық кездей созылды.
Шапқан жерін қарасаң,
Жерошақ болып қалыпты.
Әр төбеден қылтылдап,
Найзаның ұшы жылтылдап,
Келе жатқан секілді.
Түлкі жортпас дүлейден
Түнде жортып өтіпті.
Қарсақ жортпас қара ойдан
Бұдан да аман өтіпті.
590 Енді алдыңда не қалды,
Аспанменен тұтасқан,
Адам жөннен адасқан
Сеңгір-сеңгір тау қалды.
Бұған таман барады,
Тауға көзді салады.
Ауыр әскер қолы бар,
Алмалы да салмалы
Жалғыз аяқ жолы бар,
Бұдан да аман өтеді.
600 Ар жағында не қалды,
Алты айшылық дария
Өткелі жоқ сол қалды.
Алты жасар баланың
Астындағы Шұбар ат,
Қолтығында қос қанат

- Алты айшылық дарияға
Түсейін деп ойлайды.
«Шүү» десе, Шұбар жүрмеді,
Қалшиып қарап тұрады
610 Жалмауыздай емініп,
Екі аяғын тебініп,
Шұбарды бала ұрады.
Сонда Шұбар сөйледі,
Астыңғы ерні жыбырлап,
Үстіңгі ерні қыбырлап,
Сөз айтады Шұбар ат:
— Мәстектен айғыр салды ма,
Есектен бие тапты ма?
Туысым тұлпар болса да,
620 Ерімді алшы, аунайын,
Жүгенді алшы, оттайын.
Аунап-қунап алайын,
Боздың басын шалайын.
Мұны естіп жас бала,
Атынан түсе қалады.
Ер-тұрманды сыпырып,
Байшұбардан алады.
Сол кездерде Шұбар ат
Аунап-қунап қалады,
630 Боздың басын шалады.
Ақсары бас қу болып,
Аспанға ұшып барады.
Құдайдан басқа пана жоқ,
Өзінен басқа қара жоқ,
Туысқан-туған және жоқ,
Бала жаяу қалады.
Аттан айрылып қалған соң,
Көзінің жасы көл болды,
Аппақ дария сел болды,
640 Жылағанмен болмады.
Сол уақытта ер Бөген
Ер-жүгенді жастанып,
Бөген батыр жатады.
Ұйықтап жатқан жерінде

- «Басыңды көтер, балам,» деп,
Түсінде аян береді.
Көтеріп басын алады,
Жана болды тамаша.
Төрт аяғы тең жорға
650 Әр аяғы келідей.
Келісіммен жаралған,
Шекесімен қараған.
Он екі құлаш Шұбар ат
Қарсы алдында баланың
Жер тепкілеп тұр екен.
Шұбар атқа көз салсаң,
Сауырына қарасаң,
Төңкерген қара қазандай.
Ту сыртына қарасаң,
660 Суда жүзген сазандай.
Құлағына қарасаң,
Қиып қойған оюдай.
Екі көзге қарасаң,
Парлап жанған шырақтай.
Танауына қарасаң,
Түбі түскен шелектей.
Бауыр етіне қарасаң,
Мал жайлауы даладай.
Омыраудың екі арасы
670 Салып қойған көпірдей.
- Бұл сияқты Шұбарға
Ер-жүгенді салады.
Ер-жүгенді салған соң,
Бала мініп алады.
Сол уақытта жас бала:
— Шүү, жануар, шүү — деді,
«Шүү» деген дыбыс шыққанда,
Шұбар ат гулеп жөнеді.
«Алты айшылық дарияны
680 Алты күнде өтем» деп,
Уәде етті Шұбар ат.
Асыл туған Шұбар ат,

- Қолтығында қос қанат.
Алты жасар баланың
Шыбындай жаны аманат.
Қиын-қыстау жер болса,
Сақта, Құдай, сәлемет!
Алты айшылық дарияны
Бес жарым күн жүргенде,
690 Түс қайтысы қалғанда,
Асыл туған Шұбардың
Аяғынан әл кетіп,
Мойнынан жал кетіп,
Борбайынан қан кетті.
Ағысы қатты дария
Тұлпарды жаман меңдетті.
Су ішіне көлбетті,
Ағысыменен сырылып,
Ағынды бөліп жылысын,
700 Отаудай болған ақ көбік
Сауыры, басын шаяды.
Ал енді бала қысылды,
Аққа мойнын ұсынды.
Атынан қайыр кеткен соң,
Басынан дәурен өткен соң,
Бала енді сөйледі:
— Жасаған, ей, Құдайым,
Ұрысатын жау емес,
Суға не амал қылайын?!
- 710 Тапсырып еді жан шешем
Көзіңнің қырын сал-ау, — деп.
БабаТүкті шашты Өзіз
Шаршағанда ат бер, — деп,
Шөлдегенде су бер, — деп.
Өмірде көрген жалғызға
Көз қырыңды сал-ау, — деп.
Қиын болды, жан шеше,
Артымнан ерген қара жоқ.
Сүйегім алтын қор болып,
720 Итке-құсқа жем болып,
Суға кетіп барамын,

- Аллаға бар ма шараңыз?!
Су ішінде қалғаным,
Басымды жалғыз жалмадым,
Өттең, Тәңір, қайтейін?!
Көкіректе қалып тұр
Арылмастай арманым.
Көп жылатпай батырды,
Пірлері жәрдем береді.
- 730 Пірі жәрдем берген соң,
Айы туып оңынан,
Тілегі қабыл болады.
Ат маңдайын түзетіп,
«Шүү, жануар, шүү» дейді,
«Шүү» десе, жануар гулейді.
Ашып көзін жұмғанша,
Айтып сөзін тынғанша,
Судың шықты шетіне.
- 740 Қалмақ деген қатты жау,
Қысылып шыққан жас бала
Қайраңның түсті үстіне.
Қаңтарып тастап Шұбарды,
Көпшікті алып басына,
Ештеңе жоқ қасында,
Ұйықтап жатып қалады.
Жеті күн, жеті түн,
Күні-түні он төрт күн
Ұйқысы батырдың бар екен.
- 750 Қалталы Қарайманның
Жалғыз қызы Ақборық
Қырық қызы қасында,
Өзі он төрт жасында,
Сол сияқты сұлудың
Суға түсер жері екен.
Қос қара атты пар жеккен,
Ортасына тай жеккен.
Табаны жерге тимеген,
Маңдайы күнге күймеген.
Күймеден басқа мінбеген

760 Сұлу түсе келіпті
Көк пәуеске күймемен.

Ақборық қыз жақындап келіп, төбедей болып жатқан батыр мен атты көреді, қасындағыларға айтты: — Мына жатқан Жанайдың жалғызы Бөген батыр деген. Мені іздеп келген екен. Біздің ел бұл батырды «ел шетіне келгізбейміз» деп, он екі патша қол асты боп, алдынан шығып кетіп еді. Содан кейін қыздарға айтты «оят» деп. Қыздар қорқып ешнәрсе демей тұрып қалады, батырды барып оята алмайды. Ақборық қыздардың қорыққанын біліп, өз жеріне қайтты. Батыр ұйықтап қала берді. Қыз шәһарға барып, бір тәуір көретін жеңгесіне түс ретінде айтты:

— Айналайын, жеңеше,
Артықша көрем өзгеше.
Мен бір бүгін түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім.
Қанжығадан қан көрдім,
Ат сауырынан тер көрдім,
Бұл не болар, жеңеше?
Жирен деген көлдердің,
770 Күдірейген белдердің
Ақ иығы көрінді,
Бұл не болар, жеңеше?
Көк алалы көп жылқы,
Есепсіз бойдақ көп жылқы
Шашылыңқы көрінді,
Бұл не болар, жеңеше?
Алты қанат ақ орда
Жығылыңқы көрінді,
Бұл не болар, жеңеше?
780 Кешегі кеткен атекем
Қолындағы садағы
Жапырыңқы көрінді,
Бұл не болар, жеңеше?
Тостағандай толы көз,
Жабылыңқы көрінді,
Бұл не болар, жеңеше?

- Елге келді бір көрім,
Қиратып жүр қаланы,
Шулатып жүр баланы.
- 790 Бір түбектей қылып жүр
Жалпы жатқан қаланы.
Қақпаның аузын қандатып,
Шарбақтың аузын шаңдатып,
Есік ойран, төр талқан,
Бәрін бірдей қырып жүр,
Бұл не болар, жеңеше-ау?
- Ал жеңгесі сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Айналайын, бикешжан,
- 800 Мен жориын түсінді,
Кешегі көрген ісінді.
Жириен деген көлдердің,
Күдірейген белдердің
Ақ иығы көрінсе,
Көк алалы көп жылқы
Көлге толып жатқаны.
Бағатұғын адам жоқ,
Бұрынғыдай заман жоқ.
Алты қанат ақ орда
- 810 Жығылыңқы көрінсе,
Жылжып қонып жатқаны.
Кешегі кеткен атекең
Кешегі бауырды атқаны.
Тостағандай толы көз
Жұмылыңқы көрінсе,
Кешегі бауырды өлтіріп,
Мақсатына жеткені.
Мен жорыдым түсінді,
Кеше көрген ісінді.
- 820 «Жеңеше, теріс жорыдың» деп,
Көк кіреуке күймемен
Қырық қызы қасында,
Өзі он төрт жасында,
Кешегі көрген батырын

- Издеп алып кетеді.
Маңдайы күнге күймеген,
Табаны тасқа тимеген,
Күймеден басқа мінбеген,
830 Былқылдаған Ақборық
Батырға жетіп келеді.
Келе сала Ақборық,
Тұрыңыз, — деп ақырды.
Қасындағы қырық қыз
Обатаста тұр еді,
Келіндер, — деп шақырды.
Ал сол мезгіл Ақборық
Екі рет айғай салғанда,
Оянбады ол батыр.
Үшінші айғай салғанда,
840 Көтеріп басын алады.
— Кәпірдің қызы ұйқымды бұздың, — деп,
Көк семсерін қолға алып,
Өлтіремін, — деп айғайлап,
Қызға қарай ұмтылды.
Сонда Борық сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Ақылсыз туған жас батыр,
Тентек болдың сен, — дейді,
Тентек болған нең? — дейді.
850 Құдайдан бөтен пана жоқ,
Өзіңнен басқа қара жоқ,
Ұйықтап жатқан жеріңде
Малды баққан малшы бар,
Есікте жүрген жалшы бар,
Өлтіріп кетер қайтесің?
Өлтіріп кеткен кезіңде
Арманда боп кетер, — деп,
Дүниеден босқа өтер, — деп,
Оятып едім мен, — дейді.
860 Ханның қызы Ақборық,
Іздегенің мен, — дейді.
Көзін ашып қараса,
Енді болды тамаша:

Ай десе аузы бар,
Күн десе көзі бар
Ақборықтың өзі екен.
Семсерін сап қынына,
Үлкен басын кіші етіп,
Асыл туған батырың
870 Қасына келді жақындап.
Аман-сауды сұрасып,
Бір-бірімен танысып,
Әбден болды қыз бен ер.

Бұдан кейін батыр мен қыз үш күн, үш түн сол жерде болады. — Бұл қалмақтың қатыны мен баласын құр соғысып өлтіріп, обалына қалма, себебі: сенің дабысың еліңнен шыққанда естіліп, он екі патша қол асты болып, алдыңнан шыға кетті «өлтіреміз» деп. Жұрттың обалына қалма, одан да жылдам барып Қарайман қалмақтың батырының қос қара аты бар, соны әпкел. Сол қара атты әкелсең, қашып кетелік, дариядан қарғып өткізеді, — дейді. Сол қара аттарды алып, үш күнде кел, сонда мен де келіп, осы дарияның жағасында жолығалық, — дейді. Мен түрлі діл-да алып келейін, сен қос қара атты алып кел, — дейді. Қыздың сөзін естіген ер Бөген

Екі айылды бек тартып,
Құйысқанды бос тартып,
Қос қара атты іздеп жөнеді.
Желе-желе келеді,
Түн ұйқысын бөледі.
Желіп жортып түн қатып,
880 Кірпігіне мұз қатып,
Армай бала келеді.
Көп айтатын несі бар,
Қалмақтың батыры
Қарайманның сарайына
Айнымай келіп кіреді.
Жамандатқыр қос қара ат,
Тоғыз қабат темір үй
Ішінде тұрып сезеді,
Жау келгенін біледі.

- 890 Сарайда дүбір салады,
 Дүбірінен тұлпардың
 Бала да тауып келеді.
 Бір тұрмады кідіріп,
 Қоршалап тоғыз қабат
 Темірден салған сарайды
 Аударып келіп тастайды,
 Қос қара атты алады.
 Ат қолына тиген соң,
 Артық туған батырың
- 900 Енді кейін салады.

Бұл қыздың айтқаны үш күншілік емес, төрт күншілік жер екен, бала төрт күнде келеді. Батырдың бұрын уәде еткен жеріне Ақборық үш күнде келді, батырды тосып тұрды.

Ақборықты тосып жүрген қызылбастың Қарасүймен атты батыры бар екен, ол екі мәстегімен дарияға қармақ салып, екі дырау балық алып Ақборықтың келетінін біліп Қарасүймен қараңғыда келіп жетеді. Ақборық бала келген екен деп алдынан шығып, қараңғыда танымай, екі атының біреуіне мініп, жүріп кетеді.

Екеуі болып қосылып,
 Басқан ізі жосылып,
 Желіп жортып келеді.

Таң атып, тал түс болғанда, еріп келе жатқаны Қарасүймен екенін біліп, қыз көлденең тартып тұрып алады. Тануына себеп: батырдың алдынан жүрсем асылық болады, адымнан жүрсін деп, батырды алдына салғанда ғана көреді. Көріп болғансын, — «Мені Құдай ұрған екен, арқамнан дауыл соққан екен, атым әйел, не істеймін» деп еріп жүре береді.

Бірнеше күн жүрген соң,
 Бір жерлерге әкеліп,
 Түндіктен түнді көрсетіп,
 Түтіктен суды бергізіп,
 Алып барып салады,
 Қырық құлаш зынданға.

Бұл Ақборық пен Қарасүймен жата берсін. — Ал атасы әйел Борық бір күнді кем айтқан екен.

Төрт күнде қос қара атты алып Бөген батыр келеді. Келсе қыз да, болмаса хабар да жоқ. Батыр ашуланып: «Көпірдің қызы алдаған екен» деп, қос қара атты иығынан кесіп тастап, Шұбар атты тепкілеп, шәһарға қарай жүре береді.

- 910 Ашуланып, арланып,
Ыза болып долданып,
Өз-өзінен қорланып,
Шәһарға келді арындап.
Қалаға келіп шетінен,
Қирата берді қаланы,
Шулата берді баланы.
Бір түбектей қылып жүр
Жалпы жатқан қаланы.
Қар жаудырып қабақтан,
- 920 Ілдіріп жүр тамақтан!
Сол күнде байқап қарасаң,
Бауыздап жүр тамақтан.
Қақпаның аузын қан қылды,
Шарбақтың аузын шаң қылды.
Есік ойран, тор талқан,
Бөлек-бөлек қылып жүр.
Астына мінген Шұбарын
Тепкілеп алып айдап жүр.
Елдегі қалған кемпір-шал
- 930 Екі қолын байлап жүр.
Тас көшенің үстінде
Шал-кемпірдің өкшесін
Атқа бастырып айдап жүр.
Артық туған Борықты
Қайткененен де таппады.
Бала ойды ойлады,
Ойласа ойға тоймады.
Келтіруге өз ойын,
Көп қалмаққа жол тартты.

Қалаға келсе кемпір-шалдан басқа жан жоқ екен. Бөген ойлайды. «Қой бұл қаладан ешнәрсе шықпас, үйіріліп жатқан қалмақтың көк шебіне барып, он екі патша қол астына ойран салып, Ақборықты тауып бер» деп, жанжалды салайын деп, бала жүріп кете берді.

- 940 «Барып ойран салам» деп,
— Ал, жануар, шүү, — деді,
Шу деген сайын гүледі.
Тұлпардан туған Шұбар ат
Табаны тасқа тақылдап,
Азу тісі сақылдап,
Қаздарменен жарысып,
Алты жасар жас бала
Ауыздықпен алысып,
Құйындай шаңы бұрқылдап,
950 Ұршықтай саны бұлтылдап,
Өр төбенің басынан
Ат төбелі қылтылдап,
Келе жатқан секілді.
Атаңа нәлет Қарайман!
Асхабқа айғай салады:
— Жиылып бері келің, — деп.
Асқар-асқар таулардан
Дүрбіменен қарады.
Үш күншілік жерлерден
960 Баланы көзі шалады.
— Алты жасар жас бала,
Асхабтар бермен келіңіз,
Қызықты мына көріңіз.
Ашуланып, арланып,
Ыза болып долданып,
Келе жатыр, мінеки,
Өздерің көзбен көріңіз.
Қорқайын дедім мен, — деді,
Аумайтын қара жер, — деді.
970 Қайнаған қара бұлттай,
Қайнап біткен болаттай.
Тұлғасына қарасаң,

- Сайдан шыққан қола аттай.
Жеңсіз берен киінген
Асхаб деген әскерді.
Лашын құстай түйілген
Келе жатыр бір көрім,
Қорқайын дедім мен, — дейді.
Кел, алдынан барайық,
980 Етегіне басты салайық!
Қырық мыңдай аусаршы
Алдауменен баланы
Аусарға бүріп алыңыз!
Аусарменен алмасаң,
Құдайдың өзі болмаса,
Келмейді бұған әліміз.
Келе жатыр жас бала
Шұбар атты борбайлап,
Бір амалын табыңыз!
990 Қорқайын дедім мен, — дейді.
Әскерді бала көреді,
Әскерді бала көргесін,
Манағы айғай, айғай ма
«Ақборықты табың!» деп,
Құлшынып ілгері ұмтылды.
Ұмтылғанда Шұбар ат
Екі күншілік жерлерге
Жарты күнде келеді.

— Бұған Құдайдың әлі жетпесе, басқаның әлі жететін емес, бір қыз үшін бәріміз қырыламыз ба? — деп, асхабтар қаша берді. «Хан не істер дейсің?» деп, жүз кісімен өзі қалады.

Бұл кезде бала тауға шығып қараса, ай тұтылып, күн күркірегендей шаңды көрді. Ол шаң қашқан асхабтар еді. Шаңды көрген соң «мені көріп келе жатыр екен» деп, қару-жарағы, атымен серттесті:

- Астымда мінген Шұбар ат,
1000 Қолтығыңда қос қанат!
Мен мына жауға тигенде,
Кәпірге аттан салғанда,

- Аяғыңнан әл кетіп,
 Мойныңнан жал кетіп,
 Борбайыңнан қан кетіп,
 Үстіңдегі жалғызды
 Жау ішінде шөлдетіп,
 Тиіссіз мені меңдетіп,
 Тастап кетпе, Шұбар ат!
 1010 Олай етсең, Шұбар ат,
 Риза емен мен саған!
 Осыдан жауға барғанда,
 Жалғызбын деп қорқып,
 Қалшиып қалып бір жерде,
 Ұрыса алмасам, маған серт!
 Екі жүз кез ақ найза,
 Жау ішінде қысылып,
 Ақыл таппай торығып,
 Шанша алмай қалсам, маған серт!
 1020 Мен шанышқанда, жарықтық,
 Жас шыбықтай қайысып,
 Бір шалуға жарамай,
 Ұңғыдан кетсең, саған серт!
 Балдағы алтын кіреуке
 Осыдан жауға барғанда
 «Жалғызсың» деп қорқып,
 Ақыл таппай торығып,
 Шаба алмай қалсам, маған серт!
 Мен шапқанда, жарықтық,
 1030 Тасқа тиген пышақтай,
 Жапырылып қалсаң, саған серт!

Сөйтіп тұрғанда, шаң басылды. Бұл уақытта бала жау қашқанын білді. Жүз кісі қасында, Қарайман хан өзі отыз жасында балаға қарсы жүрді.

Көп айтатын несі бар,
 Желе-желе келеді,
 Қасына қарсы келеді.
 Хан алдына келгенде,
 «Жасы үлкен адам деп,

- Ақ сақалды бабам» деп,
Бала сәлем береді,
Сәлемін қабыл алады.
- 1040 Қарсы алдынан қараса,
Астында бар көк ала ат,
Үстінде бар сұр сауыт.
Бес елі қырпу басында,
Тап өзі отыз жасында.
Дауысы күндей күркіреп,
Екі мұрты жер тіреп,
Танаудан алған демдері
Үріккен қойдай дүркіреп,
Маңдайында жалғыз көз,
- 1050 Былдыр-былдыр сөйлеген,
Адам түсінбес сөзіне.
Сақалы бар қырық құлаш,
Кірпігі бар бес құлаш,
Көлденеңі қос сажын,
Ұзындығы он сажын,
Кісіден қорқар пенде емес.
Іздегенін сұрасаң,
Қып-қызыл шұнақ төбелес!
Маңдайдағы жалғыз көз
- 1060 Табақтай болып жалтырап,
Алты жасар жас Бөген
Жапырақтай қалтырап,
Қарсы келді жас бала.
Қарсыма-қарсы келгенде,
Қарайман сөйлей береді:
— Желе-желе желесің,
Қай сапардан келесің?
Бала, хабар бересің
Қайсы байдың ұлысың?
- 1070 Өтірік айтпай, шыныңды айт,
Өтірік айтсаң, өлесің!
Астыңдағы Шұбарды
Олжалыққа бересің.
Өлтірмейін өзіңді,
Мұнымды қалай көресің?

- Құртақандай баласың,
 Оттай қаулап жанасың.
 Өтірік айтпай, шыныңды айт,
 Қайбір жақтан келесің?
 1080 Ат жүрсе, тұяқ күйген жер,
 Қандай тұлпар болса да,
 Ат тұяғы тимеген жер.
 Сонда Бөген сөйлейді,
 Сөйлегенде не дейді:
 — Менің немді сұрайсың,
 Мен Жанайдың жалғызы
 Бөген бала — мен, — деді.
 Іздегенім сұрасаң,
 1090 Қалталы Қарайманның
 Жалғыз қызы Ақборық
 Кездесе алмай жүргенім.
 Мен, мен едім, мен едім,
 Мен де өзіңдей ер едім.
 Атаңа нәлет ит қалмақ,
 Астымдағы Шұбар ат
 Олжалыққа бергендей,
 Өзің қандай, мен қандай?!
 Мен де өзіңдей қас маңдай,
 Қағысам десең, кел бері-ай!
- 1100 Сонда қалмақ сөйлейді:
 — Үлкенбісің сен менен
 Кішімін бе мен сенен,
 Кезегімді бересің,
 Мұнымды қабыл көресің!
 Сонда Бөген сөйлейді:
 — Асығып тұрсаң, қалмағым,
 Кезегіңді қалмақ алсаң, — деп,
 Қасқайып қарап тұрады.
 Атаңа нәлет ит қалмақ
 1110 Қорамсаққа қол салды,
 Қол салғанда мол салды,
 Қозы жауырын оқ алды.
 «Шұбар аттың басы деп,

- Қақ жүректің тұсы деп,
Өлетін жерің осы» деп,
Қолындағы жақпенен
Аямай тартып қалады.
Бөгенге оғы жетеді,
Тоғыз қабат сауыттың
1120 Сегізінен өтеді.
Өтетін екен оқ барып,
Ғайып ерен қырық шілтен
«Балама тиіп кетер» деп,
Оғын қағып жіберді.
Зымырап барып ор жаққа
Бір төбені көтеріп келіп тастайды.
Ей, сол күндерде байқасам,
Тартқан екен аямай.
Астындағы Шұбар ат
1130 Жеті қабат қара жер
Тізесінен кіреді.
Таралғысы үзіліп,
Табаны жерге тиеді.
Алты жасар жас бала
Оқ ағыны жаман ғой,
Он екі құлаш Шұбардың
Сауырысына мінеді.
Алты жасар жас бала
Түзеліп қайта мінгенше,
1140 Қалтаға қолды салғанша,
Қалмаққа уәде болмады,
Кезегіне тұрмады.
Көп уақыт болмай-ақ
Екі берен алысты,
Жағаға қолды салысты,
Ат үстінен алысты.
Бірі-бірін ала алмай,
Қас масқара болысты.
Тап бір айдан асқанда,
1150 Тағы ай жарым болғанда,
Ерлердің талды өздері,
Аттың талды белдері.

- Астындағы тұлпарлар
 Жерге жата қалысты.
 Жаяу түсіп алысты,
 Беліне тұсау салысты.
 Ойлы жерлер сай болды,
 Қырлы жерлер ой болды,
 Ұлы қиғаш тау болады.
- 1160 Тұла бойы жаралы,
 Аузы-басы қан болды.
 Алты жасар жас бала
 Қабырғасы қайысты,
 Омыртқасы майысты.
 Маңдайынан күн қақты,
 Таңдайынан шөл қақты.
 Шаршады, білем, жас бала,
 Тілі аузына симады.
 Сол сияқты жас Бөген
- 1170 Шыбындай жанын қинады.
 Бабалап айғай салады:
 — Құдай жалғыз, мен жалғыз,
 Бір жәрдемді бер, — дейді.
 Бабалап айғай салған соң,
 Баба Түкті шашты Өзіз
 Бабалары қамады.
 Аруақ қонды басына,
 Бабасы келіп қасына.
 Атаңа нәлет қалмақты
- 1180 Қолтықтап алып барады.
 Ұзын шұбақ тіректей
 Апарып жерге сұлатты.
 Ту сыртынан жарады,
 Жүрегін кесіп алады.
 Ер жүрегі қайтар ма,
 Қанын сіміріп салады,
 Сусыны енді қанады.

Бұл қалталы Қарайманды өлтірген соң, манағы он мың қалмақтарды қуып жетіп, бәрін жиып алып: — Ақборықты тап, — дейді. Бірақ қызды әскерлер таба алмайды, сонысына

ашуланып бөрін де қырып тастайды. Енді әскерді қырып болып, Ақборықты іздейді, дүниені шарлап таба алмайды. Сөйтіп жүріп бетпақтың шөліне келе жатқанда, Шұбар ат шөлдеп жүрмей қалады. Шұбар ат жүрмеген соң, ашуланып, иыққа салып көтеріп жүре береді.

Ендігі хабарды Ақборықтан естіңіз. Ақборық шыңырауда жатып Қарасүйменге айтты:— Маған зәбір бердің, түбінде мен саған тиемін ғой, мені жарық дүниеге шығар, күнді, айды көрейін, — деді. Бұл сөзін Қарасүймен қабыл етіп, шыңыраудан шығарды. Қамыстан күрке жасап, оған Ақборықты отырғызады. Қарасүймен жақын жердегі суға қармақ салып, балық аулап тамақ етіп, күнелтіп жүре береді.

Бір күні балықтың ішек-қарнына бір қара құс келіп қонды. Ақборық құсқа айтты:— Қарайманның қызы Ақборық едім, мені Қарасүймен алдап алып кетті, ноғайлының елінен Бөген батыр мені іздеп келіп, таба алмай кетті, осы күні қайда жүргенін білмеймін, ахиреттік дос болайын, сол Бөгенге хат берейін, соны тапсыр, — деді. Қарақұс айтады:— Қырық күннен бері тамақ ішкен жоқпын, тамақ ішейін, қағазыңды жаз, тапсырамын, — деді. Содан Ақборық көзінен аққан қанымен хат жазып, қарақұстың қанатына байлап жіберді. Қарақұс дүниені айналды, таба алмады, шөлдеп арып-ашып, жерден өзер ұшып келе жатқанда, әлсіреп құлап қалды. Дем алып болып иен далада ұшып келе жатқанда, бетпақ далада бір қараны көрді. Келіп қараса, атының төрт аяғын буып, арқалап келе жатқан Бөген батыр екен. Қарақұс жақындап келгенде, Бөген батыр атайын деп келе жатқанда, қарақұс қанатындағы қағазды лақтырып тастап, анадай жерге барып қонып отырды.

Бөген қағазды қолына алып, Ақборық жазғанын білді. Хатындағы айтқан сөзі: «Алты айшылық жол дария... уәделескен жерімде бір күнді кем айтқан екенмін, сізден бір күн бұрын келдім, түнде көзімді байлап атқа мінгізіп қызылбас Қарасүймен алып кетті». Оны түсте білдім, бірақ атым әйел ғой, еріп жүре бердім. Ештеңе қолымнан келмеді» деп. Бұл хабарды естіген соң Бөген батыр налып, әрі-бері отырып Шұбарға мініп жүріп еді, ат жүрмеді. Сонан кейін Шұбар атты аунатып-қуантып, оттатып атына мініп алып жүре берді.

Бірнеше күн өткеннен кейін, алдынан бір көк тау көрінді. Қасына жақындап келсе, тау емес, жылан болып шықты. Жы-

лан балаға айтты:—Қайда барасың, қайдан келесің?—деді. Бөген батыр тайынбай:—Іздеп келе жатқан жоғым бар, соған келемін»,—деді. Жылан Бөгенге:—Өлесің, одан да қайт!—деді. Бала:—Жоғыма барамын, жолымды аш!—деді. Бұл уақытта жылан баланы орап ала бергенде, бала қысылып, өлетін жылқыдай қырылдай берді. Бөген батыр қысылып өлер болғансын, батыр бабасына сиынып: «Я бабам! Бір жыланнан жазым болып өлемін бе? Күшімді жиып Шұбар атпен Қиғашта ұрыса алмай өлгенім бе, бабам, ілгегімді ағыт» дейді. Бұл уақытта сиқырлы жылан болып келген Қарасүймен екен, сиқыры жазылып, жылан сылқ етіп құлайды. Ілгек деген сол жыланның аты екен. Жылан құлағаннан кейін, Бөген батыр жыланның алты басын кесіп, бір басына әлі келмей шала тастап кетеді. Жыланды өлтіргеннен кейін күн жарым өткесін, оның күрке-сарайына келіп қалады. Күркенің сыртына келіп, Ақборыққа айтқан сөзі:

— Ханның қызы Ақборық,
Аманбысың, саумысың?
1190 Аман-есен бар болсаң,
Басыңды көтер, Ақборық,
Бөген келді қасыңа.
Жаның болса кеудеңде,
Тұр деп айғай салады,
Екінші айғай салғанда,
Ақборық орнынан тұрады.

— Батыр-ау! Әйелдігімен жатқа қатын болып, ішіме бала салып, соның үшін бетіңді көре алмай тұрмын,—дейді. Ішіне киімін тығып, Бөген батыр не дер екен деп, буаз әйел болып далаға шықты. Бөген:—Бір бала емес, он бала тапсаң да, жүр соңымнан,—дейді. Қыз тіпті он бала тапсаң да жүр дегенге риза болып, күліп, ішіндегі тыққан киімін алып тастап, батырға сәлем берді. Біраз уақыт сәлемдесіп болғаннан кейін, елге қайтпақшы болды. Елге қайтқанда Ақборықты іздегендегі соғысқан жерімен жүрмекші болады. Сол соғысқан тауына қарай жүріп, жолшыбай олжалап алған жүгін артып, қырық құл, қырық күң алып, еліне қайтып келе жатады.

Малды топтап айдайды,
 Дүниені теңдеп артады.
 Қаңғырып жүрген сорлыны
 1200 Лек-лек қылып қосақтап
 Айдаса жөнге жүрмеген,
 Жүген, құрық тимеген,
 Құландай болып ойнаған
 Мал соңына салады.

Осындай айдаған сансыз мал, есепсіз байлық, қосақтап мал соңына салған құлмен, күңмен ай жарым өткенде, әкешешесінің Жиренкөліне жетеді. Жиренкөлге жақындағаннан кейін батырдың өзі бастап, көл жағасына келіп, қонып тынығады. Айдап келген малдың жайылып жүргенін Жанайдың жылқышылары көріп, «не деген көп мал» деп, мал ішін ара-лап, қонған қосқа келсе, өздерінің қолынан өсірген Бөген батыр екенін көріп, амандасып танысады. Амандасып болған соң, жылқышылар қайғымен қан жұтып отырған кемпір-шалға хабар салып, сүйінші сұрауға бет-бетімен елге шабады.

Ауылға келіп, кемпір-шалдан сүйінші сұрайды. Бірақ, бұрын да «Бөген келді» деп алдаушы еді, сондықтан кемпір-шал нанбайды, әйтсе де рас айтылған шығар деген оймен екі басы толы бір қоржын ділдө береді. Шыдай алмай, Жиренкөлдің жағасына қарай шал жүре берді. Жылқышылар ділдөні үлесіп, мез-мәйрам болып қалды.

Көздерінің алды іріңдеп,
 Көкірегі сырылдап,
 Басқан сайын сүрініп,
 Келе жатқан секілді.

Әрі-бірі жүрген соң, қырдың басына шықты. Қыр басынан төмен қарағанда, Жиренкөлді, ондағы жайылып жатқан малды көрді де, бүкеңдеп төмен қарай жүре береді. Бұл уақытта Бөген мен Ақборық «кемпір-шалдың жүрегі жарылып кетер» деп алдынан шығып, қол қусырып бабасына қолын берді. Кемпір-шал баласының аман-есен келгеніне қуанып, он сегіз жасар қыз бен жігіттей болды.

- Қасқа болған шешесі
1210 Тілеп алған жалғыздың
Жүрегіне жүрегін таяды,
Өкпеге өкпе тигізді.
Ойбайын салып жылады,
Шыбындай жанын бұлады.
Шағалалы көлдей шалқыды,
Қатып қалған көңдері
Қорғасындай балқыды.
Таудағы жаман тарландай
Дарылдап даусы шығады.
- 1220 Ителгі құстай ыңқылдап,
Күшігіндей шыңқылдап,
Таң азанда сайраған
Бұлбұл құстың дауысындай
Кемпірдің даусы аңқыды.

Бөген кемпір-шалдың жылауын қоймайтынын білген соң:

— Ай, ата, ана неге жылайсың, қойыңыз! Балаңыз аман келді ғой, — деді. Кемпір-шал жыласқанын қойып, Бөгеннің тіккен отауына келіп, мауқын басып, үйіне кері қайтты. Үйіне келіп, бүкіл ноғайлы елін Жиренкөлге жағалай қондырды. Елдің көбі бір жерге жиналған соң мал сойып, ат шаптырып, алтын қабақ аттырып, балуан күрестіріп, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, халықты қызыққа батырды.





Бөген Батыр

(I. Нұрмағамбетов нұсқасы. II үлгі)

Күндерде күн өткенде,
Күн мәріне жеткенде
Ақборық буаз болады,
Туарманға жақындап.

Бұл ноғайлының ханының қыздары — Қанікей, Тінікей: «Бөген көпірден қыз алды» деп қастық ойлап, Ақборыққа күндес болады. Егерде бала тапса, оған залал келтірмекші болып мыстан кемпірге сөйлесіп қояды.

Бөген батырдың әйеліне «құтты болсын айтамыз» деп Қырымның қырық батыры келеді. Әлденеше күн қонақ болғаннан кейін, қайтуларына таянғанда, қырық батыр былай дейді: — Бөген батыр, Еділ-Жайық бойында құс салып, ит жүгіртелік, бізбен бірге жүр, — дейді. Батырлардың көңілдерін қимай, Бөген еріп кетеді.

- Бұл батырларды сұрасаң:
Сүйініштің ұлы Тоған бар,
Ал оңайын десең соған бар
Қырымнан шыққан Тарғын бар,
Жау келсе жалғыз өзі бар.
- 10 Ал сол күндерде қарасаң,
Басылмай жүрген қарқын бар.
Бұл батырдың ішінде
Кімдер бар да, кімдер жоқ.
Жаңбыршының ұлы Телағыс,
Боқсақтың бойы боз қамыс.
Мұсадан туған отыз ұл,

- Енді Смайыл-Тобаяқ
 Ойлап тұрсаң о да бар.
 Орақтан қалған қос жетім —
- 20 Қарасай, Қазі бұ да бар.
 Байбөрі бай баласы
 Алпамыс батыр тағы бар.
 Алпамыспенен дос болған
 Нәсілі кәпір демесең,
 Қаражан батыр бұ да бар.
 Осы сөзге құлақ сал,
 Құлағың сал да есіңе ал,
 Есіңе алсаң, несі бар.
 Бұл кісінің ішінде
- 30 Шынтемір ұлы Әділхан
 Астына мінген сары ала ат,
 Қолтығында қос қанат,
 Еңіреп жүрген ер еді.
 Айыбы жалғыз демесең,
 Сымбаты сұлу төре еді,
 Әділхан төре бұ да бар.

Бұл уақытта батырлар жүрмекші болып Бөгенді ертіп қырық батыр Еділ-Жайыққа келеді. Қырық бір батырдың иті қаңқылдап, құстары саңқылдап, мәз. Бөген кетерінде еліне: — Әйелім бала тапса, сүйінші сұрап Ақ-жайыққа келерсің, — деп тапсырады. Батыр мәз-майрам болып жүре береді. Бөген кеткен соң, көп кешікпей Ақборық толғатып бір ұл, бір қыз табады. Ұлының атын Тұрғын, қызының атын Ақбілек қояды. Мұны Қанікей, Тінікей естіп, Ақборыққа ақ аюдың мұрын терісін искетіп, талдырдып тастап, екі баланың орнына екі иттің күшігін салып, мыстан кемпірді шақырып алып: — Екі баланың екеуін де жоқ ет, — деп, екі қоржын ділдә береді. Бұл сөзді кемпір естіген соң, қолына темір таяқ алып, аяғына темір етік киіп, екі баланы арқалап жүріп кете береді. Темір таяқтан тебендей, темір етіктен теңгедей қалғанда, екі баланы бетпақтың шөліндегі, жолаушының жолындағы сексен күндік шөлде жатқан қырық құлаш шыңрауға салып, кемпір кейін қайтты.

Бұл уақытта қатының күшік тапты деп айта алмай, қалай естіртудің амалын таба алмай, ноғайлы руы сеңдей соғылады.

Әйтсе де көп уақыт өтпей-ақ бір адам Бөген батырға хабар салуға барады. Бұл уақытта батыр «елден хабар болмады» деп, асып-сасып, құс салып, ит жүгіртуге көңлінің қосы келмей жүрген кез еді. Сол кезде ауылдан хабарға барған кісіге жолықты. Бөген батыр амандасып болуға шыдамай, «аман ба?» деп сұрады.

Хабаршының сөзі:

— Елдің амандығы құрсын,
Кешегі бір күндегі
Бақтың асқан кезінде,
40 Бірнеше жыл жол жүріп,
Керіп алған көріктің,
Сүйіп алған тектің
Тап тоғыз ай, тоғыз күн болғанда,
Соғысып алған Ақборығың
Қос қара мойнақ иттің күшігін тапты.

— деп хабар берді. Бұл уақытта батыр не боларын білмей, қасында жүрген қырық батырды шақырды. Қырық батыр өзінің елінен ертіп шыққан жолдастары еді. Бұлар келген соң: — Ай, жігіттер, кешегі Ақборық қос қара мойнақ ит тауыпты, соны дарға асып, я болмаса құла су деген дариядағы аралға апарып екі күшігімен тастаңыз! — деп бұйрық береді. Батыр айтқан соң амал бар ма, қырық батыр ауылға келіп Ақборықты тауып алып, дарға асуға қимай, құла судағы аралға екі күшігімен әкеліп тастап, қырық жендет батырлар кері қайтты.

Ендігі хабар бұдан үш күн бұрын мыстан кемпірдің шыңрауға келіп тастаған екі баланың жайынан.

Жирикөл мен қырық құлаш шыңыраудың екі арасы сексен күндік жер екен. Бірақ бұл Шыңрау қаласы керуеншінің жолындағы шыңрау болса керек. Кемпір тастағаннан кейін, үш күннен соң, қырық нарға жүк артқан өзбектер он күн шөлде жүріп, шыңрауға келіп қонды. Шөлдеп келген сарттар жүгін түсірмей жатып, шыңрауға қауға салады. Бұл салған қауғаны екі бала жұлып алып қала береді. Соның қырық қауғасын салса да сарттар су алып іше алмай, шөлдеп өлер болады.

Көп сарттың ішіндегі бір молдасы келіп: — Мені құдыққа сал, болса да шөлдеп өлетін болдық қой, — деп, беліне арқан байлатып құдыққа түсті. Бұл уақытта құдықтың түбіне

жақындағанда, қауғаның үстінде томпиып отырған екі баланы көрді. Молданы бала көре салып «басын жұлып алайын» деп, тұра ұмтылып еді, қасындағы қарындасы адам екенін біліп жібермеді. Екі баланың сөзі:

— Құдай еді панамыз,
Шыңырау еді анамыз,
Шыңыраудан туған баламыз.
Құдайдан бөтен пана жоқ,
50 Шыңыраудан бөтен ана жоқ,
Құлақтан бөтен қара жоқ,
Тәңірі салса шара жоқ.
Олай болса, ей, аға,
Су алам деп ойлама! —

деп, су бермейді. — Су керек болса, бізді жарық дүниеге шығарып, түрлі олжа бер, — дейді. Молда: олжа берем, жарық дүниеге шығарам, — деп уәдесін береді. Молда арқанды сілкіп, екі баланы құшақтастырып, қауғаны жинап далаға шықты. Балалар жалаңаш екен, әбүйірі көрінетін болды. Сондықтан балаларға көйлек, дамбал беріп, қалашылар әбден тынығып алып, екі күннен кейін көше бастайды. Бала еріп кетеді. Балаға берем деген сыйлығын бермей, үш күнге шейін әуре етеді. Бұл уақытта бала сыйлық бермейтінін біліп ашуланады, ол уақытта сарттар «неге ашуланасың?» деп ұра бастайды. Тегі батырдың тұқымы болғандықтан, Тұрғын бала қорлыққа шыдамай, қалашылардың қолындағы қырық нарын, сексен тай жүгін тартып алып, саудагерлерді қаңғыртып қалдырады. Қырық нар, сексен тай жүкпен шыңраудың басында қалған қарындасы Ақбілекке келеді. Келгеннен соң жүкті ақтарып, киініп алады. Қабырғадан жақ, жыңғылдан шыңғақ оқ жасап, құлан-бұлан атып, күн көріп жата береді.

Баяғы Бөген батыр қайғыланып, қатыны күшік тапқан соң, жұрт бетін көре алмай, үйде жата береді екен. Бұл Бөгеннің қайғыланғанын біліп, өзінің жолдастары — қырық батыр қайта келіп, сәлемдесіп, Жайық бойына ит салып, құс жүгіртуге ертіп кетеді. Еділ-Жайыққа қарай қырық көкжал, кілең батырлар келе жатқан сияқты.

Қырық көкжал бірігіп,
 Көрінгенге ұрынып,
 Ауыздары бірігіп,
 Еділге қарай жүреді.

Еділ суының бойындағы жер бетіндегі қалың тоғайлықтың шөбіндей болып, суға қанған аққу, қаз, үйрек тағы құстарға қырық бір көк түйғындарын құсқа қарай ұшырып жібереді. Бұл уақытқа шейін Бөген батырдың сары ала түйғыны өмірде қашпаған еді. Бұл құсқа салған уақытта, жер бауырлап қаша бастайды. Сол қашқан сары ала түйғын қашумен келіп, екі баланың мекен еткен қырық құлаш шыңраудың қасына келіп, қалашының жұртына қонады. Түйғынның қонғанын біліп, Ақбілек сұлу түйғынның шұбатылған жібек бауынан ұстап, қолына қондырады. Түйғынның қашқан ізімен көп уақыттан кейін Бөген келеді. Келе жатқан Бөгенді көріп, жақындағанда Ақбілек сұлу қол қусырып сәлем береді. Бала көрмеген сорлы бойы елжіреп кетіп, сәлемін қабыл алады. Екеуі амандасып болғаннан кейін, «түйғынымды бер» деп Бөген батыр қыздан сұрайды. Қыздың сөзі:

— Ата, ағайынды екеу едік, өзімнен үлкен ағам бар еді, соған түйғыныңды бер, ағам ермек етсін, — дейді.

- Құдай еді панамыз,
 60 Шыңраудан туған баламыз.
 Құла жонда өсіп ек,
 Айналайын, жан ата,
 Түйғыныңды беріңіз!
 Қасымдағы ағамның
 Астында аты, қолында құсы жоқ,
 Ермек етсін жан аға.
 Сен бермесең, жан ата,
 Кімдерге барып айтамыз,
 Кімдерді іздеп табамыз?
 70 Жалғыз еді ағекем,
 Түйғыныңды беріп кет,
 Ермек етсін жан көкем.
 Ағаммен дос болыңыз,
 Мен үшін аттан түсіңіз.

- Жаманды-жақсы тамақ бар,
 Аттан түсіп, жан ата,
 Бізден тамақ ішіңіз!
 Ағам аңға кетіп еді,
 Тамақ піскенде келеді.
- 80 Бір азырақ кідіріңіз,
 Жан көкемді көріңіз,
 Бізбенен дос болыңыз.
 Аға, ештеңе етпес,
 Тұйғыныңызды беріңіз, — дейді.

Бөгеннің сөзі:

- Маңдайдағы екі көз
 Бір-біріне ел емес.
 Мені сыйлап ата десеңіз,
 Атаңды өуре, мазақ етпеңіз!
 Мазақ етуіңді, жан балам,
- 90 Екі дүниеде жөн көрмен.
 Жөн болмаса, жан балам,
 Тұйғынымды беріңіз, —

деп Бөген батыр, тұйғынына қолын ұсынады. Сөйтіп, тұйғынын алып Бөген батыр еліне қайтып келе жатқан сияқты. Сары ала тұйғынды қамшы етіп, шұбар атты гулетіп, екі иығынан дем алып, шандатып, жер танабын қуырып, жан-жағына алаңдап Бөген сынды сұр берен еліне келген секілді. Еңсесі биік ақ орда еңкейе барып кіреді, түсе бара құлады. Құр даладағы баланы көрген соң зарланып: — Құдайым шыңрауға бала беріпті, маған неге бермейді?! — деп жылайды. «Тұйғыны қашқан соң, Бөген батыр соны қуып кетіп еді» деп, қырық батыр Еділ бойына тағы ертіп алып кетпекші болып, қайта келеді. Бұл сапар батыр қан жұтып, өте жүдеу болғандықтан, келіп қырық батырдан ұлықсат сұрап бармай қалады. Сол қалғаннан Бөген ішкені ас, кигені киім болмай жата береді.

Қанікей мен Тінікей кемпірге айтады: — Біз бір хабар естідік, бір-екі бала «шыңрау еді анамыз» деп зарлап жүр, — дейді. Олай болса, сол баланы қайда тастадың? Болса жоқ етіңіз, алты қоржын ділдө береміз, — дейді. Бұл хабарды есті-

ген кемпір қуанып екі етегін түрініп, емрең қағып жүре береді. Бірнеше күн жүргеннен кейін өзінің тастаған шыңрауына жақындап келіп байқаса, бұрыңғыдай емес, үй және жайылып жүрген малды көреді. Бір сұмдықтың болғанын біліп, кемпір қайыршы болып, тігулі тұрған үйге келеді. Кіріп келсе, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар жас қыз бала отыр екен, соны көреді. Қыз кемпірді көріп, сәлем береді. Сәлем беріп болған соң: — Нағып, қайдан жүрген адамсыз? — деп қыз сұрайды. Кемпір: — Үй жоқ, күй жоқ, балам жоқ, бай жоқ, елімнен ада-сып жүрмін, қайыршы кемпір едім, — дейді. Қайыршы едім деген соң, үйінде тұрған құланның бір санын беріп тойғызады, кетейін деп жатқанда кемпір айтты: — Ағаңнан да қайыр сұраймын, келетін жолы қайсы? — дейді. Қыз: — Келетін жолы күншығыс, кететін жолы күнбатыс, — деп, ағасының жолын көрсетті. Кемпір баланың келетін жолына қарай жүріп келе жатқанда баланы көрді де, жолдың оң езуіне қисайып құлай кетті. Тұрғын батыр кемпірмен ісі болмай, он құланы қолында, он құланы арқасында өте шықты. Үйге келгесін қарындасы айтты: — Алдыңыздан қайыр сұраған кемпір жолықты ма, жолықса не бердіңіз? — деді. — Ай, қарағым, неге жібердің, шеше етіп алатын едік, — деп, кемпірдің жатқан жеріне қарай жүгіріп барып, кемпірді су бүркіп тірілтіп алып, үйіне алып келді. Мыстан кемпір әбден үйреніп алған соң, қызға айтты: — Мына қыпшақтың тауында Тәпелтес деген қалмақ патшасының қызы бар, соны әкелсін, ағаңа айт, маған келін керек, саған жеңге керек, — дейді. Бұл сөзді Ақбілек қабыл етіп, ағасына әлденеше рет жылап, Тәпелтесті іздетіп жібереді. Ағасы жаяу іздеп кетеді. Қара жолмен келе жатса, жол үш айрылады. Әр қайсысында жолдың жазуы бар екен:

Бірінші Елек ағымы. Екінші Аягөз. Үшінші Тәпелтес.

Үшінші жолға түсіп жүріп келе жатқанда әбден шаршап, әлі құрып, жылауға шамасы келмей келе жатқанда, алдынан шыққан түтінді көреді. Жақындап келіп қараса, ақ отау тігулі тұр екен. Сәлем беріп кіріп келсе, бір кемпір отыр. Шөлдеген бала келе сала кемпірдің екі емшегіне ауыз салды, әбден сусынның қандырып еміп болған соң, баладан кемпір сұрады: — Нағып жүрген адамсың? — деп. Бала: — Менің атым — Тұрғын батыр, ноғайлы деген елден келемін, Тәпелтес деген қалмақ қызын іздеп алмаққа келемін, — дейді.

Кемпір айтады: — Менің емшегім иімегеніне қырық жыл болып еді, саған иіді Тәпелтес менің қызым еді, — деп, сол жерде кемпір отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, Тұрғын батырға қызын берді. Үш күн жолда жүрген соң, Тәпелтес Тұрғынға айтты: — Сен шешеме барып сәлем беріп кет. Бір-екі рет бұйымым бар деп айт та, үшінші ретте қолыңыздағы жай тасыңызды бер, — деп сұра деді.

Тұрғын батыр Тәпелтестің айтқанын істеп, шешесіне сәлем беріп, кетерде: — Бір-екі рет бұйымым бар үшінші ретте жай тасыңызды бер? — деп сұрады. Кемпір беріп, қала берді. Тасты қолына ұстап, екі күн жүріп шыңрауға келіп жетті.

Он екі ай өткесін, баяғы мыстан кемпір қызға айтты: — Тұрғынды жұмсап, Ақ судан су алдыр, іпсең өте жақсы болады, — деп алдайды. Ақбілек жылап, қоймай, ағасын суға жұмсады. Тұрғынның қайнынан мініп келген Қара шолақ тұлпарын мінгізіп, қолына қара шолақ қылыш беріп аттандырып жіберді.

Тұрғын батыр баяғы қара жолға түсіп, Ақ суға қарай жүрегін айрығына қарай келе жатса, алдынан аспанмен тірескен байтеректі көрді. Қасына келіп, атын байлап, дем алып отырғанда, терек басындағы үш балапанды көріп, қарап тұрса, теректің ар жағында он шақырымдық жерде екі жылан таласып жүр екен. Көре салды да, атын терекке байлауымен қалдырып, өзі қылышын қолына алып, екі жыланды барып бір жарым күннің ішінде өлтіріп, атына келіп, қайтадан дем алып отыра кетіп еді, атын отқа қоя беріп болған кезде, көзі ілініп кетіп, ұйықтап қалды. Батыр Тұрғын ұйықтап жатқанда,

Жаңбырлатып, шықтатып,
Тау қабақтай домалап,
Тас бұршақтай жапалап,
Алыстан жерді қуырып
Самұрық құс келеді.
Келе салып самұрық
Баланы жұтпақ болады.

100 Үш бірдей балапан:
— Айналайын, анеке,
Ойбай жұтпа, — деп, — баланы,
Алқымынан алады.

— Олай болса, балам — деп,
Көтінен саңқып тастайды.

Бұл саңқып тастағаннан кейін, самұрық: — Неге жұтпа деп айттыңыз? — деп сұрайды. — Өлтірме деп айтқанымыз, бұл адам біздің дұшпанымыз — екі айдаһарды өлтірді, — дейді. Сондықтан өлтірме деп айтқанымыз, — дейді. Заты хайуан ғой, солай болса да адам қадірін біліп, өзінше сыйлық көрсетті. Сонымен Тұрғын дем алып, Ақ суға қарай жол шекті. Бірнеше күн жол жүргеннен кейін Ақ суға жақындады. Айналасы қалың қалмақтың елі екен. Бұдан қалай су алуын білмей, айналып жүріп, Ақ судың жұқалау жеріне келіп, су үшін ойранды салады.

- Суды Тұрғын алған уақытта,
Қалмақтар қарсы тұрады.
Қарсы тұрған қалмаққа
Тұрғын батыр ұрыс салады.
- 110 Әбден қызып алған соң,
Шуылдаған қалмақтың
Оң келгенін оң атты,
Сол келгенін сол атты.
Тіпті жауға болмады,
Он күндей соғыс болады.
Солқылдаған мырзасын
Табанға салып жүн қылды.
Қақпаның аузын қандатып,
Шарбақтың аузын шаңдатып,
- 120 Бір ай жарым болғанда,
Ұрысқа шыққан қалмақты
Тегіс бәрін қырады.
Қырылғаны қырылып,
Қалғаны қашып кетеді.

Қалмақты қырып болғансын, Тұрғын батыр еліне қайтады. Бұл суын алғансын, қайтып келе жатып, самұрықтың балапаны қалған терекке соғады. Сол жерде үш күн, үш түн дем алып жатады. Бұл теректе дем алып жатқаннан кейін, самұрық құс айтады:

- Ай, досым Тұрғын,
 Жақсының жауы жаман-ды.
 Жақыннан жау шықса,
 Аударып кетер табанды.
 Абайлашы, аңдышы,
 130 Аударып кетіп қалмасын,
 Үйіңде бар бір дұшпан.
 Өлімге сені айдаған,
 Өлімге басыңды ұйғарған.
 Қапылыста, жан достым,
 Табанына дұшпанның
 Қапылыста түспегін!
 Осы сапар барыңыз,
 Мәні-жайын байқаңыз.
 Қиын-қыстау іс түсіп,
 140 Қинала қойсаң, жан достым,
 Өзіме қайтып келіңіз.

Содан кейін қайтуға ойланып, құс болса да амандасып болып, Тұрғын батыр атына мініп, еліне қайтпақ болды. Жолда неше күн жүріп, аман-есен шыңраудан Ақбілек қарындасына, Тәпелтес әйеліне келеді.

- Ат дүбірі естіліп,
 Жүгіре үйден шығады.
 Қарындасы Ақбілек
 Өкпесін алып қолына
 Алдынан шықты батырдың
 Оймақтай аузы бүріліп.
 Тоғайға шыққан шешектей
 Екі беті қызарып,
 150 Аш белінен бұралып,
 «Келдің бе?» деп ағасына.
 — Аман болсаң, ағажан,
 Тілекті Құдай бергені,
 Аман-есен көргенім.
 Жалғыз ағам шамшырақ,
 Аман-есен көрдім, — деп,
 Өлгенде көрген ағасын

Таудай болып ісініп,
 Сылқылдаған Ақбілек
 160 Ағасының атын жетелеп,
 Үйге әкеп түсірді.

Сағынып ағасының әлденеше уақыт жүріп әкелген Ақ суын ішіп қарап, сонда асыл су екеніне таң қалды. Сөйтіп отырып, әуелгі Тәпелтеспен әкелген ақ тасына бүркіп қарап бал ашып еді, ағасымен екеуі жас кезінен шешесінен айрылып, жалмауыз кемпірдің екеуін қырық құлаш шыңрауға салғанын, одан екі баланың шығып күн көргенін, екінші рет жалмауыз кемпір шыңрауға келіп, Тұрғын ағасын келмеске айдауын, екеуін тапқан бойда, «екі иттің күшігін тапты» деп, әкесі Бөген, әйелі Ақборықты дарияға жібергенін және өздерінің қаңғырып жүргенін білді. Мұны ағасына айтып түсіндіргеннен кейін, кемпір мұны сезіп қалып, әккі болған қубас кемпір қашады. Тұрғын келіп қашқан кемпірді ұстап алып байлап қояды. Одан кейін, тамақ ішіп алып, ақ отауын жығып, өздерінің туған жері Жирикөлге көшіп, көштің ортасына кемпірді байлайды. Өзінің туған жеріне — Жирикөл деген көлге, күдірейген белге әлденеше күн жол жүріп, келіп жеткен секілді. Жолда көшіп келе жатқанда, көштен озып, Тұрғынбатыр қайғыланып жатқан әкесі Бөгенге келіп, Ақ ордаға түсіп, атын байлап, іркілмей келіп, әкесінің үйінің есігін басып, қарауылда тұрған қырық жігітке қарамай, «өлтіреміз» деген сөздеріне құлақ аспай кіріп келді. Үйге кіріп, жүресінен әкесіне қарап отыра қалады. Бөген үйге келген дыбыстың адам екенін біліп, бір көзін ашып қараса, жас қана бала екен. Бөгеннің жүрегі, тула бойы елжіреп кетіп, көзінен жас төге бастайды. Көзінен төгілген жасымен қасқа болған, бала көрмеген Бөген: —

Қайдан, нағып жүргенсің? — деп сұрайды.

Тұрғын: — Ай, баба, басыңды көтер, біз де ноғайлының баласымыз, — деп жауап береді. Бөген: — Қай ноғайлы дедің? Тұрғын: — Үлкен атамыз ноғайлының атақты — Жанай қарты екен, соның баласы — Бөген, шешеміз — Ақборық, — деп жауап берді. Қазір шешеміз қайда, соны тауып бер?! — деді.

Бөген: — Не деп отырсың? — деп басын көтеріп алды да, ай, қарағым, қайдан жүрсің, қандай адамсын, жөніңді дұрыстап айт? — деді. Тұрғын: — Несін айтайын, мына суды алып, осы

тасқа қойып қарап біліңіз, мені көп сөйлетпе, — дейді де, жай тасты Бөгенге ұстатып, жайына отыра береді. Есік алдындағы қырық жендет: «Батырдың үйіне өмірде ұрықсатсыз ат байланбаған, өз бетімен ат байлаған кім?» деп аттарын ойнатып жетіп келеді. Оған Тұрғын ешнәрсе деп қысылмай, қасқайып отыра береді. Әкесі тасқа қарап далаға жүгіре шығып, қырық жендетке: — Дариядағы аралда жатқан Ақборықты әкел! — дейді. Батыр айтқан соң амал жоқ, бұрынғыдай заман жоқ, қырық жендет шабуылдап бұрынғы белгілі дариядан артық туған сұлуды, сүйіп алған батырдың Ақборық жарын ұзамай-ақ алып келеді. Екі күшік ит болып өскен екен, оларды да қоса әкелді.

Ақборық келгеннен кейін, мына жағында тұрған қарындасы Ақбілек, әйелі Тәпелтес үлкен көш керуенмен олар да келеді. Бөген баласы, әйелі келгеннен көңлі тасып, бүкіл ноғайлы еліндегі халықты шақырып, сансыз мал сойып, отыз үй тігіп, отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, алтын қабақты аттырып, ноғайлы елін қызыққа баттырады. Мыстан кемпірді халық алдында дарға асып өлтіреді. Оған қосылып, дұшпандық қылған ханның қызы Қанікей мен Тінікейдің жұрт алдында бетіне күйе жағылып, ел алдында айыптары әшкереленеді. Бұның үстіне, өзінің жолдастары — қырымның атақты қырық батырын қонақ етіп, үш айдың жүзі болғанда тойының аяғы тарқап бітеді. Бөген баласы табылғаннан кейін, көңілі тасып, әлденеше жыл қайғылы жүргенін ұмытып, Тұрғынға үй тігіп, еншісін беріп, дүниеден армансыз болып өтеді.





ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚАРАСАЙ — ҚАЗИ

Ноғайлы жырларының бір үлгісі — «Қарасай—Қази». Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында жырдың Мұрат Мөңкеұлы, Нұрпейіс Байғанин, Айса Байтабынұлы, Мұрын жырау, Қашаған Күржіманұлы, Жақсылық, Сейіт жырау, Наурызбек, Тілеумағанбет, Төренияз, Қобылаш Бекмағамбетов, Қайролла Иманғалиев, Атаубай Мәмбетов, Өмірзақ Қалбаев т.б. жырлаған нұсқалары сақтаулы.

«Қарасай — Қази» жырының бір нұсқасын ел аузынан жазып алып, жарыққа шығарған, пікір айтқан адамдардың бірі — Ғабдолла Мұштақ (Ғұмар Қараш). Ол өзі жазып алған қысқа жырды «Әділ сұлтан» деген атпен 1910 жылы Орынбор қаласында Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен құрастырып шығарған «Шайыр» атты жинағына енгізді¹.

«Қарасай — Қази» жырының Мұратақын жырлаған нұсқасын Х.Досмұхамедұлы жергілікті жыршы Ығылман Шөрековтен жазып алып, 1924 жылы Ташкентте өзі құрастырған «Мұрат ақын сөздері» атты жинаққа енгізген. Бұл мәтін 1943 жылы жеке кітап болып шықты², сонымен қатар 1991 жылы жарық көрген «Аламан» атты жинақта және «Алқаласа әлеумет» атты кітапта жарияланды.

Жырдың Нұрпейіс Байғанин нұсқасы 1946 жылы ақынның «Таңдамалы шығармалары» жинағына енді. 1946 жылғы басы-

¹ Ғ. Қараш. Шайыр. — Орынбор, 1910.

² Мұрат Мөңкеұлы. Қарасай — Қази. — Алматы, 1943.

лымнан кейін көптеген қазақ эпостарымен қатар, «Қарасай — Қазиді» жырын жариялауға тыйым салынды. Тек өткен ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап «Қарасай — Қазиді» оралудың сәті түсті. 1989 жылы аталған жырдың Мұрын жыраудан жазылып алынған нұсқасы «Батырлар жырының» 5-томында жарық көрді.

«Қарасай — Қазиді» жырының Қашаған нұсқасы 1991 жылы баспа бетін көрген Қашаған ақын шығармаларының «Топан» атты жинағына кірді³. Ал Нұртуған Кенжеғұлұлы жырлаған «Қарасай — Қазиді» эпосы 1994 жылы жарияланды⁴. Қ.Иманғалиев варианты 1988 жылы күйтабаққа (Алматы, «Мелодия») жазылды.

«Қарасай — Қазиді» жайында бірқатар ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектер жазылды. Бұл орайда Ш.Уәлиханов, Ғ.Қараш, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Д.Есенжанова сынды ғалымдардың ғылыми еңбектерінде құнды ой-пікірлер келтірілген⁵.

Томға еніп отырған «Қарасай — Қазиді» жырының **Қобылаш Бекмағамбетов жырлаған нұсқасы** бұрын еш жерде жарияланбаған. Эпостың қолжазбасы ӘОИ-дің Қолжазбалар қорында (Ш. 897) сақтаулы. Осы жырдың мәтінін жинап алып келген М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының 1987 жылғы Маңғыстау экспедициясының мүшелері: Қ.Сыдиықов, Ш.Керімов және Т. Ғайтов. Эпос мәтіні кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Жырдың кіріспесі шежірелік мәліметтер мен Мұса ханның дүниеден өтер алдындағы өсиетінен басталады. Ал жырдың композициясы бір-біріне жалғасып, оқиғалары кезектесіп дамып отыратын, яғни Қарасай мен Қазидінің ғажайып дүниеге

³ Қашаған Күржіманұлы. Топан. — Алматы, 1991.

⁴ Қарасай — Қазиді. Нұртуған. /Көнеки, тілім, сөйлеші./ Құрастырған — Ә. Оспанов. — Алматы, 1994.

⁵ Әуезов М. Жжиырма томдық шығармалар жинағы. 17-том. — Алматы, 1985; Ғ. Қараш. Шайыр. — Орынбор, 1910; Досмұхамедұлы Х. Шығармалары. Аламан. — Алматы, 1991; Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. — Алматы, 1987; Бердібаев Р. Эпос — ел қазынасы. — Алматы, 1995; Есенжанова Д. Қазақтың қаһармандық жыры — «Қарасай — Қазиді». Филол. ғылым. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. — Алматы, 1994.

келуі; батырлардың жауға аттануы; ерлік жорықтары; Әділ сұлтанның орға жығылып, жау қолында қалуы; Қарасай, Қазидың елге оралуы; Әділдің елге хабар жіберуі; Қарасай мен Қазидың Әділді қызылбастардың тұтқынынан құтқаруы; батырлардың жаудың Әшке т.б. батырларын жеңіп, еліне оралуы сияқты эпизодтардан құралған. Жырдағы осы әңгімелер батырлардың іс-әрекетімен тікелей байланысты өрбіп, шебер суреттелген. Сол сияқты жырда Қарасай, Қазимен қатар, Әділ сұлтанның мінез-құлқы мен іс-әрекеттері шебер сомдалған. Әділдің тұтқынға түсуіне байланысты оқиғалар эпикалық кең құлашпен жырланған.

Жырдың негізгі қаһармандары — асқан күш иелері. Өрқайсысы мыңдаған жаумен алысады. Дегенмен олардың да әлсірейтін, түрлі қиыншылықтарға ұшырап тарығатын кездері де болады. Сол сәттерде жебеуші пірлер көмегі көп жағдайда батырларды қатерлі сәттерден құтқарып отырады. Аталған нұсқада Әділге жәрдем беретін пірлер құс бейнесінде көрінеді. Батырлар ерекше қасиетке ие болады, атса оқ, шапса қылыш өтпейді. Жауын пірдің көмегімен жеңу — бас батырдың ғажайып жаратылысын дәлелдейді. Жырдағы ғажайып туу, түс көру, ата жау (қалмақ) мотивтері «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Орақ — Мамай», «Ер Сайын», «Қарабек батыр» т.б. қазақ эпостарына тән ортақ дәстүрлі сарындар.

Әділ сұлтанның жырдың бас кейіпкерлерімен қатар көрінуі эпос нұсқаларының басым көпшілігінде кездеседі. Жырдың сюжеттік нұсқалары қазақтан басқа ноғай, татар, башқұрт халықтарының ауыз әдебиетінде «Әділ сұлтан» деген атаумен сақталған. «Қарасай — Қазимен» жырларында Әділдің бас кейіпкерлердің бірі ретінде көрінуіне соның да әсері болғандығы байқалады.

Қысқасы, Қобылаш ақын «Қарасай — Қазимен» эпосының бірнеше сюжетін жадында сақтай отырып, өзіндік стильмен көркемдей, жаңғырта жырлағаны аңғарылады.

Аталған нұсқа толық аяқталған, тілі көркем, оқиғасы қызықты болып келеді. Мәтінде басқа тілден енген сөздер жоқтың қасы.

«Қарасай — Қазимен» жырының нұсқалары көп. Солардың бәріне тән ортақ сарындар кездескенімен, кейбір өзгешеліктері де бар. Жалпы алғанда, жырдың қаһармандық, ерлікті мадақтайтын бағыты барлық нұсқаларда сақталған.

Томға ұсынылып отырған «Қарасай—Қази» жырының мәтіні ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы түпнұсқадан (Ш.897) еш өзгертусіз дайындалды.

Алпысбаева Қ.

Нұртуған нұсқасы. Жырдың отызға тарта нұсқасы бары мәлім. Кеңес кезіндегі озбыр саясаттың Едіге әулетіне деген салқын көзқарасының себебінен олардың басым көпшілігі жарияланбай, зерттелмей келді. Тек XX ғасырдың 80-жылдарынан соң «Қарасай—Қази» эпосының бірлі-жарым, қолға түскен варианттары жарық көріп, зерттеушілер тарапынан сөз етіле бастады. Қашаған (1991), мұрын (1989), Қайролла (1988), Өмірзақ (1994) жыраулардың нұсқаларын осы қатардан көреміз. Ал эпостың Айса, Жақсылық, Ааубай, Нұрпейіс, Төренияз, Сейіт т.б. ақын-жыршылар орындаған үлгілері биылғы жыл басында екі томға жинақталып, «Бабалар сөзі» 100 томдық басылымының 41, 42-томдары ретінде «Фолиант» баспасына ұсынылған болатын. Бұл жолғы жинаққа өзге де батырлық жырларымен қатар, «Қарасай—Қази» эпосының таңдаулы екі вариантты—Қобылаш және Нұртуған ақын нұсқалары еніп отыр.

Жалпы, ноғайлы кезеңіне байланысты туған қаһармандық эпосты, оларды шығарып, дамыта жырлаушылар арасында аралдық Нұртуған Кенжеғұлұлының есімін ерекше атаған жөн. Кезінде аса көрнекті фольклортанушы, академик В.М Жирмунский ақындық дарынын жоғары бағалаған Нұртуған шынында да қазақтың ірі эпик жырауларының бірі. Жырау дейтін себебіміз, ол қазақ халқы сүйіп тыңдаған батырлық эпостарды, әсіресе «Мәулімнияз—Едіге», «Қобыланды», «Орақ—Мамай», «Қарасай—Қази», «Ақтабан—Шұбырынды», «Ақ Кете Шернияз» тәрізді бір алуан халықтық шығармаларды жаңғырта жырлаумен танылды.

Рас, Нұртуған—жазба шайыр. Бірақ ақын батырлық эпосты қалыптасқан фольклор үлгісінде және жыраулық дәстүр шеңберінде жырлаумен ерекшеленеді. Сондай-ақ ақын жырлаған «Қарасай—Қази» эпосы да өзінің кең құлаштылығымен әрі асқақтымен тәнті етеді.

Нұртуған көлемі 9 мың жолдан асатын жырды 1914-1916 жылдар арасында шығарғаны туралы дерек бар.¹ Ондағы мәліметтерге қарағанда ақын ноғай тарихына қатты қызыққан. Эпосқа өзек болған сюжеттердің оқиғасын ол ұстазы Сұлтан шайыр мен Мұхаммеди молдадан және Қазан қаласынан келген татардың саудагер қартынан естиді.² Сондықтан болар, «Қарасай—Қази» жырының бұл нұсқасында фольклорлық көне мотивтермен қатар, тарихи сюжеттер де барынша терең, шынайы тәрі нанымды сипатқа ие болған. Мұнда баяндалатын эпостық эпизодтар «Қарасай—Қазидің» өзге нұсқаларына қарағанда молырақ қамтылған және қатысушы кейіпкерлер саны да басқаларынан әлдеқайда көп.

Нұртуған нұсқасында бұрынғы жыр нұсқаларында кездесе бермейтін Мәскеу, Дунай секілді топонимдер, сарыноғай, орыс тәрізді этнонимдер де ұшырайды. Сондай-ақ Едіге әулетінен тарайтын Мұсаның ағасы Жаңбыршы би ұрпақтары: Күніке, Телағыс, Жасарал т.б. кейіпкерлер де жырдың тарихи сипаты мен деректілігін күшейте түседі. Бұл нұсқада әсіресе Айсаның ұлы Ахметтің образы, оның батырлықпен бірге кісілік келбеті кеңірек ашылады. Нұртуған жырында Қарасай мен Қази Ақташа хан билеген қызылбас елінің орталығы—Темір қақпалы Дербентке аттануға әзірленді. Бірақ ноғайлының бар жағында аңдыған қалмақ пен орыс патшасы тағы бар. Сондықтан Ахмет пен Жәніке батыр бастаған сары ноғай әскері соғыстан бас тартады:

«Жайықтан орын алам» деп,
 Жиналып жатыр сары орыс,
 Соған да мені салыңдар!
 Еділ, Жайық—ол қоныс,
 Соғысайық сол үшін,
 Қалмақта сонша неміз бар?!
 Бізге зәбір тигізіп,
 Қазаннан өтіп бармаққа
 Талаптанған орыстан
 Жер-суды қорғап қалыңдар!

¹ Нұртуған Кенжеғұлұлы. Көнеки, тілім, сөйлеші. Алматы: «Қазақстан», 1994, 385-бет.

² Бұл да сонда.

Бұл — Айсаның ұлы Ахметтің сөзі. Батыр Дербентті шабуға (әкелері Орақтың арманын орындау үшін) аттанған Қарасай мен Қазифа қосылмай, Еділ бойына қайтады. Ақыры жалғыз өзі елдің малын шапқан орыс қарақшыларымен шайқаста ерлікпен қаза табады. Ал Қарасай мен Қазифа Дербентті алып, көп дүние-мүлікпен елге қайтады. Нұртуған жырындағы тағы бар ерекше эпизод-батырлардың анасы Қараүлектің:

«Менің айтар тапсырмам —

Әкеңнің жолы сүрдек-ті.

Мәскеуден бері қараған

Үш Еділдің алабын —

Жау алмасын бұл бетті!» — деген өсиетін қалдырып дүниеден өтуі. Жырдың соңында Қарасай мен Қазифа шаңырақ көтеріп, Қырым, Қазан, Еділ (Ажыттархан) ноғайларының басын қосып, Орақ пен Мамайға ас береді. Осы ұлы жиын кезінде орыстардың иесіз ұлыстарға шапқын жасағаны туралы хабар келеді де, қос батыр жасақтарын алып, жауға жедел аттанып тойтарыс береді. Міне, бұл оқиғалар да өзге эпос үлгілерінде ұшыраспастан, тек аталған жырдың Нұртуған нұсқасында орын алған маңызды әрі мәнді тұстарының бірі десек, қателеспейміз.

Нұртуған Кенжеғұлұлы жырлаған «Қарасай — Қазифа» эпосының тілі-шұрайлы, оқиғасы аса тартымды, эпикалық қуаты мол, асқақ стилде баяндалған. Жырдың жас ұрпақты отансүйгіштікке, ерлікке тәрбиелеудегі рөлі өте зор.

Томға ұсынылып отырған эпос мәтіні этнограф жазушы Ә.С. Оспанов жариялаған басылым бойынша (1994) әзірленді.

Қосан С.

ТӨРЕХАН БАТЫР

«Төрехан» — батырлық жыр. Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар

қорында жырдың Н.Байғанин, Б.Саркин және А.Мәмбетов нұсқалары сақталған.¹

Атақты халық ақыны Нұрпейіс Байғанин жырлаған «Төрехан батыр» жыры алғаш рет ақынның «Таңдамалы шығармалар жинағында» (1945) жарияланды. Мұнан кейін жырдың осы нұсқасы өзгеріссіз 1956, 1961, 1977, 1991 жылдары жарық көрді.²

Жырдың қолжазбасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Жинаушысы — Раха Шәріпов. Нұсқа 1940 жылдары жазылып алынған. Шығарма шақпақты қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан. Көлемі — 1910 жол.

Н.Байғанин нұсқасы туралы М.Ғұмарованың зерттеу жұмыстарында аздап сөз болады.³

Жырда Төрехан батырдың әділдік іздеу жолындағы ерлік істері, сыртқы жаумен күресі баяндалады.

Аталған нұсқада соғыс сарындары мол ұшырасады. Мұнда бас кейіпкер өз басына төнген қауіп-қатерді жақын достары арқылы біледі. Төреханның соғысатын жауы «түрікпен» деп дәл көрсетіліп, Қараман батырмен шайқасы суреттеледі. Қазан төңкерісіне дейін Маңғыстау аймағында қазақтар мен түрікпендер арасында ұрыс-қақтығыстар болып тұрғаны мәлім. Соның әсерінен болу керек жыршы тарихи шындыққа терең бойламай, кейіпкердің соғысатын жауын «қалмақ» демей, «түрікпенге» ауыстырып жіберген деп ойлаймыз.

Нұрпейіс Байғанин жырлаған «Төрехан» жырының тілі көркем, оқиғасы қызықты. Мәтінде қиял-ғажайып элементтер мен басқа тілден енген сөздер кездеспейді.

¹ Төрехан. Ш.106.(ӘӨИ). Жыршысы — Н.Байғанин; Төрехан. Ш.350.(ОҒК). Жинаушысы — Б.Саркин; Төрехан. Ш.(920/15. ӘӨИ). Жыршысы — А.Мәмбетов.

² Төрехан батыр. Н.Байғанин. Шығармалар жинағы. — Алматы, 1956. — 255-416 беттер; Төрехан батыр // Батырлар жыры. / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: М.Ғұмарова, О.Нұрмағанбетова, Б.Уахатов. — Алматы, 1961. — 283-342 беттер; Төрехан // Ақсауыт / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған — О.Нұрмағанбетова. — Алматы, 1977. — 267-317 беттер; Төрехан. Н.Байғанин. Таңдамалы. / Құрастырған — О.Нұрмағанбетова. — Алматы, 1991. — 256-303 беттер.

³ Ғұмарова М. Бұрын зерттелмеген жырлар // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Бірінші кітап. — Алматы, 1960. — 429-500 беттер.

1. «Төрехан» жырының Н.Байғанин нұсқасы мен Қарақалпақстанның Қоңырат қаласында туып-өскен Атаубай Мәмбетов (Ш. 920/15. ӘӨИ) жырлаған мәтінді салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында, Атаубай ақын Н.Байғанин жырлаған эпосты жетік білген және сол нұсқаны өз ортасына ешбір өзгеріссіз жырлап таратқан деген қорытындыға келдік.

2. Ал жырдың 1945, 1956, 1977, 1991 жылдары басылған мәтіндерін ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақтаулы қолжазбамен (Ш. 106.) салыстырғанда, елеулі айырмашылықтар кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған жыр мәтіні аталған қолжазбадан (Ш. 106.) тікелей әзірленді.

Қ. Алпысбаева

Б.Сариманов нұсқасы. Бұрын баспа бетін көрмеген. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Бисен Сариманов «Төрехан» жырын ел аузынан жинап, қағазға түсіріп, 1941 жылы Тіл және әдебиет институтына тапсырған. Жыршысы белгісіз.

Ол қолжазба Орталық ғылыми кітапхана қорында¹, ал машинкаға басылған көшірмесі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында² сақтаулы. Мәтін шақпақты дәптерге латын әрпімен жазылған. Көлемі 540 жолдан тұрады. Өлең жолдары көпшілігінде әр бетке екі қатардан орналасқан.

Б.Сариманов нұсқасы туралы пікірлер М.Ғұмарованың зерттеулерінде сөз болады³.

«Төрехан батыр» жырының Байғанин нұсқасы мен Б.Сариманов мәтінін салыстырып қарағанымызда, мазмұны жалпы ұқсас болғанымен екінші нұсқаның оқиға дамуында, өлең құрылысында және көлемі жағынан біраз өзгешеліктері бар екенін көреміз:

¹ Төрехан. Ш.350 (ОҒК). 1941.

² Төрехан. Ш.85/2 (ӘӨИ). 1941.

³ Ғұмарова М. Бұрын зерттелмеген жырлар // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Бірінші кітап. — Алматы, 1960. — 452-455 беттер.

1. Байғанин нұсқасының көлемі 1050 жол болса, Б.Сариманов мәтінінің көлемі 540 жолды құрайды.

2. Сариманов нұсқасында сыртқы жаумен соғысудан гөрі, аға мен іні арасындағы алауыздық тақырыбы бой көтерген.

3. Екінші нұсқада әділ ханды көксеген халық арманы ертегілік қиялмен астасқан.

4. Нұрпейіс нұсқасында бас кейіпкер басына төнген қауіп-қатерді жақын достары арқылы білсе, Бисен нұсқасында түс көру арқылы алдын ала сезеді.

5. Байғанин вариантында Төреханның соғысатын жауы «түрікпен» деп көрсетілсе, екінші нұсқада ұлты белгісіз жау жағы Төреханның пірлерінен қорқып соғыспайды.

6. Нұрпейіс нұсқасы Төреханның ағаларынан кек алып, түрікпен ханы Қараман, оның жиендері: Егізбай, Сегізбайлармен татуласуымен аяқталса, ал Бисен нұсқасында бұл оқиға мүлдем жоқ.

7. Алғашқы нұсқада Төреханды халық хан сайласа, екінші нұсқада батыр жауын жеңгеннен кейін таққа отырады.

8. Байғаниннің «Төреханында» реалистік мотивтер көп кездесе, Сариманов жырының сюжеттік құрылымында басқа да қазақ эпостарындағы секілді түс көру, түс жору, бал ашу, пірлер көмегі сияқты тұрақты мотивтер жиі ұшырайды.

Қысқасы, ақын «Төрехан» жырының ең түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, жырдың кей жерлерінде бірқатар оқиғаларды және жеке эпизодтарды түрлендіре жырлаған деп санаймыз.

Б.Сариманов нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланғаны аңғарылады.

Мәтінде басқа тілдерден енген аздаған сөздер кездеседі. Жырдың өн бойында кездесетін жат жерлік сөздер қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Төрехан батыр» жырының мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында сақтаулы (Ш. 350) қолжазбадан ешбір өзгеріссіз әзірленді.

Қ. Алпысбаева

БӨГЕН БАТЫР

Жырдың екінші атауы — «Жанайдың жалғызы». Ел аузында осылай да айтылады. Жинаушысы — Илияс Нұрмағанбетов. Ол 1930 жылдары Алматыдағы педагогика институтының студенті болып жүріп, жырды ел аузынан жазып алып, 1935 жылы Ұлт мәдениетін зерттеу институтына тапсырған. Кімнен жазып алғаны белгісіз. Жырдың қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы¹. Шығарма дәптер қағаздарына көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Бұл жыр 1987 жылы «Батырлар жырының» 3-томында басылды². «Бөген батыр» туралы аздаған пікір М.Ғұмарованың зерттеуінде кездеседі³. Жырдың экспозициясы Бөген батыр дүниеге келмей тұрып, бұрынғы ноғайлының елінде, Жиренкөлдiң жерінде бiр перзентке зар болған алпыс жастағы Жанай мен әйелiнiң өмiрiн суреттейтiн мотив-сипаттамадан басталады. Жанай Құдайдан бала тiлеп, әулиелерге түнеп, дүние кезедi. Ақыры тiлегi қабыл болып, кемпiрi жүктi болады. Күнi толып,

Омырауы есiктей,
Балтырлары бесiктей,
Кеудесiнен басы зор,
Кiрпiгiнен қасы зор

бiр ұл туады. Атын Бөген қояды. Болашақ батырдың «ғажайып туу мотивi» «Алпамыс» жырының барлық версияларында, «Мұңлық — Зарлық», «Шора батыр», «Қобыланды батыр», «Едiге батыр», «Қарабек батыр» жырларында, алтайлықтардың «Маадай — Қара», қырғыздың «Манас» жыры, «Монғолдың құпия шежiресi» сияқты эпостық шығармаларда кездеседi.

Бұдан кейiн жырда батырдың балалық шағы, тәрбиесi, ержеткеннен кейiн Қиғаш тауындағы қалмақ ханы Қалталы Қарайманның Ақборық атты қызын iздеп сапар шегуi; көптеген қиындықты жеңiп, Қарасүймен батырдың зынданында жатқан

¹ Бөген батыр 668 (ОҒК). Жинаушысы — I. Нұрмағанбет.

² Бөген батыр. // Батырлар жыры. 3-том. / Томды баспаға өзiрлеп, ғылыми түсiнiктемелерiн жазған — М.Ғұмарова. — Алматы, 1987. — 269-297 беттер.

³ Ғұмарова М. Бұрын зерттелмеген жырлар // Қазақ әдебиетiнiң тарихы. 1-том. Бiрiншi кiтап. — Алматы, 1960. — 479 беттер.

Ақборықты алып ноғайлының еліне оралулы, той жасауы т.б сөз болады.

Жырда суреттелетін Бөген батырдың атының шабысы — Қобыландының Тайбурылына ұқсайды. Сол сияқты Бөгеннің асық ойнап балаларды жеңіп алуы, оны қойшы Жәнекейдің жеңуі, атының қашып кетуі «Қосайға», Қалталы Қарайманның қызы Ақборықты іздеуі «Әуезге», Ақборықты қызылбас Қарасүлейменнің алып кетіп, зынданға салып қойғаны «Мұңлық-Зарлық» дастанына ұқсайды.

Аталған жырдың сюжеттік құрылымында басқа да қазақ эпосторындағы секілді, батырға лайық тұлпар, түс көру сияқты тұрақты мотивтер ұшырайды.

«Бөген батыр» жырының 1987 жылы басылған мәтінін қолжазбамен (Ш. 686. ОҒК) жолма-жол салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында, өкінішке орай, басылымда «Бөген батыр» эпосы біраз қысқартумен, ал қарасөзбен баяндалған тұстарының редакцияланып жарияланғаны анықталды.

Дәлірек айтқанда, 1987 жылы жарияланған «Бөген батыр» жырының 140 жуық өлең жолы кітапқа енбей қалған. Соған мына бір үзіндіден мысал келтірсек, Жанай шалдың Алладан бала тілеп, сапар шегуге дайындалған тұсын суреттейтін көрініс.

Сол күндерде Жанай шал
Аса таяқ таянып,
Таң сәріден оянып,
Қолына құрық алады,
Беліне жүген шалады.
Жирен деген көлдерге,
Күдірген белдерге,
Көп жылқы жатқан жерлерге
Соған таман барады.
«Ұстайын, — деп, — бір атты»,
Құрығын алып ұсынды.
Тапа-тал түс болғанда,
Бір жылқы ұстап міне алмай,
Шалы құрғыр қысылды...

Сол күндерде Жанай шал
Аса таяқ таянып,
Таң сәріден оянып,
Қолына құрық алады,
Беліне жүген шалады.
Жирен деген көлдерге,
Күдірген белдерге,
Көп жылқы жатқан жерлерге
Соған таман барады.
«Ұстайын, — деп, — бір атты»,
.....
.....
.....
.....

Түпнұсқадағы асты сызылған өлең жолдары аталған басылымда түсіп қалған. Сол себепті, біріншіден, өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден, ішкі мазмұн көркемдігі біртұтастығынан айрылған. Жырдың басынан аяғына дейін созылған осы сынды кемшіліктер жинаушының қолтаңбасын дұрыс түсінбегендіктен кеткен қателер деп ойлаймыз.

1. Мәтінде кездесетін «кәпір» сөзі «жау», «қалмақ» сөзі «қызылбас» деп өзгертілген.

2. Кейбір өлең жолдарының да өзгертуге түскені анықталды. Мысалы: түпнұсқадағы «Сол секілді балаңыз» (141-жол) басылымда «Бөген батыр балаңыз» деп, түпнұсқадағы (146-жол) «Бедеуге атты байлады» жинақта «Атты байлады бедеуге», ал 299-жолдағы «Жүре берді ол тазша» деген өлең жолы «Деп тазша кете берді» болып өзгертілген т.б.

3. Емлелік қателер көп кеткен. Мәтінді жинаққа даярлау барысында, мұндай кемшіліктер жөнделіп түпнұсқа қалпына келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Бөген батыр» жырының мәтіні ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған қолжазба (Ш. 668) бойынша әзірленді.

Қ. Алпысбаева

БӨГЕН БАТЫР

Бұл жыр СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалына 1935 жылы түскен.

Кейде жырды «Ақбілек пен Тұрғын бала» деп те атайды. Жинаушысы — Ільяс Нұрмағанбетов. Қолжазба ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы¹. Көлемі шағын. Мәтін дәптер қағаздарына латын әрпімен жазылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған.

Шығарманың аты «Бөген батыр» аталғанымен, жырдың сюжеті: Ақшаханның Қанікей мен Тінікей атты қыздары «Бөген кәпірден қыз алды» деп, қастық ойлап, Ақборықтың тапқан бір ұл, бір қызының орнына екі қара күшік салып қойып, оларды

¹ Бөген батыр. Ш. 668 (ОҒК).

қырық құлаш шыңырауға тастауы; екі бала шыңырау ішінде ержетіп өсуі; Тұрғын өсе келе батыр болып, қалмақтармен соғысып, Төпелтес атты хан қызын алып, қарындасы Ақбілекпен бірге ел-жұртымен, әке-шешесімен табысуы сияқты екі баланың қилы да қиын тағдырын баяндауға құрылған. Жырдың бір ерекшелігі мұнда кейіпкерлердің әрекеттерін тым әсірелеу жоқ. Шығарманың сюжеттік желісінде ертегілік сарындар мол кездеседі. Солардың бірі — мыстан кемпірдің кейіпкерді «Елек суын әкел» деп қиын сапарға жұмсауы; самұрық құстың көмегі т.б. Мұндай мотивтер «Шынтемірұлы Төрехан» т.б. ертегілерде кездеседі.

Жырдың көркемдігі біршама тәуір, оқиғасы қызық. Мәтінде аздаған араб, парсы сөздері кездеседі. Мұндай сөздер қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Бөген батыр» жырының мәтіні ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы қолжазбадан (Ш. 668) өзірленді.

Қ. Алпысбаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Ақбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

* Құран Кәрім. 112- “Ихлас” сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыптымыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Әзіреті Сұлтан — Қожа Ахмет Иасауидің қасиетті, ұлық билеуші деген сөз лақабы. Әзіреті Сұлтанның Түркістанда XIV ғ. соңы — XV ғ. басында Ақсақ Темірдің бұйрығымен салынған әйгілі мазары бар. Қожа Ахмет бин Ибраһим бин — атақты сопы, түркі әлеміндегі сопылық ағымның негізін салушы, философ, ақын. Шамамен 1093 жылы Түркістан шаһарының маңындағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында туылып, XII ғасырдың аяқ кезінде қайтыс болған. Оның есімі Түркістанның «Кіші Мекке» деп аталуына тікелей қатысты. Қожа Ахмет Иасауидің мол мұрасынан бізге жеткен негізгі шығармасы — «Диуани хикмет».

Баба Түкті Шапты Әзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын

алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Өзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба Түкті Шашты Өзіз — Қожа Ахмет Йасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Едіге — XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса, батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында тәуелсіз билік құрумен бірге, ел басқару істеріне белсене араласты. Дешті Қыпшақтың ханы Тоқтамыс кезінде өз билеушісі мен Ақсақ Темір арасындағы текетіресті өз пайдасына шешуге ұмтылыс жасады. Сол дәуірде көршілес Ресей жеріне бірнеше рет баса көктеп кірді. Ұлы Ноғай Ордасын құрып, оның басты бегі болды (1396-1419жж.). Қара халық арасынан шығып, көшпелі ноғай-қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан, қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен өшпестей жазылған оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша, Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде — Ұлытауда жатыр.

Қарасай, Қази — Орақ батырдың ұлдары. XVI ғасырдың соңына қарай Қырым маңында өз ұлыстарын құрған. Кейін Кавказда да ықпалды ноғай бектері ретінде танылған. Сол заманда қызылбас, қалмақ т.б. көрші халықтармен ымырасыз күрес жүргізіп, ел-жұртын қорғаушы эпикалық қаһармандар. Қос тарихи тұлғаның ерлік, жорықтары жайында қазақ жырау, жыршылары ерекше шабытпен жырлаған. Әсіресе Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қарақалпақстан қазақтары арасында «Қарасай-Қази» эпосының 30-ға жуық нұсқалары сақталған.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы бұйрық, жарлықтары [уахи] рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.а.с.) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басымы көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Мұса — Едіге биден кейін эпикалық жырларда ең жиі аталатын қаһарманның бірі. Ол Уаққас бектің ұлы, Едігенің немересі. 1493-1507 жылдарда Ноғай Ордасының бегі ретінде елді інісі Жаңбыршымен бірлесе басқарған. Оның есімі қазақтың «Қырымның қырық батыры», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Қобыланды» т.б. ірі эпостарда құрметпен еске алынып, халықтың ыстық ықыласына бөленген.

Орақ-Мамай XVI ғасыр — көбінесе есімдері қатар аталып отыратын эпикалық кейіпкерлер. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша, Мұсадан Алшағыр, одан — Орақ пен Мамай туған делінеді. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ер жүрек батырлар кейпінде ел есінде қалған. Олардың ерлік істері мен ұрпақтары туралы Нұртуған Кенжеғұлұлы (1887-1927жж.) көлемді жыр тудырғаны мәлім.

СӨЗДІК

Алтын қабак — жамбы атудың бір түрі, садақ тартқыш жігіттердің бөсеке сайысы.

Алшы — асықтың тәйкесіне қарсы тұрған жағы.

Асхаб /а/ — жолдастары, сарбаздары

Әсет /а/ — арыстан, шілде айының арабша атауы.

Бопса — қоқан-лоқы, байбалам, құр сес көрсету.

Деңмент белбеу — күміспен әшекейленген, әдемі белбеу.

Зең /к.с./ — бас айналу, меңзең болу.

Зүрият /а/ — тұқым, жұрағат

Кеней — асықтың сақадан басқасы, ұтысқа тігілетін асық.

Кіреуке /к.с./ — оқтан, найзадан қорғану үшін жорыққа кетін темір сауыт.

Қауға — құдықтан су тартып алуға арналып көнтеріден жасалған шелек

Құй — мейлі

Лаух /а/ — [лаух-тақта] — Құран Кәрім бойынша, әрадамның тағдыры күні бұрын жазылып қояды. Сол жазу тақтасын лаух-улқалам, лаух-улмахфуз деп аталады.

Мақшар күні (діни) — өлген кісіден жауап алатын күн, о дүниедегі сот күні

Мәдар /п/ — ана

Наһан — зор, алып балық

Песін /п/ — бесін, намаз уақыты

Рабат /к.с./ — қаланың шетіндегі абатты мекен-жай.

Сажын — үш кезге пара-пар ұзындық өлшемі.

Текдар — ақсүйек, текті

Түлен тұртті /т.с.с./ — сайтан тұртіп бір бөлеге ұрынды

Һәмма /п/ — барлығы, түгел

Шүкейт /ж.с./ — ешкінің, киіктің кішкентай асығы

Шықшыт — жақ сүйектің шығыңқы келген төменгі тұсы

Імкән /а/ — мүмкіндік, мүмкіншілік

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Астрахан — Ресей Федерациясындағы облыс орталығы. Батысы Қалмақ Республикасымен, шығысы Батыс Қазақстан облыстарымен шектеседі.

Бағдат — 1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мәдинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансұр 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Әл-Фараби т.б.] оқып, білім алған.

Бұхара — (санскритше вихара — монастырь) — б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының облыс орталығы.

Дербент — Қалмақтың мықты бекіністерінің бірі әрі қаласы.

Еділ (Волга) — Еуропадағы ең үлкен өзен. Каспий теңізіне құяды. Қазақ эпосында қатты дәріптелетін қасиетті мекен, құтты қоныс.

Жайық — Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы, Каспий ойпаты, Башқұртстан, Челябі, Орынбор, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының жерлерінен ағып, Атырау қаласы арқылы Каспий теңізіне құяды.

Иран Ислам Республикасы — Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Астанасы — Тегеран қаласы. Мемлекеттік діні — ислам дінінің шиит тармағы.

Қазан — Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Қытай — Азияның шығысында орналасқан алып мемлекет. Қазіргі кезде Қытай алдыңғы қатардағы дамушы елдердің қатарында.

Қырым — Еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Қара теңіз, Азов теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы Шығыс Еуропа жазығымен ұштасады.

Мәскеу — Ресей Федерациясының астанасы.

Мәдине — арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Орал — Батыс Қазақстан облысының орталығы. Қала Шаған өзенінің Жайыққа құяр тұсында орналасқан.

Түркістан — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда, IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шауғар мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Йасы» деп аталған. Қожа Ахмет Йасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Байғанин Нұрпейіс (1861-1945)— белгілі қазақ ақыны, жыршысы. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында туып-өскен. Көптеген эпостық жырларды жаттап айтып, кейбіреуін өзінше жырлаған («Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан» т.б.). Қазақ әйелдерінің ауыр тағдырын суреттейтін «Ақкенже», «Нарғыз» дастандарын шығарған. Ақынның Қазан төңкерісінен бұрынғы сатиралық, арнау өлеңдері, Қазақбай ақынмен айтысы т.б. ел аузында сақталғанмен кезінде жазылып алынбаған.

Кенжегүлді Нұртуған (1887—1930)— Бұрынғы Қазалы уезі, Қамыстыбас болысы, Аманөткел ауылында (Қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы) туып-өскен. Кіші жүз. Шекті руынан. Аталары да өлең дарыған адамдар болған. Нұртуған 23 жасынан бастап өлең шығарған, ол үш жүздің шежіресіне қанық адам болған. «Орақ—Мамай», «Қарасай—Қази», «Едіге», «Әмір—Темір көрген» және «Қобыланды батырды» жырлаған. Нұртуған жырын Дәріғұл деген жазушы 1928 жылдары жаттап айтып таратқан.

Саркин Николай— ұлты қазақ, шын аты-жөні Хакімжан Сәркеұлы. Оның туып-өскен жері Қостанай уезі, Кеңарал болысы. Шіркеу қызметін атқарған. Кейін Омбыға қызметке (земское управоға) ауысады. Н. Саркин— өз қызметін атқара жүріп, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың ауыз әдебиет үлгілерін жинауға үлкен еңбек сіңірген адам. Ол 1904 жылы «Ер Тарғын» жырын Қисықов Оспанның айтуынан жазып алып, орыс тіліне аударған. Сол сияқты орыс тіліне қазақтың «Мақал-мәтелдерін», «Самұрық құс» ертегісін т.б. аударған.

Шәмсүддин Тұрсынұлы Керім— 1962 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Құланды ауылында туылған. Фольклортанушы. Қазақ ұлттық университетін бітірген. Филология

ғылымдарының докторы, профессор. 1985-1987 жылы Қазақ орталық мемлекеттік мұражайында, 1987-1992 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, 1992-1994 жылы Өзбекстандағы Гүлістан мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасында меңгеруші болып қызмет атқарған.

Әбілғазы Хиуа ханының «Түркімен шежіресін» қазақ тіліне аударған. Қазақ жұмбақтарының шығу тегі мен типологиясын зерттеуге арналған «Қазақ жұмбақтары» (1999) атты кітабы жарық көрді.

Сыдиықұлы Қабіболла — 1934 жылы Атырау облысы, Жылой ауданы, Қарақұм мекені аулында туылған. Әдебиет тарихын зерттеуші ғалым, ауыз әдебиеті үлгілері мен халық күйлерін, әндерін жинаушы. Филология ғылымдарының кандидаты. 1955 жылы Атырау пединституты қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін, 1960 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. 1969-1982 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші, аға ғылыми қызметкері болып істеген. 1986-1987 жылы ҚР ҰҒА Өзбекстан, Тәжікстан, Моңғолстан экспедицияларына жетекшілік етіп, ақын-жыраулар мұрасын, халық әндерін, домбыра күйлерін, шежірелер мен тарихи деректер жинады. Көптеген өлең кітаптардың, әдеби, ғылыми зерттеулердің авторы.

Қобылаш Бекмағамбетов — 1935 жылы Маңғышлақ облысы, Теңге қыстағында туған. Кәсібі мұнайшы-оператор. Қобылаш — айтулы жыршылардың бірі. Ескі батырлық жырларды көп білген және ел арасына таратуға өз үлесін қосқан дарын иесі.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін шыққан кітаптар

1. Қарасай — Қазі. ӘӨИ. Ш. 897.
2. Төрехан батыр. ӘӨИ. Ш. 106.
3. Төрехан батыр. ОҒК . Ш. 350.
4. Бөген батыр. ОҒК. Ш. 668.
5. Бөген батыр. ОҒК. Ш. 668.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Әуезов М. Қазақ әдебиеті. — Алматы, 1991.
2. Бердібаев Р. Эпос — ел қазынасы. — Алматы, 1982.
3. Есенжанова Д. Қазақтың қаһармандық жыры — «Қарасай — Қазі» филол. ғылым. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. — Алматы, 1994.
4. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
5. Жирмунский В. Тюркский героический эпос. — Москва, 1974.
6. Көнеки, тілім, сөйлеші. Құрастырушы — Ә. Оспанов. — Алматы, 1994.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-ші кітап. — Алматы, 1960.
8. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: Е. Есова, Ү. Сүбханбердина, Д. Сейфуллина. — Алматы, 1986.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. — Алматы, 1987.

10. *Қоңыратбаев Т.* Эпос және этнос. — Алматы, 2000.
11. *Маадай—Кара.* Алтайский героический эпос. — М., 1973.
12. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
13. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — М., 1968.
14. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
15. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
16. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
17. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
18. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.
19. Татарско-русский словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
20. Турецко-русский словарь. — М.: Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

По состоянию на сегодняшний день институтом подготовлены и изданы сорок пять томов, посвященных самой прекрасной и объемной отрасли национального фольклора — эпосу, из них тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, восемь томов дастанов романтического (любовного) содержания, три тома исторических поэм, двенадцать томов героического эпоса, а также один том генеалогических дастанов. Десять томов из этих изданий были посвящены фольклору казахов, проживающих в Китае. Читатели с радостью восприняли красиво украшенное новое издание фольклорных сборников. Публикация художественных образцов этим не ограничится.

Очередной 46-й том вышеназванной серии посвящен классическим героическим эпосам.

Этот том включает в себя эпические поэмы «Қарасай — Қазі», «Төрехан», «Беген батыр». Известно, что ранее было издано свыше 10-ти вариантов эпоса «Қарасай — Қазі», собранных в два тома (41-й, 42-й тома). В очередное издание включены избранные образцы эпоса, не вошедшие в первое издание — варианты мангистауского певца-сказителя Кобылаша Бекмагамбетова и аральского певца Нуртугана Кенжегулулы. В том включены также образцы эпоса «Төрехан», в варианте известного народного акына Нурпеиса Байганина, и вариант эпоса неизвестного жырау, записанный из народных уст фольклористом Бисеном Саримановым.

В сборник вошли два варианта эпоса «Бөген батыр», созданного по мотивам древних казахско-ногайских исторических легенд. Сказители этих двух вариантов неизвестны. У них имеются некоторые различия в сюжете, и изменены имена героев. В эпосе встречаются имена исторических личностей, живших во времена Алтын орды, ногайского ханства, и древние названия местности и окрестностей Урал, Атырау, Актобе, расположенных на территории названных государств (Жирен — озеро, Елек и т.д.). Вполне вероятно, что этот эпос создали и распространяли представители школы жырау, сформировавшейся и развивающейся в западных областях Казахстана. В эпосе «Бөген батыр» имеются устойчивые мотивы: чудесное рождение ребенка, выбор подходящего имени для батыра, борьба за невесту, жены-соперницы и т.д. Вариант эпоса «Қарасай — Қази» Кобылаша, вариант эпоса «Төрехан» Б.Сариманова и второй вариант эпоса «Бөген батыр», исполненный неизвестным акыном, еще не были опубликованы.

Лейтмотив сюжета названных эпосов — переломные события в истории этноса ногай-казахов в XI-XVII вв., трагический период крушения и окончательного распада ставки Жошы хана. Но содержание героического эпоса не всегда совпадает с точными историческими событиями, потому что казахский эпос часто подвергался изменениям, неизбежно вносимым представителями нескольких поколений степных исполнителей. Большая часть текстов эпоса была дополнена фольклорными и мифическими мотивами.

Тексты эпоса, включенные в настоящий том, подготовлены по оригиналам, хранящимся в Рукописном фонде ИЛИ и редком фонде ЦНБ РК.

В соответствии с основными принципами издания «Бабалар сөзі», сорок шестой том снабжен научными приложениями, которые включают сведения об публикуемых текстах; словарь; географические названия; сведения об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; сведения о сказителях и собирателях; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Объем тома — 32 п.л.

SUMMARY

The staff of M.O. Auezov Institute of literature and art continues work on preparation and edition of the volumes of the Collection of Kazakh folklore « Babalar sozi » within the framework of the State program « Madeni mura » (« Cultural heritage »).

For today 45 volumes devoted to the most fine and biggest branch of national folklore - to the epos has been prepared and issued including thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious-moral dastans, eight volumes of romantic (love) contents, three volumes of historical poems, twelve volumes of heroic epos and one volume of genealogic dastans. Ten volumes are devoted to Kazakh folklore in China. New editions which have been produced at a high polygraphic level, devoted to richness of Kazakh people - folklore collections, the readers have accepted with great pleasure and gratitude. With God's will the publication of remarkable patterns of Kazakh epos will be continued.

Volume 46 of a series is devoted to the heroic eposes.

It includes Kazakh heroic eposes « Karasai-Kazi », « Torekhan », « Bogen batyr ». It is known that more than 10 versions the epos « Karasai-Kazi » have been published earlier that are included into two volumes (volumes 41, 42). The selected patterns of the epos which haven't been included into the first edition are included into this edition - versions of Mangystau singer - storyteller Kobylash Bekmagambetov and Aral singer Nurtugan Kenzhegululy. The volume includes also patterns of the epos « Torekhan » as a version of the well known national akyn Nurpeis Baiganin, and version of the epos of the unknown zhyrau recorded from people by folklore specialist Bisen Sarimanov.

The collection includes two variants of the epos « Bogen batyr », created on the basis of motives of ancient Kazakh-Nogay historical legends. Storytellers of these two variants are unknown. They

have some distinctions in a plot and the names of the heroes are changed. In the epos there are names of the historic figures who lived during the times of Altyn Horde, Nogay khanate and ancient names of district and areas such as Ural, Atyrau, Aktobe located on the territory of the mentioned states (Zhiren- lake, Elek etc.). It is quite probable, that this epos has created and disseminated by representatives of zhyrau school that was established and was developing in the western areas of Kazakhstan. Epos «Bogen batyr» includes steady motives: wonderful birth of the child, a choice of suitable name for a batyr, struggle for the bride, wives - competitors etc. Kobylash's variant of the epos «Karasai-Kazi», B.Sarimanov's variant of the epos «Torekhan» and the second variant of the epos «Bogen batyr» performed by the unknown akyn haven't been published yet.

Leitmotif of a plot of the mentioned eposes - critical events in the history of Nogay-Kazakhs in XI-XVII centuries, tragic period of collapse and final disintegration of the centre of Zhoshi khan. But the contents of heroic epos doesn't always coincide with exact historical events because Kazakh epos frequently was exposed to changes inevitably brought by representatives of several generations of steppe performers. The most part of the epos texts has been added with folklore and mythical motives.

The texts of the epos included in the present volume are prepared on the basis of the originals kept in manuscript foundation of ILA and rarity foundation of CNL of RK.

According to main principles of the edition «Babalar sozi» the forty sixth volume is supplied with scientific supplements which include data on published texts; the dictionary; names of the places; data about historical and religious figures whose names are mentioned in texts; data on storytellers and collectors; the list of the used literature; the summary in Russian and English languages.

Size of volume - 32 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қарасай — Қази (*Қобылаш Бекмағамбетов нұсқасы*) 9

Қарасай — Қази (*Нұртуған жырау нұсқасы*) 121

Төрехан батыр (*Н. Байғанин нұсқасы*) 356

Төрехан батыр (*Н. Сариманов нұсқасы*) 410

Бөген батыр (*І. Нұрмағанбетов нұсқасы*) 427

Бөген батыр (*І. Нұрмағанбетов нұсқасы*) 465

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 479

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 492

Сөздік 496

Жер-су атаулары 497

Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушылар туралы мәлімет 499

Шартты қысқартулар 501

Пайдаланылған әдебиеттер 502

Резюме 504

Summary 506

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

46 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*

Редакторы *Ү. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *М. Меңлібаева*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Баур» баспасы
ИБ № 2301

Теруге 26.05.08 жіберілді. Басуға 13.06.08 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 32. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 310.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1
«Фолиант» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9935-35-528-2



9 753065 20288